Құр’ан және Сүннет Аясында

ИСЛАМ
ИМАН
ҒИБАДАТ

Осман Нұри ТОПБАШ

Құран және сүннет аясында

ИСЛАМ ИМАН ҒИБАДАТ

Осман Нури ТОПБАШ

Қазақшаға аударған
Хайреддин ӨЗТҮРК

بسم الله الرحمن الرحيم

АЛҒЫ СӨЗ

Біздей әлсіз құлдарын иманның шаттығына бөлеген Жаратушы Аллаһ Тағалаға мадақ болсын!

Адамзаттың қараңғылықтың бодауынан құтылып, Исламның арайлы шуағына қауышуына арашы болған Әлемнің Мәңгі Мақтанышы Хазіреті Пайғамбарға салауат пен сәлем болсын!

Әлемнің бекер жаратылмағанын, өмірдің қисынсыз еместігін және бұл өмірде адам баласы емін-еркін қоя берілмейтінін әрбір ақылы бар адам оңайлықпен түсінеді. Бірақ бұл өмірдегі тура жолды пенде тек ақылымен ғана таба алуы тым қиын. Сондықтан аса мейірімді Алла Тағала адамзат баласына ежелден бері пайғамбарлар арқылы:

«Әй, адамзат! Міне, сендерге жүретін тура жол!» – деп, жол көрсетіп келеді.

Қысқаша түрде «Дін Ислам» деп аталған осы иләһи бұйрықтар жиынтығы мәңгілік һидаят, рақым және Алланың мейірімімен бүкіл адамзатты ғапылдықтан оятатын, фәни дүниеден мәңгілікке жеткізетін және соңсыз бақытқа қауыштыратын иләһи сыйлықтар деп түсінуге де болады.

Сондықтан адамзатқа Аллаһ Тағала сыйлаған ұлы игіліктердің басында Ислам нығметі келеді.

* Мағынасы: Аллаһ пайғамбарын жақсылыққа, мейіріміне бөлеп, т.б. сәлеметте қылсын.

Адам атадан бүгінге дейін осы иләһи нығметпен өмір сүрген имандылар тобы, Исламның берекесімен өз жаратылыстарындағы өзекті құндылықты қорғап, өз көңілдерімен бірге бұ дүниені де гүл бақшасына айналдырған. Ислам арқылы салиқалы, садық құлдар періштелердің дәрежелеріненде асқан ұлы мәртебелерге жеткен. Сол арқылы олар, жаратылыс себебін қанағаттандыра алатын ең күшті бақыт шыңдарын бағындыра білген.

Аллаһ Тағалаға қауыша білу және Оны жүрекпен тануға деген құштарлық сезімі адамзат табиғатында бар сезім. Сөзсіз осы ақиқат адамзаттың ешқашан діннен бөлек өмір сүрмеуі арқылы тарихта көрініс тапқан.

Шынында, Ислам тәуһиді осы фәни әлемге Аллаһқа қауыша білу шаттығын әкелгендіктен, адамзат үшін бұдан күшті рухани ләззат жоқ. Келешектегі, яғни бұ дүниеден кейінгі өмірге үмітте болу осы иман шаттығының көңілдегі көрініс беруіне байланысты. Қадірменді сахабалар мен олардың артынан ерген ізгі жандар, үнемі осы ниетпен, яғни Аллаһқа қауышуға деген ғашықтық сезімімен Исламды өмірлеріне нақыштап ойып, жандары мен малдарын пида еткен және теңдесі жоқ табандылық көрсетіп, Аллаһ және Пайғамбарының жолында тұп-тура жүрген.

Шынайы құл болу қасиетімен өмір сүруді армандайтындар өмірде дінді ұран қылып ұстанып, иләһи бұйрықтардың жарығында жүруге мәжбүр. Сүйіншілер болсын сол мүминдерге, олар жүректеріне иманды, көкіректеріне Құранды, Ождандарына жақсы мінез-құлықты орнықтырып, мәңгілік бақытқа үмітпен өмір сүруде. Өйткені дүниедегі бақыт пен ақіреттегі бақыт тек қана осылай өмір сүрудің арқасында ғана қол жетімді болмақ. Яғни, Аллаһтың дініне тәуелді болып, өмірбақи мойынсұнған күйде ғұмыр кеше білу. Бұл

*. Мағынасы: Аллаһ оны сәлеметте қылсын.

рухани күйге жеткен бақытты жандар салиқалы құлдар тізіміне ілігіп, қашан да Хақ Тағаланың махаббатына және сыйына бөленген. Ал ұлы иман ақиқаттарынан теріс айналғандар иләһи азапқа душар болып, екі әлемнің бақытсызы күйін кешіп, осы әлемнен бақытсыз болып көшіп кеткен. Аспан оларға ешқашан күлімдемеген және олар дүниеден озған кезде де жыламаған. Сондықтан жақсы немесе жаман естеліктер қалдырған өткен қауымдардың халдері арттарынан келген жаңа нәсілдерге уағыз ретінде қалған көрінеді.

Үстіміздегі аспан Құдайсыздарға қайғы әрі пәлекеттер төккен кәдімгі көк аспан. Төбеміздегі Күн Перғауын, Һаман және Нәмрут тәрізді талай залымдардың сарайларына жарық берген, кейін ол сарайлар құлап жатқан жерлерге де жарық берген кәдімгі Күн. Және әрқашан болғанындай адамзаттың көңіл әлемін әшекейлендіретін аспан - Ислам аспаны, ғапылдыққа толы қараңғылықты жойып нұрға қарық қылатын жалғыз жарық - иманның нұры. Ондай болса адамзаттың міндеті – Ислам аспаны және иманның жарығы астында өз нәпсісін тану арқылы Раббысын тануға ұмтылуы. Адамзат әлемнің кішкене бір үлгісі (моделі) болғандықтан оның қарапайым топырақтан жаралған құрамында баяндауға сөздер жетпейтін иләһи құдіреттің сырлары, нұрлары және ақиқаттары жасырынып жатыр. Адам баласы рухани қасиеттермен безелген керемет өнер туындысы, әрі әлем кітабының қортындысы һәм алғы сөзі. Міне, Ислам мен иман осы ұлы құрамның қорғаушысы.

Иманның мақсаты «Лә иләһә иллалла»ның тәуһидін шынайы түрде амалға айналдырып, көңілді тек Аллаһқа ғана арнау. Сондықтан иман мен тәуһидті түсініп, ұғыну ғылыми, рухани және мінез-құлықтық ерекшеліктерге

*. Мүмин құл өмір сүргенде немесе қайтыс болғанда аспан оны күлімдеп қарсы алады. Және ол пәлекетке ұшыраса аспан қайғырады.

ие болумен ғана мүмкін. Иманның ғылыми жағы «әмәнту»[1] бабымен анықталған болса, мінез-құлықтық тұрғысы, бірталай хадис шәрифтерде баяндалған әдеп, ар-намыс, мархабат, ілтипат, кішіпейілділік, кешірімді болу, сабыр, шүкіршілік және махаббат сияқты мінез ерекшеліктерімен анықталған.

Ал иманның амал тұрғысы Құран мен сүннеттің іс-әрекет және жаза туралы ортаға қойған үкімдері болып табылады. Ғибадаттар, мәмілелер және мінез-құлық мәселелері Исламның амал бөлігін қарастыратын фиқһ бабына кіреді. Тіпті жолда жатқан, адамдарға кедергі тудыратын, зияны тиетін нәрселерді шетке алып тастау да иманнан деп саналуда және:

«*Ар-ұят иманнан болып табылады*».[2]

«*Тазалық иманның жартысы*».[3]

«*Дін насихаттан тұрады*»[4],- деген сияқты хадис шәрифтер иман құрамының ақиқатын түсіндіреді.

Иманның мүминде шыңға жетуі, салиқалы амалдары арқылы көрініс табады және ықыласты ниетімен бағаланады. Құран Кәрімде және хадистерде иман мен салиқалы амал қатар айтылады. Өйткені нәпсі мен рух ақиқатты білуі және сезінуі бойынша; ал адам тәні қимыл әрекеттері бойынша бағаланады. Иман жай сөзбен айтумен емес, айтқанына сай амалдарды орындап, сол түсінікпен өмір сүруі нәтижесінде кемелдікке жетеді.

Осы кемелдікке ұмтылудың ләззаты, мүбарак және ерекше құлдардың өмірінде барша фәни ләззаттардан артық болып, бұ дүниелік қайғылар олар үшін күшін жойған.

Залым Перғауын тарапынан иман келтіргендері үшін қолдары мен аяқтары кесіліп, құрма ағашының бұтақтарына асылған сиқыршылар, осы үлкен зұлымдықтың қарсы алдында әлсіздік танытып,

*. Әмәнту: Иманның алты шарты.

имандарын жоғалтып аламыз ба деген уайыммен алақандарын аспанға көтеріп:

«Уа, Раббымыз! Төбемізден сабыр жаудыр; жанымызды мұсылман күйімізде өзіңе ал!»- деп Хақ Тағалаға сыйынған және шейіт болудың шексіз ләззатымен Раббыларына қауышқан-ды. (Ағраф сүресі, 126-аят)

Иса пайғамбардың ізінен еріп, шынайы мұсылман болған алғашқы христиандар да зұлымдыққа құмартқан рим халқының алдында аренаға шығарылып, арыстандарға жемтік болған кездерінде де, тәуһидтерінде табанды болған, имандарын қорғаған және олар да ұлы шейіттік шәрбетінің дәмін татып Раббыларына қауышқан-ды.

Денесіне ине батуынан да қорқатын Хазіреті Сүмеийе қыздырылған темірдің денесін таңба басқандай күйдіруіне сол ұлы иман ләззаты арқасында шыдап, Исламның тұңғыш шейіті болу мәртебесін тапқан еді. Күйеуі Хазіреті Ясир де қартайып, қажыған адам болғанымен, жастар шыдай алмайтын азаптарға сабыр еткен. Ол, мүшриктер бір аяғын бір түйеге екінші аяғын басқа бір түйеге байлап кергенде, көрген азапқа шыдап: «Аллаһ, Аллаһ» лебіздерінің жүрегіне сыйлаған рухани әрі мәңгі шаттығы күйінде шейіт болған. Хазіреті Біләлдың дастани ахуалы да сол Аллаһқа қауышу ынтызарлығынан туындаған. Біләл (радиаллаһу анһу), жүректері қатайып көздерінде мейірімнің тозаңдай жарығы болмаған азғын мүшриктер таттырған ауыр азап астында қара терісінен қызыл қан ағып, тәні дәрменсіз қалған күйде «Ахад, ахад, ахад...»,- деп айтып жатқан және иманның ұлы зауқын татып, Аллаһқа қауышуды аңсаған еді. Өйткені Олар Ислам нығметінің ұлылығын шын мәнінде түсінген жандар еді. Олар тек иманның

---

*. Мағынасы: Аллаһ одан разы болсын. Ерлерге «радиаллаһу анһу» деп, көп адамға «радиаллаһу анһум» деп айтылады.

күшімен екі дүниеде де нағыз абыройдың есіктерін махаббаттарымен аша білді.

Өз фәни өмірлерін:

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан, Оған лайықты тақуалықпен қорқыңдар! Және тек қана мұсылман болған күйде жан тапсырыңдар!» - деген Тәңір бұйрығы бойынша өткізіп, шын әрі мәңгілік өмірге жетті. (Әли Имран,107-аят)

Олардың артынан келген мүмин нәсілдер де Исламды бастарына тәж қылып, берік ұстанған шақтарында қашан да әзиз бастары жоғары болып, мемрейлері асып-тасыды.

Бірақ талай жылдардан кейін әлемді билеген мұсылмандардың Исламның әзиз рухынан қол жазып қалулары және фәни де алдамшы махаббаттардың артында жүріп, иләһи махаббатты жоғалтулары себепті талай ауыр азаптарға душар болды, жан дүниелері құлдырап, құлазып қалды. Өз салт-дәстүрлерінен, яғни рухани азығынан қашып, Исламға жат елдердің артына түсіп, солар жасаған істерді жасай бастайды. Бір таң қаларлық іс батыс әлемі осы халімен бірге Исламның кең, терең әрі ұлы ғылыми бұлақтарынан пайдаланып, зор табыстарға жетіп отырғанда, тіпті һидаят тауып, тура жолға түсіп жатқанда, біз мұсылмандар, нәпсіміздің жетегіне түсіп, масқара болдық.

Мұсылман елдерде дін өзінің маңыздылығын жоғалтып, қоғамның тыныштығы мен құдіреті болу ерекшелігінен алыста қалдырылды. Оның орнында соқыр сенімдерден ғана құралған рухсыз бір дін қалды. Әлемді билеген мұсылмандар тәрбиелеген шынайы мүминдерден кейін иесіз қалған үмметтің Ислам мен иман өзегі зая болды. Өкінішке орай кейбір адамдарда да осы ахуалдан құтылудың шарасын өз дінін тастап, батыс елінің салт-дәстүрлерінен іздейтін болды!..

Сонымен Исламның ең алдымен құлшылық рәсімдерін ұмыттырып, одан кейін сенім жағынан жұпыны етіп, елді руханияттан алыстатуды армандағандарға күн туды. Осы рухани құлдырау және қираудан мұңайып қайғырған Пәкістандық ақын, ғалым, ойшыл Иқбал былай зарлайды:

«Қандай өкініш (қарғыс атсын?)! Енді Хаққа ғашықтық тебіренісі мен шаттығы қалған жоқ.... Енді мұсылмандардың тамырларындағы қан да кеуіп барады. Оқылып жатқан намаздарға қараңдар; саптар (қатар) қисық, сәжделер рухсыз, көңіл тынышсыз. Шабыт беретін иләһи толқын жоғалған!...»

«Әй, махаббат! Әй, көңіліміздің терең мағынасы. Әй, біз еккен тұқым. Әй, біз орған өнім! Осы ахуалға бір қара; өзегі топырақтан болған адамдар енді ескірді. Қазір біз мүлде басқа, әрі бөгде бір адамға айналдық!»

Сондықтан мың бір сынақ ішінде өмір өтіп жатқан осы заман ақыры шағында қадірменді сахабалардағы ықылас, ғашықтық және шабыт күйіне жету үшін Исламның ұлылығын, әсіресе рухани жағын ең дұрыс көзбен аңғаруға әрі сол аңғарғанымыз бойынша өмір сүруге мәжбүрміз.

Мұсылманға, Исламды руханият көзқарасында «Хақты хақ деп білу, жалғанды жалған деп білу» дәстүрімен әрі тақуалықпен өмірге енгізуі мәжбүрлік. Соңғы және ең кәміл дін Ислам болғандықтан тақуалық, Исламның шарттарын хұшу'мен[5] орындай білуден, Хазіреті Пайғамбар (Саллаллаһу алейһи уа саллам) және сахабаларының көңіл әлемінен нәсіп ала отырып иманның тебіренісін сезініп өмір сүруден тұрады.

Мұсылманның кәпір сияқты; ал кәпірдің мұсылман сияқты өмір сүруі пайда келтірмейді. Сондықтан Аллаһ құзырында шынайы табыс тек қана пайғамбар дәуіріндегіиман тебіренісімен және Аллаһқа қауышу

арманымен, мұсылман болып өмір сүруде және «қалбун сәлимді», яғни тап-таза жүректі сақтап қалуда.

Міне, осы ақиқат бізді Исламның рухани құрамы туралы кітап жазуға бағыттады. Осы шындық жолына түскен қызмет керуеніне қосылу және Аллаһ Тағаланың ризасына жету мұратымен Ислам және иманның ұлы құрамына қарасты бірнеше ақиқатты баяндауға тырыстық. Кітапта Ислам туралы жалпы мәліметтен кейін шәһәдет кәлимасын және иман негіздерін, содан соң Исламның негізін құрайтын ғибадаттарды, әсіресе рухани жақтан, түсіндіруге қайрат жұмсадық. Өйткені құл тура сенім мен ізгі амалдың арқасында жүрек тазалығын сақтап, өзіндегі ең жақсы жаратылыс сырымен уасыл-ы илаллаһ жолында ілгерілесе, Ислам сонда ғана толық түсініліп, өміріміздеn орын алған болады.

Осы бағытта шамамызға қарай жазуға тырысқан кітабымыздың жазылуында, реттелуінде көп көмек көрсеткен дін бауырларыма рахметімді айтып, олардың осы қызметінің жәри садақа болуын Аллаһ Тағаладан сұраймын. Егер осы шығарманың септігімен көңілдерді қадірменді сахабалар секілді Исламға бағындыруға бір қадам ілгері бастырған болсақ қандай бақыт!

Хақ Тағала; Ислам жолында Нәмрұттың күйзелтуші зұлымдығы және талай ауыр емтихандар алдында дастани түрдегі ұлы табандылығы, тәуекелділігі және Хаққа берілгендігі үшін Ибраһим (Ғаләйһиссәләм) туралы аятта баяндалған:

«Ол, Раббысына таза жүрекпен келді!»- деген сүйіншісінен бізге де бір үлес нәсіп етсін! (Саффат сүресі, 84-аят)

Әмин!

Осман Нұри ТОПБАШ

Құран және Сүннет Аясында

ИСЛАМ және ОНЫҢ ҰЛЫ ҚҰРАМЫ

Ең алғашқы адам, әрі пайғамбар Хазіреті Адам атадан бастап келе жатқан мұбарак діннің мазмұны бүкіл кезеңдерде бірдей. Айырмашылық тек қана адамзат баласының өмірінде болып жатқан дамуларға қарай қоғамдық үкімдерде көрінеді.

Сондықтан Хазіреті Адамнан ақырзаман пайғамбарына дейін Алланың тәблиғ туындысы болған және есімі «дін» деп аталған жүйенің мазмұны қашан болмасын бірдей және сол мазмұнның аты «Ислам».

Расында Хазреті Пайғамбар (с.а.у.):

«*Бүкіл пайғамбарлар бір әкеден туған бауырлардай болып келеді. Діндері де бірдей*»[1],- деп айтқан.

Сондықтан Ислам жалпының ойындағыдай тек қана жалғыз Құран арқылы келген дін ғана емес. Бүкіл «аспандық діндер» адам баласы тарапынан килігу жасалмай тұрғанда Исламмен бір болған. Бұл шындықты баяндау үшін Құран Кәрімде былай айтылады:

«Аллаһ алдындағы дін жалғыз Ислам ғана ..».. (Әли Имран, 19-аят)

Бұл сөздер адам баласының дүние мен ақірет бақыты үшін жалғыз жолдың тек қана Ислам екендігінің де баяны.

Бұл шындық басқа бір көркем аятта өте анық түрде былай баяндалады:

«Кімде-кім Исламнан басқа бір дін іздесе әсте онысы қабыл етілмейді, әрі ол ақіретте зиянға ұшыраушылардан болады». (Әли Имран, 85-аят)

Ал сонда Адам атадан бастап отырып, адамзаттың дамуына сәйкес түрде дамып, Құранда кәмілдіктің шыңына жеткен Ислам не?

Алдымен, бұл мәселе жайлы берілген барлық түсініктемелердің негізі қысқаша былай жинақталады:

1. Иман (Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақірет күніне және тағдырға дұрыс әрі шынайы түрде сену).

2. Ізгі амалдар (иман келтірген соң Хаққ Тағала бізден талап еткен ғибадат пен іс-әрекеттерді ықыласпен, ізгі ниетпен орындау).

Міне, осы екі талаптың орындалуы арқылы жүзеге асырылатын Ислам – көзқарас, өмір сүру және іс-әрекеттеріміздің тәртібін қамтамасыз ететін деңгейлі әдеміліктер тізбегі. Ақыл, құлақ, көз, тіл және көңіл арасында шынайы байланыстар жасау арқылы Аллаһқа баратын жол – Ислам. Оның ұлы және сырлы ақиқаттары рахым болып тасқа тамшыласа, оны топырақтан да жұмсақ бір көңіл халіне келтіреді. Бірақ одан алыс көңілдер ғапылдық шөлдерінде қапыда қалып, тас болып қатаяды. Осы халден құтылу расында Исламмен ғана мүмкін болады.

Ислам – сана-сезім, сөз және іс-әрекет жөнінен адам баласын ең әдемі түрде «илеп» кемелдікке жеткізетін және қараңғылықтан нұрға шығаратын бақыт таңы. Яғни, ол адал өмір сүру деңгейінде төмен қалғандарды көтеріп, шыңға жеткізеді. Қаншама шірік тал мен бұтақтан көздің жауын алып, көңілдерді сергітетін раушандар, жауқазындар, қызғалдақтар және лалагүлдер өсіретін топырақ тәрізді Ислам да, өзіне бағынған жай, тіпті ешқандай ерекшелігі жоқ пенделерді мақұлықат ішінде таңдаулы мәртебеге жеткізеді. Адам баласының жаратылысын негізгі халіне қайтарып, әдемілейді.

Хақ Тағала құлшылықтың шыңында болған пайғамбарларына Исламды толығымен жүзеге асырулары үшін жалпы бұйрық ретінде:

«Аллаһқа бағыныңдар!» – деп бұйырғанда әрбірі:

«Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мойынсұндым», - деген жауаптарымен бағыныштылығы мен құлшылықтарын баяндап көрсеткен еді.

Аллаһ Тағала бұл ақиқатты Ибраһим (Ғаләйһиссәләм) арқылы былай баяндайды:

«Раббысы оған: «Ислам бол! (мойынсұн) дегенде (Ол): «Әлемдердің Раббысына мойынсұнып, бағындым!»- деді». (Бақара сүресі, 131-аят)

Бұл бағыну – Аллаһпен бірге болудың, әрдайым Оны зікір етіп еске алудың және Оған шүкіршілік етудің белгісі. Негізінде, бүкіл ғибадаттар мен құлшылықтарды орындаудағы мақсат – Аллаһпен бірге бола білу, яғни мағрифәтуллаһ және махаббатуллаһ.

Осы әңгіме жайлы төменде өте тамаша мысал берілген:

Уағызшының бірі мінбеде қабірдегі жағдай туралы насихат жүргізіп жатқан еді. Жамағат ішінде Хазіреті Шейх Шибли де бар болатын. Уағызшы үгітінің соңына қарай Аллаһ Тағала қабірде жатқан пендесіне қоятын сұрақтар туралы айта бастады:

«Біліміңді қалай пайдаландың? Мал-мүлкіңді қайда жұмсадың? Өміріңді қалай өткіздің? Ғибадаттарың қандай халде? Харам мен халалға(адалға) бекем өмір сүрдің бе? – деп сұралады! Мыналар сұралады, осылар сұралады!»- деп, әңгімесін ұзақ айтты.

Осыншама егжей-тегжейлі түсініктеме берілгенімен мәселенің негізіне көңіл аударылмағанын көрген Хазіреті Шибли уағызшыға қарап:

«Ей, уағызшы мырза! Сұрақтардың ең маңыздысын ұмыттың! Аллаһ Тағала: «Ей, құлым! Мен сенімен бірге едім, сен кіммен едің?»,- деп сұрайды»,- деген екен.

Мәселені бұл тұсымен қолға алғанда Ислам дегеніміз -

«Сендер қайда болсаңдар да, Ол сендермен бірге!» деген аятты сезіне өмір сүріп, Оған қауышу. (Хадид сүресі, 4-аят)

Сондықтан Ислам – Аллаһқа деген махаббат және Оған мойынсұну негізімен мәңгілік сәлеметтің және Аллаһқа қауышудың жолы. Жер жүзінің және аспанның түзетілуі және тәртіпке салынуы бір Аллаһқа бағынуға байланысты. Адам баласында құлшылық пен бағыну болмаған жағдайда Алланың мейірімі ашу (ғазап) көріністеріне ауысады. Көркем аятта былай айтылады:

«Адамдардың жамандықты қасақана істеуінің себебінен құрлықта да, теңізде де бұзылушылық көріне бастайды да, Аллаһ адамдардың істегендеріне орай, олардың кейбіреулеріне жазаның дәмін татқызады; мүмкін сонда олар теріс бағыттарынан бұрылар». (Рум сүресі, 41)

Осыған қарағанда, құлшылықтан және бағынудан, яғни Исламнан алыстау құрлықтағы және теңіздегі тәртіп пен сәйкестіктің бұзылуына себеп болады. Әрі пайда болатын апат оқиғалар күнәһарларға бұл дүниеге қарасты азғантай бір жаза ретінде беріліп, оларды күнәдан қайтаруға жасалған әрекеттердің бірі, үнсіз насихат.

Көңіл көзі ашық, парасатты құл Ислам арқылы жаратылғанға қарап Жаратушыны; себепке қарап сол себепті болдырғанды және затқа қарап мағынасын сезіп біледі де фәни, яғни жалған дүниенің ақиқатын

түсіне отырып, ақіретті есіне алады. Және осы айбынды әлемнің сәйкестігі мен ұйқастығын әсіресе, шетсіз де шексіз болған аспанды тамашалап, Һуданың құдіреті мен ұлылықты әрдайым шын жүрекпен сезеді, әрі өз әлсіздігін және нәпсісін біле отырып құлшылығын үнемі орындайды. Мәңгі әлемге қарай Раббысына апарар жол сапарындағы ғажайып сырларды аңғарып, Соған қауышуға әуес болып сәжде етушілер керуеніне қосылады. Сонымен жаратылыс мақсаты орындалып, құл - шексіз игіліктерге, құтылуға және Жаратқан Иесіне қауышуға жетеді. Осылайша аятта баяндалған:

«Аллаһ кімді дұрыс жолға саламын десе, оның көкірегін Исламға айқара ашады ..». ақиқаты көрініс табады. (Әнғам сүресі, 125-аят)

Бірақ бұл көріністен қашқақтап, алыстауға асығатындар осы аяттың соңында айтылғанындай:

«... Ал кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін көкке шығып бара жатқандай етіп тарылтады. Аллаһ сенбегендерді міне, осылай күпіршілік сазында қалдырады». (Әнғам сүресі, 125-аят)

Сондықтан адамзат баласының құтылуы тек Исламның бақытты жолында ғана мүмкін. Аллаһтың Елшісі (С.а.у.) айтады:

«Кім «Аллаһты Раббым деп, Исламды дінім деп, Мұхаммедті Пайғамбарым деп қабыл етіп, осыған көңілден разы болса, Жәннат оған уәжіп болады».[1]

Ислам сөзі – силм және сәлемет сөздерінен тараған. Мағынасы: тәуелді болу, Аллаһқа мойынсұну, бір нәрсені дұрыс және тап-таза ұстау, сәлеметке жету, ықылас және шынайылық деген түсініктерді береді де, негізі «иман» сөзімен бірдей деп түсіндіріледі.

Құран Кәрімнің бірінші бетінде тұрған Фатиха сүресі де Исламның астарлы түрдегі түсініктемесінен тұрады.

Бұл сүре бойынша:

Ислам - құлды Аллаһтың ашуына ұшыратпай және азғындыққа апармай сырат-ы мұстақимға (түп-тура жолға) салып, бақыт пен сәлеметтің нұрлы құшағында Аллаһтың шексіз де шетсіз игіліктеріне жеткізе отырып:

«Әлемдердің Раббысы Аллаһқа һамд(мадақ, шүкір) болсын!»- деп айтқызатын және бұл күйдің үнемі болуы үшін:

«Аллаһым! Тек Саған құлшылық етеміз және тек қана Сенен жәрдем сұраймыз»,- дегізіп, бір Аллаға апаратын дін.

Сондықтан адам баласындағы сенім қажеттілігін қанағаттандыруы, ақылдың тынышталуы, мал-мүліктің, жанның қауіпсіздігі, нәсілдің таза сақталуы және ақіреттің табысты болуы тек қана Исламның арқасында мүмкін болады. Бүкіл мазмұнына назар аударылғанда:

Ислам иманның жолы. Сенім негіздері үнемі ұлы әрі мықты негізге сүйенеді, адамның абыройы мен қасиетіне зиян келтіретін Аллаһқа серік қосу сияқты сенім бұзықтықтарынан мүлдем алыс.

Ислам адамның рухын тойдыратын ғибадат діні. Құлдар орындауға жауапты болған ғибадаттар түрлі бітім және сырлармен денені де рухты да жақсылықтарға жеткізетіні соншалық, көңілдер сол ғибадаттардың бітпес ләззаттарымен Жаннат өмірін жерде сүреді.

Ислам рақым және мейірім діні. Адамзат баласы бірталай күнә және ғапылдық шұңқырларын жағалап жүргенде, істеген күнәларына бірден жазасын беріп, зиянға ұшыратудан, жоюдан гөрі Жаратқан оған рахым және кешірім жасап, бақытқа кенелтуге тырысады. Хақ Тағаланың: **«Рахымым ашуымды жеңіп кеткен!»**[1] сөздері осының бір белгісі.

Мәрхамет сөзі мейірім, рахмет деген сөздермен мағыналас болып, Ислам дінінің ең маңызды құрамы болғандықтан Құранның «Бисмилләһир-рахманир-рахим» деген ең басты сөзінде де, Хақк Тағала өзінің ең ерекше Аллаһ деген есімінің қасында мейірім ерекшеліктерін баяндайтын Рахман және Рахим деген есімдерін атаған, әрі ең алғашқы сүре Фатиханың екінші аятында осы есімдерін тағы бір ескерте қайталаған. Бұдан соң өзге бір сүренің ең алғашқы сөзінде де Рахман сипатын қолданып, сүрені осы сөзбен атаған. Сонымен бұл сүреде баяндалған: «Құранды Рахман үйретті!» аяты Құранның бүтінімен адамзатқа Аллаһтың мейірімі ретінде ұсынылғанын көрсетеді. Расында, Құран Кәрімнің рахым және шипа болғаны Исра сүресінде айқын түрде баяндалады.

Аллаһ Тағаланың пайғамбарларына берген ең ұлы ерекшеліктерінің біреуі мейірімділік екені де бұл мәселенің басқа бір ұшы. Әсіресе:

«**Ей Пайғамбарым! Біз сені әлемдерге тек қана рахым қылып жібердік!**» (Әнбия сүресі, 107) аятында баяндалғанындай, Хазреті Пайғамбар (С.а.у.)дағы бұл ерекшелік ешбір адамның тағаты жете алмайтын шыңда көрініс табады. Тайфта өзіне тас боратылып, қан жоса болған кезінде оған келіп: «Уа Расулаллаһ, қаласаң осы қауымды жоқ қылып жіберейін!»,- деген Жәбірейіл және өзге періштелерге: «*Жоқ, мұны қаламаймын! Мен рахым, мейірім пайғамбарымын!*»,- деп жауап бергені, әрі сол қауым үшін қайыр-дұға етуі оның кең мархабатының бір тамшысы ғана еді. Исламда иманның алғашқы жемісі мейірім деп те айта аламыз. Осы бағытта өмір сүрген Аллаһ достары құлшылықтың мағынасын осы екі негізге сидырып баяндаған:

а. Тағзыим ли – әмриллаһ, яғни Аллаһтың бұйрықтарын құрмет, тағзыммен орындау.

ә. Шәфқат ли – халқиллаһ, яғни Алланың

жаратқандарына мейірімді болу.

Ислам ақыл (қисын) діні. Ислам ақыл, ой туындысы емес, бірақ осыларды да жаратқан ұлы Аллаһ тарапынан жіберілгендіктен ақыл мен ойды ең жақсы және дұрыс жөнде бағыттап, адам баласындағы рухани деңгейді кәміл түрде қалыптастырады. Яғни, ақыл қалай және қанша деген сұрақтармен бас қатырса да, нәтижесінде мақсатына тек қана Аллаһқа иман арқылы жетеді. Сондықтан Аллаһ Тағала Құран Кәрімде жиі-жиі: **«Ойланбайсыңдар ма?»,**- деп насихаттап, адамзатты пікір әлеміне шақырады. Хазреті Пайғамбар (С.а.у.): «*Бір сағаттық пікір жүгірту, алпыс жылдық (пікірсіз) ғибадаттан артық*»,- деп айтып, ақылды мағрифет (әлемді және жаратылысын тану) және хикмет мұхитында қолданудың маңыздылығын баяндайды. Өйткені, ақыл Аллаға жету жолында бір тілмаш.

Ислам Аллаға махаббат және хаққа ғашықтық діні. Ислам көңілді тек қана ақыл арқылы дамытпайды. Өйткені ақыл қаншалықты пайдасы болғанымен, кейде қате бағытталса адамды мақсатына жеткізбейді, әрі өзіне тым қатты сенім артатындарды шүбәлану сазына батырып қояды. Сондықтан оны махаббат және ғашықтықтың құрбаны етіп, ғашықтық нұрымен жарқырату қажет. Хазіреті Мәулана айтқандай:

«Талапты құл, құрғақ ақылдың өзін тәңір етудің шайтаннан екенін, ал оны ғашықтықпен «илеп» махаббатпен Аллаһқа қарай бағыттаудың Адамнан екенін біледі! Ғашықтық кемеге ұқсайды. Кемеге мінген адамның апатқа ұшырағаны өте аз, көбінесе құтылады».

Фәлсафашылар сияқты ақылды жүрексіз өздеріне жол көрсетуші қылғандар жағдайдың тұтқыны, көз бен құлақтың ғана қызметкері болады. Алайда ақылдың Аллаһты тануы жүрекпен біріккенде ғана мүмкін. Жүрек ақылды тек қана тіреу ретінде пайдаланады.

Жүрекпен Аллаға байланудың жемісі ғашықтық, ал ғашықтықтың жемісі пидакерлік. Қадірменді сахабалар Аллаһ (ЖЖ)[1] және Расулұллаһ (с.а.у.) жолында жандарын және мал-мүліктерін беруі нәтижесінде адамзат тарихында ерекше орын алған адамдар болды. Хазреті Пайғамбардыдың (с.а.у.) әрбір бұйрығына:

«Әкем, шешем және жаным саған пида (құрбан) болсын уа Расулаллаһ!» – деп ғашықтыққа, тебіреніске толы рухани және ерекше бір көңіл-күйде бойұсынушы еді.

Сондықтан Ислам адамдардың жан дүниесін әшекейлейтін сезім діні.

Ислам теңдік діні. Исламның ең белгілі ерекшеліктерінің біреуі сөзсіз, оның құрамындағы ұлы теңдігі. Хақ Тағала бұл әлемге қалай айбатты және кәміл бір теңдік деңгей қойған болса, сол теңдікті адамзатқа жіберген дініне де қойған. Сондықтан Исламның қай жағы қолға алынса да ерекше, мұқият және теңдессіз ұлы Тәңірлік кіршіксіз жоспар сезіледі. Бұл теңдік дүние-ақірет, дене-рух, еркек-әйел, кедей-бай, халық-меңгеруші, үлкен-кіші, кәрі-жас, зат-мағына(рухани) т.б. барлық тұстарда өте ұлы мәртебеде болғаны соншалықты, былай қарағанда, бір-біріне қарама-қайшы болған осы айырмашылықтарды ақиқатында бірін-бірі түгендейтін бір бүтіндік күйіне келтіреді. Өйткені бұлардың әрбіреуі екіншісіне өте қажет. Міне, Ислам осы шындық негізінде екі жақты да орын-орнына қойып, бұларды бір-біріне наразылық білдіруге емес, толықтыруға дәнекер қылады. Арадан қайшылықты алып, сәйкестікті, теңдікті қояды. Сонымен, Ислам адамға екі қанат бітіріп, оған ұлылық аспанының жолын ашады.

Ислам ғылым және хикмет діні. Ислам надандар діні емес. Керісінше, ол надандық пен қараңғы кезеңді жою үшін жіберілген ең соңғы және ең кемел дін. Расында,

Аллаһтан лайықты түрде қорқып, тақуалық жолымен өмір сүре білудің шартының білім екендігін баяндау мақсатында:

«**Аллаһтан (лайықты түрде) тек қана білім егелері қорқады!**»,- деп айтылған. (Фатыр сүресі, 28-аят)

Расулулланың (с.а.у.):

«Ғалымның ғабидтен (жай, қарапайым, істеген құлшылығының ақиқатын сезуге білімі толық жетпейтін құл) үстемдігі, менің араларындағы ең төменгі деңгейдегі кісіден үстемдігімдей..»,[1]- деген баяны, мәселенің маңыздылығын түсіну үшін жеткілікті.

Бірақ Ислам ғылымның тақыр жер күйінде болуын қаламай, оны хикмет және парасат бұлақтарымен күшейтіп гүлстанға айналдырады. Сондықтан мұндағы айтылып отырған руханият білімі. Себебі Ожданы кем болса, медицина білімі иесінің қылмыс істеуі әбден мүмкін болатыны секілді, хикмет пен парасаттан алыс білім, пайдадан гөрі зиянды көп келтіруі мүмкін болады. Бұған ишара ретінде Аллаһ Расулі (с.а.у.) былай айтады:

«*Кімде-кім дүниеде білімін көбейтіп, зуһд және тақуалығын арттырмаса, ол адам тек қана Аллаһтан қашықтығын ғана арттырады*».[1]

Ислам ұлы мінез-құлықтың діні. Адамзат мақұлықаттың ең шарапаттысы болуымен қатар Аллаһтың жер жүзіндегі халифасы. Денесі топырақтан жаратылған, ішіне Раббысының құдіретімен бір сыр үрленген. Құран Кәрім адам баласына сөйлер кезде осы өзекке назар аудартады. Бұл өзектің нәпсі атты былғаныш бөгетпен кірленбеуін армандайды. Яғни, құлдың нәпсісінің жамандықтарынан тазарып, ұлы мінезге орана отырып, Аллаһ Тағаланың шақыруына қалбун сәлиммен, яғни таза жүрекпен келуін қалайды. Сондықтан шын мағынасында адам сипатымен өмір

сүре білудің шарты – тек қана діннің және мінез-құлықтың ұлы мақсатына жетуде. Адамзаттың ең кемелі және жақсы мінез-құлықтың шыңындағы мысалы Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) болып табылады. Ол өзінің пайғамбар болып жіберілуінің себептерінің бірін былай баяндайды:

«*Расында мен жақсы мінез-құлықты кемелдендірмекке үшін жіберілдім*».[2]

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде пайғамбарын мадақтаған екзінде де оның мінез-құлқының сипатына ишара етеді.

«(Ей, Пайғамбарым!) Сөзсіз сен ұлы мінез-құлық егесісің». (Қалам сүресі, 4-аят)

Осындай мадаққа жеткен Аллаһтың Пайғамбары (с.а.у.)сахабаларыныңайтуыбойыншаорамалжамылып отырған жас қыздан да ибалы еді. Бір хадисінде ол кісі былай айтады:

«Ар-ұят пен иман екеуі бір жерде болады. Олардың біреуі жоғалғанда, екіншісі де жоғалып кетеді!»[1].

Осы ақиқат жайлы сыр шерткен Хазіреті Мәулана былай айтады:

- Иман деген не? - деп ақылымнан сұрадым. Ол жүрегімнің құлағына еңкейіп:

- Иман әдептен тұрады...»,- деп сыбырлады. Ондай болса әдебі болмаған адам Аллаһтың сый-құрметінен мақрұм қалады».

Ислам сыпайылық, көркемдік және әдемілік діні. Ислам Пайғамбарының айтуы бойынша бұл дүниеде маңызсыз болып көрінген сыпайылық есеп күнінде өте маңызды болады. Барлық жағынан адамзатқа ең жақсы үлгі-өнеге болған Аллаһтың Расулі (с.а.у.) осы мәселеде де біздерге кәміл өнеге. Пайғамбар (с.а.у.) біреудің

істеп қойған қатесін түзеткенде де сыпайылықты, биязылықты ұмытпайтын, кісінің тіке бетіне емес жалпыға қарап:

«Маған не болды өзі, кейбіреулеріңіздің мынадай, мынадай іс істеп жатқандай көремін?!» - деп қатені өзінен іздеген кейіппен сөз бастайтын.

Ислам хақ пен хұқық діні. Ислам қолға алған ең маңызды мәселелердің бірі – хақ және хұқық мәселесі. Бұл екеуінің өте маңызды болғаны соншалықты, Аллаһ Тағаланың алдында өзіне серік қосудан кейін кешірілмейтін екінші мәселе құл хақысы екендігі айтылған. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) қайтыс болар алдындағы қатты ауруы кезінде де осы мәселеге назар аудартып, әлсіз халіне қарамастан мешітке келіп сахабаларына:

«Сахабаларым! Кімнің малын қателесіп алған болсам, міне, малым, келіп алсын! Кімнің арқасынан қателесіп ұрған болсам, міне, арқам, келіп ұрсын!» - деген сөздерінен де кісі хақысының қаншалықты маңызды екендігін байқауға болады.

Міне, осынша сезімділік, биязылық және бек сенімге негізделген Ислам әділеті бүкіл адамзатты қайран қалдыратын ұлы деңгейде. Бұл ақиқатты мойындамау мүмкін емес. 1789 жылғы ұлы Француз төңкерілісінің идеясын дайындағандардың біреуі философ Лафайет әйгілі адам құқықтары баяндамасы жарияланбай тұрып, бүкіл заң жүйелерін зерттей келе, Ислам заңының үстемдігін көріп, былай айтудан тартына алмаған екен:

«Ей, Мұхаммед! Сен әділетті іске асыруда жеткен мәртебеге әлі ешкім жете алмады!»

Ислам тарихы осы әділеттің көптеген көріністеріне толы. Міне, солардың біреуі:

Бір адам бірде жылқы сатып алған екен. Екі жасар және сап-сау болғанымен, кенет үш күннен соң аты

ауырып, өліп қалады. Жылқыны сатып алған адам сатушыдан бірдеңені сезіктеніп, күдіктенді. Қатарынан үш күн сотқа барғанымен төрешіні таба алмағандықтан уақыт жоғалтпау үшін атты қаратпаққа мал дәрігеріне апарады. Мал дәрігерінен алған мәліметі бойынша аты уланған болып шығады. Біраз күнен соң сотқа қайта барып, төрешіні орнында ұстайды да мәселесін айтады. Төреші:

- Неге алдымен маған келмей, мал дәрігеріне бардың? Дереу келгеніңде темірді қызған шағында соғып, ізін суытпай шешімін қарастырар едік,- деген соң шағымданушы адам:

- Тақсыр! Мен сізге мына-мына күндері келдім, сіз орныңызда жоқ болдыңыз!- деп жауап береді. Сонда төреші:

- Дұрыс айтасыз, сіз келген күндерде мен мұнда жоқ едім. Анам қайтыс болып, ауылға барған едім…,- деді.

Сосын азырақ үнсіз ойланып алған төреші мырза өзінің хатшысына бұрылып былай деді:

- Мәселе айқындалды, хатшы мынаны жаз: «Жұмыс орнында болмағандығы үшін, зиянның төрешіден өндірілуіне қарар берілді…».

Сөздің қысқасы, Ислам бүкіл тұстарымен, яғни заттық және рухи тұрғысымен жалғыз әрі ерекше тіршілік діні. Әрдайым Хаққа мойынсұну діні. Ал иман – сол хақты қабыл етіп бекіту.

Бұрынғы дәуірлерде мұсылман болмағанымен, жаратылысындағы бұзылмаған таза болмысымен Исламды жақтап мәміле жасайтындар «дінсіз мұсылман» деп аталса, мұсылман бола тұра Исламды жақтамайтындарға «кәпір сияқты мүмин» делінетін.

Сондықтан Ислам тек қана шын жүрекпен, ықыласпен өмірге бекігенде ғана адамның рухын тазартатын рухани, терең бір дария.

Аллаһ Расулі (с.а.у.) айтады:

«Құл Исламды қабыл етіп, оны жақсы түрде өміріне бекітсе, бұрын істеген әр жақсы ісіне сауап жазылады да, істеген барлық күнәсі кешіріледі. Бұдан кейін істеген амалдарының тағдыры былай болады: әр сауапты ісіне оннан жеті жүз есеге дейін сауап жазылады. Ал істеген күнәларының тек өзі ғана жазылады. Бірақ Аллаһ кешіріп, сол күнәсінің өзін толығымен ғапу етсе, ол басқа»[1].

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) Исламды жайып тарата бастаған сәттен бері оны қабылдамағандар әділет пен шынайылықты бір шетке тастап, өз азғындықтары мен ғапылдықтары ішінде нәпсілерінің және шайтанның тұтқыны болып өмір сүруді және осылай үстем болуды қалаған. Тарих мұның қаншама мысалдарына куә. Мекке мүшріктері өз аспандарына жарқырап туған күндей болған Хазреті Пайғамбарды (с.а.у.) әл-Әмин(сенімді) және әс-Садық(шыншыл) деп танығанымен де, қарайған жүректеріне Исламның нұрын шағылыстыра алмады, Ождандары ақиқатты көріп тұрса да нәпсілеріне беріліп, оны мойындамау арқылы өз обалдарына қалды. Құранды Ождандарымен қабыл ете тұра, нәпсілеріне алданып қарсы шықты да, саналары тығырыққа тіреліп қалды. Жылдар бойы Хазреті Пайғамбар (с.а.у.)нің келетінін хабарлап сүйіншілеген христиандар мен еврейлер де тек қана өз іштеріне жақпағандықтан, ұлтшылдық сананың ықпалымен «Мейірім пайғамбарының» сөздерін өтірікке шығарып, жала жапты. Әсіресе, еврейлер ежелдік әрі мәңгілік шындықты қабылдамау жөнінде басқалардан да озып кеткен. Мына нақыл бұл ақиқатты айқындауда өте ғибратты:

Аллаһ Расулі (с.а.у.) еврейлерге Құран Кәрімнен:

«Ей, Мұхаммед! Бұған қарсы олар сенімен сөз таластыруға кірісер болса: «Мен, маған сенгендерді де, өзімді де Аллаһқа тапсырғанмын. Тағы да өздеріне

кітап берілгендер мен уммилерге: «Сендер де Исламды қабыл еттіңдер ме?» - деп айт. Егер Исламға кірсе һидаят жолын табады. Ал егер олар теріс айналса, сенің міндетің тек қана айтып жеткізу. Аллаһ құлдарын нақ көруші». (Әли Имран, 20) аятын оқығаннан кейін, олардан былай сұрады:

-Исламды қабылдадыңдар ма?

Олар:

-Иә, қабылдадық, – деді.

Пайғамбар (с.а.у.) олардың бұл жауабына:

-Исаның Аллаһтың кәлимесі, құлы және пайғамбары екендігіне куәлік бересіңдер ме?» – деп сұрады.

Олар:

-Аллаһ сақтасын! – деп алып теріс айнал ды да, қасіретті таңдады.

Пайғамбар (с.а.у.) еврейлерден бұл жауапты алғаннан кейін христиандарға қарап:

-Исаның Аллаһтың кәлимәсі, құлы және пайғамбары болғанына куәлік бересіңдер ме? – деп сұрады.

Олар да:

-Аллаһ сақтасын, Исаны құл деп айту мүмкін бе? – деді.

Басқа бір күні Расулұллаһ (с.а.у.) еврейлердің дәрісханаларына барып, оларды иманға шақырған еді. Нұғайм бин Әмір мен Харс бин Зәйд пайғамбарымыздан:

-Сен қай дінненсің? – деп сұрады.

Расулұллаһ (с.а.у.):

- Ибраһимнің дінінен, – деді.

Олардың сондағы:

-Ибраһим Еврей емес пе еді?! – деп айтуларына қарап, Аллаһтың Расулі (с.а.у.):

-Ондай болса арамыздағы мәселеге Таурат төреші болсын, соған жүгінейік, – деді.

Еврейлер бұл ұсынысқа келісе алмады. Тіпті еврей ұлтының ең күшті ғалымы деген атаққа жеткен Абдуллаһ бин Сәләмның һидаят тауып, мұсылман болуы себебінен Исламға деген қырсықтары көбейіп, бұрын Абдулла бин Сәләмді мақтап, ұлықтап жүрген яһудилер енді өте ауыр түрде сөге бастады. Олардың өз кітаптарына жасаған килігулері соңғы пайғамбар Хз Мұхаммедке қатысты бөлімдерді де айналып өтпеді. Олардың өз Тәураттарындағы Хз Мұхаммед және Ислам үмметі жайындағы аяттарды бұрмалағандығына қатысты ақиқатты Құран Кәрім былай баяндайды:

«Кітапты қолдарымен жазып алып, сосын оны Аллаһтың қасынан келді! – деп айтпақ үшін оны арзан бағаға сататындар сорласын!». (Бақара сүресі, 79-аят)

«Олар Кітаптағы сөздерді орындарынан өзгертеді!.». (Ниса сүресі, 46; Мәидә сүресі, 13)

Осы іс-әрекеттері олардың кітапты бұрмалау арқылы дінді негізінен алыстатып, өз нәпсілеріне орай ұйымдастыру және әр түрлі бассыздықтар мен бұзықтықты заңды түрде көрсету жолындағы теріс реформалары болып табылады. Тіпті еврейлік пен христиандықтың бұзылып, бұрмалануы осылай болған1. Сондықтан қазіргі кезде болып жатқан «Исламда реформа» деген сөз пікір-таластары да дінді бұзу мақсатымен болып жатыр.

Құпия және хикметтерге толы бұл әлемді толығымен аңғарып білуі мүмкін бола алмайтын адамзат ақылынан туындаған қысыр кеңестер ғылымы, құдіреті шексіз Тәңірден[1] келген Исламды реформалай алмасы өте айқын. Өйткені адамның жасырын және ашық бүкіл ерекшеліктерін білетін Ұлы Жаратушыдан келген бұйрықтар мен тыйымдар адамның шектеулі санасымен

толық меңгеріп, талдауы әбестік. Жаратылғанды Жаратқаннан да жақсы тану және бағыттаудың мүмкін емес екендігі адал ойлағандар қарсы келе алмайтын шындық. Сондықтан Ислам адамның жаратылысына ең сәйкес дін .

Ислам Аллаһтың мархабатының кеңдігінен, ешбіреуін сыртта қалдырмай бүкіл адамзат баласын өзіне шақырады. Сонымен, адам баласы істей алатын барлық іс-әрекеттер Ислам ортаға қойған үкімдерде талқыланып бағаланады. Адамзаттың ешбір ісі мен мәселесін сыртта қалдырмағаны соншалық, іске аспай тек қана ойда қалған әр-түрлі ой-пікірге де жауап береді. Мысалы, түстердің өзіне назар аударып, оларға мәні бар немесе мәні жоқ деп үкімдер қояды. Бұған басқа да көп мысалдар келтіруге болады.

Бір жүйе адам баласын бағыттайтын кезінде қағидалар мен шарттарды адамзаттың бойында бар бейімділіктердің қандай да біреуін ескерместен қоятын болса, оның жаратылысына сәйкеспейді де белгілі бір шектен кейін наразылыққа, қарсы келуге және сол шарттарды бұзуға әкеліп соқтырады. Мысалы, католиктердің адамзат табиғатындағы негізгі бейімділіктерге жататын жанұя құру жағдайын жоққа шығарып монахтар мен монах әйелдердің үйленулеріне тыйым салғаны сияқты. Осындай ережелерге мәжбүрлеу адамзат жаратылысын (табиғатын) күйзелтері соншалық, белгілі бір уақыттан кейін жасырын да болса көптеген қарсы келулерге және ережені бұзып кетуге әкеледі.

---

*· Қазіргі кездегі ең ескі Таурат нұсқасы 900 жылдарға кез келеді. Бұл жағдай негізгі Таураттың қай халге келтірілгенінің ең анық мысалы болуы үшін жеткілікті.

** Ерік екіге бөлінеді:

а Күлли ерік: Бүкіл әлемді жаратқан Аллаһтың қалауы, еркі.

ә Жуз-и ерік: Адамның қалауы, еркі. Аллаһтың еркімен салыстыра алынбайды. Адамзатқа өте аз ерік, қалау құқығы берілген. Негізгі қалаушы, бағыттаушы тек қана Аллаһ Тағала.

Сонымен қатар адамзат табиғатына назар аудармаған жүйелер «жалғасымды болу» мүмкіндігін де жоғалтып алады. Өйткені жаратылыс ең аяғында болса да, бөгеуін құлатып аққан сел сияқты өзіне сәйкеспеген тәсіл мен негізді әйтеуір бір бұзып, жарып шығады. Расында, бұзылып бұрмаланған христиандықтың қолында масқара болған батыс әлемі ең соңында оны өмірлерінен шеттетіп, тек қана шіркеуде іске асырылатын бір дін халіне келтірген. Тіпті бірталай христиандар килігу жасалынған діндерінің жаратылысқа қарсы мәмілесінің және білімнің шындықтары алдында соқырлық танытуы нәтижесінде дінсіздіктің құшағына түсіп кеткен. Сонымен қатар дінге деген қажеттілік адамның табиғатында бар болғандықтан, шайтанға табынуға дейін апаратын қаншама бұзық жолдар ортаға шыққан.

Ислам адамзат табиғатына сәйкес қылып, Алланың шексіз сөзсіз білімінің аясында ережелер қойғандықтан, үкімдердің ескіріп бағасын жоғалтады деп ойлаудың өзі мүмкін емес. Өйткені адам баласы осы негіздер тұрғысынан әрқашан бірдей. Мысалы, әйелдердің сезімтал болуы өзгеріп жоғалмайтындығы, шындығына қарағанда, олар белгілі мәселелерге куә болған жағдайда осы сезімталдықтары көзге алынбаса әділеттің орындалуына зиян келтіреді.

Адамзат табиғатындағы теріс бейімділіктердің азғындап кетуінің алдын алу үшін жіберілген иләһи тыйымдар, дұрыс бейімділіктердің дамып, кемелденуі үшін қажетті әмірлер Исламда дәлме дәл белгіленген. Мұның бәрі Исламның реалист болуынан. Әмірлер мен тыйымдар өзгермейтін бейімділіктер турасында болғанымен, өзгеріп тұратын ахуалдарға байланысты «маслахат» деген атпен аталатын үкім беру құзіреті Ислам ғұламаларына берілген. Бұл тақырыпта айқындатылуы қажет болған басқа бір мәселе адамзат

табиғатында болымды бейімділіктердің негізгі жаратылыста үстем болғандығы. Бұл ақиқатқа ишара жасаған Пайғамбар (с.а.у.):

«Әр бала Исламға сай фытратпен (табиғатпен) туылады»[1],– деп айтқан.

Аллаһтың рахымының ашуынан артық және үстем болуының нәтижесінде әлемде жалпылай тыныштық және бейбітшілік бар. Ормандағы ең жабайы және ең күшті хайуандардың қасында ең әлсіз және ең күшсіз хайуандардың өмір сүріп жатқандығы бұған жақсы бір мысал. Осы шындық әлемнің негізгі көрінісі болған адамзат жайында айтылса да өте орынды болады. Өйткені адам бойындағы түрлі дұрыс және бұрыс бейімділіктер бір жерде болғанымен де, сыртқы ортаның килігуі мен ықпалы жүрмес бұрын дұрыс бейімділіктер қашан да үстем күйде. Яғни жақсыға бейімділік баланың қоғамға араласып, әсер ала бастауымен бірге бұзыла бастайды. Ислам өзінің орнатқан үкімдерімен осы бұзылуды бөгеп, адамның бойындағы сәби кезіндегі таза жаратылыс, таза табиғатты, сафтықты, тұнықтықты және тазалықты, қорғап дамытуға тырысады. Ислам адамзат табиғатындағы болымсыз бейімділіктерді де жоққа шығармайды, әрі оларды мүлде жойып жіберу мақсатының соңына түспейді. Өйткені мұның нәтижесі тек зиянға ұшырау болады. Бірақ Ислам оларды тәртіпке салып бағыттауға тырысады. Мысалы, жыныстық бейімділіктерді Фрейд жариялағандай ешбір ереже-шарттарға бағындырмай еркін қоя берудің орнына, нәсілдің жалғасуына дәнекер болатын жанұялық қатынас ішінде шектеп, Аллаһ атына жасалатын неке актісі арқылы халал күйге келтірген. Құштарлықты ұлы мақсаттарға байлап, одан қайырлы нәтижелер пайда болуын қамтамасыз етуге тырысады. Негізінде ол сезімнің о бастағы жаратылу мақсаты да сол, адамның жанұя құрып, ұрпақты жалғастыруы

болатын. Мүліктің Аллаһтыкі екендігін үйретіп оны ең жақсы түрде жұмсауға баулу арқылы мал-мүлікке деген артық қызығушылықты, ашкөздікті жояды. Қызғанышты «менде де болса екен» – деген жақсы ұмтылысқа айналдырады. Басқа бейімділіктер туралы да осылай пайымдау керек.

Бұрын да баяндағанымыздай, Ислам ақылды ең жақсы түрде бағыттайды. Оның уахиге байлаулы болуын қалайды. Өйткені біз уахимен тәрбие етілмеген ақылдың тарихта қандай жаңылыс үкімдер бергенін көрудеміз. Сондықтан философтар бір-бірлерін өтірікке шығарып келе жатыр. Мысалы, ескі Афина мінез-құлқында ұрлық – ұсталмау шартымен мақтанарлық іс еді. Зейін қабілеттілігі деген оймен жақсы көріліп, айып салынбай босатылатын. Ал негізінде ұрлық деген табиғи құқықты бұзушылық екендігі айдан анық. Уахимен тәрбиеленбеген ақылдың табиғи хұқық ұғымына қайшы болғанына қарағанда, оның басқа салаларда қандай сандырақ үкімдер бере алатыны оңайшылықпен түсініледі.

Сонымен қатар осындай ақыл және қисын, әсіресе екі жақтың әрбіреуіне «сенікі дұрыс» дегізетін бір-біріне қайшы мәселелерде әділеттің орындалуына бөгет болады. Мұның тарихта мәшһүр мысалы бар:

Көне грек елінде ақылдың әлсіздігін көрсететін бір уақиға болған екен:

Бір жас жігіт дәріс алмақ болып бір фәласафашыға келіп жолығады. Келісім бойынша оқудың жарты ақшасы қолма-қол, ал қалған жарты бөлігі шәкірт алғашқы дауын жеңіп алған кезде төленетін болады. Мұның мағынасы шәкірт өзінің алғашқы дауын жеңген кезінде білімі толықталған болып, ұстазы қалған төлемақыны алуға құқылы болады деген сөз. Бірақ оқу кезеңі аяқталған кезде шәкірт ұстазына берген төлемақысының бірінші жартысын жеткілікті санап,

екінші жартысынан бас тартуын талап етеді. Осы талап себебімен бірінші дау ұстаз бен шәкірт арасында болды.

Сот отырысында шәкірт әділқазылар алдына шығып:

- Мен бұл дауда жеңсем де жеңілсем де төлемақының қалған жартысын бермеуім керек,- дейді.

Төрешінің «Неге екен?», - деген сұрағына былай түсініктеме береді:

- Егер дауды жеңіп алсам сіздің қарарыңыз бойынша, ал егер жеңіліп қалсам ұстазым екеуміздің келісіміміз бойынша бұл ақшаны бермеуім керек.

Бұған оның фәлсафашы ұстазы дәл солай:

- Мен бұл дауда жеңсем де жеңілсем де төлемақының қалған жартысын алуым керек,- дейді.

Төрешінің «Неге екен?», деген сұрағына былай түсініктеме береді:

- Егер дауды жеңіп алсам сіздің қарарыңыз бойынша, ал егер жеңіліп қалсам шәкіртім екеуміздің келісіміміз бойынша бұл ақшаны алуым керек. Өйткені мен жеңілетін болсам ол дауды жеңген болады және төлемақының екінші жартысын маған қарыз болған болады.

Міне, иләһи уахимен тәрбиеленбеген ой-қисынның осындай талай тұйық нәрселерге сүйрелуінің алдын алу мүмкін емес. Тек Ислам діні ғана құл ақысының кешірілмейтінін білдіріп, құлдың өз жағдайын үнемі тексеріп отыруын ұсынған, тіпті:

«*Көршісі аш болып жатқанда, өзі тоқ болып жүрген бізден емес*» – деген хадиспен өзінен бұрын басқаларды ойлауды үйреткен.

Сонымен Ислам адамзатты бір-бірімен бөлісетін, бір-бірін сүйетін мүмин бауырлар халіне келтірген. Расында, Араб қауымы қараңғы кезеңде дұшпандық,

кек сақтау, қан төгу және соғыстармен атағы шыққан, қыздарын тірідей топыраққа көмген, сезімі жоқ бәдәуилер еді. Араларында бітіп болмайтын дұшпандық болып, күштілер әлсіздерді езетін еді. Хақ пен хұқық үнемі күштілердің қолында еді. Марқұм Акифтің сөзімен айтар болсақ:

Бір адамның тісі жоқ болса, оны бауырлары жейтін...

Бірақ Исламның келуімен бірге осы адамдар адамзат тарихының ең таңдаулы және ең ерекше адамдары мәртебесіне жетті. Бір кездері бір-бірінің қандарын ішуге дайын адамдар Исламның берекетімен өлім сәтінде де болса бір-бірін ойлап, сыйластықпен махаббат және қамқорлық аспанына шарықтады. Йәрмүк соғысы біткеннен кейін соғыс майданын аралап жүрген кезінде Хазіреті Хұзайфа (радиаллаһу ғанһу) куә болған оқиға Ислам арқылы мүминдер жеткен қамқорлықты және рухани шыңды қандай керемет көрсетеді:

«Ярмук соғысы біткен соң қолыма торсық ұстап шайқастан жарақаттанғандарды іздеп, аралап жүрдім. Қарасам, көкемнің ұлы қан жос болып, көзі қолымдағы торсыққа телміре қарап жатыр екен. Торсықтағы судан ішкізейін деп жатқанда арғы жақтан Ғикримәнің даусы естілді:

«Су! Бір тамшы су!..»

Бұл дауысты естіген көкемнің ұлы Харис қолын торсықтан тартып алып, көзімен суды Ғикримәға апаруымды меңзеді. Сонымен дереу Ғикримәнің қасына бардым. Торсықты оған созып жатқан кезде Ияштың даусы естілді:

«Су! Аллаһ разылығы үшін су!»

Ғикримә да Харис секілді, сол сәтте қолын тартып суды Ияшқа апаруымды қалады. Дереу Ияштың қасына бардым, бірақ оның қолымдағы бұл жалған дүниенің

суын ішуге уақыты қалмағанын көрдім. Бұл кезде ол ішкен шейіттік шәрбетінің ләззатымен көзін жұмған еді. Сасқалақтап «Тым болмаса, Ғикримәға үлгерейін!» деп барғанымда, оның да шейіт болғанын көрдім. Мұны көргенде көкемнің ұлы Хариске жүгірдім. Бірақ ол да жанын тапсырған еді..».

Міне, Ислам көңілдерге құйған шексіз қамқорлық және Аллаһ ұнатқан мінез-құлық!..

Алайда, бұл адамдар қараңғы дәуірде бір-бірінің қанын төгуден тайсалмайтын адамдар еді. Бірақ Исламмен көңілдерін керемет бір бауырмалдық сезімі баурағаны соншалық, олар кешкен ғұмыр арттарындағы ұрпаққа «бақыт ғасыры» деген атпен қалды.

Аллаһ Тағала өзінің осы сыйлығын Құран Кәрімде былай баяндайды:

«... **Аллаһтан келген нығметтерді еске алыңдар! Өйткені сендер бір-бірлеріңе жау едіңдер, Ол көңілдеріңді жақындатты және Оның игілігі арқылы бір-бірлеріңмен бауыр болдыңдар. Тағы сендер от шұңқырының(тозақтың) ернеуінде тұрғанда да сендерді Ол құтқарды. Мінеки, Аллаһ сендерге аяттарын осылай баяндайды, мүмкін тура жолды табарсыңдар**». (Әли Имран, 103-аят)

Осы аят кәримә қадірменді сахабаларға қарата айтылғанымен, бүкіл адамзатқа да қатысты.

Түркілердің де Исламнан бұрынғы жағдайларын тарих мақтап жазбаған. Мысалы, жеті мың шақырымдық сапар жасаған Атилланың артында қалдырған естелігі қан, ірің және көз жасынан басқа ештеңе емес. Бірақ Исламмен танысып мерейі өскеннен кейін осы ұлт тарихтың ең қаһарман, ең мейірімді ұлтына айналып:

-Ей, рахым! Сен қандай залымсың, маған дұшпанымды да сүйдіресің! – дейтіндей мейірім күйіне бөленген.

Исламның Бес Негізі

Бұрын айтқанымыздай Ислам:

а. Иғтиқад(сенім) және

ә. Ізгі амалдардан тұрады.

Бұған қарағанда, Ислам назарында адамзаттың жауапкершілігі «иғтиқади» (сенімдік) және «амали» (іс-әрекеттік) болып екіге бөлінеді. Бұлардың ішінде иғтиқади бөлімдегі негіздер амали негіздерден бұрын келеді. Сондықтан Аллаһ Расулі (с.а.у.):

«*Бұл үмбетіме ең көп алаңдайтыным, ширк (яғни Аллаһқа серік қосу)*»,[1] – деп айтқан.

Өйткені адам баласы Аллаһтың алдында иман келтіргендер және иман келтірмегендер болып екіге бөлінуде және осы жолмен екі бөлек қоғам ретінде баяндалуда. Бұдан басқа иманның маңыздылығы бөлшектенбейтін бір бүтін болуымен де белгілі. Яғни, иләһи баяндардың біреуін қабыл етпеумен барлығын қабылдамаудың арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Өйткені мұндай іс Аллаһтың ұлылығына кірбең келтіру болып табылады. Әлсіздігі талассыз болып табылатын адам баласының Аллаһтың хақ дегенін теріс, теріс дегенін хақ деп жариялауға тырысуы қандай жаман қылмыс. Сондықтан адамның амалдарындағы деңгейі иман болмайынша, өз иесіне бақыт бермейді. Мысалы, Едиссон электр жарығын ойлап тапқан және бұл қызметімен адамзатқа қаншама пайдасы тигенімен, сенім турасындағы жаңылысуы себепті істеген қызметімен ақіретте бір пайдаға, бақытқа жете алмайды. Өйткені Ислам назарында негіздің негізі иман.

Бірақ бұл негіздің жалғыз-ақ тіреуі және көрінісі әрине, ізгі амалдар болып келеді.

Сондықтан Ислам діні жеміс ағашына ұқсайды.

Жүректен бекіту оның топырақ астындағы тамыры, тілмен айту – діңгегі, ал ізгі амалдар – бұтақтары, жапырақтары, гүлдері, жемістері сияқты. Бір ағаштан күтетініміз, алдымен жеміс беруі болса, дәл сол сияқты иманнан күтілетін нәрсе жақсы амал, іс-әрекет. Аллаһқа жақындай білу және мағрифатуллаһқа, яғни Аллаһты толығымен тану мәртебесіне жету сонда ғана пайда болады. Бұған қарағанда, Ислам жалғыз иман мәселесінен тұрмайды. Ол иман мен амалдың ортақтасуынан құралады. Іс-әрекет жағы болмай, тек тілмен қабылдаған Исламмен мәңгілік бақытқа жетуді күту өте қауіпті. Сондықтан Исламның бес асыл негізінен төртеуі толығымен ізгі амалдан тұрады. Қалған біреуі кәлима, иманды куәландыру сөзі болғанымен, оның өзі зікір болу сипатымен ғибадат яғни амал, іс-әрекет деп табылады.

Аллаһ Расулі (с.а.у.) айтады:

«Ислам бес негізден құралған:

1. Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһтың құлы және Расулі екендігіне куәлік беру,

2. Намазды толық оқу,

3. Зекет беру,

4. Аллаһтың үйі Қағбаға қажылыққа бару,

5. Рамазан оразасын ұстау».[1]

Бірақ Ислам осы бес шарттан ғана тұрады деуге болмайды. Бұлар Ислам ғимаратының негізгі діңгектері ғана. Сондықтан Ислам тек қана осы ғибадаттардан тұрады деп ойлау үлкен қате. Өйткені Ислам бесіктен қабірге дейін адамзат өміріндегі бүкіл іс-әрекеттерді бағыттайтын және адамның ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесін ағартатын иләһи жүйе. Исламның кеңдігін, тереңдігін түсіну үшін Құран Кәрімге және хадис

шәрифтерге қаралса да жеткілікті. Жоғарыдағы хадис шәрифтің сыры да мұсылмандарға жүретін жол және өлшеу негізінде берілген бағыт. Ол бағыт мұсылманның Исламды алдымен хадис шәрифтегі бес негіздің үстіне құрып өміріне енгізуі. Бұлай істелінбеген жағдайда мұсылманның «Ислам ғимараты» аяғында нық тұра алмай құлап қалары хақ. Өйткені тегі шірік үйдің кішкене бір сілкіністе көретін зияны өте үлкен болады.

Исламның бес негізгі діңгегінің қасында, талай өзекті тармақтары және олардың әрбіреуінің Ислам ғимаратының бүтіндігі ішінде алар өзіндік орындары бар. Бұл шындық турасында басқа бір хадис шәрифте былай айтылады:

«*Ислам сегіз бөлімнен тұрады. Исламға сену бір бөлім; намаз бір бөлім; зекет бір бөлім; ораза бір бөлім; қажылық бір бөлім; жақсылықты әмір ету бір бөлім; жамандықтан сақтану бір бөлім; жиһад(дін жолында қызмет істеу) бір бөлім..*».

Парыз әмірлер мен тыйымдар циркульдің тұрақты ұшына; ал сүннет түріндегі әмірлер мен тыйымдар, яғни нәпілдер оның әрекет ететін ұшына ұқсайды. Демек, парыздар ешкімді сыртта қалдырмай, барлығын қамтығанымен, нәпілдер мен өзге ізгі амал түріндегі құлшылықтар циркульдің әрекетті ұшының әрекет алаңындай кеңдік көрсетеді. Яғни, әрбір құл өзіне берілген күш-қуаттың шамасынша ізгі амалдар жасаудан жауапкер болады. Сондықтан Хазіреті Әбу Бәкірдің шама-шарқында болған мұсылманның иман мен ізгі амал турасында күш-қуаты өте аз адам сияқты амал жасауы дұрыс болмайтыны тәрізді, күш-қуаты аз мұсылманның Хазіреті Әбу Бәкір сияқты өмір сүре білуі де мүмкін емес. Бұл мәселенің негізі - парыздарды кәміл түрде орындағаннан кейін, Хаққ Тағала берген күш-қуатқа қарай ізгі амалдарға кірісумен зүһд және тақуалық жолында Аллаһқа жақындауды көздеп,

адамзатқа сыйланған халифатуллаһ сырын сақтай білуде.

Исламды күнделікті тірлік-тіршілігімізге араластырумен қатар рухани болмысымызға енгізу де маңызды болғандықтан Аллаһ Тағала Исламның негізін және бұл негізге байланысты жанды тұстарын Елшісі арқылы үмбетке қайта-қайта білдіреді. Мұның мақсаты – Ислам мен иманның негізгі құрамымен тура үйретіліп, берік түрде орындалуы. Расында, осы ақиқат айналасында баяндалған және Жәбірейіл хадисі деген атпен мәшһүр болған нақыл Хз Омардан былай келеді:

«Мен Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) қасында отыр едім. Сол кезде киімі аппақ, шашы қап-қара бір адам кіріп келді. Тұла бойында ешқандай жолаушылық белгісі жоқ еді. Әрі арамыздан оны ешкім танымайды екен. Келіп тізесін Пайғамбардың (с.а.у.) тізесіне тигізіп, алдына отырды. Қолын тізесіне құрметпен қойғаннан кейін сұрай бастады:

- Ей, Мұхаммед (с.а.у.)! Ислам деген не?

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деді:

- Ислам - Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан оразасын ұстауың, шама-шарқың жетсе Аллаһтың Бәйтіне қажылыққа баруың».

Бөтен адам:

-Дұрыс айттың! – деп растады.

Біз бір жағынан сұрап, бір жағынан берілген жауапты растауына таң қалдық.

Сонан соң қайта сұрады:

- Маған иман жайлы мәлімет бер!

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) былай жауап берді:

- Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақірет күніне сенуің, тағдырға яғни жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екеніне сенуің иман.

Бөтен адам қайтадан:

- Дұрыс айттың! – деп растады.

Сонан соң қайта сұрады:

- Маған ихсан жайлы мәлімет бер!

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.):

- Ихсан Аллаһты нақ көзіңмен көріп тұрғандай оған ғибадат етуің. Сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр! – деді.

Әлгі адам қайтадан:

-Маған Қиямет-қайымның қашан болатынын айт! – деп сұрады.

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) бұл кезде:

-Қиямет жайында жауап беруші сұраушыдан артық білмейді! – деп жауап берді.

Сонда бөтен адам:

- Ондай болса қиямет белгілерін айтып бер! – деді.

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.):

- Күң өзінің қожайынын босанғанда, жалаң аяқ және жалаңаш пақыр шопандардың биік үйлер салуда жарысқандарын көругеніңде, – деп жауап қайтарды.

Пайғамбарымыздың осы сөзінен кейін бөтен адам шығып кетті. Мен біраз уақыт Хазреті Пайғамбардың (с.а.у.) қасында қалдым.

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.):

- Ей Омар! Сұрақ қойған кісінің кім екенін білесің бе? – деп сұрады.

Мен:

- Аллаһ (ЖЖ) және Расулі (с.а.у.) бізден артық біледі! – дегенімде, былай айтты:

- Ол Жәбірейіл (Ғаләйһиссәләм) еді. Сендерге діндеріңді үйретуге келген».[1]

Сөздің тобықтай түйіні, Ислам діні Жаратқанның:

«**Мен адамдарды және жындарды тек қана маған құлшылық етсін деп жараттым**» аят кәримде айтылғанындай, Аллаһқа құлшылық діні. (Зарият сүресі, 56-аят)

Бұл шындықты адамдарға білдірсін деп Хаққ Тағала Пайғамбарына былай айтады:

«(Ей, Расулім! Оларға) **айт: Маған дінді жалғыз-дара Аллаһқа ықыласпен арнап, құлшылық етуім бұйырылды. Әрі Оның үстемдігіне бас иген мұсылмандардың тұңғышы болу әмір етілді. Шынында, мен Раббыма қарсы келсем ұлы күннің азабынан қорқамын, мен дінімді жалғыз-дара Оған ықыласпен арнап, құлшылық етемін де!»** (Зүмәр сүресі, 11-14 аяттар)

«Аллаһ әлдекімнің көкірегін Исламға ашқан болса, сол адам Раббымның нұрлы жолы үстінде емес пе? Енді (осынша жариялаудан кейін**) Аллаһты еске алып, зікір етуге жуымай, жүректері қатайғандар құрысын! Міне, олар нағыз адасуда».**(Зүмәр сүресі, 22-аят)

Діндар болу қалай болса солай сену және не болса соған беріліп байлану емес. Дін дегеніміз - әлемді жаратқан, өмір мен өлімді басқарған Аллаһтың бұйрықтарына және ризалығына сәйкес сенім және ізгі амалдарден тұрады.

Дін құру билігі пайғамбарлардан басқа ешкімге берілмеген. Құран Кәрімнің ескі киелі кітаптар сықылды килігу жасалынбай сақталынып қалуы, оның мұғжизаларының қияметке дейін жалғасуынан.

Ислам діні өткен ғасырлардан бері келе жатқан

теріс жолдарды, ертегілерді жойып, әр түрлі адасулар мен қараңғы ұсыныстарды қолданыстан шығарып, тек қана хақ, ақиқат, жақсы мінез-құлық, тыныштық, ерекшелік және әділетке қызықтыру және бұларды адамзатқа жайып таратумен адамзатты сәлемет және бақытқа кенелтуге дайындап, ой мен Ождандар[1] аңсаған шындықтарға жеткізеді.

Адам баласы өз қасиеті мен бағасын тек Исламнан ғана таба алады. Аллаһ Тағаланың:

«Рухымнан үрледім!.» – деп айтқан сырларға толы баянындағы баға жетпес таза өзегіне қайта оралады. Жаратылғандардың арасында ең ұлы табиғатына және көркемділігіне тек Ислам арқылы жетеді. Көңіл айнасын жарқыратады. Жанды Жаратқанға қауыштыратын жаратылыс сырынан несібесін алады. Ғылым, ұлы мінез-құлық, мархабат, қайырымдылық, кешірімділік сияқты Аллаһтың жамал сипаттарымен Ислам, мүмин көңілдерді әшекейлейді.

Ислам дінінің бақыттылық кілті иман мен ізгі амалдардан тұрады. Сондықтан салиқалы мүміндер ақылын Хаққа яғни Аллаһқа, жүрегін қайырға, мүшелерін жақсы және пайдалы істерге арнап, ізгі амалға толы ғұмыр сүреді.

Қысқасы, Ислам – әр деңгейдегі адамдар үшін дүниені рухани жұмаққа айналдыратын және өлімді ұлы қауышуға, ал қайтадан тірілуді мереке және мәңгілік бақыт таңына айналдыратын ғажайып құбылыс.

Құдайым! Екі дүниемізді де Исламмен әзиз қыла көр! Біздерді сол ұлы нұрыңнан мақрұм етпе! Жанымызды мұсылман күйінде ал және біздерді тақуалы, салиқалы құлдарыңның арасына қоса гөр!..

Әмин!

1. Қазіргі кездегі ең ескі Тәурат нұсқасы 900-ші

жылдарда жазылған. Бұл жағдай негізгі шын Тауратты қай халге келтірілгенін пайымдауымызға жеткілікті көрінеді.

1. Ерік екіге бөлінеді:

а- Күлли ерік: Бүкіл әлемді жаратқан Аллаһтың қалауы, еркі.

ә- Жуз-и ерік: Адамның қалауы, еркі. Аллаһтың еркімен салыстыра алынбайды. Адамзатқа өте аз ерік, қалау хұқығы берілген. Негізгі қалаушы, бағыттаушы тек қана Аллаһ Тағала.

1. (Бұхари, Жәнәиз, 92)

1. (Мүснәд, IV, 124-126)

1. (Бухари, Иман 1-2)

1. (Муслим, Иман,1)

1. Ождан Аллаһ (ЖЖ) адамзатқа басқа махлұқатынан өзгеше сыйлаған ерекшелік болып табылады. Бұл сөз араб тіліндегі «уәжәдә/табу» етістігінен тарағандықтан қысқаша адамның өз қасиетін өз жан дүниесінен табуы деген мағынаға келеді. Бұдан басқа адамдық абырой және қасиетті қорғай білу, арлылық, адамгершілік, сыпайылық және ұлы мінезбен періштелерден жоғары деңгейге көтеріліп, Раббысын танып білу деген мағынаны да қамтиды.

---

* Ұждан Аллаһ адамзатқа басқа мақлұқатынан өзгеше сыйлаған ерекшелік болып «уәжәдә-табу» деген етістігінен тарағандықтан қысқаша адамның қасиетін өз жанында табуы деген мағынаға келеді. Бұдан басқа адамдық абырой және қасиетті қорғай білу, әдемілік, сыпайылық және ұлы мінезбен періштелерден жоғары деңгейге көтеріліп Раббысын танып білу деген мағынаны да қамтиды.

* Жан және жанан: сопылық жолында жан сүйген, жанан сүйілген. Яғни, жан – құл, жанан – Аллаһ.

Исламның Негізі, Аспан мен Жердің Кілті

ШӘҺӘДӘТ КӘЛИМАСЫ (Куәлік сөзі) және ИМАН НЕГІЗДЕРІ

Шәһәдәт кәлимасы деп аталатын куәлік сөзі – адамның Ислам дініне кіруіндегі ең алғашқы баспалдақ. Осы сөз Аллаһтың бар және бір екендігін, мұнымен қатар Мұхаммед (с.а.у.) Алланың пайғамбары екендігін қабылдап бекіту және сол бекітуіне өз нәпсісін(жанын) куә қылу мағынасындағы мүбарак сенімның сөзге ақтарылған түрі. Сондықтан осы куәлік сөзі діннің тегі және тіреуі болып табылады.

Шәһәдәт кәлимасы өте ұлы сөз болғаны соншалық, бүкіл адамзаттың құтылуы және бақыты соның шексіз мағынасы мен сырында сақтаулы.

Бұл сөз Құран Кәрім мен хадис шәрифтерде:

Кәлимә тайибә (ең жақсы сөз),

Кәлимәту тақуа(тақуа сөзі),

Қаул сәбит (тура сөз),

Мәқалидү'с-семәуәти уе'л-ард (көктердің және жердің кілті),

Кәлимәту Ихлас(ықылас сөзі),

Уруәтү'л-уүсқа (мықты тұтқа),

Дағуату'л-хақққ(хаққа шақыру),

Сәмәнүл-жәннәh (жаннаттың ақысы) сияқты сипаттамалармен түсіндірілген.

Өйткені бұл сөз негіздердің негізі болып табылатын өзекті сөз. Исламның басқа негіздері де, егжей-тегжейлі түрдегі бөлімдері де осы негізге құралады. Сондықтан куәлік сөзімен иман келтіру бүкіл ғибадаттардан артық. Өйткені ғибадаттар сонымен ғана бар, әрі сол арқылы мәнді болады. Ғибадаттар белгілі уақыттарда

орындалады. Белгіленген уақыттарынан басқа уақыттарда орындалса дұрыс болмайды. Ғибадаттардың ішінде ең ерекше әрі артық болған намаздың өзі күніне бес уақыт орындалуға тиісті. Ал иман үнемі парыз. Яғни, үздіксіз иманды болып жүру әркімнің мойынында. Көңілді әр түрлі масиуадан[1] үнемі сақтау және иманды әр түрлі жағдайда тірі яғни ояу ұстау қажет. Иман келтіру ешбір себеппен парыз болудан түспейді. Үнемі қорғалуы шарт болады және кешіктірілуіне рұқсат жоқ.

Куәлік сөзі ең жалпы түрімен:

АРАПШАСЫ

сөйлемін жүрекпен бекітіп, тілмен айтудан тұрады. Ал терең мағынасы бойынша Исламға қарасты ақиқаттар тізбегін қамтиды.

Құран Кәрім басынан аяғына дейін куәлік сөзінің не екендігінің түсініктемесі деп айтылса да болады. Өйткені Құран Кәрім дін мен тәухидтен (Аллаһты бірлеу жүйесінен) тұрады. Бұл шындықты баяндау ретінде көркем аятта былай айтылады:

«Бұл Құран, адамзатқа ескерту болсын және Аллаһтың жалғыз бір екендігін білсін әрі ақыл егелері жақсылап ойлап үгіт алсын деп адамзатқа тәблиғ етілген(білдірілген)». (Ибраһим сүресі, 52-аят)

Дүниеде де ақіретте де Аллаһ разы болатын барлық ізгі амалдар кәлиманың, яғни сөздердің ең жақсысы болып табылатын тәухидтің жемісі. Ғибадаттар иманның жүректегі әсері бойынша ләззатқа, сыпайылық және жақсы мінез-құлыққа жеткізеді. Бұған керісінше Хақ Тағаланың ашуын келтіретін барлық жаман іс-әрекеттер болса жаман сөздің, яғни күпіршіліктің нәтижесі, әр түрлі пәлекет пен жамандықтың,

* Масиуа: Құлдың Аллаһқа құлшылық етіп, Оған жетуіне кедергі болатын барлық нәрсе. Дүние мал-мүлкіне деген үзілмес ой сияқты....

бүліктің және бұзықшылықтың қайнар-бұлағы болып табылады.

Аллаһ Тағала айтады:

«Аллаһтың қалай мысал келтіргенін көрмедің бе? Көркем сөздің (куәлік сөзінің) тамыры мықты, бұтағы көкке созылған бір көркем ағаш тәрізді».

«(Сол ағаш) Раббысының бұйрығы бойынша әр уақыт жемісін береді. Үгіт болсын деп Аллаһ адам баласына мысал келтіреді».

«Ал жаман сөздің (күпіршілік және имансыздық) мысалы, жерден қопарылып тасталған, сондықтан дiңiнде тұра алмайтын (шiрiк) ағаш сияқты». (Ибраһим сүресі, 24-26 аяттар)

Аллаһ Расулі (с.а.у.) айтады:

«Сол ағаштың әр уақыт жеміс беруі, зікіршіл құлдың күні-түні Аллаһты еске алып зікір етуі».[1]

Ибн Аббас (Радиаллаһу анһу) осы аяттар туралы былай дейді:

«Осы аяттарда Шәһәдәт кәлимасына (куәлік сөзіне) ишарат етілген. Тамыры мүмин құлдың сөзінде және жүрегінде, ал бұтақтары көкте. Сондықтан мүминдердің амалдары яғни іс-әрекеттері аспанға көтеріледі. Ал жаман сөз Аллаһқа серік қосу, күпіршілік пен имансыздықты көрсететін сөздер. Осындай сөздермен ешбір іс-әрекет қабылданбайды».

Сондықтан:

АРАПШАСЫ

«(Күпірден және күнәдан) тазарған (ағарған) кісі сөзсіз құтылған».(Ағлә сүресі, 14) аят кәрімәсінің түсініктемесі ретінде Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді:

«Бұл аяттағы тазару сөзінің келтірілуінің мақсаты;

деп куәлік беру және Аллаһқа құл болуға бөгет болатын қандай нәрсе болса да барлығынан пұт деп теріс айналуды үйрету».[1]

Расында нәпсілерді ағартуға және жүректерді тазартуға құлшынатын сопылардың негізгі міндеттері осы хадистің мағынасы, сыры бойынша қызмет істеу. Төмендегі аят кәримә Аллаһ Тағаланың жүректе пайда болған пұттарға деген ашуын білдіреді:

«Ей, Пайғамбар! Нәпсілерінің әуесін тәңірге балағандарды көрдің бе?» (Жасия сүресі, 23-аят)

Түрлі аяттарда баяндалғанындай пайғамбарлардың міндеттерінің біреуі – адамзаттың көңіл әлемдерін ағартып кәміл түрде тәухидтің тереңдіктерінен несібесін ала білулеріне жол көрсету.

Шәһәдәт, яғни куәлік сөзі бөлек бір иләһи сырлар мен хикметтер қазынасы. Сондықтан жер, көк, бүкіл махлұқат, періштелер және шын білім иелері кәлимәи тәухидті және Шәһәдәт кәлимасын, яғни Аллаһтың бар және бір екендігін бекіту және айту үстінде. Олардан басқа тағы да олардан бұл бекіту және айтуды талап еткен Аллаһ Тағаланың өзі де куәлік беруде. Аят кәримде айтылады:

«Аллаһ осы шындықтарға куәлік береді: Ешбір тәңір жоқ тек қана Ол бар. Бүкіл періштелер және білім иелері де тұп-тура осы жөнінде куәгер: Ешбір тәңір жоқ тек қана әзиз және үстем - Ол ғана бар». (Әли Имран, 18-аят)

Шәһәдәт кәлимасы деп аталатын куәлік сөзінде төрт негіз бар:

1. Исбату затиллаһ (Аллаһтың жалғыз өзінің бар

екендігінің бекітілуі)

2. Исбату сифатиллаһ (Аллаһтың сипаттарының бекітілуі)

3. Исбату әфғалиллаһ (Аллаһтың істерінің бекітілуі)

4.Исбату сыдқи Расулиллаһ (берген әрбір хабарда Аллаһтың пайғамбарының туралығының бекітілуі)

Куәлік сөзі бұл жөнімен қысқаша «Әмәнту» делінетін иманның алты шартының мөрі іспеттес. Негізінде Әмәнту сөйлемінде иманның алты шартынан кейін келіп, өзінен бұрынғы және кейінгі сөйлемдерді бекіту мағынасында айтылатын «Хаққұн/Хаққ» сөзімен басталған куәлік (Шәһәдәт) жалпылай иманның барлығын қамтиды. Бұларды қысқаша былай айта аламыз:

«Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақірет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне иман келтірдім, бұлардың барлығы хақ, Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігіне және Мұхаммед (с.а.у.) Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік беремін».

Құл Исламның бес негізгі шартымен мұсылман болады. Ал иманның алты шартымен мүмин болу жағдайы іске асады.

Сондықтан бір адамның тек қана жай түрде «сендім» деп айтқаны, шын мәнінде мұсылман және мүмин болуы үшін жеткілікті емес. Расында, иман Аллаһтың бар екендігін және Хазреті Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығын жүрекпен бекіту және тілмен айту секілді қорытынды баяндалса да тереңірек аңғару және сол иманға сәйкес түп-тура жүру қажет. Қысқаша айтқанда, иман толық және кәміл болып иесін сәлеметке жеткізетін күштілікте болуға тиіс. Бұл өз алдына ең алдымен Аллаһтың сипаттары жайлы теріс сенімде болмауды қажет етеді.

I. АЛЛАҺҚА ИМАН

Аспанды жерді және екеуінің арасындағыларды жоқтан бар қылып жаратқан әлемнің жаратушысы Аллаһ Тағаланы кәміл мағынада түсінуге адамның ақылы жетпейді. Өйткені пенде ақылы тьым әлсіз. Сондықтан Аллаһ Тағаланың заты туралы ойлап, ақыл шаршату қиялдар мен күдіктерден басқа нәрсеге жеткізбейді, әрі дұрыс сенімге зиян келтіреді. Расында, Аллаһтың Расулі(с.а.у.) да бұлай істеуден тыйған:

«Аллаһтың нығметтерін (жаратқандарын, құдіреті мен ұлылығын) ойлап пікір жүргізіңдер! Бірақ Аллаһтың өз заты туралы ой жіберуге тырыспаңдар! (Өйткені ешбір махлұқаттың бұған ақылы жете алмайды)».[1]

Сол себепті сопылық жолының даналары бұл мәселеде негіз ретінде қысқаша:

«Уа Раббым сен Өздігіңнен қалай болсаң сондайсың, біздің сен туралы бүкіл мәліметімізден, тіпті сені пәктеуімізден де пәксің!» – деп айтқан.

Шынында да, адамның Аллаһ Тағаланың заты туралы мәліметке жетуі мүмкін емес. Өйткені Оны түсінуге адамзат санасы толық жете алмайды. Бұл жол біздерге, яғни адамзатқа жабық. Бірақ сипаттан сипатталғанға, жасалғаннан жасағанға, өнерден өнерпазға және себептен себепшіге қарай баратын таным жолдары ашық. Егер адамзат түсінігі дұрыс ерік және таза оймен Аллаһ Тағаланың сипаттары мен істеріне назар аударатын болса, оның Аллаһты қабылдамауы мүлде мүмкін емес. Өйткені қабылдамау ой және сезім бұзылған жерде басталады. Яғни басқаша айтқанда, зейін мен жүрек таза жаратылысын сақтап қалса, адамның күпіршілікке түсуі мүмкін емес. Егер ол күпір әлемінде туған болса күпірден құтылу ықтималдығы жоғары болады. Бұған мысал ретінде Хазіреті Ибраһимнің мүшрик яғни Аллаһқа серік

қосқандардың арасында туып өсуімен бірге тек қана зейін және жүрек ерекшеліктерімен Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігін сезіп Оны бірлеуі Құран Кәрімде айқын түрде баяндалады.

Сондықтан Аллаһты мүлдем қабылдамау ойлана алатын саналы жандар үшін мүмкін емес жағдай. Өйткені бір нәрсені жоқ деп үкім кесумен мәселе шешілмейді. Мұны айғақтайтын тура дәлел және құжаттар қажет. Өмір, әлем және өлімнен кейінгі өмір мәселесін шеше алмағандар тек қана жоқ деп айтумен нені дәлелдеп және нені шештік деп ойлайды? Бұл денсаулығы және тәбеті бұзылғандықтан қарны аш екендігін білмей жүргендердің жағдайына ұқсайды, өйткені олардың аш болғанымен, аш емеспін деп айтулары тек қана ауруларының дәлелі және белгісі. Бүкіл сезім жүйесі сал болып қалған немесе наркоз алған адам денесіне батқан шегені де, мүшелерін шүберектей кесіп пішкен пышақты да сезбейтіні тәрізді, ұлы ақиқаттарға көзі соқырланып, мұрыны иіс сезбей, құлағы ақиқатты естімей, рухын ауыртып алған адамдар жайында Аллаһ Тағала аят кәримде:

«**Соқырлар, саңыраулар ..**» сөздерін қолданады.

Өйткені Аллаһ Тағала әрбір адамның жаратылысына нану және ақиқатты іздеу қажеттілігін кіргізгендіктен, иман мен ақиқаттан хабарсыз немесе қол үзіп қалу тек қана рухани соқырлық және рухани саңыраулықтан болады. Ал негізінде сенбеген адамның рухы да Аллаһты сезіп білуге дайын немесе түсінуге бейім, бірақ бұған оның бойындағы рухани соқырлық және саңыраулық кедергі болып тұрады. Дәл бір кездері көрілген, бірақ еске түспеген түстер сияқты...

Назар аударылса адамдар тарапынан ойдан шығарылған діндер мен Аллаһ тарапынан келген діндердің барлығында «Аллаһ сенімі» бар. Бірақ Исламнан өзге сенімдердің мазмұнында түрлі қателер

бар. Сол қателерінің себебінен Ислам оларды құптап, қабылдамайды. Өйткені олардағы сенім жүйесі әлемнің жалғыз жаратушысы Аллаһтың кемшілік сипаттардан пәк, кәміл сипаттарға ие, «Мутәғәл» яғни ақыл жетпес кәмілдікте болуымен сәйкеспейді. Сондықтан Ислам Аллаһ туралы дұрыс сенім мазмұнын үйрету үшін Оның және пайғамбарының баяндарына байланысты бірнеше сипаттар белгілеп, бұл сипаттардан әрқандай біреуінің кемітілуін немесе бұлармен сәйкеспейтін басқа сипаттың қосылуын қабылдамайды. Бұл сипаттар жалпылай алғанда екіге бөлінеді:

а. Зати (заттық) сипаттар

ә. Субути (тұрақты) сипаттар

Сифат сәлбиә деп те аталатын зати сипаттар мыналар:

УЖУД: Аллаһ Тағала бар және бар болуына ешбір нәрсеге мұқтаж емес. Сондықтан Оны уажибул-ужуд деп те айтылады. Яғни, Оның бар болуы уәжіп және болмау ықтималы жоқ. Ал Одан басқа бүкіл барлық нәрсе – Аллаһ жаратқан махлұқат және мүмкинул-ужуд болып келеді. Яғни, бар болулары уәжіп емес. Олар тек Аллаһ жаратқандығы үшін бар. Аят кәримде айтылады:

АРАПШАСЫ

«Ол Аллаһтан басқа тәңір жоқ; Ол тірі, әр нәрсені толық басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегілердің барлығы Оның иелігі..». (Бақара сүресі сүресі, 255-аят)

Осы шетсіз де шексіз әлемде ақылдарды таң қалдырар тәртіп және сәйкестіктің барлығы айқын шындық. Бұл тәртіп пен сәйкестік шексіз дәрежеде кәміл, қылдан жіңішке және мүлтіксіз есеппен еш шатаспай әлем жаратылғаннан бері жалғасуда. Мысалы, егер дүниенің осінде 23,5 градустық қиғаштық болмаса маусымдар

болмас еді. Бұл жағдайда жаз болған жер мәңгілік жаз, қыс болған жер мәңгілік қыс болар еді. Немесе Күн мен жер шарының арасындағы қашықтық біраз көп болса шартарап үйектерге(полюс) айналар еді. Немесе қазіргі қашықтықтан біраз жақын болса барлық нәрсе жанып, күйіп кететін еді. Осы және осыған ұқсас жағдайлар әлемдегі барлық нәрсенің өмір сүруді мүмкін қылатын түрде әуелден шексіз ақылдылықпен жоспарланғанының ақиқатын көрсетеді.

Осыншама кәміл, шиеленіскендей бір-бірінің ішіне кірген өте жіңішке бір есеп механизмінің бар болуы жаратушысының беделіне лайықты әрі Оның бар және бір екендігіне, құдіреті мен ұлылығына сәулетті бір белгі. Аят кәримде айтылады:

«Ол көкті биіктетіп бір өлшеу (деңгей) қойды». (Рахман сүресі, 7-аят)

«Көкті жеті қабат қылып жаратқан Рахманның осы жаратуында ешқандай ақау таба алмайсың. Тағы бір рет көз сал, бір сызат көре аласың ба?»

«Бір ақау табу үшін көзіңді қайта-қайта сал, бірақ көз күткенін таба алмай шаршап талған күйде оралады». (Мүлік сүресі, 3-4 аяттар)

Жеміс бақшасының иесі бір күні таңертең тұрып ағаштарының кейбіреуінің қалай болса солай құлап жатқанын көрсе, мұның боран немесе табиғи апаттың нәтижесінде болғанын қабылдай алады. Бірақ ағаштардың құлауында бір есеп пен тәртіп болса, мысалы әр үш немесе бес ағаштан біреуі қатарымен құласа, мұның табиғи апаттың нәтижесінен болғанын қабылдай алмайды. Ол бұл зиянды есепке күші жететін біреу істеді деп ойлайды немесе бұл дұшпан шығар деп күдіктенеді. Ондай болса ойлау керек; бес-он ағаштың құлауынан тұратын бір оқиғаның өзін, ақыл санасы жоқ себепке немесе себептерге байланыстыруды

құптамайтындардың, әлемдегі осыншама «жіңішке» есептерге қарамастан оның тек қана бір кездейсоқтық әсерімен немесе өздігінен болғанын айтулары қандай жаман ғапылдық әрі есек дәме.

Негізгі жаратылысы бұзылмаған әрбір қаймағы бұзылмаған ақыл мен ерік әлемдегі себептер тізбегін ақылменен көріп барлығының да бір мүсәббибу'л-әсбабқа, яғни себептердің себепкері Хаққ Тағалаға барып тірелетінін түсінумен иман келтіреді.

Құран Кәрімде:

«Аллаһтан лайықты түрде тек қана ғалым құлдары қорқады»(Фатыр,28),- деп айтылғандай, Аллаһтың ұлылығын және құдіретін лайықты түрде аңғару ең алдымен білім арқылы болатын іс. Бұл шындық себепті макро және микро әлемдердің жіңішке тұстарын зерттеген ғалымдардың ешбіреуі Аллаһ Тағаланы жоққа шығармайды. Керісінше олар істеген салаларында таңғажайып тәртіпті және сол тәртіпті пайда болдырған ақиқаттарды көргендігінен жаратушының барлығын және құдіретін басқалардан да кәміл түрде аңғарады. Энштейнның мына баяндамасы да шындықтың бір көрінісі:

«Әлемнің жаратушысы зар(игральная кость) ойнамайды. Жаратқандарынан ешбір нәрсе есепсіз және кездейсоқтықпен болмаған. Біз бұл дүниенің деңгейіне әрі сәйкестігіне қайранбыз; әрине аңғара алғанымызша ғана... Табиғатты зерттеген әркім дінді құрметтейді деп айта алам. Өйткені табиғатты зерттеген әркім жаңа бір нәрсені ойлап тапқан білім адамы негізінде тәңірдің құдіретінің бірін ашқан адам. Сондықтан терең иманға ие болмаған нағыз білім адамы бар деп ойлай алмаймын. Бұл жағдай былай баяндалса болады: Дінсіз білімге сену мүмкін емес. Білімсіз дін соқыр, ал дінсіз білім ақсақ».

Расында, пайдалы білімдермен шұғылданған ғайри

мүслим (мұсылман емес) қаншама ғалым аяғында мұсылман болған және қаншамасы иман келтірмесе де шындықты мақұлдауға мәжбүр болған. Бұл жағдай Құран Кәрім мұғжизасы болып табылады. Аллаһ Тағала айтады:

«(Сүйіктім!) Шын білім адамдары Раббыңнан саған түсірілген иләһи уахидің толығымен ақиқаттан тұратынын және Хамид (мадаққа ең лайықты) Аллаһтың жолына жеткізетінін әлбетте көреді». (Сәбә сүресі, 6-аят)

«Құранның мүлде шын екендігі әбден айқындалғанға дейін адамдарға көкжиекке дейін әлемдегі және өз жандарындағы белгілерімізді көрсетеміз. Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі жеткілікті емес пе?» (Фуссиләт сүресі, 53-аят)

Әлемге ғибратты назармен қараған әрбір көз сонда осы аят кәримдердің сансыз көріністерін тамаша қылады:

Дүниеде тек қана адамдар мен хайуанаттар болса, табиғаттағы барлық оттегіні қолданып көміртегіге айналдырып жіберер, біраз уақыттан кейін оттегінің азаюына қарай үнемі көбейетін көміртегімен уланып жоқ болар еді. Бірақ бұл әлемді бар еткен құдірет, өсімдіктерді де жаратқан және оларға көміртегіні қолданып, оттегіге айналдыру қабілетін беріп, әлемде бір деңгей және үнемі жалғасып кететін бір жүйе жасап қойған.

Тағы бұл бар етуші Құдірет дүниенің төрттен үшін сумен толтырып қойған. Төрттен бірінің үлкен бір бөлігін өсімдік шықпайтын тау, тас немесе шөл дала қылып қойған. Қалған аз бір бөлімін ғана топырақ қылып жаратқан. Бірақ Ол қандай ұлы құдірет, бұл топырақты мәңгілік бір ауысым және күйден күйге өтумен бүкіл жаны барларды тойдыратын азық-түліктің

бұлағы қылып қойған.

Былайша:

Бір хайуан түрін қатыстырайық. Хайуанның бір түрінен өмірге келген және келетіндерінің барлығы дүниеге бір сәтте жіберілсе, дүние олардың мекен тұтуына жеткілікті келмес, азық-түлік те оларға жетпес еді. Бірақ Аллаһ Тағала оларды заман сырымен жер шарындағысынан да көп және кең түрде жайып бір тізбек заңымен жаратуда. Бүкіл махлұқат үшін бұл бірдей. Сонымен жер беті заман және мекен сырымен кәдімгі көлемінен триллиондаған есе артық жәндіктерге мекен бола білуде.

Яғни, махлұқаттың әлеміміздегі орын алуы да белгілі бір деңгеймен шектелген. Мысалы, бір шынар ағашының жыл сайын миллиондаған дән(тұқым) өсіретіні және бұлардың жан-жаққа таралуы үшін мамықтың парашут сияқты жел арқылы алыс жерлерге алып баратыны белгілі ақиқат. Егер бір шынар ағашынан ғана шыққан дәндердің әрбіреуі жаңа бір шынар болу мүмкіндігіне ие болса, қысқа бір мерзімде дүниедегі өсімдіктердің өсуіне ыңғайлы жердің бәрінде шынар ағаштары қаптап алар еді. Яғни, үлкен дүние тек шынар ағашының өзіне ғана тар келер еді. Шынында, бұл жағдай әлемде оңайшылықпен ақыл, сыр жетпейтін бір сәйкестіктің және деңгейдің барлығын көрсетеді.

Сонымен қатар Аллаһ Тағала бүкіл махлұқатқа ерекшеліктер бергені соншалықты, ұқсас азықтармен қоректенетіндер де бір-бірінен бөлек өнімдер шығарады. Сондай-ақ олар өмірді бүтінімен мүмкін қылатын түрде бір-бірін толықтыруда. Мысалы, жасыл тұт жапырағын сиыр немесе қой жеп, одан ет, сүт және жүн өндірсе, кіп-кішкентай бір жібек құрты сол жапырақтан жібек шығаруда. Сол жапырақты бұғы жесе одан әтір жасайды. Араның тозаңнан бал жасай алуы әлемдегі жаратылғандардың ең кәмілі деген адамның

да билігінен тыс, санасынан жоғары. Жай ғана бір шөп болған гүлдердің топырақтан тауып шығаратын түстері, иістері және жаны бар жапырақтары ешбір химиктің күші жетпейтін таңғажайып өнімдер. Хайуан шөпті ет пен сүтке айналдырып жатқанда, бір химия лабораториясында тонналаған шөптен бір грамм ет не сүт жасауға адам баласының күші жетпейді.

Дұрыс ақылы бар әрбір адам бұл әлемде қай жаққа қараса да Аллаһтың бар екендігін және ұлылығын көреді. Пайғамбар жіберу және олардың сөзімен, білімімен, мінез-құлқымен адамзатты кәмілдікке жеткізу сияқты көріністер қашанда иләһи ілтипаттың жемісі. Сонымен қатар адам баласына мың бір пайда ұсынып қызмет ететін барлық білімдердің нәтижесі де айналып келгенде Аллаһтың барлығын және ұлылығын көрсетіп адамзатқа әлсіздігін білдіру және құл екендігін түсінуіне жәрдемші болу дей аламыз.

Осы шетсіз де шексіз әлем әлбетте Аллаһтың барлығы мен ұлылығының айнасы. Адамзатқа деген ұлы бір иман шырағы.

Көкте қара және ақ тесіктер бар. Аллаһ Тағала білім жаңа тапқан бұл тесіктерге Құран Кәрімде ант етуде: **«Жоқ! Жұлдыздардың орындарына ант етемін, білсеңдер бұл расында өте үлкен ант».** (Уақиға сүресі, 75-76 аяттар) Қазіргі кездегі біліміміз жақын арада тауып белгілеген осы ақиқат қандай бір айбынды салтанаттың алдында екендігімізді көрсетеді. Жұлдыздар туар жерді ақ тесік, өліп яғни жоғалып кетер жерді қара тесік деп атайды. Ақ тесіктерден кішкене бір нәрсе шығып лезде кеңуімен өз көлемінен триллиондаған есе артық үлкейіп дәу бір жұлдыздар тобын пайда болдырады. Және дүниемізден бірталай есе үлкен қаншама дәу жұлдыздар уақыты келгенде қара тесіктердің ішіне кіріп өлуде. Сондықтан аспанымызды жарқыратқан Күн де бір күні:

«Күн бытырап жарылған кезде..»(Күууират сүресі, 1-аят) аятында баяндалған ақиқатына куә болады. Сол күні оның да өмірі бітеді. Сол күні әлбетте қиямет күні. Одан арғы жағы сәждеге жығылып Аллаһқа сыйынудан басқа шара жоқ.

Сонымен көздер көріп түсінуі қажетті ақиқат иләһи салтанат алдында бұл дүниенің ғарышта айланған миллиардтаған, триллиондаған тозаңның біреуі ғана екендігі. Таулар, жайлаулар, мұхиттар және адамзат та бұл тозаңның ішінде. Міне, осы әлсіздігімен адам баласы құлдығынан басқа тек қана өз ештігінен тұрады. Яғни, құл болмаса ешқандай бағасы жоқ.

Мұхиттан бір тамшы ретінде берілген бұл мысалдар Хаким[1], Қадир, Қаййум, Раззақ Аллаһтың бар екендігін мақұлдаудың қисынды қажеттілік екенін баяндайды. Бірақ бұл ақиқатты көру үшін көзден гөрі парасаттың, яғни көкірек көзінің ашық болуы керек. Аят кәримде айтылады:

«Олар жер жүзінде кезіп жүрмейді ме? Сонда болған нәрселерді түсінер жүректері, естір құлақтары болар! Бірақ шыны сол, көздер ғана соқыр болмайды, көкіректегі жүректер де соқыр болады». (Хажж сүресі, 46-аят)

Өйткені көретін көздер үшін әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағаланың жерде де, көкте де Оған деген куәлік көріністерінің қандай айқын және анық болғандығын баяндау қажет емес.

Ұлы әулие Хазіреті Жүнейд Бағдади бір топ адамның жанталасқан түрде, жарысып бір жаққа қарай жүгіріп бара жатқандарын көреді де олардан сұрайды:

-Соншама, жанталасып қайда бара жатырсыңдар?

---

* **Хаким:** Үстем; **Қадир**: Құдіретті; **Қайум:** Тік тұрған, басқарып тұрған; негізгі мағынасы - ешнәрсені көз алдынан жібермей үнемі бақылайтын, мәңгі ұйықтамайтын, қалғымайтын; **Раззақ:** Ризық беруші.

Олар:

-Пәлен жерден бір ғалым келген екен! Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігін мың бір дәлелмен түсіндіріп жатыр екен! Соның дәлелдері мен түсініктемелерін тыңдауға асығып кетіп бара жатырмыз. Қаласаң, сен де кел! – дейді.

Хазіреті Жүнейд оларға күлімдеп:

-Көретін көздер, еститін құлақтар және сезетін жүректер үшін әлемде Аллаһқа деген сансыз куәлік белгілері, дәлелдері бар. Аллаһ Тағаланың тіке өзі туралы қаншама куәлігі бар. Ей, жамағат! Соған қарамай аралараыңда шүбәсі болғандарға жол болсын! Біздің көңілімізде күмәннің титтейі де жоқ.

Сондықтан бұл мәселені руханият ғалымдары былай анықтайды:

«Аллаһ Тағала мүлде ғайб емес! Бірақ біздің адамдық қабілетіміз бен түсінігіміз бойынша «көрінуінің күштілігінің себебінен ғайб» делінсе болады.

Яғни, бір бөлмеде бес мың вольттық бір жарық жанса, адамның көзіндегі күш осы жарықтың астында ешнәрсені көре алмайды. Аллаһ Тағаланың көрінуі де дәл осындай өте күшті болғандықтан адамзатта бар күш пен қабілет бойынша Аллаһты ғайб деп білеміз. Яғни, адамзаттың күш-қабілеті Хақ Тағаланы көруге жете алмайды. Сондықтан Ол бір ғайб сияқты көздерге көрінбейді. Аллаһ Тағаланың Мұса (алейһіссәләм)ға:

« – Мені мүлде көре алмайсың!» (Ағраф сүресі,143-аят) деп айтқаны да осы себепті.

ҚЫДАМ: Барлықтың себеп-нәтиже қатынасына байланыста болып, олардың бір алғашқы себептен

---

* **Қадим:** Ежелгі, әзәли.
* **Әууәл:** Әууәл бастағы, **Ахир**: ең соңғы; **Заһир**: көрінеді; **Батын**: жасырын.

бастауы да қисынды бір қажеттілік. Ал себеп дегеніміз бар етілуге мұқтаж болудан пәк және керісінше бар етуге, болдыруға күші жете алу керек. Міне, сол себеп адамзат Аллаһ деп атайтын тәңір. Сондықтан Оның ұлы барлығының бастауы жоқ. Әр нәрсенің басталуы Ол. Ол қадим[1] және езели. Аят кәримде айтылады:

«Ол әуелі[2], соңы, сырты мен іші...» (Хадид сүресі, 3-аят)

Расулұллаһ (с.а.у.) айтады:

«Бастапқыда Аллаһ бар еді, Одан бұрын басқа нәрсе жоқ еді..».[3]

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) дұға еткенде жиі-жиі:

«Әууел сенсің, сенен бұрын ештеңе жоқ еді Аллаһым...»[4] сөздерімен Хақ Тағалаға жалынып, үмбетіне де осылай үйрететін еді.

БӘҚА: Бар болуының соңы жоқ, мәңгі бақи. Құран Кәрімде былай айтылады:

«... Одан басқа тәңір жоқ. Одан басқа барлық нәрсе жоқ болады. Үкім Оныкі және сендер тек қана Оған қайтарыласыңдар». (Қасас сүресі, 88-аят)

«Жер бетіндегі әрбір жанды жоқ болады. Тек қана ұлылық пен сый Иесі Раббыңның өзі ғана бақи, мәңгі қалады». (Рахман сүресі, 26-27 аяттар)

Бәқа сипатының бұл әлемде көрінісі жоқ. Сондықтан дүниедегі әрбір нәрсе уақытша қолданылатын мүлік

---

*Фена филлаһ: Сопылық жолындағы бір мәртебе. Бұл мәртебеде құл Аллаһтың нұрында жоғалғандай, Аллаһтың құлы екендігін үзіліссіз есінен шығармайды.

**Бека биллаһ: Бұл да сопылықтың ең жоғарғы мәртебесі. Бұл мәртебеде құл Аллаһқа деген махаббат әрі құлшылықпен мәңгілік шербетін рухани әлемде ішкендей болады.

сияқты. Өйткені Аллаһ Тағала бұл сипатын, яғни Бәқаны жалғыз өзіне ғана тән қылып, махлұқатын фәниліклпен сипаттап, оларды уақытша қылған.

Сондықтан әулие құлдар, осы жалған дүниеден теріс айналып, фәнә филлаһ[1] және бәқа биллаһ[2] мәртебелеріне жетуді зор дәулет деп біледі. Ол білгіш құлдар дүниенің жалған ләззат және сыйларына алданбай «өлместен бұрын өліңдерң хадисінің сырымен мәңгілік сана-сезімінде қанат қағады.

`

УАХДАНИӘТ: Әлем жаратылғаннан бері жалғасып келе жатқан сәйкесті ағым, ешбір уақыт тоқтамай, бұзылмай келе жатқан тәртіп және әп нәрсенің бойындағы шексіз хикмет және сыр барлық нәрсенің жалғыз-ақ бір құдірет тарапынан жасалғанын баяндау және түсіндіру үшін жеткілікті. Егер бұл құдірет жалғыз ғана болмай, көп болса, ерік-қалаулар арасындағы айырмашылықтардың себебінен әлемдегі теңдесі жоқ шексіз үйлесімділік, тәртіп және хикметтер бір-бірімен шатасып, шырмаларлық қақтығыстар туғызар еді, әрі өмір сүру мүмкіндігі қалмайтын еді. Аят кәримде айтылады:

«Аллаһ бұйырды: Екі тәңір бар деп қабылдамаңдар! Ол жалғыз бір-ақ тәңір. Ондай болса жалғыз менен ғана қорқыңдар!» (Нахл сүресі, 51-аят)

«(Ей, Пайғамбарым! Оларға) Айт: Егер айтқан-дарыңдай Аллаһпен бірге басқа тәңірлер де болса, онда ол тәңірлер Аршының[1] иесі Аллаһқа жетудің шараларын іздейтін еді». (Исра сүресі, 42-аят)

«Егер жер мен көкте Аллаһтан басқа тәңірлер болса, онда жер мен көк (бұлардың тәртібі) сөзсіз бұзылып

---

* **Аршы:** Бүкіл әлемді, ғарышты қамтитын аймақ. Аллаһ Тағаланың басқарып “отыратын” жері.

кететін еді. Демек, Аршының Раббысы Аллаһ, олар (кәпірлер) жарастырмақ болып жүрген сипаттардан пәк». (Әнбия сүресі, 22-аят)

«... Онымен бірге ешбір тәңір жоқ. Ондай болғанда, әрине әр тәңір өз жаратқанын бағыттап басқарар еді және сөзсіз бір-біріне үстемдік құрар еді. Аллаһ олар (мүшриктер) жарастырған нәрселерден пәк».(Муминун сүресі, 91-аят)

Құран Кәрім басынан аяғына дейін көңіл аударылып зерттелгенде Аллаһ құлдарын жауапкер қылған мәселелердің ең маңыздысы өз Ұлылығына нану екендігі көрінеді. Бұл нанудың ең өзекті мәселесі уахдәниәт болғандықтан, Аллаһқа серік қосу иләһи ашуды келтіретін жағдайлардың бірінші кезегінде келеді. Құран Кәрім осындай жаман ойға, сенімге барудан сақтануды қамтамасыз ететін қорқыту, ескерту және үгіттеуге ерекше орын берген:

«...Кім Аллаһқа серік қосатын болса, Аллаһ оған жұмақты сөзсіз харам етеді де, оның баратын жері от болады. Зұлымдық жасағандардың жәрдемшілері де болмақ емес». (Мәидә сүресі, 72-аят)

«Ант етемін саған да сенен бұрынғы пайғамбарларға да (былай) уахи етілген: «Расында, егер Аллаһқа серік қосатын болсаң, амалдардың босқа кетіп, зиянда қалғандардан боласың». (Зүмәр сүресі, 65-аят)

«Аллаһ өзіне серік қосылуын мүлде кешірмейді, бұдан басқа күнәларды қалаған құлынан кешіреді. Аллаһқа серік қосқан кісі өте үлкен бір күнәлі жала жапқан болады». (Ниса сүресі сүресі, 48-аят)

Уахданиәт (бірлеу) сенімін қабылдағанын жариялаған басқа діндер де бар. Мысалы еврейлік және массондардың сенімі деизм сияқты. Бірақ бұлар Аллаһқа тән сипаттарда қателескендері үшін, яғни

* Өз заты: сипаты, құрылысы, ерекшеліктері.

антропоморфтік (Аллаһты бейнелеп, адам түрінде көрсету) жол ұстанғандықтарынан дұрыс Уахданиәт сеніміне ие емес.

Исламның сыртындағы басқа аспандық діндер алғаш жіберілген кездерінде бәрі бірдей болғанымен кейіннен істелген килігулермен негізгі ерекшеліктерінен өте ұзақ бір мазмұнға апарылған. Бұлардың арасынан әсіресе христиандықтағы бұрмалану өте қатты назар аудартады. Бұл дінде бастапқыда Аллаһ бір деген негізге құралатын сенім жүйесі милади бесінші ғасырдың соңғы кездеріндегі қорқынышты килігулердің арқасында бұрмаланған және тәухидтің (бірлеу) орнына «тәслис» делінген үштік сенім жүйесі жасанды түрде тұрғызылған. Бірақ қазіргі кезде үнемі дамып бара жатқан адам баласы қисыны жоқ бұл сенімді қабылдамай, шіркеуден алыстауда. Сондықтан поптар (монах) христиандықты қайтадан Уахданиәт сеніміне көшіру үшін ғылыми зерттеулер бастатқандығы айтылып жүр.

Аллаһ «Ахад». Бұл екіншісі болу ықтималы болмайтын «бір» мағынасына келеді.

Сондықтан Аллаһтың өзіне тән Уахданиәтке, яғни бір және тақ болуына деген иман екінші бір тәңірдің болуына еш ықтималдылық қалдырмайтындай түрде болуы керек. Ислам осыны сұрайды әрі бұйырады. Бұл Исламға кірудегі бірінші қадам. Бұл қадамды лайықты түрде басқандарға Аллаһ Тағаланың көптеген мейірім, берекет, ілтипат және сыйлық есіктері ашылады. Расында Білал Хабеши (Радиаллаһу анһу) соншама ауыр әрі ешкім шыдай алмайтын азаптарға сабыр етіп, мүшриктердің:

«Қайтадан пұтқа табын!» – деген ұсыныстарына күшті бір иманмен тек қана:

«Ахад,Ахад,Ахад (Аллаһ бір, Аллаһ бір, Аллаһ бір)!

..», – деп қарсылық көрсетуінің дүниедегі сыйы ретінде Әлемнің Мырзасы Мұхаммед Мұстафа (с.а.у.)нің бас азаншысы болған.

Уахданиәт мәселесінде имандағы ең кішкене бір кемшіліктің орны өзге сансыз ізгі іс-әрекеттермен де толтырылмайды. Бұл мәселе бір адамның өз дене рахаттығын қамтамасыз ететін талай жақсылықтарды көргенімен абыройына зиян келтіретін бір азғындықты кешірмейтіні сияқты. Күпіршілік осы жағынан қарағанда, Аллаһты жоққа шығару және Оның әзиздігіне басқындық. Яғни қабылдамау – Аллаһ Тағаланың тәңірлігіне қарсы істелген қылмыс болып табылады. Ғапу етілмейтінінің себебі де мұндағы рухани ауырлық. Сондықтан Аллаһ Тағаланың құлдарынан ең алдымен талап еткені иман, одан кейін ізгі амал болып келеді.

Ухуд соғысының ең сұрапылданып, қызған сәтінде Амр бин Сәбит деген бір жігіт Хазреті Пайғамбар (с.а.у.)нің қасына иман айту үшін келген. Соғыстың жағдайын көргенде:

-Уа, Расулаллаһ! Алдымен иман келтірейін бе, әлде соғысқа қатысайын ба? – деп сұрады.

Әлемнің Мырзасы (с.а.у.):

-Алдымен иман келтір, кейін соғыс! – деп бұйырды.

Жігіт иман келтіріп барып соғысқа қатысты. Соғыстан кейін оны шейіттердің арасынан көрген Аллаһ Расулі (с.а.у.):

- Аз істеді, көп тапты!.. – деді.

Уахданиәт Хаққ Тағаланың ұлы затына қатысты бір сипат болғандықтан, Оған жалынарда осы сипатты дәнекер қылу, дұғаның қабыл етілуі үшін маңызды ықпал тигізеді. Өйткені Пайғамбар (с.а.у.) дұғаның қабыл болуы үшін, сахабаларына дұға етерде ең басында «Уахданиәтті» айта отырып Аллаһ Тағаланың ұлы

сипаттары арқылы жалынуларын тәлім еткен.

Убада бин Самит (радиаллаһу анһу) айтады:

Расулұллаһ (с.а.у.) былай айтты:

«Кім түнде оянса былай десін: Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Ол біреу-ақ, әрі ортағы да жоқ. Мүлік Соныкі, Хамд (мадақ) та Оған ғана. Оның құдіреті барлық нәрсеге жетеді. Мадақ Аллаһқа ғана, Аллаһ пәк, Аллаһ ұлы, бүкіл амалдар мен ғибадаттар үшін қажетті күш пен қуат Аллаһтан ғана.

Раббым! Мені ғапу ет десе немесе басқаша дұға етсе дұғасына жауап беріледі. Егер дәрет алып намаз оқыса қабыл етіледі».[1]

Пайғамбар (с.а.у.) басқа бір хадисінде тағы былай дейді:

«Кімнің Аллаһта немесе қандай да бір адамда қажеті болса, алдымен жақсылап тұрып дәрет алсын. Кейін екі рәкағат намаз оқысын. Аллаһ Тағалаға мадақ айтып, Пайғамбарына салауат айтсын, одан соң былай дұға етсін:

«Халим, Кәрим Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ұлы Аршының Раббысы, кемшілік сипаттардан пәк. Мадақ, Хамд әлемнің Раббысына ғана тән. Аллаһым! Рахымыңа жеткізетін амалдарды, кешіріміңді тартатын себептерді мен үшін жаратуыңды сұраймын, әр-түрлі күнәдан сақтауың үшін жалбарынамын; Әр түрлі жақсылыққа бай болуды, әр түрлі күнәдан сәлеметте болуды сұраймын. Раббым! Сен ғапу етпеген ешбір күнәмді, әрі Сен басымнан алмайтын ешбір қиыншылығымды қалдырма! Қай амалдан разы болатын болсаң, маған соны бер! Уа, Рахим әрі маған ең көп мейірім көрсеткен Раббым!».[2]

МУХАЛӘФӘТУН ЛИЛХАУАДИС: Теңдесі және ұқсасы жоқ, яғни жаратылғандардың ешбіреуіне

ұқсамайды. Сондықтан Ол әр-түрлі антропоморфтік (адамдық) сипаттармен сипатталудан пәк.

Қазіргі кездегі мұхарреф (бұзылып бұрмаланған) иләһи діндердің килігу жасалынған сенім жүйелері ішіндегі ең көзге де, жанға да батары осы тақырып төңірегінде болып отыр. Олар Аллаһ Тағаланың мутәғал, яғни қиялдар мен түсініктер жете алмайтын дәрежеде әр-түрлі адамдық сипаттардан пәк болуы деген ұлы және тура сенімнен қол үзіп, қиялдарына қарай жазған кітаптарында Аллаһ Тағалаға талай адамдық сипаттарды жарастырған. Тіпті Аллаһ Тағалаға жарастырылған сол сипаттардың ішінде ұмыту, өкіну, шаршау, байқамай қалу, аңдамай қалу сияқты бірталай адамдық әлсіздіктер де кездеседі. Мысалы, олардың сенімдері бойынша топан болуы үшін Аллаһ бұйрық береді. Бірақ кейін ұмытып кетеді, бір қараса жер-көкті су басып кеткен. Сонда ғана берген бұйрығы есіне түседі және бүкіл махлұқат кемеге мінгеннен кейін кеменің есігін жанталасып өзі бекітеді. Тағы солардың кітабына қарағанда Хазіреті Яқұб Аллаһпен күрескен әрі Оны жеңген. Ақыл мен қисынға жатпайтын бұл сөздермен қатар еврейлердің Үзейрді, христиандардың Исаны (ғ.с.) Аллаһтың ұлы деп атауларына дейін ілгері кеткендері баршаға белгілі. Міне, адам баласы өз қиялынан ойлап шығарып алып кейін осы сенімді қабылдауы сияқты адасушылыққа иләһи жауап ретінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Олар Аллаһты лайықты түрде танып біле алмады. Қиямет күні бүкіл жер беті Оның билігінде. Көк Оның құдіретті қолымен бүктеледі. Ол мүшриктердің ортақ қосуларынан пәк, әрі ұлы». (Зүмәр сүресі, 67-аят)

«...Оған ұқсас ешбір нәрсе жоқ. Ол әр нәрсені естуші, толық көруші». (Шура сүресі, 11-аят)

«Айт: Ол Аллаһ жалғыз. Мұқтаждығы жоқ, мұңсыз. Тумаған да, туылмаған. Әрі Оған теңдес ешкім болмаған». (Ихлас сүресі, 4-аят)

Расулұллаһ (с.а.у.) бір адамның ықыласпен:

«Ей, Аллаһым! Жалғыз. Мұқтаждығы жоқ, мұңсыз. Тумаған да, туылмаған. Әрі теңдесі болмаған Аллаһ атымен сенен сұраймын. Күнәларымды ғапу ет, сен Ғафурсың, Рахимсің!»- дегенін естіді де, былай айтты:

«Ол кешірілді. Ол кешірілді. Ол кешірілді!»[1]

ҚИЯМ БИНӘФСИҺ: Аллаһ Тағала өз затымен бар. Ол Қаййум, яғни езелден (ежелден) мәңгілікке дейін өз затымен бар болып тұра беретін, үнемі және бар болған, бар болуында да ешкімге және ешнәрсеге мұқтаж болмаған, болмайды. Керісінше, барлық нәрсе Оған мұқтаж. Құран Кәрімде:

«Ей, адамзат! Барлықтарың Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал Аллаһ Мұстағни (ешбір нәрсеге мұқтаж емес) және мақтауға өте лайық». (Фатыр сүресі, 15-аят)

«Күмәнсіз Аллаһ бүкіл әлемнен Мұстағни»,- деп баяндалуда. (Ғанкәбут сүресі, 6-аят)

Осы иләһи баяндардың бір мағынасы Аллаһ Тағаланың өз тіршілігі үшін ешқандай басқа ықпалға мұқтаждығы жоқ екендігін жариялау. Сондықтан қорытынды түрде «Аллаһ өздігінен бар» делінеді.

Егер құл Аллаһ Тағаланың ұлылығына тиісінше осы сипатты толық түсініп, кәміл мағынада иман келтірмесе Аллаһ жайлы сенімі кем әрі үкімсіз болып қалады. Өйткені бұл махлұқаттың сипаты болып табылатын, кейіннен болған деген мағына беретін «хадийс» сипатын әр нәрсенің негізі әрі жаратушысы болған Аллаһ

Тағалаға жарастыру мағынасына келеді.

Алайда Хаққ Тағала масиуаға, яғни Аллаһтан басқа барлық нәрселерге тән әр түрлі сипаттан пәк. Осы жолда кәміл иманға жеткен жүректер «Қаййум» есімін тілдерінен түсірмей, әрі соның берекетімен Аллаһтан басқасынан көңіл байланыстарын үзіп, Аллаһқа толық жан тәсілім болуды ұғынады.[1]

Сахабалардан бір кісі:

«Ей, Аллаһым! Хамд(мадақ) саған ғана, нығметтерді берген сенсің, Сенен басқа тәңір жоқ, Сен аспан мен жердің ұлы әрі сыйлы Жаратушысысың. Хайи және Қаййумсың, Уа Рабб! Сенің осы ұлы есімдеріңді өзіме шапағатшы қылып Сенен сұраймын!.», – деп дұға қылған екен.

Мұны естіген Расулұллаһ (с.а.у.) қасындағылардан:

«Бұл кісінің нені араға салып дұға еткенін білесіңдер ме?» – деп сұрады.

Олар:

«Аллаһ және пайғамбары артық білер», – деді.

Әлемнің Мырзасы сонда былай деді:

«Нәпсімді құдірет уысында ұстап тұрған Аллаһқа ант етемін. Ол Аллаһқа «исм ағзаммен», яғни ең ұлы есімімен дұға етті. Ол есімнің ұлылығы соншалық, сонымен дұға етілсе Аллаһ назар аударады, не сұралса соны береді».[1]

`

Субути(тұрақты) сипаттар мыналар:

ХАЯТ: Аллаһ өмір иесі және бұл ерекшелігі өз затымен тұрақты. Аллаһтың 99 есімі ең жақсы есімдер деген мағынада әсмәу хуснә деп аталады. Аллаһ сол

* Фәни және бақи: Құлдың Аллаһқа деген махаббаты және құлшылығы арқылы өз нәпсісін әрі басқа барлықты жоққа шығарып,мәңгі болу күйі.

Әсмәу хуснәдағы мәшһүр есімімен «Хайй», яғни тірі, үнемі және өмір өзегінің иесі.

Бар болып тұрған бүкіл өмірлер Оның осы ұлы сипатының көрінісі ретінде бар, әрі уақытша тіршілік етеді. Махлұқаттың өмірі дене мен рух бірлескеннен пайда болған, өтіп кететін материалдық өмір және ол ақиқи өмір емес. Сондықтан күні келгенде әр фәниден өмірі қайтып алынады. Ал Аллаһтың Хайй сипаты ұлы затынан мүлде ажырамайтын кәміл сипаты. Өйткені Оның ужуд, яғни бар болуының кәмілдігі; тірі, үнемі және сөзсіз нақты өмір иесі болуынан. Сөздің қысқасы, Аллаһтың тірілігі өлімнің антонимі болып табылатын өмір емес, керісінше жалғыз Оған ғана тән өмір. Бұл жағдай Құран Кәрімде былай түсіндіріледі:

«...Ешқашан өлмейтін, мәңгі өмір иесі..». (Фұрқан сүресі, 58-аят)

Әбу Мұса (радиаллаһу анһу) нақыл етеді:

«Расулұллаһ (с.а.у.) арамызда отыр еді, түрегеліп мына бес сөйлемді айтты:

«Құдіреті Күшті Аллаһ Тағала (үнемі тірі) ұйықтамайды, негізінде Оған ұйықтау да жараспайды. Қистты (таразыны, ризықты) түсіреді және көтеріп алады. Түнде істелген амал күндіз істелгеннен бұрын, күндіз істелген амал түнде істелгеннен бұрын Аллаһтың алдына көтеріледі. Оның алдындағы перде нұрдан. Егер сол пердені ашатын болса, бүкіл кемшіліктерден әрі махлұқатқа ұқсаудан пәк теңсіз келбеті көзі жеткен барлық махлұқатты өртейтін еді».[1]

Басқа бір хадис шәрифте былай баяндалады:

«*Егер кім төсегіне жатпастан бұрын үш рет өзінен басқа тәңір болмаған Хаий және Қайюм Аллаһтан ғапу етілуімді сұраймын десе, ғапу етіледі*».[1]

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

АРАПШАСЫ

«Ол үнемі тірі, Одан басқа тәңір жоқ. Олай болса дінді дара Аллаһқа арнап, әлемнің Раббысына хамд болсын деп дұға етіңдер». (Мүмин сүресі, 65-аят)

Пайғамбар (С.а.у.)ді бір нәрсе мұңайтатын болса осы дұғаны оқитын:

«Уа, мәңгі тірі тәңірім! Ей Қаййум Раббым! Рахымыңа жармасып, жәрдеміңді сұраймын».[2]

Хазіреті Әли (Радиаллаһу анһу) былай айтады:

«Бәдір соғысы басталғанда, біраз уақыт соғысқаннан кейін Пайғамбар (с.а.у.)нің қасына бардым. Не істеп жатқанын көрейін деп ойлағам. Оны сәждеге жығылған халде былай деп айтып жатқан жерінен көрдім:

«Ей, Хаий, Қаййум Аллаһым! Рахымыңа жүгініп, жәрдеміңді сұраймын!»

Сол жерден шығып тағы біраз уақыт соғысқа қатыстым. Қайтып келгенде ол әлі сәжде қалпында:

«Ей, Хаий, Қаййум Аллаһым! Рахымыңа жүгініп, жәрдеміңді сұраймын!» *- деп айтып жатыр екен.*

Мен қайтадан соғысуға кеттім. Біраз уақыттан кейін қайта келсем, әлі сол күйде. Осы дұғасын Аллаһ жеңіске жеткізгенге дейін жалғастырды».

Ибн Аббас (Радиаллаһу анһу)

«Аллаһ жер бетін өлгеннен кейін қайтадан тірілтетінін біліңдер, мүмкін ойланарсыңдар деп сендерге дәлелдерімізді баяндадық». (Хадид сүресі, 17-аят), туралы былай айтады:

«Жердің жаңбырмен тірілтілуі, көзбен көрілетін

жағдай және ол ғибрат алуға көмектеседі. Бірақ аят кәримде мына мағына да ишарат етіледі: Аллаһ қатайып, қарайған жүректерді жұмсартып жеңілдетеді, тәухидке бет қаратып, иманын қанықтырады әрі Раббысына жөнелтеді. Өлген көңілдерді ғылыммен, хикметпен тірілтеді».

`

ҒЫЛЫМ: Аллаһ ғылым иесі және Оның білімі барлық нәрсені қамтиды. Оның білімінен тыс қалған ешбір нәрсе жоқ. Ол болған және болатын барлық нәрсені толығымен, лайықты түрінде біледі. Оның білімінен жасырын сыр немесе құпия нәрселердің болуы мүмкін емес. Әр нәрсе Оған айқын және ашық. Ал адамзат баласына берілген білім Аллаһтың осы сипатынан, ерекшелігінен алынып, сыйға тартылған бір тамшыдай ғана. Бәлкім одан да кішкене. Көркем аяттарда былай айтылады:

«Расында не жерде, не көкте ешбір нәрсенің Аллаһтан жасырын қалмайды». (Әли Имран, 5-аят)

«(Оларға) **Айт: Іштеріңдегіні жасырсаңдар да, жарияласаңдар да Аллаһ оны біледі. Көктерде және жердегілерді де біледі. Аллаһ барлық нәрсеге күші жетуші».** (Әли Имран, 29-аят)

«Ол көктердегі және жердегі жалғыз бір Аллаһ. Құпияларыңды да әшкерелеріңді де біледі, (Жақсылықтан және жамандықтан) не табатындарыңды да біледі». (Әнғам сүресі сүресі, 3-аят)

«... Ол құлдарының істегендерін және істейтіндерін біледі. Ал адамзат Аллаһтың білдіргенінен тыс, Оның біліміндегі ешбір нәрсені толық пайымдай алмайды». (Бақара сүресі сүресі, 255-аят)

Сондықтан ғайбқа қатысты ақиқаттар туралы Ислам даналары өз еңбектерінде: «Аллаһу ағләм»,

яғни «Дұрысын бір Аллаһ біледі» деген сөзді дәстүрге айналдырған.

Өйткені адамзат баласының білімі орасан әрі кең әлемде бәлкім мұхиттан бір тамшыдай да емес. Аят кәримде айтылады:

«Сендерге білімнен тек аз-ғана нәсіп берілді».(Исра сүресі, 85-аят)

Сондықтан адам баласына білімде қаншама төтенше есіктер ашылған болса да, бірталай мәселеде адамзат білімі аса алмайтын сыр бөгеттері қойылған. Бұл құл әлсіздігін білсін және Аллаһқа мұқтаж екендігін түсініп, Оның ғылымына мойын исін деген себептен. Аятта айтылады:

«Сендер ұнатпайтын нәрселер болуы мүмкін, бірақ негізінде ол сендердің жақсылықтарыңа және сендер жақсы көретін нәрселер болуы мүмкін, бірақ негізінде ол сендердің жамандықтарыңа. Сендер білмейсіңдер, Аллаһ біледі». (Бақара сүресі сүресі, 216-аят)

Расында адам баласы хикметін біле алмаған талай азап көріністеріне алғашында қиналады. Азап сияқты көрінген істе жасырынып жатқан рахымды көре алмайды. Кейде ілтипат, сый түріндегі көріністерге сүңгіп кетеді де, онда жасырынған азапты сезе алмайды.

Риуаят[1] бойынша араларында салиқалы бір адам болған бір Арап руы бар еді. Бұл ру сол кісінің сұхбатын, үгітін және тәлімін пайдаланып, жан-дүниелерін соған қарай бағыттайтын. Бір күні таңертең түрегелгенде барлық иттердің өліп қалғанын көреді. Сол салиқалы адамға барып жағдайды түсіндіреді. Ол кісі қысқа бір мұрақабадан (рухани әлемге көз салу, ойлаудан) кейін тәуекелді түрде:

-Олардың өлімі сендер үшін құтылу болып қалуы мүмкін! – деді.

Келесі күні бүкіл әтештер өліп қалады. Адамдар тағы да әлгі кісіге келеді де сол бұрынғы жауапты естиді:

-Олардың өлімі сендер үшін құтылу болып шығуы мүмкін!»

Бұған қарап іштерінен біреуі былай деп сұрайды:

-Тақсыр, иттер қарауылымыз, ал әтештер азаншыларымыз сияқты еді. Бұлардың өлімінен біздер үшін қандай пайда бар?

Салиқалы кісі:

-Бүкіл сыр және құпияларды білетін тек қана Аллаһ. Әлбетте Ол осы оқиғаның ішіне ақылымыз жетпейтін үлкен бір ақиқат жасырып қойған», – деді.

Бұдан кейін келесі түнде ауылда ешбір үйдің оты жанбай қалды. Әркім «бір пәле келіп қалды ма?» деген ойға кетті.

Бірақ таң атқанда жұмбақ оқиғалардың ақиқаты мәлім болды. Сол түні жан-жаққа жау шауып барлығын тонап кеткен екен. Жау осы ауылдың жанына дейін келіп не иттің үргенін, не әтеш дауысын ести алмағандықтан және кішкене де болса бір оттың жарығын көре алмағандықтан ауылды көрмей өтіп кеткен. Сонымен адамдар үлкен бір тонау мен қырғыннан құтылған екен.

Расулұллаһ(с.а.у.) айтады:

«Құл сырқаттанып, ауырып қалған кезде Аллаһ Тағала оған екі періште жібереді де оларға: «Барып қараңдар, құлым қасындағыларға не айтып жатыр екен, естіңдер!» – деп бұйырады.

Егер сол құл періштелер келген сәтте Аллаһқа мадақ айтып жатқан болса, олар бұл сөзді әр нәрсені ең жақсы түрде біліп тұрған Аллаһтың алдына көтереді. (Періштелерін тек қана құлының істегеніне куә болсын деп жіберген) Аллаһ Тағала:

***«Құлымның рухын алатын болсам, оны Жұмаққа кіргізуім, құлымның мендегі хақысы болады. Егер шипа беретін болсам оның етін одан да хайырлы етпен, қанын одан да хайырлы қанмен ауыстыруым және күнәларын ғапу етуім, құлымның мендегі хақысы болады», – деп айтады».*[1]**

Осы көркем хадис те біздер үшін сырттай азабы мол болып көрінетін талай оқиғаның тек қана құдайы сынақ ретінде тағдырға бекітілгенін және сол қиындықтың артынан үлкен сыйлықтардың жасырын түрде бар екендігін білдіруде.

Тарихта осындай талай оқиғалар, яғни сырттай азап болып көрініп негізінде сый болған, әрі сый және ілтипатпен аяқталған оқиғалар бар. Кейде бұған қарама-қайшы жағдайлар болған. Яғни ілтипат болып көрінген талай істер қаһар көріністерімен аяқталған. Мысалы, Һуд пайғамбарға (алейһиссәләм) иман келтірмеген Ад қауымы үстілеріне төніп келе жатқан азап бұлттарын көргенде, оларды рахым бұлты деп ойлап, қуанып қалған. Бірақ бастарына сол бұлттардан жаңбырдың орынына от жауа бастағанда ғана ақиқатты түсінген. Бірақ не пайда!..

Хаққ Тағала өзінің ғылымының алдындағы адамзаттың халін төмендегі аят кәримдермен қандай көркем түрде баяндайды:

«Ешбір жан иесі ертең не табатынын біле алмайды». (Лұқман сүресі сүресі, 34-аят)

«(Ей, Расулім!) Айт: Ғылымның Аллаһ қасында ғана екендігі күмәнсіз..». (Мүлік сүресі, 26-аят)

Білім Аллаһ қасында ғана. Яғни, нақты мағынада ғылым Аллаһқа қатысты. Оның білімі бар нәрсені қамтиды. Құдайдың білімі бұл жағынан бір айнаға ұқсайды. Оған шағылысқандар қаншама өзгерсе де айна барлығын өзіне сыйдырады, әрі ешқандай өзгеріске

ұшырамайды.

Тәңірдің білімі – ой және пікір туындысы болудан пәк. Осы әлемде көрінген және ешбір ақыл мен ерік жете алмайтын дәрежеде жіңішке және мүлтіксіз орнатылған тәртіп пен сәйкестік Аллаһ Тағаланың қаншалықты шексіз ғылым иесі екендігін айқындап, айғақ болып тұрғандығы сөзсіз. Өйткені бұл әлемде адамзат өте кішкене бір табысқа сансыз адамдардың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі мен жетістіктерінің бір-біріне қосылуымен ғана жетіп отыр. Мысалы, қазіргі кезде кең тарап кеткен ұялы телефондармен байланыс жағдайы – адамзат жаратылғаннан қаншалықты кейін және талай тәжірибелердің үсті-үстіне бірігіп қосылуынан әрең пайда болған. Басқа дамулар да осылай. Алайда осы табыстар, ғылыми жаңалықтар және әлі шешілмеген шексіз сырлар Аллаһ Тағала әлемнің тәртібіне бір сәтте Өз тәңірлік білімімен орналастырған ерекшеліктер болып келеді. Бұл шындықты ескерту мақсатымен Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ей, адамзат!) **Жаратқан (Аллаһ) білмеуші ме еді? Расында Аллаһ барлық нәрсені толығымен біледі»**. (Мүлік сүресі, 14-аят)

\`

СӘМИҒ: Аллаһ барлығын естуші. Оның естуі біздің естуімізге ұқсамайды, Ол бұдан пәк. Одан жасырын қалатын ешқандай дауыс жоқ. Тіпті Ол жартастың бетінде кетіп бара жатқан құмырсқаның аяқтарының басқан дауыстарын да естиді. Есту сипатына ие бүкіл махлұқат Хаққ Тағаланың осы сипатының көрінісі арқылы естиді. Махлұқаттан бұл нығмет алынатын болса ешнәрсе ести алмайды. Бұның бірталай мысалдары бар.

Аллаһ Тағала Сәмиғ сипатын Басар сипатымен бірге

Құран Кәрімде бірнеше мәрте айтып және адамзатқа Аллаһтың бақылауында тұрғандарын ескертіп, адамның тура жолдан айырылмауын бұйыруда.

БАСАР: Аллаһ Тағаланың көруі де басқа сипаттары тәрізді өз затының қажеттілігінен. Ол барлық нәрсені лайықты түрде толығымен көреді. Ол әл-Басир, яғни Оның назарынан жасырын қалатын ешнәрсе жоқ. Ол мұсылман елдерінде мәшһүр болған мысалмен айтар болсақ, тас қараңғы түнде қара тастың үстінде тұрған қап-қара құмырсқаны да көреді.

Ғылым, сәмиғ және басар сипаттарының адамзатқа тәлім етілуіндегі хикметті Хазіреті Мәулана былай баяндайды:

«Хақ Тағала бұзақылық және азғындық жасаудан қорық деген мақсатпен өзінің ғалым, яғни «Барлық нәрсені өте жақсы білуші болғанын білдірді».

«Көріксіз және жаман сөздерге «ауыздарыңды жап» – деген мақсатпен өзінің сәмиғ, яғни «барлық нәрсені өте жақсы естуші екендігін білдірді».

«Жасырын түрде жамандықтарға жұқпауың үшін өзінің басир, яғни «Барлығын өте жақсы көруші екендігін білдірді».

Расында, Аллаһ Тағала құлдарының осы жайдағы жауапкершіліктерін былай білдіреді:

«Білмейтін нәрсеңнің (дүние және әсіресе ақіреттегі залалын сезіп түсіне алмайтын істердің) артына түспе, шынында құлақ, көз және жүрек бұлардың барлығы сол нәрседен жауапкер болады».(Исра сүресі, 36-аят)

Қиямет күні ғапыл құлдарға мынадай бір сөздер айтылады:

«Ей, құл! Сен бізді дүниеде таныдың ба, танымадың ба? Егер танымаған болсаң неге таныдым деп дау көтердің? Егер таныған болсаң, кісі танығаннан кейін сенің істегеніңді істейді ме?»

Осы баянды нақыл еткен Хазіреті Нақшыбенди былай дейді:

«Ей қорқусыз адам! Оңаша жерлерде, жым-жырт көшелерде істегеніңді, егер жігіт болсаң базардың ортасында да дәл сондай істе де, халықтан қорқасың ба, немесе Халиқ Жаратушыңнан ба, сол белгілі болсын. Егер Халиқтан (Аллаһтан) қорықсаң барлық жерде қорқасың!.».

Шын мұсылмандар әр уақыт және жасырын болсын, әшкере болсын әр жерде осы тәңірлік сипаттарды толық аңғару күйінде, өздері үнемі бақылауда екендіктерін білгендіктен ғапыл қалмайды.

Бір түні Хазіреті Омар (Радиаллаһу анһу) әдеті бойынша Мәдина көшелерін аралап жүріп, кенеттен тоқтай қалады. Бір үйдің ішінен сыртына естіліп жатқан дауыстан әйел мен қызының таласқаны назар аудартады. Шешесі қызына:

- Қызым ертең сатылатын сүтке біраз су қос! – дейді.

Қызы:

-Анашым, халифа сүтке су араластыруды тыйған жоқ па? – дейді.

Шешесі қызының бұл сөзіне ашуланып:

-Қызым түннің бұл уақытында сүтке су араластырғанымызды халифа қайданбілсін?!–дейді.

Бірақ Аллаһтан қорқыныш сезімінен лүпілдеп тұрған қыз жүрегі анасының сүтке су қосу айласын сонда да қабыл етпей:

- Анашым! Халифа көрмейді дейік, Аллаһ та көрмейді ме? Бұл айланы адамдардан жасыру оңай, бірақ барлығын көріп білетін Аллаһтан жасыру мүмкін бе? – деп шырылдайды.

Раббани ақиқаттарға толы жүрекке ие болған осы таза қыздың терең бір Аллаһ қорқынышымен шешесіне

берген жауабы Хазіреті Омардың (Радиаллаһу анһу) көңіл-күйін қатты қозғады. Мүминдердің Әміршіі оны жай бір сүтші әйелдің қызы деп көрмей, көңіліндегі тақуалығымен өзгеше бір нәсіп деп білді де, өз ұлына келін қылып алды. Бесінші халифа деп аталатын белгілі Омар бин Абдүләзиз міне, осындай таза жатырдан тараған текті ұрпақ.

Сондықтан бүкіл мәселе Хақк Тағаланың бақылауында екендігімізді біле отырып өмір сүре білуде. Аят кәримде айтылады:

«Көздер Оны көріп біле алмайды. Ал Ол көздерді көреді. Ол латиф және хабир Аллаһ». (Әнғам сүресі сүресі, 103-аят)

`

ИРАДА: Аллаһ Тағала тілегенін қалайды, әрі қалағанынша істейді. Ол қалаған нәрсеге бұйрығы тек қана «Бол!» деуден тұрады, сонда ол дереу бола салады. Оның хикметіне сұрақ қойылмайды:

«Ол көктердің және жердің теңсіз жаратушысы. Бір нәрсені тілеген уақытта оған тек қана «Бол!» дейді, сонда ол дереу бола салады». (Бақара сүресі, 117-аят)

«Ол құлдарының үстінде әр түрлі билікке Ие. Ол үкім және хикмет Иесі, барлығынан хабардар». (Әнғам сүресі, 18-аят)

«(Расулім!) **Айт: Мүліктің шын мәніндегі иесі Аллаһым! Сен мүлікті қалағаныңа бересің және қалағаныңнан аласың. Қалағаныңды ұлылатып, қалағаныңды алшақтатасың. Әр түрлі жақсылық сенің қолыңда. Расында сен барлығына құдіреттісің (күшің жетеді)».** (Әли Имран, 26-аят)

Осы көркем аяттардың айтуы бойынша қалағанын істеуші тек қана Аллаһ Тағала. Әр болмыс және іс оның еркіне байланысты. Қысқаша:

«Аллаһтың қалағаны болады, қаламағаны болмайды!»

Сондықтан Хақ Тағаланың ризалығын тудыратын істер Оның қалауымен пайда болғанымен, ризалығы тудырмайтын істердің пайда болуы да сынақ болу себебінен, олар да Оның рұқсатымен болуда.

Және барлық істе аят кәримдегі сөз бойынша бір «иншә-ә», яғни «Ол қаласа немесе Ол бұйыртса» шарты бар. Бұл шарт бүкіл махлұқатты, адамзатты және жындарды, тіпті пайғамбарларды да қамтиды. Бұның бір мысалы Хазреті Пайғамбар (с.а.у.)нің өз өмірінде үмбетке үлгі болсын деген Тәңір мақсаты көрініс тапқан. Ол былайша:

Бір топ бәдәуи Расулұллаһ (с.а.у.)ға келіп бірнеше мәлімет сұрады. Ол сұралған мәліметтерге қатысты бұрын уахи алмағандықтан кешке дейін мәселеге қатысты уахидің келетінін ойлап, оларға:

-Ертең келіңдер, жауабын аласыңдар! – деді.

Бірақ сол сөзді айтарда «Иншааллаһ» яғни Аллаһ қаласа деп айтпағандықтан, уахи толығымен он бес күн үзілді. Бұл ұзақ күтуден кейін алғаш келген аят кәримә мынадай болды:

АРАПШАСЫ

«Қандай да бір ісіңде Аллаһтың қалауының сыртында: «Ертең мұны істеймін деп айтпа. (Иншааллаһ деуді) Ұмытқан кездеріңде де Раббыңды еске алып, былай айт: «Раббымның мені туралыққа ең жақынына жеткізетініне үміттемін».(Кәһф сүресі, 23-24 аяттар)

Бұл аят кәримнің көрсеткені, адамның тілеген нәрселері көбінде болмайды. Өйткені адамзат еркі мен құдіреті кем болғандықтан, әр қалағанын істеу қабілетіне және мүмкіндігіне ие емес.

Аллаһға достық құрған әулиелер Хаққ Тағаланың осы сипатын лайықты түрде түсініп, өз еріктерін Оның еркіне байлаған. Оның әр қалағанының өте орынды екенін біледі және төңірегіндегілерді осы бойынша бағыттайды.

Хазіреті Сүнбүл Синан бір күні шәкірттерінен сұрайды:

-Балаларым! Егер Аллаһ Тағала осы әлемнің билігін сендерге берсе не істер едіңдер?

Әр шәкірт әр түрлі нәрсе айтты. Кейбіреуі:

-Бүкіл кәпірлерді жояр едім!

Біреулері:

-Арақ ішкендердің барлығын құртар едім!

Тағы біреулері:

-Залымдардың сазайын тарттырар едім! – деген секілді ұзаққа созылған жауаптар қайтарды. Шәкірттерінің арасында отырған болашақ ғалым Мұслихуддин Мырза да үндемей жауапсыз отырған. Хазіреті Шейх бір кезде оған бұрылып:

-Балам! Ал сіз не істер едіңіз? – деді.

Мұслихуддин Мырза әдептілік сақтап, былай жауап қайтарды:

-Тақсыр! Аллаһ мұндай ойлардан сақтасын, Хаққ Тағаланың еркінде және басқаруында мен басқа нәрсені ойлап қалайтындай бір кемшілік бар ма? Сізге беретін жауабым да тек қана әр нәрсені кәдімгідей жалғастырар едім деуден басқа сөз болмақ емес».

Бұл жауапқа өте разы болған Шейх Сүнбүл Синан:

-Міне, іс енді өз өзегін тапты! – деді.

Сол күннен бастап Мұслихуддин Мырза «Өзек Мырза» деп аталып, ұстазы Сүнбүл Синаннан кейін рухани аманат (сопылық жолында насихат жүргізіп

тәлім-тәрбие беру) соған берілді.

`

ҚҰДІРЕТ: Ол шексіз құдірет иесі. Аллаһқа ешқандай қиын іс жоқ. Бұл сипатын Аллаһ Тағала аят кәримде:

АРАПШАСЫ

«Сөзсіз Аллаһ барлық нәрсеге қадир(күш-қуаты жетеді)!» түріндегі қорытынды сөзбен баяндайды.

Басқа бір аятта былай айтылады:

АРАПШАСЫ

«Оның бұйрығы, бір нәрсені қалаған уақытта оған тек қана «Бол!» деп айтуы. Ол сонда дереу бола салады». (Ясин сүресі, 82-аят)

Аллаһ Тағаланың «Бол!» деген бұйрығы берілгенде, болуын қалаған нәрсенің болмауы мүлде мүмкін емес және мұндай нәрсе Оның құдіретіне сәйкеспейді. Сондықтан Тәңірлік құдіретке өз әлсіздігіміз арқылы пікір жүгіртіп, осы жайда қатеге түспеуіміз керек. Өйткені біздің түсінігіміздегі күш пен қуат шектеулі, әрі қашан да кем. Ал Хаққ Тағаланың құдіреті шексіз әрі әлсіздік сияқты әр-түрлі болымсыз сипаттардан пәк. Сондықтан Оның шексіз құдіретінің алдында әлсіз болмаған ешбір тіршілік иесі жоқ. Біздің құдіретіміз де тек Ол берген мөлшерде ғана.

Сол құдіретке қарсы келген талай ғапылдардың мұңды ақыры адамзат тарихының қара дақты беттері болған. Немрұт, Перғауын, Әбу Жәһіл, және осы сияқты талай адамдар ешбір құдіретке бас имейміз деп жүріп, еш болып бұл дүниеден өтіп кеткен. Аллаһ Тағала азаптау үшін мәңгі әлемге аларда олардың пешенесіне

жазған өлімі де оларға тәңір құдіретінің алдында еш екендіктерін еске салатын түрде орындалған. Тіпті тәңірлік дауын көтерген Немрұттың арық және ақсақ бір масадан жеңілуі Аллаһтың құдіретіне қарсы тұрғандарға үлкен ғибрат болса керек. Тағы әскерлерінің ішіндегі пілдеріне сеніп Қағбаға шабуыл жасаған Әбраһа мен әскерлерінің әбәбил деп аталатын кішкене құстардың тарапынан жойылулары да орны бөлек бір ғибрат.

Хазіреті Мәулана айтады:

«Барлық құрылымымен бұл дүние сенің көзіңе өте үлкен және шексіз болып көрінсе де мынаны біл: иләһи құдіретке ол мүлде қиын емес. Көзіңді аш та бір қара; бір зілзала, бір топан, бір сел пәлекеті дүниені және оның ішіндегілерді қандай халге келтіріп жатыр!»

Расында, Аллаһтың құдіреті біз білетін иләһи жоспардан тыс талай көріністерімен іске асуда. Мысалы, от, су, жел және басқа табиғат құбылыстарының біздер үшін жарамды сипаты кейде иләһи құдіретпен жарамсыз сипатқа түсіріліп, бұзып жоқ қылатын бір қуат халіне келеді.

Аллаһ Тағала аят кәримде былай баяндайды:

«Білмеймісің, көктердің және жердің иелігі мен билігі жалғыз-ақ Аллаһтікі? Сендер үшін Аллаһтан басқа дос та, жәрдемші де жоқ».(Бақара сүресі, 107-аят)

КӘЛӘМ: Ол сөйлеу иесі. Бұл үшін дыбысқа, әріптерге және бұл әріптерден құралған сөздер мен сөйлемдерді құрастыруға мұқтаж емес. Яғни Оның сөйлеуі, әріптен де дыбыстан да пәк; адамзаттың сөзіне әрі сөйлеуіне мүлде ұқсамайды.

Аллаһ Тағала кәләм сипаты арқылы әмірлерін, тыйымдарын және басқа да бұйрықтарын періштелеріне, пайғамбарларына және адамзатқа тіпті басқа бүкіл

махлұқатқа білдіреді. Негізінде, Оның бір нәрсені жаратуы да «Бол!» бұйрығымен іске асатындықтан, жалпы алғанда жаратудың өзі Аллаһтың кәләм сипаты арқылы пайда болған.

Бүкіл иләһи кітаптар кәләм сипаты арқылы көрініс тапқан. Бұл кітаптардың пайғамбарларға жіберілуіндегі уахилер көбінесе періште арқылы, кейде перде артынан естілген дауыс болып келген. Бұл Аллаһ Тағаламен тікелей сөйлесу сияқты. Аят кәримде былай баяндалады:

«Аллаһ адаммен тек қана уахи арқылы немесе перденің ар жағынан сөйлеседі немесе бір елші жіберіп рұқсатымен оған қалағанын уахи етеді. Ол Ұлық, Хаким». (Шура сүресі, 51-аят)

«...Аллаһ Мұсамен тікелей сөйлесті». (Ниса сүресі сүресі, 164-аят)

Хақ Тағала Мұса пайғамбармен тіл немесе дыбыс сияқты материалдық құралдар арқылы емес, езели кәләм сипатымен сөйлескен. Хазіреті Мұсаның жанындағы куәгер болсын деп әкелінген жетпіс кісі де Жәбірейіл (Ғаләйһиссәләм) да осы иләһи сөйлеуді естімеді және сезбеді. Мұса (Ғаләйһиссәләм) осы иләһи көріністің әсерінен есінен айрылып, дүниеде ме, әлде ақіретте ме, қайда екенін ұмытып, заман мен мекен өлшемінің сыртына шығып кетті. Сол себепті үлкен бір тебіренген сезімімен шаттана, иләһи нұрға бөленген күйде Аллаһ Тағаланың өз затын тікелей көруді армандап, Аллаһ Тағаладан сұрағанда:

«Мені мүлде көре алмайсың!» деген жауап алды.

Мұса (Ғаләйһиссәләм) өз толқуын баса алмай, сұрағанын табандылықпен қайталағанда Аллаһ Тағала

---

* **сидрәтул-мунтәһә:** Аллаһ Тағала жанындағы ешбір мақлұқ бара алмайтын аймақ

оған тауға қарауын әмір етіп, егер ол шыдап бақса адам да тәңірін көре алатынын білдірді. Бізге жеткен нақылдар бойынша сансыз перделердің артынан Аллаһ Тағаладан бір нұр тауға шағылысып, тау сол сәтте жарылып кетеді де, бұл үрейлі көріністен Мұса (Ғаләйһиссәләм) талып қалады.

Есін жиғанда шектен шығып кеттім ба деген қорқынышпен Хаққ Тағаланы тасбих етіп, ғапу етілуін сұрайды. Расында Мұса (Ғаләйһиссәләм) талып қалмаса, таумен бірге ол да жарылып кетер еді.

Ал үлкен періштелерден Жәбірейіл (Ғаләйһиссәләм)-нің миғраж түні сидратул-мүнтәһада[1] Хазреті Пайғамбар (с.а.у.)ға:

«Ей Аллаһтың Пайғамбары! Мен бара алатын шекара осы жер. Бұдан ары қарай жеке өзің ғана жүресің. Егер бір қадам ілгері жүрсем жанып күл боламын!» - деп айтқан сөзі де осы ақиқатпен астасады.

Сондықтан бұл фәни әлемде ең кең рұқсат, Әлемнің Мырзасы Хазреті Пайғамбар (С.а.у.)ға берілді, әрі Ол миғражбен мәртебе тапты. Әлемнің Мырзасы Пайғамбар (С.а.у.) сол түні ерекше қауышуға және сөйлесуге жетті. Яғни Мұса (Ғаләйһиссәләм)дағы «Мені мүлде көре алмайсың!» сыры Пайғамбарымызға келгенде «беттестірілген екі садақтан да жақынырақ» деген сөзбен баяндалған жақындық күйі адам баласы аңғарып түсіне алмайтын түрде іске асты.

Аллаһ Тағаланың кәләм сипаты ешбір сөзге ұқсамайтындықтан мағына жағынан да әр-түрлі сөздің шектеуілілігінен пәк. Оның кәләмынан дүниемізге шағылысқан және сырттай бізге бірнеше мағынасы ғана белгілі болған иләһи баяны негізінде шексіз бір руханият дариясы сияқты. Бұны Аллаһ Тағаланың өзі былай баяндайды:

«(Оларға) **Айт: Раббымның сөздері үшін дария сия**

болса және соншалықты қосылса да, Раббымның сөздері бітпей дария таусылып қалады». (Кәһф сүресі, 109-аят)

«Егер жер бетіндегі ағаштар қалам, теңіз және артынан тағы жеті теңіз қосылып сия болса, сонда да Аллаһтың сөздері (жазумен) таусылмайды. Күмәнсіз Аллаһ сөзсіз Үстем және хикмет Иесі».(Луқман сүресі, 27)

Сонымен Аллаһ Тағала кәләм сипатындағы шексіз құдіретті көрсетуде, әрі өзінің ұлы есімін сансыз тілдермен зікір еттіруде. Ол жансыз деп саналатындарға да Өз кәләм сипатымен бөлек бір тіл сыйлаған. Ол халық арасында лисанул хал(хал тілі) деп аталып кеткен. Аят кәримде айтылады:

«Жеті көк, жер және ондағы барлық нәрсе Оны тасбих етеді. Оны мадақтаумен тасбих етпейтін ешбір нәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың тасбихтерін түсіне алмайсыңдар..». (Исра сүресі, 44-аят)

Осы аят кәримнің сырын аңғарған Ақын Жүніс Әміре былай өлеңдетеді:

Сол Жаннаттың өзендері,
Ағады «Аллаһ, Аллаһ» деп.
Ислам дүл-дүл, бұлбұлдары,
Сайрайды «Аллаһ, Аллаһ» деп.
Теңселіп Туба бұтақтары,
Құран оқып һәм тілдері,
Жаннат бағы гүлдері,
Аңқиды «Аллаһ, Аллаһ» деп.
`

ТӘКУИН: Аллаһ Тағаланың жарату сипаты. Бұл жоқтан бар ету деген; жалғыз Оған ғана тән сипат. Сансыз әлемдер Аллаһтың осы сипатының көркем нәтижесі.

Басқа істі сипаттары да тәкуин сипатының ішінде; Мүмит(өлтіруші), Мухий(тірілтуші), Раззақ(ризық беруші) және т.б.

Көркем аяттарда былай баяндалады:

«Аллаһ, жаратқандарының барлығын көркем етті және ең алдымен адамды балшықтан жаратты». (Сәжде сүресі, 7-аят)

«Ол жердегінің бәрін сендер үшін жаратқан. Кейін (өзіне ғана тән түрде) аспанға жөнелді, соны жеті қабат етіп жаратып, тәртіпке келтірді. Ол әр нәрсені толық білуші». (Бақара сүресі, 29-аят)

«Жасыл ағаштан сендер үшін от шығарған Ол. Сендер ол отты жағып, пайдаланасыңдар». (Ясин сүресі, 80-аят)

«Олар Аллаһ жаратқан нәрселердің көлеңкелерінің оң жаққа да сол жаққа да ауытқып, мойын иіп Аллаһқа сәжде[1] еткендерін көрмейді ме?» (Нахл сүресі, 48-аят)

Тәкуин сипатының басқа иләһи сипаттардан айырмашылығы бар. Хақҡ Тағалада ғылым сипатымен жаратылатын нәрсе туралы мәлімет, оның ерекшеліктері айқындалады. Құдірет сипатымен махлұқаттың бар немесе жоқ етілулері пайда болады. Ираде яғни ерік сипатымен де бар ету немесе жоқ етудің біреуі қаланады. Міне, бұл қалаудан кейін қалағанды жаратуға тікелей ықпал ететін сипат – тәкуин сипаты.

Әлемнің сырлары тәкуин сипатында жасырылған. Сондықтан жаратылған әр нәрсе молекуласына дейін Аллаһ Тағалаға куәлік береді.

`

Сөздің қысқасы, Аллаһ Тағаланың құлдары тарапынан білініп, танылуы негізінде осы сипаттар арқылы ғана мүмкін. Біз түсіндірген бұл сипаттар және басқа тәңірлік сипаттар бөлек-бөлек заман және мекен шарттарына қарай емес әрдайым, Хақҡ Тағаланың

өзінде болған сипаттар.

Осы сипаттар туралы жалпы мағынада мыналарды айту керек:

Аллаһ Тағаланың өзінде ешбір сипаттың қарама-қайшысы жоқ. Яғни, Ол өмір иесі. Бірақ өмірі махлұқатқа тән өлімнен пәк. Ол бар, бар болуы оның қарама-қайшысынан, яғни жоқ болудан пәк. Ғылым иесі; қарама-қайшысынан, яғни надандықтан пәк. Барлық қажет болған нәрселерді жаратады, мұқтаждықтан пәк т.б... әр иләһи сипат осындай.

Бұнымен бірге Хаққ Тағала бүкіл сипаттарында мүше, ағза сияқты дәнекерлерден де пәк, әрі иләһи сипаттардың Аллаһта болған түріндей адамзатта және басқа махлұқатта ең кішкене бір бөлшегі де жоқ. Тек қана олардың шағылысқан, болмашы көріністері бар. Яғни біздің сөйлеуіміз бізге қатысты бір кәләм сипатымен емес, Оның кәләм сипатының шағылысуы сияқты көрініс. Сондықтан Аллаһтың өмір иесі, яғни Хаий болуы біздің өмірімізге мүлде ұқсамайды. Оның көруі біздің көруіміз сияқты емес. Құдіреті де осылай.

Қысқаша айтқанда, Оның ұлы затына тән бүкіл сипаттардың мазмұны түсініктемелерге сыймайтын кеңдік, әрі шексіздік көрсетеді. Олардың барлығы езелден (ежелдік) әрі мәңгілік. Барлығы Аллаһта нақтылықпен, әрі мәңгілікпен ерекшеленеді. Яғни, ешбір сипатының шегі жоқ. Сондықтан Оның ғылымы, кәләмы, құдіреті, тәкуині және басқа ерекшеліктері әр түрлі ұқсатудан пәк, әрі толық түсіндіру де мүмкін емес. Ал біздің болмысымыздың ерекшеліктері шектеулі әрі фәни.

II. ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН

Періштелер нұрдан жаратылған латиф (ешкім көре алмайтын, нәзік, арайлы) тіршілік иелері. Сондықтан біз

оларды өз сурет және түрлерінде көре алмаймыз. Бірақ олардың қалаған сурет және түрде көріну қабілеттері бар. Іштерінде ұлы пайғамбарлардың кейбіреулеріне өз суреттерімен көрінгендері де бар. Адамзат сияқты ішіп-жеу және тағы басқа ерекшеліктері жоқ. Тек қана Аллаһ Тағалаға ғибадат ету және Оның бұйрықтарын орындау үшін жаратылғандықтарынан, оларға нәпсі берілмеген. Сол себепті періштелерден ешқашан Раббыларына қарсы келу секілді күнәлі іс күтілмейді. Сандары да санына жете алмастай тым көп. Хадис шәрифтер бойынша жер бетіне түскен әрбір жаңбыр және қар данасын бір періште түсіреді және бір дана түсірген періштеге қияметке дейін екінші кезек келмейді. Жаңбыр мен қардың ауада бір-бірімен еш соғыспай жер бетіне түсуінің хикметі де осы.

Періштелердің ерекшелігі жағынан мәртебелері бөлек-бөлек. Періштелердің пайғамбарлары деп атай алатынымыздай төрт үлкен періште бар: Жәбірейіл, Микайіл, Әзірейіл және Исрафил (ғалейһимуссәләм).

Олардың ішіндегі Жәбірейіл (Ғаләйһиссәләм) пайғамбарларға уахи әкелу міндетімен жауапты қылынған періште. Микайіл (Ғаләйһиссәләм) табиғат оқиғаларын (болмыстарын) бақылауға жауапкер. Әзірейіл (Ғаләйһиссәләм) рухтарды, яғни жан алуға жауапты өлім періштесі. Ал Исрафил (Ғаләйһиссәләм) Сурға[1] үрлеуші періште.

Періштелер бізге берілген рух сияқты. Сондықтан көре алмасақ та рухымыздың бар екендігін қалай қабылдаған болсақ, періштелерді де солай деп қабылдауымыз керек. Ақиқат күнінің нұрын адамзатқа жеткізуі тұрғысынан періштелерге иман, пайғамбарларға иманмен тең қатыстырылып, періштені қабылдамау пайғамбарлықты қабылдамау деп айтылған. Расында,

* **Сур:** Қандай болғаны бізге белгісіз аспап немесе басқа нәрсе

уахи періштесі Жәбірейілді қабылдамағандарға Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ей, Расулім!) **Айт: Жәбірейілге кім дұшпан болса мынаны білсін, Аллаһтың рұқсатымен Құранды сенің жүрегіңе һидаятқа нұсқаушы, бұрын келген кітаптарды бекітуші және мүминдерге сүйіншілеуші етіп, Ол жеткізген».** (Бақара сүресі, 97-аят)

Осы аятта көрсетілгендей періштелердің Хаққ Тағалаға ғибадат етуінің қасында басқа міндеттері де бар. Кейбіреулері Аллаһтың бұйрығымен адам баласына жәрдем етеді. Әсіресе мүминдердің қиналып, тарыққан кездерінде періштелердің осындай жәрдем және ғинайеттері Ислам тарихында көп мәрте көрінген. Қадірменді сахабалардан Бәдір ғазилері (соғысып тірі қайтқандар) бұл шындықты былай баяндайды:

«Бәдір күні соғыстың ең сұрапыл кездерінде қылыштарымыз әлі дұшпанның мойнына тиместен бастарының кеуделерінен ажырап жатқандығына куә болдық».

Аллаһ Тағала бұл шындықты Құран Кәрімде былай баяндайды:

«Раббың періштелерге: «Сөзсіз мен сендермен біргемін. Олай болса, иман келтіргендерге жәрдем беріңдер. Кәпірлердің жүрегіне қорқу саламын, шабыңдар мойындарын! Шабыңдар олардың барлық буындарын!» - деп уахи етіп жатқан еді». (Әнфәл сүресі, 12-аят)

«Періштелер беттеріне және арқаларына ұрып «күйдіретін Жаһаннам азабын татыңдар!»- деп, сол кәпірлердің жандарын аларда оларды көрсең ғой!.». (Әнфәл сүресі, 50-аят)

Бұлардан басқа адамды қорғайтын «хафаза» періштелері, амал дәптерімізді жазып отыратын «Кирамән кәтибин», қабірде сұрақ қоятын мүнкәр және нәкір періштелері, күнәһарлардың ғапу етілуі үшін кешірім

сұрайтын және адамзат баласының тура жолда жүруі үшін дұға ететін періштелер бар.

III. КІТАПТАРҒА ИМАН

Аллаһ Тағала алғашқы адамзат және тұңғыш пайғамбары болған Адам (Ғаләйһиссәләм)нан бері адам баласына әмірлері мен тыйымдарын алғашқы кезеңдерде парақтар күйінде жіберген. Кейін адам баласының көбейуімен қоғамдық мәселелер де көбейгендіктен, өз тарапынан үлкен кітаптар жіберген. Бұл кітаптардың саны төртеу. Зәбур, Таурат, Інжіл және Құран. Алғаш жіберілген беттер және осы кітаптар өз дәуірінің хақ(шын) кітаптары. Сондықтан олардың Аллаһ тарапынан түсірілген кездегі бұрмаланбаған түпнұсқаларына ғана иман келтіру, кітаптарға иман келтіру ережесінде өз орнын алады.

Аллаһтан жіберілген парақтарға келер болсақ, олар мына пайғамбарларға түскен:

1- Он бет Адамға (ғаләйһиссәләм)

2- Елу бет Шитке (ғаләйһиссәләм)

3- Отыз бет Идриске (ғаләйһиссәләм)

4- Он бет Ибраһимге (ғаләйһиссәләм)

Үлкен кітаптар болса көпке мәлім болғанындай мыналар:

1- Таурат Мұсаға (ғаләйһиссәләм),

2- Забұр Дәуітке (ғаләйһиссәләм),

3- Інжіл Исаға (ғаләйһиссәләм) және

4- Ең соңғысы Құран Кәрім, Әлемдердің Мырзасы Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға (с.а.у.) түскен.

Киелі кітаптар Хаққ Тағаланың құлдарына жіберген хаты тәрізді. Адамзаттың өмірін тәртіпке салып, оған мәңгілік бақыттың, құтылудың жолдарын ұсынған бұл

кітаптар Аллаһ Тағаланың кәләм сипатының адамзат түсінігіне шағылысуы. Сондықтан әрбіреуі берген нұсқауларымен қатар, айрықша бір кәләм мұғжизасы.

Иләһи кітаптардың соңғысы болы түскен Құран Кәрім өзінен бұрын келген кітаптардың барлығының күшін жояды. Негізінде өтіп бара жатқан уақыт және үнемі өзгеріп, дамып отыратын адамдық қажеттіліктерге сай иләһи үкімдер жаңарып отыруға қажеттілік танытса, сонымен қатар өз ғапылдықтары мен нәпсі бейімділіктеріне құл болғандардың килігу жасап өзгертулері де мұны қажетті халге жеткізген. Сонымен бірге келген әрбір иләһи парақтағы және кітаптағы негіздер, яғни сенім жүйесі бірдей.

«Аспандық» деп те аталатын бұл кітаптардың ең белгілі ерекшелігі, айырмашылығы шүбәсіз иләһи уахиға сүйенулері. Бірақ қазіргі кезде бұл ерекшелік Құран Кәрімге ғана қатысты жағдай. Өйткені басқа иләһи кітаптар пайғамбарлары өмірден өткеннен кейін адамдар тарапынан үлкен килігуге ұшырап, ақыры адам жазған кітап сияқты болып қалған. Негізінде, Құран Кәрімнің жіберілуіне осы жағдай үлкен себеп ролін ойнаған. Мұнымен қатар иләһи кітаптардың ең соңғысы болып түсірілген Құран Кәрім иләһи кітаптардың барлығын қамтиды, әрі олардың арасындағы ең кәмілі. Соңғы болуының себебінен тікелей Аллаһ Тағаланың қорғауында. Ол қияметке дейін үкімін жүргізетін өз Кітабын былайша таныстырады:

«Егер құлымызға түсіргенімізден қандай да бір күмәндарың болса, қанеки, соған ұқсас бір сүре келтіріңдер, егер сөздеріңе бекем болсаңдар Аллаһтан басқа куәгерлеріңді де шақырыңдар». (Бақара сүресі, 23-аят)

Осы тасталған ұранмен Құран Кәрім бүкіл адамзатты

жекпе-жекке шақырып, көркем сөз мұғжизасы ретінде ғасырлар бойы жалғасуда. Құранда қозғалатын біздерге құтылу жолы ретінде ұсынылған, негізгі мәселелер қысқаша мыналар деп айта аламыз:

1. Әмәнту(иман негіздері) және ізгі амалдар,

2. Адамзаттың сыртқы сипаттарына байланысты жаратылыс мерзімдері, дүниеге келуі, сүретін ғұмыры т.б. және ішкі дүниесіне байланысты нәпсі сипаттары мен рухқа қатысты кәміл ерекшеліктер және адам баласының кем сипаттардан кәміл сипаттарға көтеріле алуы үшін нәпсісін ағартуы мен жүректі сафтандыруы,

3. Әлем жүйесі; жеті қабат аспан, күн, ай, жұлдыздар, табиғат оқиғалары, көлеңкенің ұзарып қысқаруы, жаңбыр, түн мен күннің алмасуы, жер мен көк арасында өмір сүретін махлұқат және олардың ерекшеліктері,

4. Тарихи мәліметтер; ұлттардың жақсы немесе жаман халдерінің дүниедегі және ақіреттегі нәтижелері, жағдайлары, иләһи өш алудың көріністері, пайғамбарлар мен қауымдардың қиссаларындағы сансыз хикметтер, өткен дәуірден ғибраттар,

5. Ежелден мәңгілікке созылатын терең әрі кең тәфәккур(Аллаһтың құдіреті, әлем құрылымы, табиғи құбылыстар және т.б. жөнінде ой жүгірту) және тәзәккур (Аллаһты, ақіретті еске алу)...

IV. ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

Пайғамбарлар һидаят көсемдері.

Адамзат баласы өз бетімен тура жолда жүру мәселесінде қауқарсыздық танытып, талай қателерге бой алдыру мүмкіндігі болғандықтан Хаққ Тағала оған пайғамбарлар жіберіп, барынша демеп, жебеп жіберуді қалаған. Сонымен Аллаһ Тағала адамзатқа кітаптар және пайғамбарларымен жауапкершілік шегін білдіріп, оны осы бұйрықтарды орындауға жауапты қылған

және осындай ілтипаттан ешбір қауымды тысқары қалдырмаған.

Аят кәримде айтылады:

АРАПШАСЫ

«Сөзсіз әр үмбетке: «Аллаһқа құл болыпңдар, ал азғырушылардан аулақ болыңдар!» деп ескертетін бір пайғамбар жібергенбіз..». (Нахл сүресі, 36-аят)

Діннің мақсаты – нәпсілік және рухани бейімділіктерден тұратын бір-біріне қарама-қайшы сезімдерге ие адамзаттың нәпсілік бейімділіктерін барынша азайтып, нұрлы сипаттары мен рухани бейімділіктерін шыңға шығару. Бірақ бұл мақсаттың іске асуы үшін адамның нақты бір өнегелі жол көрсетушіге, яғни «усуәтун хасәнә» деп айтылатын ең жақсы үлгіге мұқтаждығы талассыз шындық. Сондықтан да пайғамбарлардың жіберілуіндегі хикметтердің біреуі олардың адамдар еліктейтіндей кәміл бір үлгі болулары.

Аллаһ Тағала айтады:

«Біз ешбір пайғамбарды Аллаһтың нұсқауымен мойынсұнуларыңнанбасқабірмақсатпенжібермедік..». (Ниса сүресі сүресі, 64-аят)

Бұл жағдай Аллаһ Расулінің (с.а.у.) тұла бойында шыңына шыққан және бұл туралы Хаққ Тағала көркем аятта былай баяндаған:

«Сөзсіз Расулұллаһта сендердің араларыңдағы Аллаһқа және ақірет күніне қауышуды аңсайтындарға, әрі Аллаһты көп зікір ететіндерге көркем үлгі-өнеге бар». (Ахзаб сүресі, 21-аят)

Сондықтан бүкіл адамдар Аллаһқа иман жібімен байланып, құлшылық етуге жауапты. Осы

* Құтба: Жұма намазында имам мінберге шығып оқитын дұға.

жауапкершіліктің кәміл түрде орындалуы үшін Аллаһ Тағала Жаннатқа алатынына кепілдеме бергенімен, пайғамбарларын да тәблиғ міндетімен жауапкер қылып, екі жақтың да ақіретте есепке тартылатынын білдірген. Аят кәримде бұл былай баяндалады:

«Әлбетте өздеріне пайғамбар жіберілген адамдарды сұраққа тартатынымыздай жіберілген пайғамбарларға да сөзсіз сұрақ қоямыз». (Ағраф сүресі, 6-аят)

Міне, осы жауапкершіліктің сезімімен Хазреті **Пайғамбар** (с.а.у.) қоштасу құтпасында[1] жүз мыңдаған сахабаларынан былай деп сұрады:

-Ей, көпшілік! Ертең (ақіретте) мен туралы сендерден сұралады, не деп айтасыңдар?

Бүкіл қадірменді сахаба:

-Аллаһтың елшісі міндетін орындадың; пайғамбарлықты атқардың, біздерді өсиет айтып үгіттедің!- деп куәлік береміз!» – деді.

Бұл куәліктен кейін жаратылғандар нұры ардақты Пайғамбар (с.а.у.) дінді тәблиғ етіп таратқанына қатысты:

- Сахабаларым! Тәблиғ еттім бе? Тәблиғ еттім бе? Тәблиғ еттім бе?..

- деп үш рет олардың куәлігін бекітіп алған, соң қолын көкке қарай жайып Аллаһ Тағаланың куәлігін сұрады:

- Куә бол, уа Раббым! Куә бол, уа Раббым! Куә бол, уа Раббым!..[1]

Әр қауымға бір пайғамбар жіберілгендіктен пайғамбарлар есімдері Құран Кәрімде аталған пайғамбарлардан ғана тұрмайды. Хақ Тағала айтады:

«Пайғамбарлардың бір бөлігінен бұдан бұрын саған хабар бердік, ал бір бөлігі жайында хабар бермедік». (Ниса сүресі сүресі, 164-аят)

Біздерге жеткен нақылдар бойынша 124 мың немесе 224 мың пайғамбар жіберілген. Бұлардың кейбіреулеріне жаңа бір шариғат берілген, ал кейбіреулеріне өзінен бұрынғы пайғамбарлардың шариғатын ескертіп, жалғастыру міндеті берілген.

Пайғамбарлар мына үш негізгі міндетпен жіберілген:

1. Аллаһтың аяттарын оқу,

2. Жамандықтардан сақтандыру(нәпсіні ағарту),

3. Кітапты және ондағы хикметті үйретіп, адамзатты сират-ы мұстақим делінген тура жолға бағыттау.

Пайғамбарлардың болмысы біздің болмысымыздың қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Олар мінез-құлықтары бөлек жүз мыңдаған адамға кемел өнеге тұлға деп баяндалған ерекшеліктерін үмбетіне беріп, оларды бір адам сияқты күйге келтіреді де, адамдардың руханиятын бір сәйкестіктің тыныш ағысының арнасында Аллаһқа қауыштырады.

Пайғамбарлар еңбектену арқылы емес, Аллаһтың тікелей таңдап, дайындауы нәтижесінде міндеттелген. Сондықтан олар Аллаһ тарапынан берілген өзгеше сипаттарға ие. Пайғамбарларға иман осы ерекшеліктер айналасында кемелдікке жетеді:

Сыдқ: Пайғамбарлар сөздері мен іс-әрекеттерінде үнемі тура болады. Сөзі мен істері бір-бірінің айнасындай. Олардың өтірік айтулары мүлдем мүмкін емес. Олардың адалдықтары өздеріне иман келтірмегендер тарапынан да мойындалатын дәрежеде. Міне, бұның сансыз мысалдарының бірнешеуі:

Рим патшасы Һераклиустың Пайғамбар (С.а.у.) Мырзамыз туралы мәлімет алу үшін әлі иман келтірмей жүрген Әбу Суфянға қойған сұрақтарының біреуі былай еді:

-Сөзінен тайған кезі болды ма?

Сол кездері Хазреті Пайғамбарға (с.а.у.) қас жау бола тұра Әбу Суфянның берген жауабы:

-Жоқ! Ол берген әрбір сөзін орындайды! - деп айтуы болды.

Меккелік мүшриктердің бірі Убәй б. Халеф атты бір кісі Исламның ең жауыз дұшпандарының қатарында еді. Һижреттен (Меккеден Мәдинаға көшуден) бұрын Әлемнің Мырзасына (с.а.у.):

-Бір жылқымды жақсылап бағып, оған ең күшті жемдерді жегізіп жүрмін. Соған мініп алып, бір күні сені өлтіремін», – деп айтатын еді.

Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) да бір жолы оған:

-Иншааллаһ(Аллаһ қаласа) мен сені өлтіремін!» – деп, жауап қайтарады.

Ухуд соғысы күні осы ақымақ мүшрик Хазреті Пайғамбарды (с.а.у.) іздеп тауып: «Егер бүгін ол құтылса, мен құрыдым!» деген оймен Пайғамбар (с.а.у.)ға тап бермек болып жақындайды. Мұны аңдап, байқап қалған қадірлі сахабалар әлі аралары қашық болып тұрғанда оның басын ұшырып түсіруге әрекет жасамақ болады. Бірақ Расулұллаһ(с.а.у.):

-Жіберіңдер, келсін! – деп бұйырды.

Убәй бин Халеф әбден жақындағанда Пайғамбар (С.а.у.) сахабаның біреуінен қолындағы найзасын алып оның кеудесінен көздейді. Найза Убәйдің мойынын сырып өтіп, атынан аунатып түсіріп, бірнеше рет тоңқалаң астырады. Жаны шыққандай бақырып өз жағына қарай қашып кетеді. Көздері шарасынан шыға жаздап, былай деп бақырып, қашып бара жатты:

-Ант етемін Мұхаммед мені өлтірді!..

Қасына келіп жарасына қараған мүшриктер:

-Өй, мынауың жәй ғана сырылған! – деді.

---

* Лат, Ұзза: Мүшриктер табынатын пұттар.

Бірақ ол басылмай былай деп, айқайлай берді:

-Мұхаммед маған Меккеде болған кезде: «Мен сені сөзсіз өлтіремін!» деген еді. Ант етемін, егер ол маған түкіре салса да өлемін бе деп қорқамын!.».

Ол айғай салғанда дауысы өгіздің өкіргеніндей шыққан. Әбу Суфян:

-Ей сен де! Кішкене сыдырылғанға бола осыншама айқайлайды ма екен? – деп оны кекеткенде Убәй оған:

-Сен білемісің бұл сыдырықты кім істеді? Бұл Мұхаммедтің қолынан болған жара. Лат пен Ұззаға[1] ант етемін, егер осы жара берген ауру бүкіл Арабия халқына таратылса барлығы жоқ болып кетеді. Мұхаммед маған Меккеде: «Мен сені сөзсіз өлтіремін» деген еді. Мен сонда оның қолымен өлтірілетінімді және Одан құтыла алмайтынымды сезгенмін. Ол осы сөзді айтқан соң маған түкірсе де, мен содан өліп кетуден қорқамын».

Ақыры пайғамбардың дұшпаны болған Убәй Меккеге жете алмай, бір күн бұрын жолда өлді.

Бұл оқиға қаншама ғибратқа толы. Хазреті Пайғамбарды (с.а.у.) жақсы танитын азғын бір мүшрик болса да Оның сөзінің қаншалықты күшті әрі шын екендігіне сенеді.

Аманат: Пайғамбарлар адамзат баласының ең сенімділері. Имансыздар тобынан болғандар да оларға шексіз сенім білдіреді. Расында Хазреті Пайғамбар (С.а.у.) туралы айтылған Мұхаммед әл-Әмин лақабы мүшриктердің аузынан түспейтін және олар қандай да бір заттарын аманатқа қалдыру керек болғанда өз жақтарына емес Расулұллаһтың (с.а.у.) қолына аманаттарын толық сеніп тапсыратын. Тіпті Хазреті Пайғамбар (С.а.у.) Меккеден Мәдинаға көшетін(Һижрет) кезінде де қолында мүшриктер тапсырған бірталай аманат бар

* Рида: Арабтардың ғұрпында, қажылыққа барғанда киілетін ихрамға ұқсас, киімнің сыртынан үстіге желбірейтін орала салатын орамал.

еді. Сол кезде мүшриктер Пайғамбарымызды өлтіргелі жүргені мәлім. Расулуллаһ (с.а.у.) сонда да Хазіреті Әлиді Меккеде қалдырып, аманаттарды иелеріне табыстауды адамдық борышым деп білген еді.

Фатанет: Пайғамбарлар адамзат арасында барлық жағынан әсіресе ақылдылық және парасаттылық жағынан ең үстемдері. Олар күшті бір жадыға, ұлыпарасаттылыққа және көндіру қабілетіне ие. Бұл ерекшелік бүкіл пайғамбарларда түрлі түрде көрініс тапқан. Ал Хазреті Пайғамбардың (с.а.у.) бүкіл өмірі осының көрсеткіштеріне толы өткен.

Ол пайғамбар болып жіберілгеннен бұрын аққан селден зиян көрген Қағба Меккедегі рулар тарапынан өңделіп, жөнделген кезі еді. Бірақ Қағбадағы қара тасты орнына қою мәселесіне келген кезде әркімнің осы киелі міндетке талапкер болуының себебінен рулардың арасында талас пайда болды. Талас төбелеске және қан төгуге кетіп бара жатқанда іштерінен біреуі:

-Таласты қойыңдар! Бұл мәселені өзара шеше алмадық, Харам есігінен алғаш кірген кісіні төреші қылайық та, ол беретін шешімге разы болайық! – деп ұсыныс жасайды.

Дәл сол кезде есік босағасында Расулулланың пәк дидары көрінi. Оны көргендердің бәрі қуаныпкетті. Өйткені келген кісі Мұхаммед әл-Әмин, яғни сенімді Мұхаммед еді.

Мәселе оған түсіндірілгенде Ол әр рудан бір кісі сайлады да өзі ридасын[1] шешіп, жерге жайды. Одан кейін қара тасты ридасына қойдырып, сайлаған кісілерге әр шетінен ұстатқыза отырып қасиетті тасты жұмыла көтеріп апарған соң мұбарак тасты өз қолымен орнына қойды. Осыменен теңдессіз ақыл және тапқырлықтың берекесімен рулар арасында болып қалатын төбелесті бөгеген болды.

Және Оның Ислам жолындағы соғыстарда қабілетті болуы, татулық келіссөздеріне, әсіресе Худәйбияда бой көрсеткен парасаттылығы, Меккенің алынуында, Хунәйінде, Тайфте орындаған төтенше тәсіл мен әділетті парасаттылығы ұлы деңгейде болған еді.

Тәблиғ: Пайғамбарлар иләһи бұйрықтарды түп-тура бұйырылғаны бойынша адамдарға білдіреді. Олар тәблиғдерінде өз жадынан бірдеңе қосып, кемітпейді.

Исмет: Пайғамбарлар жасырын және әшкере болсын, әр түрлі күнәдан, қылмыстан аулақ. Бірақ олар да әлсіз жаралған адам баласы болғандықтан кейде кішігірім қателіктерге бой алдыратын кездері болады. Пайғамбарлардың ондай қателігін «зәлле» деп атайды. Одан өзге олар ешуақытта үлкен күнәлар жасамайды. Ондай адамдарды Алла Тағала пайғамбарлыққа таңдамас та еді. Өйткені олар үлгі бола алатын әрекеттер жасауға міндеттелген. Егер олар періштедей күнәсіз пәк болған жағдайда адамдар «пайғамбарлардың істегендері біздің шама-шарқымыз жетпейтіндей дәрежеде» – деп иләһи әмірлер мен тыйымдарды орындамауға сылтау үстіне сылтау іздер еді. Осындай оймен пайғамбарлардың періште болуы керек деп пайымдайтын ғапылдар да болған және бұларға аят кәримде былай деп жауап беріледі:

«(Оларға) **Айт: Егер жер бетін басып жүргендер періште болса, сөзсіз біз онда оларға көктен пайғамбар қылып періште жіберер едік».** (Исра сүресі, 95-аят)

«Біз оларды (пайғамбарларды**) жеп ішпейтін жан (**періште**) қылып жаратпадық. Олар (**бұл дүниеде**) мәңгі жасамақ та емес».** (Әнбия сүресі, 8-аят)

\`

Пайғамбарлардың осы бес сипатынан басқа тек қана

* Мақам-ы махмұд: мадақталған мәртебедегі; шәфаат узма: Шапағаты үлкен

Хазреті Пайғамбарға (с.а.у.) қатысты үш үлкен сипат тағы бар:

1. Пайғамбар (с.а.у.) Хабибұллаһ, яғни Аллаһтың ең сүйікті құлы. Бүкіл пайғамбарлардың ең абзалы және Ол адамзаттың ең жоғары мәртебелісі.

2. Ол бүкіл адамзат пен жындарға жіберілген. Әкелген діні қияметке дейін жалғасады. Ал одан басқа пайғамбарлар белгілі бір уақытқа және белгілі бір қауымға ғана жіберілген болатын. Сондықтан әр пайғамбардың мұғжизасы өз дәуірімен шектелген, ал Хазреті Пайғамбардың (с.а.у.) мұғжизасы қияметке дейінгі бүкіл дәуірлерді қамтиды. Әсіресе Құран Кәрім Оған берілген ең үлкен мұғжиза болып, қияметке дейін күшін жоғалтпай жалғасады.

3. Хатемүл-Әнбия, яғни ол пайғамбарлардың ең соңғысы. Сондай-ақ Хазреті Пайғамбар (с.а.у.):

«Адам су мен топырақтың арасында болған сәтте мен нәби(пайғамбар) едім».[1] деген өз баяны бойынша адамзат және жын әлеміне пайғамбар болып жіберілуде ең соңғы кезекте болғанымен жаратылысы жағынан ең «алғашқы» орында.

Бұлардан басқа Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)ға қиямет күнінде «мақаман махмуд»[2] және «шәфәғат ғузма» мәртебелері сыйланған. Сондықтан ол рахым пайғамбары махшарда үмбетінің күнәһарларына шапағат етеді және осы шапағаты қабылданады. Аят кәримде:

«...Егер олар өздеріне кесір жасаған кезде саған келіп, Аллаһтан жарылқану сұраса және Пайғамбар олар үшін кешірім сұраса, Аллаһты тәубені өте қабылдаушы, ерекше мейірімді күйде табар еді».(Ниса сүресі, 64-аят**)** түрінде баяндалған ақиқат та Хазреті Пайғамбардың (с.а.у.) үмбетінің ғапу етілуі жайында шапағат етуінің және кешірім сұрауының қаншалықты маңызды және

ықпалды болатынының уәдесі әрі сүйіншілеуі ретіндегі иләһи баян.

Расулұллаһтың(с.а.у.) төмендегі хадисі де көңілдерге үміт беріп мейірімге толтыратын өзгеше бір сүйіншілеу:

«Қиямет күні болғанда адамдар не істерін білмей аландаған күйде Адам (ғаләйһиссәләм)ға келіп:

-Бізге Раббыңның алдында шапағат қыл! – дейді.

Ол:

-Менің ондай хұқығым жоқ; бірақ сендер Ибраһимге барыңдар! Ол Рахман Аллаһ Тағаланың халилі, жақын досы, – дейді.

Олар Ибраһим (Ғаләйһиссәләм)ға барады. Ол да:

-Менің ондай хұқығым жоқ, сендер Мұсаға барыңдар! Ол Аллаһпен тікелей сөйлескен пайғамбар, – дейді.

Олар Мұса (Ғаләйһиссәләм)ға барады. Ол да:

-Менің ондай хұқығым жоқ; сендер Исаға барыңдар! Ол Аллаһтың рухынан, әрі сөзі болған пайғамбар, – дейді.

Олар Иса (Ғаләйһиссәләм)ға барады. Ол да:

-Мен ондай мәртебеде емеспін, сендер Мұхаммедке (С.а.у.) барыңдар!– дейді.

Олар ақыры маған келеді. Мен:

-Иә, маған осы мәртебе және хұқық берілген, – деймін.

Кейін Раббымның алдына бару үшін рұқсат сұраймын. Рұқсат беріледі. Сол кезде маған қазір мен білмеген бірнеше хамд(мадақ) сөздері үйретіледі де, сол хамд сөздерімен Раббымды мадақтаймын. Оған сәжде қыламын. Сонда маған:

- Ей, Мұхаммед, басыңды көтер! Сөйле, сөзің тыңдалады! Сұра, сұрағаның беріледі! Шапағат ет, шапағатың

қабылданады!- деп айтылады.

Мен:

- Уа, Раббым! Үмбетімді сұраймын, үмбетімді сұраймын!– деймін.

Хаққ Тағала:

- Ей, Мұхаммед! Бар, жүрегінде бір арпа данасының ауырлығындай иманы болған әркімді тозақтан шығар!– деп бұйырады.

Мен барамын да айтылғанды істеймін. Кейін қайта оралып, бұрынғы хамд сөздерімен Оны мадақтаймын да сәждеге жығыламын. Хаққ Тағала қайтадан:

«Ей, Мұхаммед, басыңды көтер! Сөйле, сөзің тыңдалады! Сұра, сұрағаның беріледі! Шапағат ет, шапағатың қабылданады!–деп айтады.

Мен:

«Уа, Раббым! Үмбетімді сұраймын, үмбетімді сұраймын!– деймін.

Хаққ Тағала:

«Бар, жүрегінде тозаңдай немесе құмның түйіріндей иман табылған әркімді тозақтан шығар!– деп бұйырады.

Мен барамын да айтылғанды істеймін. Кейін қайта оралып, бұрынғы хамд сөздерімен Оны мадақтаймын да, сәждеге жығыламын. Хаққ Тағала қайтадан:

- Ей, Мұхаммед, басыңды көтер! Сөйле, сөзің тыңдалады! Сұра, сұрағаның беріледі! Шапағат ет, шапағатың қабылданады!–деп айтады.

Мен:

- Уа, Раббым! Үмбетімді сұраймын, үмбетімді сұраймын!– деймін.

Хаққ Тағала:

* Іззет: Ізет көрсетуге лайық

- Бар, жүрегінде ұнның ұнтағындай немесе одан да кіші мөлшерде иманы бардың бәрін тозақтан шығар!– деп бұйырады.

Мен барып мұны орындаймын. Кейін тағы да сол Хамд сөздерімен мадақтаймын да, Оған сәждеге жығыламын. Аллаһ Тағала сонда:

- Ей, Мұхаммед, басыңды көтер! Сөйле, сөзің тыңдалады! Сұра, сұрағаның беріледі! Шапағат ет, шапағатың қабылданады!– деп айтады.

Мен осы жолы:

- Уа, Раббым! Лә иләһа иллаллаһ/ Аллаһтан басқа тәңір жоқ деген әркім үшін маған рұқсат бер!– деймін.

Хаққ Тағала:

- Іззетіме[1], Жалалыма, Ұлылығыма және Құдіретіме ант етемін, «Аллаһтан басқа тәңір жоқ» деп айтқан әркімді тозақтан шығарамын!– деп айтады».[2]

`

Сөздің қысқасы, пайғамбарлар ерекше сипаттарымен адамзатқа Һидаят көсемдері болған және үмбеттеріне пайғамбарларына иман келтіріп, оларға еліктеулері әмір етілген. Аллаһ Тағала айтады:

«Біз Аллаһқа және бізге түсірілгенге; Ибраһим, Исмаил, Исхақ, Яқұб және оның әулеттеріне, Мұсаға және Исаға берілгендер мен Раббылары тарапынан басқа да пайғамбарларға түсірілгендерге, олардың ешбіреуін бір-бірінен бөліп, жармастан сендік және біз тек Аллаһқа мойынсұндық», – деп айтыңдар». (Бақара сүресі,136-аят)

«Міне, сол пайғамбарлар Аллаһ өздеріне Һидаят берген жандар. Сен де солардың жолына түс..». (Әнғам сүресі, 90-аят)

Осы иләһи бұйрыққа бас игендер дүние мен ақіретте бақыттылық пен сәлеметте болады. Олардың екі дүниеде

де мәртебелері мен орындары өте жоғары. Аллаһ Тағала айтады:

«Кім Аллаһқа және Пайғамбарына мойынсұнса міне, солар, Аллаһ нығметіне бөлендірген пайғамбарлар, сыддиқтар (шын жүрекпен қабылдағандар), шейіттер және салиқалы кісілермен бірге болады. Бұлар нендей жақсы жолдас!» (Ниса сүресі, 69-аят)

Ал осы жағдайға қарама-қарсы беткейде өмір сүргендер екі дүниенің бақытсызы болып, мәңгілік зиянда қалады:

«...Жер бетін кезіңдер де пайғамбарларды өтірікке шығарушылардың ақыры не болғанын көріңдер!» (Нахл, 36-аят)

«...Кім Аллаһты, періштелерін, кітаптарын, пайғамбарларын және қиямет күнін қабылдамаса, ол мүлде азғындаған адам». (Ниса сүресі, 136-аят)

Расында, тарихта дүниенің фәни жылтырақтарына, әшекейлеріне алданған талай ғапылдар пайғамбарлар ашқан нұрлы көкжиектерден ажырап, мәңгілік бақытсыздықтың қорқынышты шырмауына түскен. Өз қоғамдарының қирауына да себеп болған олар, бақытсыздықты бақыт деп ойлау қателігін істеген, жаратылу хикметін және сырларын аңғара алмай, хайуандар сияқты өмір сүрген, аяғында иләһи азапқа ұшырап жойылған болатын.

Өткен ғасырлардан келешекке дейін сансыз иләһи ишарат, тәблиғ және ескертулерге қарамастан, имансыздықта табандылық көрсеткен осындай ғапылдар туралы Аллаһ Тағала былай айтады:

«...Иланбаған қауым, мейірімнен аулақ болсын!»(Муминун сүресі, 44-аят)

Сөздің қысқасы, пайғамбарлардың барлығы Уахданиәт(Аллаһтыңбірболуы)негізібойыншаадамзатқа көсемдік атқарған мұбарак кісілер. Әсіресе Құранда

есімі ардақтала еске алынғандардың пайғамбарлығын қабылдамау адамды иманнан шығарады. Мысалы, адам Хазіреті Исаның пайғамбарлығын қабылдамаса мүмин бола алмайды.

Өйткені бүкіл пайғамбарлар тәблиғ еткен негіздердің барлығы бірдей. Сондықтан олардың тәблиғында баяндалған дін үнемі Ислам болған. Ақырзаман пайғамбары – бүкіл пайғамбарлардың мырзасы. Ақіретте өзінің туының астына бүкіл үмбетін жинайды. Бұл жиын ішінде бұрынғы пайғамбарлар да өздеріне сенгендердің басында болып, осы тудың астында болады. Яғни, бүкіл пайғамбарлар өз үмбеттерімен бірге «Мұхаммед үмбетінен» болып саналады.

«Бүкіл пайғамбарларға сәлем болсын!»

«Әлемнің Раббысы Аллаһқа мадақ».(Саффат сүресі, 181-182 аяттар)

V. АҚІРЕТКЕ ИМАН

Аллаһ Тағала адамзат өмірі үшін бес кезеңнен өтуді, бес түрлі әлемді мекен етіп, тұрақтауды тағдыр етіп пешенесіне жазып қойған. Бұлардың біріншісі – рухтар әлемі, екіншісі – ана жатыры, үшіншісі – дүние өмірі, төртіншісі – барзах немесе қабір әлемі, ал бесіншісі – ақірет және ондағы Жәннат немесе Жәһаннамдағы мәңгі өмір. Бұлардың ішіндегі дүние өмірі адамға сынақ үшін берілген және оның ең соңғы тұрағы мен мәңгілік бақыты осы дүниедегі іс-әрекеттеріне байланысты қылынған. Әр құлдың осы іс-әрекеттерінің оң және теріс нәтижелері болатынын білуі және сол себепті жауапкершілігін аңғаруы үшін адамзат өмірінің бесінші кезеңі, яғни ақірет иманның алты негізінің арасынан орын алған. Ақіретке сену өте маңызды болғаны соншалықты, бірталай аят кәримде Аллаһқа иман келтірумен қатар ескертіледі.

Аллаһ Тағала айтады:

«...Аллаһқа және ақірет күніне иман келтіріп ізгі амалдар істегендер үшін Раббыларының қасында үлкен сыйлықтар бар. Олар үшін қорқыныш жоқ, әрі олар қайғырмайды да».(Бақара сүресі, 62-аят)

Ақірет - өлімнен кейін басталатын жаңа, шексіз және шын өмір. Аят кәримде былай баяндалады:

«Осы дүние өмірі бір ойын-сауықтан, ермектен басқа нәрсе емес. Ал ақірет жұрты сөзсіз ол өмірдің дәл өзі. Әттең! Олар білсе ғой».(Ғанкәбут сүресі, 64-аят)

Өйткені мұны білгендер, осы фәни әлемде алған әр демінің бағасын біледі, Хақ Тағаладан бір сәт те болса ғапыл қалмайды. Өмірлері ізгі амалдарға толы ғибадат өмірі болады. Соңдарының не болатыны жайында үнемі қорқыныш пен үміт арасында болады. Махшарда үлкен есеп күнінің үрейінен көздері де, көңілдері де Аллаһтан деген қорқыныштан жас төгеді.

Бірде салиқалы бір кісі өзіне қажетті бір-екі бұйым алатын болып базарға барыпты. Қалтасына ақшасын жетіп қалады деген оймен есептеп салып қояды. Бірақ базарға барғанда ақшасы алатындарына жетпей, әлгі салиқалы кісі жылай бастайды және осы күйі ұзаққа созылады. Төңірегіндегілер бұған таң қалып, ақшасының жетпегені үшін жылағаны бекер деп жұбатуға тырысады. Біраз уақыттан кейін ол жылап отырып, таңырқай қарап тұрған көпшілікке былай дейді:

«Көз жасым бұл дүние үшін деп ойламаңдар! Бүгін үйдегі есебім базарға сәйкескен жоқ! Ондай болса ертең дүние есебім ақіретке қалай сәйкеседі? Соны ойлап жыладым!».

Дүниедегі өмір түгесіліп біткен соң ұлы періште Исрафил (ғаләйһиссәләм) сурға үрлейді де, сол сурдың даусымен адамдар қайтадан тіріліп, түрегеледі және

махшар жеріне келеді.

Сол күні адамдардың қайтадан тірілтілуі жоқтан бар етуші болған Хаққ Тағала үшін өте оңай жағдай. Аллаһ Тағала аят кәримде осы жағдайға байланысты былай дейді:

«Адам баласы былай дейді: «Мен өлгенде қайтадан тірілтіліп (қабірімнен) шығарылам ба?» Адамзат бұрын түкке тұрғысыз нәрсе болып тұрған кезде де оны жаратқанымызды ойламайды ма?» (Мәриәм сүресі, 66-67 аяттар)

«Адам баласы Біз олардың сүйектерін бір араға қайта жинай алмайды деп ойлайды ма? Әлбетте, оны саусақтарының ұшына дейін қайтадан қалпына келтіруге Біздің күшіміз жетеді!» (Қиямет сүресі, 3-4 аяттар)

«Адам баласы көрмей ме, біз оны бір тамшы судан жараттық. Ол сонда да бізге ашық түрде қастық көрсетеді. Өз жаратылысын ұмыта, бізге қарсы мысал келтіруге тырысып: «Осы шіріп кеткен сүйектерді кім тірілтеді?» -дейді».

«(Оларға**) Айт: Оларды алғаш Жаратқан тірілтеді. Өйткені Ол жаратудың барлық түрін өте жақсы біледі. Жасыл ағаштан сендер үшін от шығарған Ол. Сендер содан от жағып, пайдаланасыңдар. Көктерді және жерді жаратқан Аллаһтың, соларға ұқсасын жаратуға құдіреті жетпейді ме? Әлбетте күші жетеді. Ол барлығын Жаратушы, толық Білуші».**

«Ол бір нәрсе жаратуды қаласа, тек «Бол!» деп айтады, сонда ол дереу бола салады. Барлық нәрсенің билігі қолында тұрған Аллаһ қандай да кемшіліктен пәк. Сендер де Оған қайта қайтарыласыңдар».(Ясин сүресі, 77-83 аяттар)

«Ол өліден тірі, тіріден өлі шығарады. Жер бетін де өлгеннен кейін Ол қайта жандандырады. Міне, сендер

де (қабірлеріңнен) осылай шығарыласыңдар».(Рум сүресі, 19-аят)

«Ей, адам баласы!

Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, мынаны біліңдер! Біз сендерді топырақтан, одан соң тамшыдан, одан кейін бір уыс ұйыған қаннан, одан кейін мүшелері белгісіз, белгілі жаны бар кесек еттен, сендерге құдіретімізді көрсетейік деп жараттық. Және кімдерді қалаған болсақ, соларды белгілі мерзімге дейін жатырларда тоқтатып қоямыз да, сендерді бөбек түрінде сыртқа шығарамыз. Сондай-ақ күшті шақтарыңа жету үшін сендерді үлкейтеміз. Араларыңнан кейбіреулеріңнің жаны алынып, кейбіреулерің білетін адам болғаннан кейін түк нәрсе білмейтін күйге оралсын деп өмірдің ең пайдасыз шағына дейін апарылады. Сен жер бетін де қуарған және өлген халінде көресің, бірақ біз оған жаңбыр жаудырғанда, ол құлпырып көпсиді де, әр түрден (немесе жұптан) көркем өсімдіктер береді». (Хажж, 5-аят)

Өмір сүрдіртетін, өлтіретін және тірілтетін Аллаһ Тағаланың осы баяндары қайтадан тірілтілудің сөзсіз болатынын көрсетеді. Ондай болатын болса, маңыздысы Пайғамбардың (с.а.у.):

«Қалай өмір сүрсеңдер сол күйде өлесіңдер және қалай өлсеңдер сол күйде тірілтілесіңдер!» баянынан сабақ ала отырып, сол күнге дайындықпен бара білу.

Өйткені Хаққ Тағала былай айтады:

«Кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол соны көреді. Ал кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, ол да соны көреді».(Зілзала сүресі, 7-8 аяттар)

«Ол күні мал да, ұрпақ та пайда бермейді. Тек қана Аллаһқа қалбун сәлиммен(таза жүрекпен) келгендер бөлек».(Шуғара сүресі, 88-89 аяттар)

Былайша айтқанда, адам баласы өз денесін шағып алған шыбын да болса оған ашуланып жазасын береді, ал біреу сыйлап берген бір кесе шайға бола қырық жыл құрметін сақтайды. Сондықтан өмір бойы ризығын жеген Аллаһтың алдында істеген істеріне ешқандай жауапкершілік немесе алғыс сезінбеуден асқан ғапылдық бола алмайды. Өйткені бұл дүниеде залымның зұлымдығы, бейшараның аһылап-уһілеп қайғыруы, кәпірдің күпіршілігі, мүминнің иманы бар. Егер бұларға сый немесе жаза берілмесе, бүкіл әлемді адамзаттың өміріне арнаған иләһи жоспардың мағынасы қалмай, адамның жаратылуы да қисынсыз болар еді. Бұл әрине Аллаһтың әділет сипатына қайшы болар еді. Алайда Хақ Тағала бүкіл кемшіліктерден пәк болғанындай, мұндай болудан да пәк. Аллаһ Тағала былай айтады:

«Адам баласы өзін емін-еркін жіберіледі деп ойлайды ма?»(Қиямет сүресі, 36-аят)

«Біз сендерді босқа және ойын-сауыққа жаратты деп, әрі бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?» (Муминун сүресі, 115-аят)

«Біз көктер мен жерді және екеуінің арасындағыларды ойын болсын деп жаратпадық».(Духан сүресі, 38-аят)

«Кәпірлер қиямет бізге келмейді деді. (Оларға**) Айт: Жоқ! Олай емес. Ғайыпты білетін Раббыма ант етемін! Әлбетте сендерге ол мезгіл келеді. Көктердегі және жердегі тозаңның түйірінің салмағындай нәрсе де Одан жасырын қалмайды. Тіпті көзге ілінбес кішкенесі болсын, одан үлкені болсын барлығы ап-ашық бір кітапта (**ләухул-махфузда**) жазулы».** (Сәбә сүресі, 3-аят)

«Өзінен басқа ешбір тәңір болмаған Аллаһ әлбетте

сендердің бәріңді қиямет күнінде жинайды, бұда ешбір күдік жоқ. Аллаһтан артық туралықты айтар кім бар?» (Ниса сүресі, 87-аят)

«(Адам баласы:) **«Қиямет күні қашан болады екен?»деп сұрайды. Ол көздер үрейленіп қорыққан, ай тұтылған, Күн мен Ай бір араға келтіріліп қарайған сәтте болады. Міне, сол күні адам баласы: «Енді қайда қашамыз?» дейді. Жоқ сол күні қашарға орын жоқ, әсте пана болмайды. Сол күні әркімнің барып тоқтайтын жері тек қана Раббысының алды. Сол күні адам баласына бұрыннан істеп (**ақіретке**) жібергендерінің және артында қалдырғандарының барлығы өзіне білдіріледі».**(Қиямет сүресі, 6-13 аяттар)

Аят кәримдерде және хадис шәрифтерде қияметтің қашан болатыны дәл айтылмағанымен кішкене және үлкен бірнеше белгілері айтылған. Бұларды қысқаша былай атай аламыз:

а. Кішкене белгілері

1. Ілім жоғалады да керісінше надандық көбейеді. Осы жағдайда арақ-шарап ішу және ойнастық жасау әшкере жасалатын іс болады.

2. Жайдан-жай, себепсіз адам өлтірулер көбейеді.

3. Әділет пен қабілет жоғалып, харам мен халалға назар аударылмайды.

4. Әке-шешеге қарсы тұру және әйелдерге бағыну көбейеді.

5. Өлшемде және таразыда айлакерлік көбейеді де, әркім бұл айлаға наразылығын білдірер күйге келеді.

6. Адам баласына деген сый-құрмет әрі мейірімділік қатты азаяды және адамдар насихаттарға құлақ аспайтын болады.

7. Қалаларға көшу көбейеді, үйлер биік салына

---

* **Самәд:** Ешнәрсеге қажеті болмаған; Аллаһ Тағаланың сипаты.

бастайды. Жаман әрі қабілетсіз адамдар сый-құрметке бөленеді де, билік соларда болады.

8. Құмар, балгерлік және ойын құралдары көбейіп, халықтың назарын босатпай тартады, уақыттың қалай өтіп кеткені сезілмейді.

9. Ысырап көбейеді, дүние мал-мүлкі және мүддесі ақірет бақытынан артық көрілетін күйге түседі.

ә. Үлкен белгілері

1. Қырық күндей болатын бір тұман пайда болады.

2. Дәжжалдың (тажал) шығуы.

3. Дәббәтул-ард делінетін бір хайуанның пайда болуы.

4. Күннің батыстан тууы.

5. Яжуж бен Мәжүждің дүниені басып кетуі.

6. Хазіреті Исаның жер бетіне түсуі.

7. Хижазда (Арабия аймағы) күшті бір оттың пайда болуы.

8. Шығыс, батыс және Араб жартыаралынан үш өлкенің батып кетуі.

Қияметтің басталуы Исрафил (ғаләйһиссәләм)нің Сурға үрлеуімен болады және қайтадан тірілу де Сурға екінші рет үрлеумен іске асады. Аят кәримде былай айтылады:

«Сурға үрленгенде, Аллаһтың қалағандарынан басқа көктерде және жердегілердің барлығы құлап өледі. Кейін Сурға тағы бір рет үрленгенде, олар дереу түрегеледі де, қарап қалады». (Зүмәр сүресі, 68-аят)

Діни әдебиеттерде Сурға үрленуі кезінде кезегімен осы үш мезгілдің болатыны баяндалады.

* Қазақтар өлген біреу үшін «қаза тапты» дейді. Міне, осы сөз ата-бабаларымыздың қандай күшті мұсылман болғанын көрсетеді. Әзәлда өлетін уақыты белгіленген адам өлген кезде оған қаза тапты деп айтылады.

1. Нәфхатү'л-фәза: Күллі дүние үсіп қатып қалады.

2. Нәфхатү'с-сайқа: Барлық нәрсе жойылады да; тау, тас, төбе деген нәрсе қалмай, жер шары теп-тегіс болады. Сонымен Бақи Аллаһ Тағаладан басқа барлық нәрсе жойылады.

3. Нәфхатү қиями Раббил-ғаләмин: Аллаһ Тағала Махлұқатына «Тұрыңдар!» деп бұйрық береді де, барлығы түрегеледі.[2]

«Сур үрлегенде қабірлерінен Раббыларына қарай жүгіре отырып шығады да «Әттең-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды?»— дейді. Оларға: «Міне, Рахман Аллаһтың уәдесі, пайғамбарлар рас айтып еді», делінеді». (Ясин сүресі, 51-52 аяттар)

Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша кәпірлер және мұсылман бола тұрып Аллаһқа қарсы келгендер қабірлерінде азап тартса да, бұл азап Жәһаннамдағы (тозақ) азапқа қарағанда өте жеңіл болатыны соншалықты, қабірдегі жағдайы ұйқыда жатқандағыдай саналып, одан айыққанда өте қиын азапқа ұшырайды, сөйтіп:

«Иа, уәйләнә/Әттең-ай!» - деп айқайлай бастайды.

Келген нақылдар бойынша бірінші үрлеу мен екінші үрлеу арасында қырық жылдай қабір азабы алынады да, өлілер ұйықтап жатқан сияқты бір күйде болады. Сондықтан күнәһарлар қиямет болғанда тіріліп тозақ азабына ұшырайтындарын аңғарып айқай салады да:

«Бізді ұйқымыздан кім оятты?» – дейді.

Бұл жерде ұмытылмауы керек болған жағдай қияметтің қашан болатыны емес, әркімнің қияметі болып саналатын өлімге және өлімнен кейінгі өмірге дайын болу-болмауы.

Дүние алдамшы бір сағым, ал ақірет өлімсіз мәңгі өмір. Шарасыз қалып, өкінішке ұшырағандардың қатарында қалмау үшін өз қияметіміз - өлім келмей тұрып оянайық. Өйткені әр фәнидің белгісіз бір уақытта

және мекенде Әзірейілмен кездесетіні сөзсіз. Өлімнен қашып құтылатын ешбір жер жоқ. Ондай болса адам баласы:

«....Аллаһқа жүгіріңдер..»(Зарият сүресі,50) аятының сырынан несібесін алып иләһи мейірімді тек пана деп қабылдауы керек.

VI. ТАҒДЫРҒА, ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚТЫҢ АЛЛАҺТАН ЕКЕНДІГІНЕ ИМАН

Аллаһтың еркі мен қалауы барлық жаратылыстың жаратылуының өзегінде бар нәрсе. Оның қалауы әрі құдіреті болмай ешбір нәрсе пайда болмайды. Бір тозаң да болса Аллаһтың еркі және құдіреті болмай жатқан жерінен ұшпайды, кішкентай бір шыбын да қанатын қозғай алмайды. Сондықтан Аллаһ Тағала толық ілім Иесі болғандықтан болған және болатын әр нәрсені біледі. Болатын бір нәрсенің езелде (ежелде) жазылып белгіленуін «қадар» яғни тағдыр, оның іске асып, орындалуын «қаза»[1] деп атайды.

Қадардың (тағдыр) адамдық санамен толық түрде аңғарылуы мүмкін емес. Сондықтан бірталай рет негізгі мағынасынан басқа мағынада жорылып жаман ойлар, жаман істер істелген. Сол Себепті осы мәселеде тереңдікке жету табысқа апармайды. Өйткені:

АРАПШАСЫ

«Ғайыптың кілттері Аллаһтың қасында, оларды Одан басқасы білмейді..».(Әнғам сүресі, 59-аят) иләһи баяны қадар мәселесінде терең ойлап білуге рұқсат бермейді.

Негізінде, соқыр адамға рең-түсті таныта алмайтынымыз секілді, адамдық түйсік сана-сезімімен

де осындай жағдайлардың сырына жете алмаймыз. Бірақ Аллаһ Тағаланың өздеріне ләдүни ілім берген құлдарының азғантай несібесі бола алады. Құран Кәрімде баяндалған мына оқиға мұның ең айқын мысалы:

Аллаһ Тағала Мұса пайғамбарды (ғаләйһиссәләм) өзінен сол ілімді үйренсін деп ләдүни ілім иесі Хыдыр(Қызыр) (ғаләйһиссәләм)ға жібереді. Осы ілім себептер мен сылтаулардың ар жағынан, яғни ләухул маһфұздан бір ұшқын шағылыстыратын ілім. Хазіреті Мұса мен Хазіреті Хыдыр сапарға шығады. Сапарда Мұса (ғаләйһиссәләм) түрлі ғажайып ләдүни оқиғаларға куә болады. Расында Хыдыр қиссасындағы оқиғалар ақылмен сараланып, оқиғаға тек қана сырттай қаралса, кеменің тесілуі иелеріне жасалған зұлымдық сияқты, ал шындығында оны залымдардың тонап кетуіне бөгет болу арқылы, сонымен нанын тауып жеп отырған кеменің міскін иесіне жасалған жақсылық еді.

Тағы сырттай қарағанда баланың өлтірілуі бір қылмыс, ал ақиқатында салиқалы және тақуалы болып, адал өмір сүрген әке-шешесінің ақірет өмірінің қорғалуы.

Тағы сырттай қарағанда өздерін қуған ауылдың қоршауларын өріп беруі қисынға келмейді, ал ақиқатында екі жетімге қатысты аманаттың қорғалуы.

Әрине, бұл жағдайлардың сырлары Хаққ сыйлығы болған ләдүни ілім арқылы жарыққа шығуда. Сондықтан қадардың яғни тағдырдың сырын ақылмен түсініп, аңғару мүмкін емес. Өйткені қадарды аңғару адам түсінігі жете алмайтын жағдай. Сондықтан Аллаһ Расулі (с.а.у.) қадарға иман келтірумен ғана шектелуімізді бұйырған және осы мәселе жайында орынсыз таластарға қарсы болғандығы соншалықты, тағдыр туралы пікір таластырып жатқан бір топқа кез келгенде оларға:

«Сендер осылай істеуге жауаптысыңдар ма? Немесе мен сендерге осы үшін жіберілдім бе? Сендерден бұрын өмір сүрген үмбеттер осы тағдыр мәселесі жөнінде пікір таластырғандықтан құрып кеткен. Қадар туралы пікір таластырып, терең ой жүгіртуден сақ болыңдар!» – деп айтқан.

Сондықтан тереңдікке жетуден гөрі, негізгі нүктені тура аңғару бұл мәселенің ең маңыздысы және жеткілікті мөлшері. Негізгі нүкте осы:

Аллаһ Тағала адамзат үшін тағдыр еткен істерді екі бөлімге бөліп қарастырамыз:

1. Мәжбүрлі істер
2. Ерікті істер

Мәжбүрлі істер:

Бұл бөлімге кіретін істер өз армандарымыз бен қалауымыздан тыс пайда болатындықтан, толығымен қадар мен қазаның көрініс табуынан тұрады. Бұған керісінше әрекет жасау мүлде мүмкін емес. Туу, өлу, тірілу, ұйықтау, қарын ашу, дене құрылысымыз, өмір сүру мерзіміміз және т.б. жағдайлардың барлығы қадардың осы бөліміне кіреді. Оларды «Мутлақ қадар», яғни жалпы тағдыр деп атайды және адамзат баласы мәжбүрлікпен бағынатындықтан, бұл істерден жауапты емес.

Тағдырдың, яғни қадардың осы бөлімінің іске асу уақыты келгенде адамның көретін көзі көрмейді, еститін құлағы естімейтін болады. Хазіреті Мәулана қаза туралы былай айтады:

«Қаза іске асқанда, балықтар өздерін теңізден сыртқа лақтырады. Көкте ұшқан құстар, жерде өздері үшін дайындалған тұзақтарға қарай жүгіре бастайды.

Мұндай қадар мен қазадан тек қана сол қадар мен

қазаға қашқандар құтылады» Яғни, тағдырға толық сенгендер сол тағдырдың қиыншылықтарын сезбейді.

Өйткені Аллаһ Тағала:

«...Аллаһтың бұйрығы сөзсіз орындалатын, жазылып қойған қадар»(Ахзаб сүресі, 38-аят), – деп айтқан.

Бірақ қадарды апаттар ғана деп түсінбеу керек. Қадардың бір мағынасы әлемдегі деңгейді, тепе-теңдікті және осы теңдіктің иләһи өлшемін баяндайды. Аллаһ Тағала былай айтады:

«Біз барлық нәрсені белгілі қадарымен/өлшемімен жараттық». (Қамар сүресі, 49-аят)

Сондықтан қадардың үкіміне сынап сөз айту, ұнатпау надандық тіпті ақымақтық болады. Өйткені оның үкімі үнемі орынды. Мысалы, біз өмір сүріп жатқан мына әлемде бір сәт және милиметр де болса саспайтын әрі шатаспайтын деңгейде үнемі жалғасатын және дүниемізге жарық беретін Күн туралы, оның өз еркіне қарай әрекет жасап дүниеден алыстайтыны немесе жақындайтыны туралы мүмин және кәпірдің қайғысы немесе қаупі болмайды. Өйткені Күннің бір сәт те болса саспай белгілі бір тәртіпте күнде туып, бататынына бәрі сенеді. Осы сияқты жақсылы-жаманды пайда болатын әр оқиғаның хикметі білінсе, талассыз айтылатын сөз үнемі «Ең дұрысы осы!»деп, иләһи жоспарды қабылдап бекітуден басқасы болмайды. Ең азғын кәпірлер де өз денелері туралы тағдырына жазылған иләһи сәйкестік, тәртіп және мүшелердің істеуі жайында өз еріктерімен болмаса да таң қалады. Иләһи тағдыр жоспарынан иләһи рұқсат бойынша шешіле білетін әр сыр, сынау былай тұрсын, кәпір де болса дұрыс ақыл иесі әр адамды қайран қалдырып, еріксіз таңдай қақтырады. Бұл мәселеде арылы-берілі сөйлейтіндер тек тағдырдың сырынан

бейхабар, ақыл мен түйсіктен мақрұм болғандар ғана. Бұлар жақсылық пен жамандықтың, дұрыс пен бұрыстың, хақ пен жалғанның шынайы бейнесін білмейтін, надандық құрбандары болып табылады.

Барша халықтың білетініндей қадар мен қазаны адам баласы білмейді. Бұл да негізінде фәниде тіршілік ететін адам баласы үшін сыйлық. Өйткені әрбір адам басына түсетін жақсылы-жаманды әр нәрсені біліп жүрсе, өмір сүре алмайтындай күйге түседі. Жеп-ішуден, еңбек етуден және т.б. нәрселерден бас тартады. Бірақ Хаққ Тағала қадар мен қазаны белгісіз қылып жасырғандықтан, адам баласы өлім тап алдына келіп тұрса да, өмір сүрем деген үмітте болады әрі өмірге қатысты істерден қолын үзбейді. Бұл жағдай – дүние тіршілігінде күн көруді мүмкін қылатын зор, әрі кәміл ұйымдастырылған иләһи жүйе.

Жақсылықпен қоса жамандықтың да Аллаһтан болу мәселесі былайша: жамандық Оның қалауы нәтижесінде емес, сынақ мақсатында іске асатын иләһи құбылыс. Тіпті жамандықтың ортаға шығуына Аллаһ Тағаланың рұқсат беруі, виза қоюы Оның құлдарына деген кең әрі терең мархабатының көрінісі. Өйткені бұл виза әр жамандыққа рұқсат бермеуде және сезіп білсек те, білмесек те біздерді материалдық және рухани жақтан талай пәлекеттерден қорғауда. Әйтпесе адам баласы нәпсінің және шайтанның азғыруымен істеген қылмыстарына және ғапылдықтарына кім біледі, әлі қаншасын қосар еді. Өйткені ол біліп және білмей жақсылыққа қандай талаптанса, жамандыққа да сондай мөлшерде талаптанады. Бұл шындықты Хаққ Тағала Құран Кәрімде былай баяндайды:

«Адам баласы қайырды (жақсылықты) тілегеніндей шерді(жамандық) де тілейді. Адам баласы тым сабырсыз». (Исра сүресі, 11-аят)

«Егер Аллаһ адам баласына қайырды асығып

сұрағанындай жамандықты да тезірек берсе, әлбетте, олардың ажалдары әлдеқашан келтірілген болар еді..». (Юнус сүресі, 11-аят)

Адамзат өз ойын, көзқарасын және ісін қаншалықты бақыласа, осы аят кәримнің мағынасын соншалықты аңғарады. Мысалы, өтірікші біреу алдындағы адамды көндіру үшін «егер өтірік айтқан болсам, екі көзім соқыр болсын» деп айтса да соқыр болмайды, әрі өзіне берілген сынақ мерзімі табиғи шарттармен жалғасады. Және бірталай адамдардың: «Осылай істесем қолым сынсын; осыны істесем қарам қалсын, атым өшсін; мұны істейтін болсам өлгенімде көр!» – деген сияқты шын жүрекпен айтылған, бірақ бос сөздер болады. Бірақ кезі келгенде өз айтқандарынан басқаша жағдайға түсіп қалады. Сонда қолдары да сынбайды, бастары да жұлынбайды, не өлмейді. Адамзат өмірінде осыларға ұқсас талай мысалдар бар. Міне, Аллаһ Тағала осындай жағдайларды мейірімінің себебінен болдырмауда. Жоғарыдағы аят кәримдер осы нүктені баяндайды.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Егер Аллаһ саған бір зиян жеткізсе, оны Одан басқа жоятын ешкім жоқ. Егер саған бір жақсылық қаласа, Оның жомарттығын тойтарушы да жоқ. Ол жақсылығын құлдарынан қалағанына береді. Және Ол өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді». (Юнус сүресі, 107-аят)

Қорыта айтатын болсақ, жүректің сафтығы тағдырға разы болуда. Керісінше, әрекет істеу ешқандай пайдаға әкелмейді.

`

Ерікті істер:

Аллаһ Тағала өз қалауынан бөліп, құлдарына ерік пен қалаудың шектеулі мөлшерін сыйлаған. Құл осы қалаудың қолданылуы(жұмсалуы) нәтижесінде жасаған

істерінің себебінен, олар жақсы болса сыйға жетеді, ал жамандық болса жазаға душар болады. Аллаһ Тағала қалаған ісіне жаратушы сипатымен қатысады. Бірақ мұндай істерде жарату сипатымен қатар, жасау сипаты да болады. Сол жасау сипаты құлға тән. Бірақ Аллаһ Тағала құлдың әр ісіне жаратушы сипатымен қатысып, бірақ сол істің жүзеге асуына рұқсат бермеуі мүмкін. Құлдардың армандап іске асыра алмаған істері осы санатқа жатады.

Жоғарыда баяндағанымыздай әркімге қажет болатын негізгі мағлұматтан тыс, қадар мәселесін талқылау дұрыс емес. Өйткені қадар бір құлып секілді, әрі оның кілті Аллаһ Тағалада. Құлдардың түйсігінен жоғары тұратын жағдай бұл. Оның сырын аңғару тек әулие құлдардың кейбіреулеріне, белгілі шектеулі мөлшерде ғана нәсіп болады. Сондықтан сол құлыпты ашуға тырысу, құлдың өз шегінен асуы деп есептеледі.

Бізге тән заман ұғымының Аллаһ Тағалаға үкімі жүрмейтін болмағандықтан, Әлемнің Жаратушысы үшін болашақтағы бір нәрсені білу, болып өткен нәрсені білуімен бірдей, оп-оңай. Біз уақытпен шектелген әлемде пікір таластырғандықтан, Аллаһтың болатын нәрселерді білуін өзі тарапынан тағдыр етіліп, тіпті Ол тарапынан күш жұмсалып іске асырылады деген ойда боламыз. Мұны түсіне алмауымыз біздің уақыт пен мекенге тәуелді әлемде өмір сүріп жатқандығымыздан ғана. Алайда заман пердесі ашылғанда әр нәрсе бір сәтте көріледі. Расында Аллаһ Расулі (с.а.у.) миғраж кешінде көргендерін баяндап бергенде ежел әлемін аңғарған түрде:

«Қадарды жазған қаламның сықырлауын естідім»[1], – деп айтуымен бір ақиқатты жеткізгісі келсе, бір жағынан мәңгі әлемде көргенін:

«Абдуррахман бин Ауф осылай жәннатқа кіріп жатқан», - деп айтып оның әлі болмаған келешекті

көргенін баяндаған болатын.

Миғраж кешінде Хазіреті Пайғамбарға уақыт деген шектен шығарылып сыйланған осы ақиқат Аллаһ Тағала үшін әрқашан бар әрі Оған ғана тән. Өйткені Ол уақытпен шектелуден пәк.

Сондықтан уақыт мәселесіндегі кемшілік әрі әлсіздік перделерімізді ашатын болсақ, Аллаһ Тағала құлдарына жауапкершіліктері мөлшеріне қарай қалау, қалау мөлшеріне қарай жауапкершілік бергенін көрер едік. Бұл осылай болмаса Рахман және Рахим болған Аллаһ құлдарына әр түрлі жауапкершілік жүктемей және оларды әмірлері мен тыйымдарын орындау не орындамау жөнінде есепке тартпас еді. Оның құлдары үшін жауапкершілікті, әрі есепке тартылуды тағдыр етуі және осыған қажет боларлықтай деңгейде ерік(ираде) және қалауды (қалағанын істей білу) құлдарына бергенін айқындайды. Осы шындықты байқай алмағандарға Хазіреті Мәулана былай айтады:

«Құл қадар мен қазаға толық сеніп берілсе, ол алатын сый – Аллаһтың ризалығына жету. Осы ризалыққа жеткендер үшін қадар мен қаза халуа тәрізді тәтті болып, жүздерін күлімдетеді.

Қисық жүрсең қалам қисық жазады, ал тура жүрсең бақыт туғызады.

Бір ұры сақшыға ұсталынып қалғанда оған:

-Мырзам, істегенім Аллаһтың үкімі және тағдыры, – депті. Сақшы оның бұл сөздеріне қарап:

-Әй, мырза, Қылмысты істеп алып, тағдыр осылай екен дейсің, бұл ақылды кісінің ісі ме? Ендеше мен саған қазір беретін жаза да Аллаһтың үкімі және тағдыры,- деген екен.

Құлға Раббысының тарапынан сыйланған барлық мүмкіндіктерге, ерік пен қалауға (таңдау) маңыздылығынан артық мән беру және ақылды бәрінен

жоғары санап, соған табынып кету де надандықтың әсері. Расында, ілімнен гөрі парасат артқан сайын, адамдық ерік пен таңдаудың күлли ерік алдында қаншалықты аз әрі кішкене екендігі оңайлықпен аңғарылады.

Құл ерік иесі. Осы ерік және құдірет оған Хаққ Тағала тарапынан сыйланған. Аллаһ Тағаланың жаратуы мен қалауы әр істе қатысы болғанымен, ризалығы тек хайырда ғана. Ұстаздың мақсаты – шәкірттерінің толық мәлімет иесі болып сыныбын өтуі. Шәкірт тырысып дайындалса, ұстаздың істейтін ешнәрсесі жоқ. Дәрігердің міндеті – ауырып жатқан адамның ауруына шипа табу. Ауырған адам өзіне берілген рецептіні қабылдап, әрекет жасамаса одан туындайтан теріс нәтижеге тек қана өзі жауапты болады. Дәрігерге ешқандай кінә тағылмайды.

Сондықтан тағдыр, өз қалауымыздан пайда болатындықтан жауапкершілік мәселесінде қадарды сылтау қылып өзімізді кінәсіз, кешірімді деп санай алмаймыз.

Ғибадаты болмаған және жаман жолға түскен біреудің: «Не істей аламын, тағдырым осындай екен!» – деп айтуы оның аңқаулығынан, ғапылдығынан. Намаз оқығысы келген адамға Аллаһ Тағала оқу себептерін жаратып сыйлайды, ал оқығысы келмегендерге оқуға бөгет болатын себептер жаратып, оқытпайды.

Өзіміз күнә істеп алып, күнәларымызды кешірімді, өзімізді күнәсіз көрсету «қадарға жала жабу» болып табылады, ақылсыздық және әдепсіздік деп есептеледі.

Міне, Шәһәдәт кәлимасы (куәлік сөзі) кітап басынан осы жерге дейін айтылған ережелерге кәміл түрде иман келтіруді баяндайды және осы мазмұнмен бірге Шәһәдәт кәлимасын жүрекпен бекітіп, тілмен жеткізген кісі шынайы мүмин болады.

Куәлік сөзі тек қана екі ауыз сөзден тұрады деп ойлап, оның терең ішкі мағынасынан хабарсыз болу үлкен ғапылдық. Оның ақиқатының үлкендігін, ұлылығын сезген кәміл иманды жүректер өмірлерін сол өздері сезген ұлылыққа лайық болу жолында сарп етеді. Өмірлерін тасбих халіне келтіріп, бір сәт те болса Хаққ Тағаладан ғапыл болмау үшін қайрат жұмсап, алға қарай ұмтылады. Мұндай шынайы пейілді пенделер сонда да Аллаһтың алдында әлсіздік, ештік сезімінен айрылмай, үнемі дамуға құштар келеді.

Сондықтан шын мағынасымен куәлік сөзін айту үшін оның сырларын аңғарып, тиісінше амал ету қажет. Ғапылдықпен айтылған куәлік сөзі пайдаға жеткізсе де, құлды негізгі мақсатқа жеткізбейді. Тек қана ояу әрі тірі көңілмен берілген куәліктер, түсініктер жете алмайтын ұлы әрі мәңгі сыйларға жетуді мүмкін қылады.

`

Бір күні Пайғамбар (с.а.у.) өзінің құтпасында:

- Кімде-кім куәлік сөзді шын жүрекпен, шынайы түрде айтса, яғни айтарда сенім жағынан шым-шытырық нәрселерді қоспаса, Жәннат оған уәжіп болады, – деді.

Хазіреті Әли (радиаллаһу ғанһу):

-Уа, Расулаллаһ! Шым-шытырық нәрселерді қоспау дегеніңізді қалай түсінейік? – деп сұрады.

Аллаһ Расулі (с.а.у.):

- Дүниеге деген махаббат; оған беріліп артынан еру, – деп жауап берді.

Басқа бір хадис шәрифте былай айтылған:

«Қандай бір құл болмасын шынайы түрде куәлік сөзін айтса, аспанның есіктері оған ашылады! Бұл дәреженің үлкен болғандығы соншалық, ол үлкен күнәлардан сақтанып жүргеніне қарай айтқан осы куәлік сөзі Аршыға дейін жетеді».[1]

Сондықтан күнә істерден сақ болу зәрулігі тағы бар. Расында, тағы бір хадис шәрифте былай айтылады:

«Құл бір күнә істесе, жүрегінде бір қара дақ пайда болады. Егер шын жүрекпен тәубеге келіп, кешірім сұраса сол қара дақ жоғалады, әйтпесе сол дақ әбден орнығып алады. Кейін тағы бір күнә істесе, тағы бір дақ пайда болады да, аяғында жүрегі қап-қара бір халге жетеді».[2]

Мұндай адамдардың жүрегіне хақ сөз тәухид кәлимасы әсер етпейді. Ондай болса адамның жүрегін күйрететін төрт нәрседен сақ болу қажет:

1. Ақымақтармен таласу,
2. Күнәлардың көп болуы,
3. Намахрем[3] әйелдермен үнемі араласып, олармен қоян-қолтық болу,
4. Жүрегі өлі адамдармен бірге болу.

Шайтанның ең үлкен арманы көңілге маза бермеу. Егер жүрек зікірмен шұғылданса, шайтан оған жақындай алмайды, бұл Шайтанның күйреуі. Бірақ керісінше болып, жүрек Аллаһты зікір етуден алыстаса, Шайтан оның мазасын оп-оңай қашырады.

Сондықтан аят кәримде былай айтылады:

АРАПШАСЫ

«Иман келтіргендердің Аллаһты зікір етуден және Одан түскен Құраннан жүректерінің елжірейтін уақыты әлі келмеді ме?»(Хадид сүресі, 16-аят)

Зікірден алыс болып, нәпсісіне жеңілген адам, балшыққа түскен асыл тас сияқты. Нәпсімен күресу – құлдың балшыққа былғану сияқты жамандықтардан өзін тазартып, жан дүниесінің төріндегі гауһарды жарыққа шығаруы десек болады. Мұндай дәрежеде көңілін тазартқандарға иләһи назар шағылысады. Аллаһ Тағала былай айтады:

«Нәпсісін тазартқандар құтылды». (Ағлә сүресі, 14-аят)

Бұл тазартудың да кәлима айтудан басталатындығында ешқандай шек-шүбә жоқ.

Хазіреті Хасан Басри Шайтанның:

«Мұхаммед үмбетінің жолына күнәларды әшекейлеп тізіп қоямын, бірақ олардың тәубе етіп кешірім сұраулары сағымды сындырып, табысқа жеткізбейді. Сонда мен олар күнә деп ойламайтын, сырттай дұрыс, бірақ негізі қате болған талай істерді алдарына шығарамын. Сонымен олардың бірталайы күнә деп санамағандықтан қате істеуден қашпайды, тіпті тәубе етіп кешірім де сұрамайды», – деп айтатынын жариялап, мүминдерге былайша ескерту жасайды:

«Міне, осы нақылдағы күнә деп саналмайтын, бірталай қылмыстар бидғаттан, яғни нәпсілеріне бағынып орындаған және діннен екен деп ойлаған нәрселерден тұрады».

Уәһб бин Мүнәббиһ былай дейді:

«Аллаһтан қорық! Адамдардың арасында шайтанды лағынеттейсің, ал жалғыз қалғанда оған бас иіп, онымен дос боласың».

Кәлиманың екі ұшы

Шәһәдәт кәлимасының екі ұшы бар. Біріншісі – тәухид, яғни Аллаһ Тағаланың бар әрі бір екендігіне иман келтіру; екіншісі – Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) құл әрі пайғамбар екендігін қабылдап, бекіту.

Иман осы екі ұшы бар сенімнің бір бүтін халінде көңілде орналасу нәтижесінде пайда болады. Сондықтан жалғыз-ақ Аллаһ Тағалаға иман келтіру немесе тек қана пайғамбарына иман келтіру жеткіліксіз. Осы жайда ғапылдық істемей, Аллаһқа иман келтірумен

бірге Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) иман келтірудің маңыздылығы лайықты түрде аңғарылуы қажет.

Осы жайдағы көп аяттардың біреуінде былай баяндалады:

«Кім Аллаһқа және Пайғамбарына бағынса, ол зор табысқа жеткен болады».(Ахзаб сүресі, 71-аят)

Аллаһ Тағала «Хабибім» деп атаған ол ардақты Пайғамбардың бүкіл махлұқаттың ішінде ең ұлы мәртебеде болғаны соншалық, Хақғ Тағала Оның мүбарак есімін өз мүбарак есіміне қосып айтқызады.

Аллаһ Тағала хабибіне берген жоғары мәртебені, абыройды және үстемдікті езелді әрі мәңгілік кітабы Құран Кәрімде бекітіп, былай деген:

АРАПШАСЫ

«Сенің есіміңді ардақтадық!» (Инширах сүресі, 4-аят)

Кейбір тәфсиршілер осы аятқа былай түсініктеме береді:

«Ей, Расулім! Тәухид (бірлеу) сөзінде мен айтылған кезде сен де менімен бірге айтыласың!»

Сондықтан шәһәдәт кәлимасы, яғни Аллаһтың бір екендігін және Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.) Оның құлы әрі елшісі екендігін жариялау, құлдың иман келтіргендер тобынан бола білуі үшін жүрекпен бекітіп, тілмен жеткізетін ең алғашқы сөзі әрі Исламның алғашқы шарты болып табылады.

Раббымыз әлемді және адамзатты қасиетті есімдері мен сипаттарының қажеттілігіне қарай жаратып, оларды иләһи жүйе, тәртіп және құдірет ағыстарымен безендірген. Жіңішке есеп пен тәртіп, өте керемет жүйе

ішінде езелден мәңгілікке қарай ағып кетіп бара жатқан бұл әлем орасан зор тәухид мектебі ретінде пайда болған. Осы тәухид мектебінің қақпасында, жерлерде және көктерде тіпті әр тозаңда:

«Біл! Одан басқа тәңір жоқ», деген тақта ілулі. Сондықтан оны зікір етпейтін, Оның құдіретін паш етпейтін ешбір тірі жан, тіпті тозаң да жоқ.

Жаратушы мен жаратылғандар арасында тәуелділік және жақындық болғандықтан, әр молекула Хақтан түскен нұрдың арқасында иләһи махаббаттан шама-шарқысы мен қабілеттерінің мөлшеріне қарай несібелерін алған. Осы жайда ең ұлы және көп үлес адам баласына тиген. Өйткені ол, махлұқаттың ішінде кәмілдік мәртебесіне лайық болатындай дәрежеде жаратылған.

Адамзат орасан иләһи мәліметтер және ақиқаттармен жабдықталып әшекейлендірілген. Оның топырағында діни сенім әуелден бар. Сондықтан Аллаһқа деген иман адамзатпен бірге басталған және иман келтіру үстемдік құрып, қияметке дейін жалғасады. Тәухид ағыстары да мәңгілікке дейін тоқтамайды. Ал атеизм (дінсіздік) делінген пәлекет нәпсі бейімділіктерінің шырмауында күдіктер мен қиялдардың себебінен ақылы мен сана-сезімі бұзылған өңкей санасы тар, шекесі тырысқан материалисттің қолында ғана қалады. Аят кәримде айтылады:

АРАПШАСЫ

«...Кәпірлер қаламаса да, Аллаһ нұрын толықтырады».(Тәубе сүресі, 32-аят)

Зікір гауһары, көңілде орнығып, көрініс тапса, құлдық сонда ғана Аллаһқа болады:

«Аллаһтың есімі аталып, еске алынса жүректері лүпілдейді»(Әнфәл сүресі, 2-аят) баянындағы мағына іске асады. Ақиқи иман ортаға шығады. Мұның маңыздылығына орай Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген:

«Киім қалай тозып ескіретін болса, жүректегі иман да сол сияқты тозып ескіреді. Ондай болса тәухид кәлимасымен имандарыңды жаңалаңдар!»

Ал зікір гауһары көңілде орнықпай тілде ғана қалатын болса, құлшылық нәпсі құмарлықтарына бағытталып кетеді. Хақң Тағала, осы халге түскендер туралы былай дейді:

«Нәпсі бейімділіктерін өзіне тәңір қылып алғанды көрдің бе? Енді сен оларға жауапты емессің!» (Фұрқан сүресі, 43-аят)

Демек, шәһәдәт кәлимасы – бізді нәпсіге құл болудан құтқарып, Хазіреті Пайғамбардың(с.а.у.) мінез-құлқымен безенуімізге көмекші болуы қажет. Керісінше жағдайда оның нәрі мен сыйына жету мүмкін болмайды.

Ислам әдебиетінде мынадай бір оқиға нақыл етілген:

Хазреті Пайғамбардың(с.а.у.) мінез-құлқына өз өмірінен орын бермеген бір кісі түсінде Әлемнің Мырзасын көреді. Пайғамбар оған қарамай, мүлде назарын аудармай тұр екен. Ол мұңайып сұрайды:

-Уа, Расулаллаһ! Маған ренжідіңіз бе?

-Жоқ!

-Ондай болса маған неге ілтипат қылмайсыз?

-Сені танымаймын ғой!

-Бұл қалай уа, Расулаллаһ? Мен үмбетіңнің бірімін. Ғалымдар сіздің өз үмбетіңізді ананың баласын

тануынан да жақсы танитыныңызды айтып жатады.

- Дұрыс! Бірақ мен сенен жақсы мінезімнен алған үлесіңді көре алмадым. Әрі маған сенен еш салауат (Пайғамбарға сәлем жіберіп Оның үнемі жақсылықта болуын Аллаһтан сұрау) келген емес. Сен менің үмбетімді менің мінез-құлқыма жақындығы мөлшерінде танитынымды біле жүр!

Ұйқысынан қайғырып оянған сол мүмин кісі бұрынғы ахуалына тәубе етеді де, Хазреті Пайғамбардың(с.а.у.) жақсы мінезіне оранып, көбірек салауат айтуға тырысады. Біраз уақыттан кейін Пайғамбарды(с.а.у.) қайтадан түсінде көреді. Бұл жолы Хазреті Пайғамбар (с.а.у.) оған:

-Енді сені танып жатырмын әрі саған шапағат етемін, – дейді.

Ол жаннан да әзиз, сүйіктілерден де сүйікті, әр қырынан махаббатқа ең лайық өзгеше бір жаратылыс. Ол дүниеге келіп-кеткендердің және келешектегілердің ең ардақтысы және ең ерекшесі, адамзат үшін қайғырғандардың ең мейірімдісі, тура жолдың жалғыз көрсетушісі, әрі үйретушісі.

Ол қыз балаларын тірідей топыраққа көміп жабайылық істегендерді көзі мен көңілі жас төгетін мейірбандарға айналдырып тәрбиелеген, оларға кітапты, сырды және хикметті үйреткен. Оны барлық нәрседен жоғарыда ұстау, теңдессіз махаббатпен сүю иманның кемелдігінен деп есептеледі. Махаббаттың бұл шыңы хадис шәрифте былай түсіндіріледі:

«Сендердің қайсыбіреулерің мені өзінен, әке-шешесінен, бала-шағасынан және бүкіл адамдардан артық сүймейінше толығымен иман келтірген болып

---

* Пайғамбардың жолында жанын пида етерліктей дәрежеде болып, оның нұрына бөленгендей күйге түсіп, оның көзқарасына сай өмір сүру.

саналмайды!.».[1]

Нұрын күннен алатын ай, қалай күннің бар болуының дәлелі болса Мұхаммеди иманның нұрымен ағарған жүректер мен көңілдер де Оның, яғни Пайғамбарымыздың куәгерлері. Сондықтан:

деп, әрі мұны махаббатпен, шын пейілдерімен айтқан жандардың жүректерінде айнаға жарық түсетіні секілді иләһи сәуле нұрландырып, рухтары сөзбен айтып жеткісіз ләззатқа орана күн кешеді.

Осындай ләззатты татып көргендердің бірі болған Біләл Хабеши[1] (радиаллаһу ғанһу)дің жағдайы ғибратқа толы:

Біләл (радиаллаһу ғанһу)дің дүниеде қолында еш нәрсесі, сүйенетін бір талы, демейтін бір туысы, қайғысына ортақ болатын бір досы жоқ еді. Ол бар болғаны біреудің құлы (тұтқын) еді. Бірақ күні туды да, иман нұрымен абырой тапты. Бұдан кейін иманы және оны қорғау үшін көрген күндері, яғни тәухид кәлимасы үшін көрген қиыншылықтары қияметке дейін келетін мүминдерге иманды қорғау әрі жариялау жолында үлгі болды.

Ол Аллаһ Расулі (с.а.у.)нің жүзін және нұрын көріп күйген және Пайғамбарға деген махаббат дариясына шомған жан еді. Бүкіл жан-тәнімен Фәнә фир-Расул[2] халіне енген жан еді. Бірақ иләһи нұрдан несібесіз иесі, оны осы күшті иманына бола қызған шөлдің алаулы құмдарына жатқызып, зұлымдық көрсеткен болатын. Жалаңаш денесін қамшымен ұрғанда, оның қара терісінен қан атқылаған-ды. Айналасын қоршап алған ғапылдар:

-Ей, жаман құл! Дінімізге қайта орал да, құтыл! – деді.

Хазіреті Біләл бұл ұсынысқа жауап ретінде

жатқызылған құм даласында жаралы арыстанша ақырды да, тәухид кәлимасын бар күшімен айқайлап айтты.

Бұл қарсылықты көрген азғындар одан ары ашуланып, оны ұра бастады. Ұрды, ұрды... Ашуларын баса алмай мойынына жіп салып Мекке көшелерінде сүйреді. Осылардың бәріне және басқа да түрлі зұлымдықтарға қарамастан Біләл Хабеши (радиаллаһу ғанһу) Аллаһ және Пайғамбарына деген махаббат қалқанына жүгінген еді. Өзіне істелгендерді сезбеген күйде көңілі тек қана Аллаһқа және Пайғамбарына махаббатпен толып тасқан еді. Жүрегі дүниедей кең бір халде, алайда материалдық әлемде жағдайы өте нашар еді. Тіпті басында баспанасы да жоқ болатын.

Міне, Хазіреті Біләлдың осы махаббаты оны құлдықтан көңіл тақтарындағы сұлтандыққа көтерді. Әлемнің Мырзасы Пайғамбар (с.а.у.)нің сүйікті азаншы болып өткен Біләлдың, соңғы демінде де Оған деген махаббаты ауызында еді:

«Қуаныңдар, қуаныңдар! Мен Аллаһ Расулінің қасына бару үшін сапарға шығып барамын..», - деді де арғы жаққа жүріп кетті...

Ондай болса:

«Кісі сүйгенімен бірге»[1] хадис шәрифінің сырына жету үшін мәңгілік ұранымыз:

«Пайғамбар сендерге нені берсе (бұйырса) соны алыңдар, сендерді неден тыйса содан сақ болыңдар. Аллаһтан қорқыңдар, сөзсіз Аллаһтың жазаландыруы тым қатты».(Хашр сүресі, 7) аят кәримде ишарат етілген ақиқаттан шын мағынасында нәсіп ала білу болуы керек. Өйткені Исламның алғашқы негізінің бірінші бөлімін құрайтын тәухид кәлимасы Аллаһ Тағалаға шынайы түрде құлшылық етуді қамтиды.

Екінші бөлімін құрайтын «Мухаммәдун Расулуллаһ» деген куәлік болса шынайы құлшылықтың іске асуы үшін Хазреті Пайғамбардың (с.а.у.) ізінен жүру деген мағынаға келеді.

Тәухид кәлимасынң жүректе орын табуы үшін осы ережелерді орындау өте қажет:

1. Жүректің Раббысымен бірге болуы.

Бұл тек қана Аллаһты зікір етумен мүмкін. Аят кәримде:

«Жүректер тек қана Аллаһты еске алумен орнығып тыныштталады емес пе?»(Рағд сүресі, 28-аят), – деп айтылған.

Жүрек деген жалғыз ғана материалдық бір дүние емес, яғни бір ет бөлшегінен ғана тұрмайды. Ол сезу қабілетінің орталығы. Аят кәримдегі еске алу Аллаһтың есімін тек қана тілмен айтып қайталау емес, ол сүйген адамның өз сүйіктісін махаббатпен есіне алып айтуы және көңілдің Аллаһқа ынтық болуы. Жүрек сонда ғана орнығады, өзінің шынайы сипатын тауып Аллаһ Тағаласын табу жолында мақсатына жақындайды.

2. Аллаһ Расуліне көңілдегі махаббаттың көбейуі және мұның нәтижесінде жақсылыққа махаббат пен жамандықты жек көрудің пайда болуы.

Салиқалы мүмин бола білу үшін махаббат өте қажет. Махаббат нәтижесінде ғибадаттар мен жақсы мінез, ләззат сыйлайтын халге келеді. Әлемге қарау, тамашалау тәсілі өзгереді. Адам баласы шебер бір суретшінің сызған суретіне таң қалып, қайрандықпен қарап қалады да, бір күнде жиырма төрт сағат бойына көзінің алдына әр секунд өзгертіліп сызылған көрікті тамашалардан, сызып тұрған құдірет қылқаламынан,

* Ислам терминологиясы бойынша қиямет-қайымда адамның жақсы және жаман істері өлшенетін таразы.

түстердің ойнақтап өзгеріп тұрғанынан қалайша ешнәрсе сезінбейді... Түрлі-түсті жауқазындар, лалагүлдер, раушандар... қара топырақтан қайтіп табады осы түстерді?.. Қорыта айтсақ, адам баласы өзіне және әлемге махаббатқа толы көзбен назар аударса иләһи айбатқа және төтеншеліктерге қайран қалмауы мүмкін емес.

Иман атты ұлы игіліктен кейінгі ең зор табыс адамның өзін Аллаһқа және Расуліне деген махаббатқа жеткізетін рухани тәрбиеге кіруі.

3. Салиқалы жандарды жақсы көріп, олардың ғибадаттары мен мәмілелерін өзіне үлгі қылып алып, олардың руханиятынан өзіне нәр алу.

Психология іліміндегі баяндаулар бойынша энергетикалық мінездерде өту яғни басқа біреуге ықпал беру ерекшелігі бар. Жұқпалы аурулардың басқаларға жұғуы сияқты жақсылықтар да жұғады. Бұрынғы өмірлері қараңғылықта өткен сахабалар Аллаһ Расулінің сұхбатында одан алған рухи энергия арқылы дүниенің ең ерекше адамдары мәртебесіне жеткен.

Тіпті Асхабу Кәһфтің иті «қытмир де салиқалы құлдармен бірге болу құрметіне ие болуының себебінен зор табысқа жеткен. Құран Кәрімде осы жағдай бір ғибрат тақтасы ретінде назарымызға ұсынылады.

4. Жаратушысына құрмет үшін жаратылғандарға қамқорлықпен, мейірімділікпен мәміле жасау.

5. Хақққ Тағала құлдарына әсіресе «Рахман және Рахим есімдерін, яғни мархабатты үгіттейді. Раббысын сүйген адам, Ол жаратқан махлұқатына да рақымды болады. Зиянды бір жылан өлтірілетін болса да, қинамай бір рет ұрғанда өлтірілуін үгіттейді Ислам.

Мизандағы[1] Ең Салмақты Сөз

Аллаһтың Пайғамбары (с.а.у.) айтады:

«Аллаһ расында қиямет күнінде бір адамды ортаға

шығарады, содан кейін баршаның көз алдында әрбір көз көре алатындай үлкендікте тура тоқсан тоғыз іс қағазы ашылады да, Аллаһ сол құлынан былай сұрайды:

-Осылардың ішінде сен қабылдамайтын бір іс бар ма? Жазушы және қорғаушы періштелерім саған әділетсіздік жасады ма?

-Жоқ, Уа Раббым!

Аллаһ Тағала:

-Алдымызда сенің сауабың бар. Бүгін саған ешқандай зұлымдық жасалынбайды, әрі ақың желінбейді, – дейді және оған ішінде:

деген жазуы бар бір қағаз беріледі де:

-Кәнеки, мизанға дайындал!– делінеді.

-Уа, Раббым! Осындай көп іс қағаздарының қасында бұл қағаз неге жарайды?– деп айтады. Оған қайтадан:

- Сенің бүгін ақың желінбейді, – делінеді.

Таразының бір жағына іс қағаздары, екінші жағына куәлік сөзі жазылған қағаз қойылады. Әлгі қағаз кітаптардан (іс қағаздарынан) ауыр тартады. Өйткені Аллаһтың есімінен ешбір нәрсе ауыр баса алмайды».[1]

Сондықтан хадис шәрифте былай делінген:

«Зікірдің ең абзалы «   » ал дұғалардың ең абзалы «   » деп айту».[2]

Өйткені тәухид кәлимасы иманның өзегі болып табылады. Қаншалықты көп айтылса, иман соншалықты мықты болаып, кемерінен асып толады.

Хадис шәрифте айтылады:

«Мұса (ғаләйһиссәләм):

-Уа Раббым! Маған бір жақсы сөз үйретші, сонымен

Сені зікір етейін, сонымен саған дұға қылайын, – деді.

Аллаһ Тағала:

- «   », де!- деді.

Мұса (ғаләйһиссәләм):

-Уа Раббым! Бұл сөзді бүкіл құлдарың айтып жүр, – деді.

Аллаһ Тағала қайтадан:

- «   »,   де!– деп бұйырды.

Мұса (ғаләйһиссәләм):

-Уа, Раббым! Мен өзіме ғана арналған нәрсені білдіруіңді сұраймын, – деді.

Сонда Аллаһ Тағала:

- Ей, Мұса! Жеті қабат көк пен жеті қабат жер таразының бір жағына қойылса, екінші жағына «   » қойылса, кәлима олардан ауыр басады, – деді».[1]

Хазіреті Сүлеймен жындар мен адамдардан құралған айбынды әскерлерімен бір жерден өтіп бара жатады. Сол жерде құмырсқалардың илеуі болатын. Құмырсқалардың патшасы Хазіреті Сүлеймен мен оның қалың әскерін көргенде:

-Ей, құмырсқалар! Ұяларыңа кіріңдер, Сүлеймен өз әскерімен сендерді байқаусызда езіп кетпесін! Хазіреті Сүлейменнің салтанаты орасан зор, езіліп қаласыңдар! Ұяларыңа кіріңдер! – деді.

Аллаһтың нығметімен хайуанаттың тілін де түсінетін Хазіреті Сүлеймен (ғаләйһиссәләм) бұл сөздерді естіп қалып былай деді:

-Жоқ олай емес! Менің сұлтандығым уақытша! Менің осы дүниелік өмірім де шектеулі. Ал тәухид кәлимасы жеткізетін бақыттылық шексіз, мәңгі!

Хадис шәрифте былай айтылады:

«   » сөзі Аллаһ үшін өте бағалы, қымбат әрі ұлы

сөз. Кімде-кім нақ ықыласпен және беріліп оны айтса Аллаһ оны Жәннатқа кіргізеді. Кім оны сенбей жай ауызбен ғана айтатын болса жаны, малы қорғалады. Бірақ ертең Аллаһқа қауышқанда есебі де көріледі».[1]

Тағы бір хадисте былай айтылады:

«Арттарыңнан ергендерді сүйіншілеңдер! Сүйіншілеңдер! Кімде-кім жан-тәнімен шын беріліп «   » десе жәннатқа барады».[2]

«   » деген кісінің жүрегі тек Аллаһтың нұрымен толғанға дейін көңілін тәңірлерден, яғни өзін ғапылдыққа апаратын жақсы не жаман бейімділіктерден алыстатуы қажет. Сонда ғана әлемдегі иләһи тәртіп, сырлар, хикмет және құдірет ағыстарын жүрек сезе бастайды. Раббысының ұлылығын және өзінің еш екендігін түсінеді.

Ақтық Демде

Шәһәдәт кәлимасын соңғы демде айта білу үлкен нәсіп. Бұл үшін оның жүрегімізде орналасуы қажет. Тәухид кәлимасы тек өмірлік тәжірибеге енген кезде ғана жүрекке нық орналасады. Егер құл Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын орындауда селқостық көрсетсе және кемшілік танытып, немесе мүлде орындамай тым созып жүрсе онымен тәухид кәлимасы арасында үлкен бір жар-құз ашылады. Ол ғапылдықтан қолын тартып, ауруынан айықпаса осы жар ашылған үстіне ашыла береді де құл мен куәлік сөзінің байланысы әріптерінің айтылуынан аспай қалады. Бұл өмірдегі ең үлкен зиян. Сондықтан өміріміздің әр кезеңі мен сәттері түгелдей тәухид кәлимасымен астасып жатуы мәңгілік бақытымыз үшін ең үлкен қажеттілік. Бақыттылық ғасырында болған мына оқиға нендей ғибратқа толы:

Сахабалардың арасында Алқама есімді иманы күшті, тақуалы бір жігіт бар еді. Қашан қызмет керек болса

дереу ұмтылып, орындауға сұранып тұратын. Оның осы жақсы ахуалы Аллаһ Расулінің (с.а.у.) мүбарак ілтипатын тартқан еді. Бірақ өлім сәті келгенде осы жігіт шәһәдәт кәлимасын айта алмайтын жағдайға түсті. Мәселе Пайғамбарға (с.а.у.) білдірілді. Аллаһтың Пайғамбары (с.а.у.) ол жігітті жақсы көргендігі үшін қасына барып, не болғанын сұрады. Жігіт сонда:

-Уа, Расулаллаһ! Жүрегіме құлып сияқты бір нәрсенің ілініп тұрғанын сеземін, – деді.

Әлемнің Мырзасы төңірегіндегілерден бұл жігіттің шәһәдәт кәлимасын айтуына бөгет болатын кемшілігінің болған-болмағанын сұрады. Сұрастырыла келе сол жігіттің анасын қинағаны және сол себепті анасының реніште болғаны белгілі болады. Аллаһ Расулі (с.а.у.) жігітке деген мархабатынан және ол істеген жақсы істердің құрметіне пейілі түсіп, ұлына ренжіп жүрген анасын шақыртып одан:

- Бір адам үлкен от жағып, ұлыңды соған лақтырамын десе разы боламысың? – деп сұрады.

Мұңлы ана:

-Жоқ, уа Расулаллаһ! Разы болмаймын! – деді.

Пайғамбар (с.а.у.) сонда:

-Ондай болса ұлыңның саған істеген қателерін кешір, аналық хақыңды кеш! – деп айтты.

Әлемнің Мырзасының бөтеннің баласына көрсеткен теңдессіз мейірімі мен қамқорлығына кілт оянған ананың жүрегіндегі аналық махаббаты әрі мейірімі буырқанған өзендей асып тасты да, мұңды ана ұлының бүкіл қателерін кешірді. Ұлында кеткен ақысының бәрін де кешті. Осындай ғапу самалының есуімен жүрегіндегі құлыптан құтылған Алқама алдына шыққан өтілмес бөгетті асып өткен өзендей тыншып, асқан бір қуанышпен шәһәдәт кәлимасын толық оқып, көңіл рахатымен жан тапсырды.

Міне, осы сияқты талай істер бар, біз ол істердің дініміз бен ақіретімізге қаншалықты зиян келтіретінін білмейміз. Өйткені Кітап (Құран) және сүннет тәухид кәлимасының мазмұнында тұрады. Аллаһ Тағала барлығымызды ғапылдықтан қорғасын! Және соңғы демімізде:

«Кімнің (өмірінде айтқан) ең соңғы сөзі «   » болса, ол Жәннатқа барады», хадис шәрифінің сырына жеткізсін!

Әмин!

Ұлы Шапағатшы

Шәһәдәт кәлимасы Аллаһтың алдына барғанда құлдар үшін ұлы бір шапағатшы болады. Құл азаптан құтылып Жәннатқа қауышқанға шейін Хаққ Тағаладан рақымшылық пен кешірім сұрап, жалына беретін әсерлі, әрі қабылданатын сөз.

Хадис шәрифте айтылады:

«Аршыда Аллаһтың нұрдан жасаған бағанасы бар. Құл «   » дегенде осы бағана қозғала бастайды. Аллаһ Тағала оған:

-Тыныштал! – деп бұйырады.

Бағана сонда:

-Тәухид кәлимасын айтқан құлың әлі ғапу етілмеді, қалай тынышталамын? – дейді.

Ұлылық иесі Аллаһ:

-Сөзсіз оны кешірдім, – деген соң бағана тыныш-талады».[1]

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) айтады:

«   » қауымы қабірлерінде әрі махшар күнінде мүшкілдік көріп алаңдамайды. Мен «   » қауымының

бастарындағы шаңды сілкілеп қабірлерінен тұруларын көріп және «бізден қайғыны алып тастаған Аллаһқа хамд (мадақ) болсын» деп айтып жатқандарын естіп тұрғандаймын».[1]

Ықыласпен және шын жүрекпен айтылған куәлік сөзі бүкіл басқа амалдардан артық. Бүкіл пайғамбарлардың шақырулары мен тәблиғдары үнемі осы сөйлем баяндаған ақиқат айналасында болған. Бүкіл хақ діндерге осы сөйлем ірге тас болған. Аллаһ Тағала айтады:

«(Расулім!) **Сенен бұрын жіберілген пайғамбарлардың әрбіреуіне: «Менен басқа тәңір жоқ, Маған ғана құлшылық қылыңдар!»— деп уахи түсіргенбіз».** (Әнбия сүресі, 25-аят)

Аллаһ Тағаланың ешбір сипатында шек болмайтындықтан ғапу етуі де шектеулі емес. Бірақ Құран Кәрімде баяндалған бойынша серік қосудан басқа күнәлардың қалағанын кешіреді. Хадис шәрифтерде баяндалғанындай Аллаһ Тағала тек қана өзіне қарсы шыққандарды және куәлік сөзін айтпай, қарсылық көрсеткендерді жазалайды. Бір хадис шәрифте былай түсіндіріледі:

«Дүниенідінненартықкөріпжоғарыдаұстамайынша «   » деп айтылғанда Аллаһтың азабы алыстайды. Дүниені діннен артық көріп жоғарыда ұстаған кісі « » деген сайын Аллаһ Тағала. «Сен бұл сөздеріңде шынайы емессің!— дейді».[2]

Хазіреті Бәра (радиаллаһу ғанһу) айтады:

Ухуд соғысында киген сауытынан кім екендігі белгісіз, бір кісі Пайғамбардың (с.а.у.) алдына шықты да соғыстың қатты қызып бара жатқанын көріп:

-Уа Расулаллаһ! Мен соғысқа қатысып барып кейін мұсылман болайын ба немесе алдымен мұсылман болып сонан соң соғысқа кірісейін бе?» – деп сұрады.

Аллаһ Расулі (с.а.у.):

-Алдымен мұсылман бол; сонан кейін соғыс! – деп бұйырды.

Сауыт киген сол батыр толқынған көңіл күйімен куәлік сөзін айтып алды да дереу соғысқа кірісіп кетті. Көңілінде атқан таза иман бүршіктерінің шаттығы толқып, табандылықпен соғысты. Ол ақыры шейіт болды. Оның шейіттік шербетін ішкенін көрген Пайғамбарымыз күлімсіреді де шәһәдәт кәлимасы сұлтандығына жеткен бұл сахабасы туралы:

«Аз істеді, көп тапты!.» – деді.

Шәһәдәт кәлимасының Ерекшелігі

Аллаһтың Расулі (с.а.у.) былай деген:

«Жаратылған әрбір нәрсемен Аллаһ Тағаланың арасында бір перде бар. Бірақ «   » – деген куәлік сөзіне және бір әкенің баласы үшін еткен дұғасына ешқандай перде жоқ».[1]

«Бес түрлі қараңғылық және бұларға қарсы бес түрлі жарық бар:

а. Дүние махаббаты бір қараңғылық, ал жарығы тақуалық.

ә. Күнә бір қараңғылық, ал жарығы тәубе ету.

б. Қабір бір қараңғылық, ал жарығы:

«   » зікірінде үнемі болу.

в. Ақірет бір қараңғылық, ал жарығы салиқалы (адал) амалдар.

г. Сират көпірі бір қараңғылық оның жарығы нақты әрі күшті иман».

Осы жарықтармен көңілін нұрландырған кісі мәңгілік бақытқа жетеді.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) айтады:

«Аллаһ Тағала махшар күні: «Кімде-кім «   » деген болса әрі жүрегінде тозаңдай иман болса, оны Жәһаннамнан шығарыңдар! Кімде-кім «   « деген болса немесе мені зікір еткен болса немесе барлық жерде менен қорыққан болса, оны Жәһаннамнан шығарыңдар!» – деп бұйрық береді».[1]

«Сендерден қайсыбірің тәртібімен дұрыстап дәрет алып болған соң:

«   »

десе жәннаттың сегіз есігі де оған ашылады және ол қалаған есіктен жәннатқа кіреді».[1]

Тәухид кәлимасы жүректің нұры болғаны соншалық адамның жүзінің де нұры.

«Кішкене балаларыңыздың тілін «   » сөзін сөйлете отырып шығарыңдар! Өлім сәтінде де оларға «   » сөзін тәлқин етіңдер! Өйткені кімнің ең алғашқы сөзі «   » және ең соңғы сөзі де «   » болса, ол бір мың жыл өмір сүрсе де бір күнәдан да есепке тартылмайды».[2]

Бірақ тәухид кәлимасын, яғни иман сөзін өмірге үстем қылу, өмірді осындай иман бағытында сүрдіру өте маңызды. Өйткені құлдардың ең соңғы сәтіндегі халдері, осы жайдағы дәрежелерімен іске асыруларына қарай пайда болады. Ибраһим (ғаләйһиссәләм) бір күні Әзірейіл (ғаләйһиссәләм)нан былай деп сұрады:

- Ей, Әзірейіл! Сен жаман кісілердің жанын аларда оларға қайтіп көрінесің? Маған көрсетші!

Әзірейіл (ғаләйһиссәләм):

-Ей, Аллаһтың пайғамбары! Бұған шыдай аласың ба? – деп жауап берді.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм):

- Ия, шыдай аламын– дегенде Әзірейіл(ғаләйһиссәләм):

-Ондай болса басқа жаққа қарай тұр! – деді.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) қайтып қарағанда Әзірейілді өте қорқынышты бір айбатта көрді. Әзірейілдің сондай бір адам шыдап тұра алмастай қорқынышты бейнесін көрген Ибраһим (ғаләйһиссәләм) талып қалды. Айыққанда Әзірейілді бұрынғы түрімен көрді де, оған былай деді:

-Жаман кісіге еш нәрсе болмаса да, тек сенің жүзіңді көруінің өзі оған жаза болуға жетеді!

Әрине кәміл мұсылман болып өмір сүрген салиқалы кісілер үшін жағдайдың керісінше көрініс табатыны сөзсіз.

Дүние мен ақиретте табысқа жеткізетін кәміл иман құлды өмірінің соңына дейін мың бір түрлі сынақ шеңберінен өткізеді. Егер нәтижесі дұрыс шықса құл кәміл мұсылман, ал дұрыс шықпаса кәміл емес деп табылады.

Сондықтан адамдар иманды және ерекшелі болу идеясында машақатқа, қайғыруға толы мың бір кезеңнен өткізіледі де сонымен Хаққ жолында иләһи идеяның шыншылдары мен пасықтары бір-бірінен айырылып белгілі болады. Сондықтан тек қана иман келтіру жеткіліксіз. Оны, яғни иманды салиқалы, ізгі амалдармен әшекейлеп иләһи сынақтарда табысқа жеткізетін бір деңгейге көтеру қажет.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Әліф. Ләм. Мим. Адам баласы тек «Иман келтірік» деп айта салумен, еш сыналмай еркін қоя берілдік деп ойлайды ма?»

«Ұлылығыма ант етемін, олардан бұрыңғыларды да сынадық. Әлбетте Аллаһ адал жүректілер мен өтірікшілерді білуде». (Ғанкәбут сүресі, 1-3 аяттар) иман мен емтиханның бір-бірінің толықтырушысы екендігін баяндаған.

Бұған қарағанда адам баласына сыйға берілген иман сынау арқылы өлшенеді. Сондықтан иманның да, құлшылықтың да сұрауы болады.

Яғни, Хаққ Тағала сыйлаған игіліктерінің ұлылығын әрі бағасын түсіндіру үшін құлдарына жазған сынақтары арқылы, олардың шамалары жететіндей ақы сұраған сияқты. Көркем аяттағы:

«Аллаһ мүминдерден мал-мүліктері мен жандарын, оларға берілетін Жәннат уәдесімен сатып алған».(Тәубе сүресі, 111-аят) иләһи баяны да осы ақиқаттың бір көрінісі.

Сондықтан Аллаһ ризалығына жету үшін Ол сұраған (жан, мал-мүлік т.б) нәрселерімізді иманның ақысы ретінде масаттанған күйде оның жолына пида ету иманның кемелдігінің белгісі.

Ал дүниеқор болып көзі өз дүниесінен басқасын көрмей кеткен имансыздардың Құран және дін бойынша өмір сүруге тырысқандарға істеген зұлымдықтары мен қилігулері, олар үшін мәңгі қайғы әрі пәлекетке толы Жәһаннам азабына төленген ақы үкімінде. Өйткені олар екі жақтан азапқа лайық біреуі – иман келтірмегендері, екіншісі – зұлымдықтары үшін.

Шәһәдәтке (иманға) Зиян Келтіретін Іс-әрекеттер

1. Аллаһтан басқасына сүйеніп тәуекел ету.

Аятта айтылған:

«Ант болсын, Аллаһ бірталай жерде және Хунәйін соғысында сендерге жәрдем етті. Сол уақытта көптіктеріңе мәз болған едіңдер, бірақ сол көптіктерің сендерді ойсырай жеңілуден құтқара алмаған еді. Сондай-ақ жер жүзі бүкіл кеңдігімен сендерге тар келген еді...»(Тәубе сүресі, 25-аят)

Сондықтан құл «   » яғни «Раббым! Тек қана саған құлшылық етеміз, тек сенен ғана жәрдем сұраймыз!» деген тәуекел сенімінде болуы қажет.

2. Иләһи әмір мен тыйымдарды орындамай нәпсінің артынан еру.

Аллаһ Тағала айтады:

«(Оларға) **Аллаһ сендерге Кітапты егжей-тегжейлі түрде түсірді ғой, сөйте тұра Аллаһтан басқа төреші іздейін бе?**(деп айт) **Сондай-ақ біз кітап бергендер** (еврейлер мен христиандар) **Құранның Раббылары тарапынан түсірілгендігінің сөзсіз екенін біледі. Ендеше сен әсте күдіктенушілермен бірге болма!»**

«Раббыларыңның сөзі туралықпен әрі әділетпен тәмамдалған. Оның сөздерін өзгерте алатын ешқандай күш жоқ. Ол толық естуші, аса білуші».

«Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көпшілігіне сеніп, артынан еретін болсаң, олар сені Аллаһ жолынан адастырады. Олар тек болжауға ғана ереді, жалған ойдың етегінде ғана жүреді».

«Негізінде Раббың жолынан адасқандарды анық білуде. Тура жолда жүргендерді де ең жақсы білетін Ол».(Әнғам сүресі, 114-117 аяттар)

«Ей, иман келтіргендер! Өздеріне кітап берілгендердің бір тобына бағынатын болсаңдар, олар сендерді иман келтірген болсаңдар да, қайта күпірлік жасауға итермелейді».

«Сендерге Аллаһтың аяттары оқылып, әрі араларыңда оның пайғамбары тұрғанда сендер қалай күпіршілік етесіңдер? Кімде-кім Аллаһтың кітабын бекем тұтса, сөзсіз ол тура жолға жетеді». (Әли Имран, 100-101 аяттар)

«Ант болсын, Аллаһ сендерге деген уәдесін орындады. Оның рұқсатымен кәпірлерді жеңіліске ұшыратқан едіңдер, бірақ Аллаһ сендерді армандаған жеңістеріңе

жеткізгеннен кейін, осалдық қылып берілген бұйрық жайында таластыңдар да қарсы келдіңдер, біреулерің осы дүниені, ал кейбіреулерің ақіретті қаладыңдар. Сонда Аллаһ сендерді сынау үшін беттеріңді қайтарып жауға үстемдік берді. Ант болсын, Ол мүміндерге мол (кең) игілік Иесі, сендерді кешіреді.

«Сол уақытта Пайғамбар сендерді шақырса да ешкімге қарамай қашып бара жатқансыңдар; уыстарыңнан шығарып алғандарыңа да, бастарыңа түскенге де қайғырмауларың үшін Аллаһ сендерді қайғы үстіне қайғыға ұшыратты. Аллаһ, сендердің не істегендеріңді білуші». (Әли Имран, 152-153 аяттар)

Жоғарыдағы осы аяттар Ухуд соғысына назар аудартады. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) соғыс басталмай тұрып, елу кісіден құралған садақшылар тобын дұшпанның арт жақтан шабуылы болған жағдайда оны тойтаратындай етіп орналастырып, мұсылмандар жеңсе де, жеңілсе де осы жерден әсте айырылмауын әмір етеді. Бірақ өткелді ұстап тұрғандар бір кезде мұсылмандар мүшриктерді жеңіп жатқанын көреді де, соғыс олжасын жинау мақсатымен тұрған жерлерін тастап, соғыс алаңына кіріп кетеді. Тек қана топ бастаушы қасында оншақты адамымен қалып қалады. Бұл жағдайды мұрсат деп білген дұшпан сол өткелден кіріп, осы қалған мұсылман садақшыларды өлтіреді де, мұсылмандардың негізгі әскерінің арт жағынан шығып қоршап алады. Енді екі жаудың ортасында қалған мұсылмандар бытырай бастайды. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қасына жиналулары үшін сахабаларын шақырады. Пайғамбарымыздың өзі де осы соғыста жарақаттанады. Ең соңында мұсылмандар жиналып ойсырай жеңілуден құтылады. Бірақ соғыстан жеңіліп шығады. Егер өткелге орналастырылған садақшылар Аллаһ Расулінің сөзін тыңдап, тұрған орындарынан кетпесе, мұсылмандар осындай жаман жағдайға душар

болмас еді. Бұл сонымен бірге оларға сабақ болды да бұдан кейін Пайғамбардың бұйрығына теріс келетіндей әрекетті әсте істемейтін болды.

3. Ислам келтірген иләһи өлшеулердің бір бөлімін немесе барлығын ұнатпау.

4. Дүние өмірін ақірет өмірінен артық көріп осы фәни әлемді ең басты мұратына айналдыру. Аят кәримде айтылады:

«...Олар дүние өмірін ақіреттен артық көреді, Аллаһ жолынан тосып қалып, оның күйреуін қалайды. Міне, осылар тым қатты адасуда». (Ибраһим сүресі, 3-аят)

5. Аллаһтың және Пайғамбарының халал (таза, адал) қылғандарын харам, харам қылғандарын халал деп санау.

Хадис шәрифте айтылады:

«Сендерге екі нәрсе қалдырамын. Бұларды мықты ұстанатын болсаңдар мүлде адасуға ұшырамайсыңдар: Олардың бірі Аллаһтың кітабы Құран; екіншісі Пайғамбарының сүннеті...»[1]

6. Кәпір және мұнафықтарды өзіне дос тұтып, Тәухид қауымын, яғни мұсылмандарды ұнатпау

Аллаһ Тағала айтады:

«Ей, иланғандар! Еврейлерді және Христиандарды өздеріңе дос тұтпаңдар, негізінде олар бір-бірінің досы. Сендерден кім оларға дос болса, сөзсіз ол да солардың бірі. Аллаһ зұлымдық жасағандарды тура жолға жеткізбейді».

«Жүректерінде ауру болғандардың (мұнафық) «Біздерге бір пәлекет түсуінен қорқамыз», деп оларға жүгіргенін көресің. Бәлкім Аллаһ бір жеңіс берер немесе өз тарапынан бір әмір берер, сонда олар жүректерінде жасырғандарына өкінер». (Мәидә сүресі, 51-52 аяттар)

«Сендердің достарың тек Аллаһ; Оның Пайғамбары

және намаз оқитын, зекет беретін әрі теңдессіз қылатын мүминдер ғана».

«Кімде-кім Аллаһты, Пайғамбарын және мүминдерді дос тұтса ол білсін, Аллаһты жақтағандар сөзсіз үстемдік құрады».

«Ей, Мүминдер! Сендерден бұрын кітап берілгендерден, діндеріңді сайқы-мазаққа айландырып, масқара қылғандарды және мүлде қабылдамайтын кәпірлерді өздеріңе дос деп санамаңдар. Егер шынайы сенген болсаңдар, онда Аллаһтан қорқыңдар».

«Сендер оларды намазға шақырғанда, олар сендердің намаздарыңды мазақтайды. Бұл олардың түсінбейтін қауым болғандықтарынан».(Мәидә сүресі, 55-58 аяттар)

7. Хазіреті Пайғамбарға құрмет көрсетуде кемшілік істеу

Оны негізгі құрамымен танымай, оған Аллаһ тарапынан сыйланған ерекшеліктерді менсінбеу немесе қабылдамау. Оның адамзатқа ерекше үлгі-өнеге екенін қабылдамау. Оның сүннет жолын қабылдамау.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбарды(с.а.у.) менсінбей, әрі кекету үшін бәдәуи(ауылдық арап), жәй ғана араб деген сияқты сөздерді айтқан діннен шығып, кәпір болады.

8. Серік қосуды ұнатып, таухидтен мазасы кету

Аят кәримде айтылады:

«Аллаһ біреу-ақ деп айтылғанда, ақіретке сенбегендердің жүректері жиреніп, тіксінеді. Ал қашан Аллаһтан өзгелер айтылса дереу күлімдеп қуанады». (Зүмәр сүресі, 45-аят)

Әлемдегі және адамзаттың өміріндегі оқиғалардың

себептеріне Аллаһтың қалауы деп түсініктеме берілсе, тәухидті қабылдай алмайтындар қабақтарын түйеді де, көңілдері түседі. Керісінше, түсініктеме берілсе, яғни себептер табиғатқа, кездейсоқтыққа т.б. нәрселерге байланыстырылса мәз-мейрам болып қуанады. Бірақ олардың осы жағдайларының кесірінен әлемдегі иләһи жоспар азап түрінде оралады. Аят кәримде баяндалады:

«Адамдардың өздері істегендеріне байланысты құрлықта және мұхитта бұзықтық шығады да, Аллаһ мүмкін олар жүрген теріс жолдарынан қайтар деп, істегендерінің кейбірін оларға таттырады». (Рум сүресі, 41-аят)

Сондықтан осындай жағдайлар болғанда басқа күндерде істелгеннен көбірек Аллаһқа сыйынып истиғфарды (кешірім сұрау) ауыздан түсірмеу қажет. Өйткені Аллаһ Тағала аят кәримде:

«... Олар истиғфар күйінен ажырамайынша Аллаһ оларға азап жібермек емес...»(Әнфәл сүресі, 33-аят), деп айтқан.

Аллаһ Расулі (с.а.у.) сахабаларына:

«Назар аударыңдар; менің сендер жайында Дажжалдан да көп қорқатыным не екендігін айтайын ба?» - деп сұрады.

Сахабалары да:

-Айтыңыз, уа Расулаллаһ! – деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деді:

«Мен қорқатын нәрсе, жасырын түрде Аллаһқа серік қосуларың. Мысалы, намазға тұрған бір адамды ойлаңдар. Бұл адам басқа бір адамның өзіне қарап тұрғанын

сезгендіктен намазын асықпай тәртібімен оқиды».[1]

Хақ Тағала, ғибадаттарға және басқа мәмілелерге фәни дүниеліктің ортақ қылынуын қаламайды. Аят кәримде айтылады:

«Нендей өкініш сол намаз оқушылардың халіне, олар оқыған намаздарынан күйде. Олар көрер көзге рия істейді».(Мағұн сүресі, 4-6 аяттар)

`

Хадис шәрифте баяндалады:

«Қиямет күні атына ең алғаш жаман үкім берілетін адамдар мыналар:

Бірінші шейіт болған құл. Ол Аллаһ алдына шығарылады да, Аллаһ оған берген игіліктерін санап шығады. Ол бұлардың бәрін мойындайды. Сонда Аллаһ Тағала одан:

-Ондай болса бұларға шүкіршілік ретінде не істедің?– деп сұрайды.

Құл:

-Уа, Раббым! Сенің жолыңда құрбан болды, – дейді.

Аллаһ Тағала да:

-Өтірік айтасың! Сен тек батыр деген атаққа жетейін деп қана соғыстың. Шынында сол атаққа жеттің де, – деп жауап береді.

Кейін сол құл хақында әмір шығарылып, отқа лақтырылғанға дейін қараусыз қалған күйде сүйретіліп жүреді.

Екінші білім үйреніп басқаларына үйреткен, қосымша Құран оқыған адам, Аллаһ алдына шығарылады. Оған да шейітке айтылған игіліктер саналады да ақыры Аллаһ :

-Бұларға шүкіршілік ретінде не істедің?– деп

сұрайды:

Ол да:

-Білім үйрендім. Оны басқаларына үйреттім. Сенің ризалығың үшін Құран оқыдым, – дейді.

Аллаһ Тағала:

-Өтірік айтасың! Сен білім үйрендің, бірақ ғалым десін деп үйрендің; Құран оқыдың бірақ оны қари делінсін деп істедің. Шынында сол ниетіңе жеттің де», – деп жауап береді.

Кейін ол құл хақында әмір шығарылып, отқа лақтырылғанға дейін қараусыз қалған күйде сүйретіліп жүреді.

Үшіншіде Хақ Тағала өзіне мал-мүлік беріп, дәулет егесі болған құлы келтіріліп, Аллаһ алдына шығарылады. Аллаһ оған берген ныгметтерін де айтып шығады.

Ол барлығын мойындаған соң Аллаһ Тағала одан да:

-Ондай болса бұлар үшін шүкіршілік ретінде не істедің?- деп сұрайды.

Құл:

-Жұмсамаққа сен бұйырған ешбір қайыр жолын қалдырмай, мал-мүлкімді тек сенің жолыңда ғана жұмсадым, – деп айтқанда Аллаһ Тағала оған:

-Өтірік айтасың! Оларды жомарт деген атаққа ие болу үшін жұмсадың. Расында солай болды да, – дейді.

Кейін бұл адам хақында да әмір шығарылып, отқа лақтырылғанға дейін қараусыз қалған күйде сүйретіліп жүреді».[1]

Осы хадис шәриф ықыластың амалдардың Аллаһ

---

* Осы екі «бұзақылық жолаушысы» дүниеге беріліп, өз әуестерінің артында жүріп ақіретте зиянға ұшырағандардан

алдында қабылдану шарты екенін өте айқын түрде көрсетеді. Әрі мақсат Хақҡ Тағаланың ризасына жету болмайынша, сырт көзге ғана Аллаһ жолында өлу, білім үйрену және байлықты қайырға жұмсау сияқты негізінде ең күшті амалдар болса да иесіне пайдасын тигізбейтінін баяндайды.

Ондай болса шынайы иман, тек лебізден ғана, ал амалдар бірнеше жай әрі рухсыз әрекеттерден ғана тұрмайды. Көңілдің тереңдіктерінен тасыған шынайы сезімдермен Жаратушыға сеніп, оған сүйену, әмірлері мен тыйымдарын разылықпен мойындау, әрі осы ахуалмен салиқалы амал істерде Оның ризалығынан басқа бір мақсатқа назар аудармау қажет.

Ондай болса мәселенің тегі ықыласты әрі Аллаһқа деген шынайылық иесі болуда. Сондықтан иман негіздерінен ажыраған білім де қабылданбайды. Өйткені ондай білім, Құранда айтылған әрі мақталған білімнен өте алысқа түседі. Физика, Химия, Астрономия, Биология, Геология және т.б. сияқты әлемдегі жүйенің заңдарын және өмірдің негіздері мен ерекшеліктерін зерттейтін білімдердің де шынайы түрде, таза ықыласпен бағалануы қажет. Өйткені бұл білімдердің мазмұнындағы хикмет және құдірет ағыстары да иман негізін құрастырады. Яғни, мұндай білімдер де, материалисттік түсінікпен Аллаһтан алыстау мақсатында қолданылмайынша, адамды Раббысына және жаратылу себебі болған құлшылыққа жетелеп, жүректегі иманын нығайтады.

Ғибадаттар белгілі уақыттарда орындалады. Ал иманның мұндай шектеуі уақыты жоқ. Ол үнемі әрі тірі болуға тиісті. Ал керісінше жағдайда ешқандай мәні жоқ нәпсі құмарлықтарының құйынына ілесіп, жүректен шығып кетеді. Сонда құл, Қасас сүресінде әңгімеленген Қарұн және Ағраф сүресінде түсіндірілген Бәлғам бин Бауранның[1] қайғылы соңдарына ұшырайды.

Шәһәдәт кәлимасы туралы осы жерге дейін түсіндіргендерімізді қорыта айтатын болсақ:

Шәһәдәт кәлимасы шатырдың ортасындағы негізгі діңгек сияқты. Бұл діңгек болмаса шатыр мүлде орнықты тұра алмайды. Яғни, ешбір жақсы амал Аллаһ алдында бір табысқа жеткізбейді. Расында, төмендегі аят кәримдер осы ақиқатты айқын түрде баяндайды:

«Аллаһқа серік қосқан мүшриктердің өз күпірліктеріне өздері куә болып тұрғанда, Аллаһтың мешіттеріне сабылып баруының пайдасы жоқ. Олардың бүкіл істері босқа кеткен. Әрі олар тозақта мәңгі қалады».

«Аллаһ мешіттерін тек қана Аллаһқа және ақірет күніне иман келтірген, намазды түп-тура оқитын, зекет беретін, әрі Аллаһтан басқасынан қорықпайтындар толтырса игі. Міне, тура жолға жетуі үміт етілетін де осылар».

«(Ей, мүшриктер!) Сендер қажыларға су беру мен Харам Мешітін жөндеуді; Аллаһқа және ақірет күніне иман келтіріп, Аллаһ жолында күрескендердің иманымен бірдей көресіңдер ме? Алайда олар Аллаһ алдында тең емес. Аллаһ залымдар қауымын һидаятқа жеткізбейді». (Тәубе сүресі, 17-19 аяттар)

Осы аят кәримдер «амалдар шынайы иман, жүрекпен бекіту және Аллаһ Тағаланың ризасын күту тәрізді шарттар пайда болғаннан кейін ғана Аллаһ алдында бағалы болады» деген түсінік береді. Қанша пайдалы және маңызды болса да, имансыз орындалған амалдардың ешқандай бағасы болмайды. Осы жайлы басқа бір аят кәримде былай баяндалады:

«Сөзсіз, қарсыласып, кәпір болып өлгендер бар ғой, олар құтылу үшін дүниенің алтынын төлесе де ешбіреуінен қабылданбайды, олар үшін қатты азап бар, әрі ешқандай жәрдемшілері де болмайды».(Әли

Имран сүресі, 91-аят)

Сөздің қысқасы, амалдар тек иманның мазмұнына кіру нәтижесінде ғана мұрат етілген пайданы болдырады.

Уа, Раббым! Біздерді шынайы түрдегі Шәһәдәт айтушы құлдарыңның қатарынан қыла көр! Сенің ұлы куәлігіңмен бірге, сен Шәһәдәттерін құп алған бақыттылар арасына қоса көр!

Әмин!

Ислами Ғибадаттардың Алғашқы Шарты, Діннің Діңгегі, Иманның Нұры, Мүминдердің Миғражы

НАМАЗ

Адамзат өмірі әлемнің жаратушысына жету жолында ақиқат іздеу күресіне толы. Осы күрестер адамның жаратылысында бар әрі өзгермейтін иман келтіру және ғибадат жасау бейімділігінің табиғи нәтижесі болғандықтан, Хақң және ақиқаттан мақрұм қалғандардың жаратылыстағы осы бейімділікті басып, орнықтыру үшін әлсіз бір мақұлыққа табынуға дейін баратын ақыл мен қисынға жатпайтын талай орынсыз әрі ерсі қылықтарға бой алдырғаны қазіргі кезге дейін айқын көрінетін шындық. Негізінде бүгін де миллиондаған адамның, өгіз және осы сияқты мақұлықтарды қасиеттеуі немесе бұзылып бұрмаланған діндерден көріп жүргеніміздей қиялдар да жете алмайтындай ұлы Аллаһты қиял және бір түр пішінге сыйдыруға тырысу сияқты антропоморфтік сенімдердің артында сеңделіп жүргені бәрімізге мәлім.

Осы жағдайда адам баласы:

«Адамзатты әрі жындарды тек маған ғана құл болсын деп жараттым». (Зарият сүресі, 56-аят) баянының бір көрінісі болғандықтан, құл бола білу және құлдықты іске асыра білу сыры үнемі әрі жойылмайтын қажеттілік халінде.

Сондықтан ол, жаратылыстағы осы бейімділікті адамдық абырой және қасиетіне лайық түрде бағыттай алғанындай мөлшерде бақытқа және сәлеметке жетеді. Өйткені адамзат иләһи құдіреттің мың бір нақыштарымен әшекейленген осы әлемде иләһи өнердің шыңы болсын деп жаратылған әрі осы жаратылыстардың ішінен Раббысын құрметтеп, Оған құлшылық етуге

жауапкер қылынған. Сондай-ақ адам баласына берілген бүкіл ерекшеліктер және мәртебелер осы жауапкершілікті орындауға байланыстырылған. Аят кәримде былай айтылады:

«Айт: Құлшылықтарың әрі жалбарынуларың болмаса, Раббым сендерді не деп бағаласын?!.».(Фұрқан сүресі, 77-аят)

Міне, Аллаһ Тағала осы сияқты бірталай аят кәримде адам баласының мәңгілік зияннан құтылу үшін иманнан кейін салиқалы амал иесі болуының қажеттілігін көп қайталаған.

Құлды Раббысының ризасына жеткізетін ғибадат бұлақтарының ең үлкені және ең маңыздысы сөзсіз намаз ғибадаты. Өйткені намаз – өз мазмұны әрі дәрежесі жағынан бүкіл ғибадаттардың шыңы әрі асыл өзегі мәртебесінде.

Әлемдегі бүкіл жаратылғандар; Күн, көгал, шымдауыт, ағаштар Аллаһты зікір ету халінде. Қатарымен ұшқан құстар, таулар, тастар қалай екендігі біздерге беймәлім түрдегі зікірмен Хаққа құлшылық етеді. Өсімдіктердің ғибадаты қиям (тік тұру) халінде; хайуанаттікі рукуғ (еңкейу) халінде; жансыз деп саналғандардікі де жерге жабысқан түрде, яғни сәжде күйінде. Аспандылардың жағдайы да осылай. Періштелердің бір бөлігі қиямда, бір бөлігі зікір етуде. Аллаһ Тағала мүминдерге миғраж ретінде сыйлаған намаз ғибадаты, осы ғибадаттардың барлығын қамтиды. Сондықтан шынайы намаз оқығандар жердегі және көктегі бүкіл махлұқат істеп жатқан ғибадаттардың барлығын қамтитын бір ғибадат жасап, есепсіз сыйларға және терең тәфаккур тереңдігіне жетеді.

Хадис шәрифте былай баяндалады:

«Намаз ұлы Аллаһ ризасына жеткізеді. Періште-

лердің сүйіспеншілігіне дәнекер болады. Намаз пайғамбарлардың жолы, мағрифат (Аллаһты шын мағынасында тану) нұры, иманның негізі әрі дұғалардың қабылдануына да дәнекер. Амалдар намаз арқылы қабыл болып, ырысқа береке келтіреді. Намаз денені рахатқа бөлейді, дұшпандарға қарсы қару болып, шайтанды қашырады және өлім періштесі мен намаз оқушы арасында шапағатшы. Қабірде әрі шырақ, әрі төсек. Мүнкәр мен Нәкір деген періштелерге жауап. Қияметке дейін жолдас. Қиямет күнінде намаз оқитындардың үстінде көлеңке, бастарында тәж, денесіне киім, алдында жүретін нұр. Адамдардан ажыратып тұрар перде. Раббылары алдында мүминдердің құжаты. Мизанда (таразы) ауырлық. Сыраттан (қыл көпір) өту. Жәннаттың кілті. Өйткені намаз тәсбих (пәктеу), хамд (мадақтау), тағзыйм (ұлықтау), Құран оқуды, әрі дұға ғибадаттарының барлығын қамтиды. Сөздің қысқасы, абзал амалдардың барлығын, уақытында оқыған намаз қамтиды».

Сондықтан намаз – Аллаһпен кездесу, оған қауышу орны, әрі үмбетке кішкене миғраж ретінде сыйланған. Құран Кәрімде **«Сәждеге жығыл да жақында!»** (Алақ сүресі, 19-аят) – деп бұйырылғаны бойынша Раббының алдына шыға білу нығметі де намаз арқылы мүмкін болады.

Шын намазда құлдың Аллаһқа табынып, бағынуына бөгет болатын барлық нәрселер арадан шығады да, дүниеліктің бәрі ұмытылады. Құл мен Мағбуд намаз мәжілісінде бірге болады. Құл иләһи сырлардың тереңдіктеріне қарай кіре бастайды. Өйткені намаз миғраждағы кездесудің артынан арада Жәбірейіл періште болмай, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)ға фарыз қылынған және сонымен араға ешбір дәнекер қоймастан

* **Мағбуд**: өзіне құлшылық істеліп, табынылатын.

** **Мүшәһәдә-и иләһи**: Аллаһ Тағаланы көру.

тек Аллаһпен ғана бірге болуға арналған. Осы халдегі намазда үнемі миғраждағы «қаабә қаусәйни әу әднә» және «мүшәһәдәи илаһи»[1] күйінде болған Пайғамбар (с.а.у.):

«Намаз көзімнің нұры»[1]– деп айтқан.

Намаз арқылы жетілетін кәмілдік, тыныштық, алаңсыз болу әрі көңілдің орнығып басылуы және Аллаһқа жақындық деген сезімге ешбір ғибадатпен жетуге болмайды. Дүниеде намаздың мәртебесі ақіретте Аллаһты көру мәртебесімен бірдей сияқты. Өйткені құлдардың дүниеде Аллаһқа ең жақын болған сәттері намаз сәттері. Ең терең ләззаттар мен рухани тебіреністер, табыстар намазда. Бүкіл ғибадаттар құлды намазға дайындау үшін баспалдақ сияқты делінсе орынды болады. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)нің баянымен намаз:

«Діннің діңгегі, иман мен жүректің нұры, бақыт кілті және мүминдердің миғражы», – деп таныстырылған.

Бүкіл ұлы құрамымен намаз Аллаһ пен құл арасында екіге бөлінген ерекше ғибадат. Яғни ол тап Фатиха сүресі сияқты. Бұл сүре бисмилләдан « »ге дейін Хақ Тағалаға қатысты. Ал « « » аяты бір жағымен Аллаһқа қатысты болса, енді бір жағымен құлға қатысты. Бұл құлдың Хақ Тағалаға құлшылығын, Аллаһтың құлға деген тәңірлігін қамтиды. Яғни мағбудтың тек Аллаһ қана екені ақиқаты бойынша құл ғибадатын жалғыз-ақ Аллаһқа арнауы қажет. Ал бұдан кейінгі аяттар құлға қатысты. Расында хадис құдсиде былай баяндалған:

«Намазды өзім мен құлымның арасында екіге бөлдім. Жартысы менікі, жартысы оныкі».[2]

Сондықтан намаз Аллаһ пен құл арасында дұға, әрі зікір болып келеді. Хақ Тағала айтады:

«Мені зікір ету үшін намаз оқы!». (Таһа сүресі,14-

аят)

Тағы Аллаһ Тағала баян еткен:

«Мені зікір етіңдер, мен де сендерді зікір етейін!... »(Бақара сүресі, 152)аятындағы сыр басқа ғибадаттардан гөрі намазға көп қатысты.

Сонымен зікірдің бір түрі болған намаз ғибадатының арқасында:

«...Мен, Мені зікір еткендермен біргемін..»[1] деген құдси хадистегі сыр ортаға шығады.

Бірақ құл осы «бірге болудан» лайықты түрде пайда көруі үшін «ихсан» күйінде болуы қажет. Аллаһ Расулі (с.а.у.) былай баяндаған:

«...Ихсан Аллаһты көріп тұрғандай ғибадат жасауың! Сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр ғой!.»[2]

Міне, осылай оқылған намаз көздің нұры болады. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) дүниелік шұғылданулар көңілін алаңдатқанда:

«Ей, Біләл! Азан айтып, намазға шақыр да, біздерді бір рахаттандыршы», – деп бұйыратын.

Өйткені намазға ұқсайтын ешбір ғибадат жоқ. Намаз оқитын кісі, намаздан басқа ешбір нәрсемен шұғылданбайды. Намаз оның көңілін әр түрлі қатынастан үзіп, түсініктер жете алмайтын түрде Аллаһпен бірге болу сырына қандырады. Басқа ғибадаттарда жағдай мұндай емес. Мысалы, ораза ұстаған кісі, базарда алушы да сатушы да бола алады. Қажылықта да осылай. Бірақ кісі намаз оқып жатқанда сатушы да алушы да бола алмайды. Ол тек қана намаз оқушы, яғни затымен, рухымен Хаққ Тағаланың алдында.

Кәміл мүминдер

«Сөзсіз, намаз мүминдер үшін уақыттары белгіленген түрде парыз қылынған».(Ниса сүресі, 103) аят кәримінің баяны бойынша өмір бойы күнде бес мәрте нәпсімен күресу арқылы орындалған мойынсұнуға, әрі қосымша нәпіл намаздармен де кәмілдікке жете отырып Раббымыздың: «   »   (Раббыңа қайт!) әмірі бойынша рахмет және шексіз сыйлықтарға жетумен, ерекше құлдар арасына қосылып дәрү'с-сәләмға, яғни бақыттылық жұртына көшеді.

Намазға Дайындық

Ғибадаттардың ұлығы саналатын намазды кәміл мағынада өтемекке әлбетте ең әуелі кәміл мағынада дайындық қажет. Мысалы хадис шәрифтерде қабылданатын намаздар қалай оқылатыны әрі қандай екені баяндаларда әуелі:

«Кімде-кім жақсылап дәрет алса..»[1], – деп айтылады.

Өйткені намаз өмірге әрі мінезге қатысты әдемiліктерді қамтиды. Бұл нүктені аңғарғандардың намазға дайындық үшін алған дәреттерінің рухани әрі денелік тәртіпке толы пайдасын баяндау ретінде Хазіреті Имам Ағзамның дәрет суымен бірге күнәларының де төгілгенін сезуі туралы нақыл сөз намазға шынайы дайындықтың нендей керемет әрі қажет екенін баяндайды. Парасаттылығы мәшһүр болған Имам Ағзам дәрет алған бір жігітке:

-Балам! Мына, мына күнәларды істеме, олардан бас тарт! – дейді.

Жігіт таң қалып:

*** Мисуақ:** тіс тазалауға арналған, емдік қасиеті бар мисуақ ағашының бұтақтарынан жасалатын шөтке.

-Дәл осы күнәларды істегенімді қайдан білдіңіз, ей Имам? – деп сұрайды.

Имам Ағзам оған:

-Балам, қазір сен алған дәреттің суынан»,– деп жауап береді.

Дәрет аларда пейіл мен жүректі дайындаудан басқа, көп орындалмай бара жатқан сүннеттердің біреуі болған мисуак[2] қолдануға да мән беру керек. Аллаһ Расулі (с.а.у.) бір хадисінде былай айтады:

«Мисуәк қолданылып оқылған намаздың ерекшелігі, мисуәк қолданылмай оқылған намаздан жетпіс дәреже артық».[1]

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) тағы бір хадисінде:

«Мисуәк әрі тазалаушы, әрі Аллаһтың ризасына жеткізуші»[2], – деп айтқан.

Намаз ғибадаты тәкбір[3], тәһлил, тәсбих және қырағат арқылы басынан аяғына дейін тілдің қатысы бар ғибадат. Сондықтан сол ұлы да киелі сөздер шығатын ауыздың мисуәкпен тазалануы, лебіздің қолайлы әрі әдемі болуын қамтамасыз етіп, көңілдің орнығуына және тынышталуына дәнекер болары белгілі жағдай.

Тіс пастасы және шөткесімен тістердің тазалығы қамтамасыз етілуімен бірге мисуәк қолдануда қазіргі кездегі білім дүниесінде белгіленген талай пайдалар бар. Хадис шәрифтерде баяндалған бойынша мисуәктың, тістің шіруінен бастап, асқазан ауруына дейінгі аурулардың алдын алуда талай пайдалары бары сөзсіз.

Намазға дайындық үшін қажет болған ең маңызды істердің бірі сөзсіз:

«Ғылыммен істелген азғантай амал надандықпен істелген көп амалдан артық» хадисі бойынша дәретте қандай нәрселердің парыз және сүннет; намазда да

қандай нәрселердің парыз, уәжіп және сүннет екенін білудің маңыздылығын түсіну.

Бұлардан басқа, дәрет алу арқылы намаз үшін дене мүшелерімізді тазалайтынымыз секілді, көңілімізді де кек, қызғаныш және т.б. рухани кірлерден тазартып, күнәлардан алыстаған күйде намазға тұруға мұқият болуымыз керек. Бұған бөгет болатын Шайтан және шайтан қылықты адамдардың әшекейлі айлаларына және тұзақтарына ояу көзді, әрі парасатты болуымыз міндетті.

Осы бағытта айтылған:

«Намаз үшін белдеріңді және қарындарыңды жұқартыңдар!» хадис шәрифінің баяны бойынша әрекет жасау, намазға дайындық жөнінде кеудеде рахатты және намазға қызығушылықты қалыптастыратын дәстүр.

Хадис шәрифте баяндалған бірінші мәселе - харамға жоламау; екіншісі денеге жалқаулық беретін дәрежеде асқазанды толтырып ас жемеу деп қорытындылауға болады.

Намаздың Қабыл Болу Шарты: Хушуғ[1]

Намаздың сыртқы жағын, яғни пішінін «фиқыһ»[2] саласы реттейді. Фиқыһ болмай намаз болмайды. Бірақ хушуғдан алыс, бытыраған бір көңілмен оқылған намаз да қабылданбайды. Сондықтан намаздың сыртқы жағын тәртіпке қоятын фиқыһ қағидалары, көңіл әлемін әшекейлейтін рухани қағидалармен қосылып бір арада болғанда ғана намаз нағыз намаз болады. Ал көңіл әлемінің тәрбиеленуі, Құран Кәрімде баяндалған тәзкие(ағарту) сырына жетумен көрініс табады. Аят

*** Хұшу**: а. Аллаһ Тағалаға қорқумен және махаббатпен мойынсұну, осы сезіммен пайда болған хәл, ә. қарапайымдылық

** **Фиқх:** Ислам заңы

кәримде айтылады:

«Нәпсісін тәзкие қылған(ағартқан) құтылды». (Ағлә сүресі, 14-аят)

Осы рухани тәрбие намаз үшін өте маңызды жағдай. Өйткені Хақ Тағала Құран Кәрімде намаздың парыздарын, уәжіптерін және рәкағат сандарын айтпағанымен хушуғ, ықылас және көңілдің тыныш болу күйінің маңыздылығын бірталай жерлерде қайталап, қадап айтқан. Ондай болса намаздың рухани тарапына қатысты сезім, әдеп және шарттар құл ерекше назар аударып орындайтын жағдай. Өйткені аят кәримде:

«Намаздарында хушуғ күйінде болған мүминдер сөзсіз құтылды». (Муминун сүресі, 1-2 аяттар) деп айтылады.

Хадис шәрифтерде былай баяндалады:

«Кімде-кім дәретін жақсылап алып, намазын уақытында оқып, рукуғы мен сәждесін толық жасап, хушуғ сезімінде болса, оның намазы ақ және жарық нұр тәрізді көтеріледі де, намаз оқығанға: «Менің хұқығымды қорғағаныңдай Аллаһ та сені қорғасын!»- деп алғыс айтады. Кімде-кім дәретін жақсылап алмай, намазын уақытында оқымай; рукуғы мен сәждесін шала істеп, хушуғдан жұрдай оқыса намазы қара әрі қараңғы бір зат сияқты көтеріледі де, өзін оқыған адамға: «Хұқығымды қорғамай мені қор қылғаныңдай Аллаһ та сені қор қылсын! – дейді. Сондай-ақ мұндай намаз Аллаһ Тағала қалаған жерге дейін көтеріледі де, кейін іске жарамайтын шүберек сияқты бүктеліп оқыған кісінің бетіне лақтырылады».[1]

Бахауддин Нақшибендиден (құддисә сирруһ)[2]:

- Құл намазда қалай хушуғ иесі бола алады?- деп сұралғанда ол :

- Мына төрт нәрсенің арқасында ие бола алады деп, мыналарды баяндады:

1. Халал тамақ,

2. Дәрет аларда ғапыл болмау,

3. Алғашқы тәкбірді аларда(намазға тұрарда) Аллаһтың алдында екенін білу,

4. Намаздың сыртында да Аллаһты мүлде ұмытпау, яғни намазда болуға тиісті көңіл тыныштығы, Аллаһтың алдында екендігін сезінуін, күнәлардан алыс болу күйін намаздан кейін де жалғастыру».

`

Намаздағы хушуғ халі өте маңызды болғаны соншалық, құл соған ие болу мөлшерінде мәміле көреді. Хадис шәрифтерде былай баяндалған:

«Кісі намазын бітіргенде, оқыған намазының сауабынан өзіне оннан бірі немесе тоғыздан бірі, немесе сегізден бірі, немесе жетіден бірі, немесе алтыдан бірі, немесе бестен бірі, немесе төрттен бірі, немесе үштен бірі, немесе жартысы беріледі..».[1]

«Оқыған намаздарының сауабынан алтыдан бірі, тіпті оннан бірі де өздеріне жазылмайды. Тек біліп хушуғ халімен оқыған бөлімдері ғана жазылады».[2]

Хушуғ халі ықыласты болудың жемісі. Өйткені ықылас құлды шынайы ниет пен хушуғ иесі қылып, Аллаһ алдында өте ұлы дәрежелерге жеткізе отырып, иләһи қорғауға да дәнекер болады. Хадис шәрифте былай айтылған:

«Ықыласты кісілерге сүйіншілер болсын, олар һидаят нұрында. Ондай кісілердің құрметіне ең қатты бүліктер жоқ болып кетеді».[3]

`

Ықылас пен хушуғдың жүректе орнығуы және намаздан болатын рухани пайдаға жеткізуі үшін мына

қағидаларға бағыну қажет:

1. Көңіл тыныштығы: Көңілдің тек қана оқылған дұға, тәсбих(зікір) және аят кәримдердің руханиятымен көктеуі. Дүниелік істерден толығымен қол үзу. Өйткені түрлі ойлар мен істерден арылмаған көңіл, өзін намазға толық бере алмайды. Хаққтың алдында тұрғандығынан ғапыл қалады. Міне, құл осындай ғапылдықтан арылып, Хақ Тағаламен бірге бола білсе және тілімен айтқан сөздердің мағынасын азғантай болса да түсінсе, сонда ғана көңіл тыныштығына жетеді.

2. Ойлау: Не оқып тұрғанын аңғару, мүмкін болғанынша оқып тұрған нәрселерімен бір бүтін болу. Бұл да көңіл тыныштығынан кейінгі ең маңызды мәселе.

3. Құрметтеу: Хаққ Тағаланың алдында тұрғанын аңғарып, дененің әрі көңілдің хушуғын сақтау. Яғни, намаз ғибадатын көңіл тыныштығымен және тәфәккурмен әшекейлеген соң, намазға тиісті әдептілікке бағыну қажет. Намаздағы осы әдеп тағзым күйі оның бағасын еселеп арттырады да, оқыған адамға шапағатшы қылады. Яғни құрметтеу мәселесінде құл:

«Егер намазыңның бір миғраж болуын қаласаң, Аллаһтың ұлылығын және саған берген сансыз игіліктерді есіңе ал да, өз ғибадатыңды кем деп сана! Өз ғибадатыңа қарап Аллаһқа лайықты түрде шүкір еткеніңді ойлаудан сақ бол! *«Уа, Раббым! Саған лайық боларлықтай құлшылық істей алмадым; мені ғапу ете көр!- деп кешірім сұраған»* Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) пейілінен несібесін алса, сонда ғана оқылған намазынан шексіз дәрежеде пайда көреді.

4. Айбат: Құрметтеп, Ұлықтаған Тәңіріңнен қорқу күйінде болу. Мұндай қорқу күйі құлдың өз орынын білуіне және Хаққ Тағаланың ұлылығын аңғаруына дәнекер болатындықтан, намазда салмақты (шынайы) әрі тақуалы болуды қамтамасыз етеді. Аят кәримде

былай айтылған:

«...Аллаһ алдында сөзсіз ең үстемдерің тақуа жағынан ең күшті болғандарың..». (Хужурат сүресі, 13-аят)

5. Рәжа: Үмітте болу. Намазда тағзыммен[1] бірге құлдың Аллаһ Тағаланың ризасына және рахметіне жетуді үміт етуі, осы жайында жалбарынып, намаздан кейін дұға етуі құлшылық белгілерінің бірі болып табылады. Өйткені тек қана қорқу, көңілге ауыр түседі. Және күндердің күні рухани деңгейді бұзады. Үміткер болу болса, көңілдегі деңгейді қамтамасыз етеді.

6. Хая: Ұялу. Бұл басқа ерекшеліктерді толықтайтын сондай бір көркем сипат. Хаққ Тағаладан ұялған құл, артық әрекеттер істемейді және ұялу арқылы намаздағы қателерін, кемшіліктерін әрі ғапылдығын біледі. Амалдарына сеніп қалу ауруына ұсталмайды. Хадис шәрифте былай баяндалған:

«Ешкім, намазбен күнәларым кешіріліп кетеді екен өз ісіне сенбесін».[2]

Сонымен намаздың арқасында күнәлар қалай да болса кешіріледі деп, ғапылдыққа түспеудің жалғыз жолы хаяға бөлену, намаздағы әдептілікті ылғи да сақтау. Өйткені кешірілуіміз ғибадаттарымыздың нәтижесі емес, Аллаһ Тағаланың ілтипаты мен мейірімінің нәтижесі. Негізінде, орындаған ғибадаттарымыздың қандай көңіл-күймен істелгендігі және олардың Ұлы Аллаһқа лайық ғибадаттар емес екендігі өзімізге мәлім.

Осы ерекшеліктерді қорыта айтатын болсақ; намазда көңілдің хушуғымен дененің қозғалысын бірлестірмеген кісі, намаздың ақиқатына жете алмайды. Ондай болса

---

* **Һұзұр:** көңіл мен дененің Аллаһ Тағаланың құзырында болу күйі

рухани тараптан да денелік жақтан да намаздың ақиқатына дайын болу қажет.

Көңіл және дененің бірдей, қатар намазда болуларына әрі талап етілген хушуғ жайына Ислам даналары ерекше назар аударып, бұл мәселеде абай болу қажетті болатын нүктелерді баяндарда, астарлы сөзбен мына үш топтың (кісінің) намаздарының қабыл етілмейтінін жариялаған:

1. Аңшы
2. Жүк тасушы
3. Саудагер

Мұндағы аңшы тобы дегені, намаз оқырда көзімен жан-жағын бақылап тұратын, және басқа мүшелерімен көп қимылдайтын кісі (яғни қолымен жан-жағын қайта-қайта қасу, белбеуін түзеу, шұлығына, өз киіміне қарай беру сияқты); жүк тасушыдегендері, қыстап тұрса да, дәретін жаңаламай намаз оқитын кісілер; саудагер тобы дегендері намаз кезінде ойы мен көңілін дүниелік істерден айықтыра алмайтын кісі. Бұл үш кісі намазда болуы талап етілген хушуғ және тыншу[1] күйіне жете алмайтындықтарынан ғибадатқа беріле алмайды және жай ғана намаз оқыған болады, әрі оның қылықтары Аллаһ алдында мүлде қабылданбайды.

Мына хадис шәрифтер бұл ақиқатты айқындайды:

«Қайсыбіреуің намазға тұрғанда, бүкіл денесі әрекетсіз болсын. Еврейлер сияқты ырғалып тұрмасын. Өйткені дененің намазда әрекетсіз, тыныш тұруы намаздың толық болуы үшін қажетті бір бөлшек».[2]

«Намазда жеті нәрсе Шайтаннан (яғни Шайтан ұнатқан нәрселер): мұрыннан қан ағуы, ұйықтау, күмәндану, есінеу, қасыну, жан-жаққа қарау және бір нәрсемен ойнау..».[3]

Ал сырттай хушуғ күйінде, бірақ көңілі хушуғ күйінен алыс күйде болса, оны мұнафиқтық хушуғ

деп атайды. Осындай жағдайға түсіп кетуден де көңіл әлемін қорғау керек.

Хушуғ жайында айтылатын соңғы сөз: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде біздерге үлгі болсын деп баяндаған Хазіреті Ибраһимнің (ғалейһіссәләм) мына дұғасы:

«Уа Раббым! Мені ықылас және хушуғбен намаз оқитындардан қыла гөр! Әулетімнен де осындай адамдар шығар! Уа, Раббымыз! Дұғамды қабыл ете гөр!» (Ибраһим сүресі, 40-аят)

Намазда Хушуғ Қалай Пайда Болады?

Хатем Асам есімді әулие, намазды лайықты түрде оқу туралы былай айтқан:

«Әуелі намаз үшін керек болған дайындықты ең жақсы түрде орындағын. Одан кейін Қағбаны көз алдыңа, Сырат көпірін аяғыңның астында, жәннатты оң жағыңда, Жәһаннамды сол жағыңда, желкеңде Әзірейлдің сенің жаныңды алайын деп күтіп тұрғанын ойла да «Осы намаз өмірімдегі ең соңғы намаз»,– деп қорқу мен үміт күйінде Әлемнің Раббысының алдында тұр! Шын жүрекпен тәкбір айт! Ақырын және мағынасын ойлай отырып Құран оқы! Қарапайымдылықпен рукуғ, хушуғмен сәжде қыл! Денең намаздың негізгі шарттарын орындай берсін, бірақ рухың яғни көңілің үнемі сәжде күйінде болсын және бір мезет те болса Аллаһпен бірге екендігіңді ұмытпа!..».

Міне, осындай хикметті, жан-тәніңмен берілу күйінде Хақ Тағалаға беріліп намаз оқығандар өздерін де, басқаларды да ұмытып, дүниеден және оның ішіндегілерден хабарсыз күйде болады.

Хазіреті Мәулана былай деген:

«Есіңді жи! Намаздан тек қана сырттай емес, рухани жақтан да пайда көруге тырыс! Жем жеп жүрген құс сияқты, Аллаһтың ұлылығынан хабарсыз түрде, басыңмен жер шұқи берме!.. Хазіреті Пайғамбардың: *«Адамзат ішінде ең жаман ұры, намазынан ұрлаған адам»*[1], сөзіне құлағың сал!.».

Намазда хушуғды іске асыру немесе асыра алмау турасында құлдардың жағдайы хадис шәрифте былай баяндалған:

«Екі кісі бір уақытта және бір мекенде екі рәкағат намаз оқиды. Бірақ екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көк арасындай».[2]

Сондықтан намаз үшін денемізбен Қағбаға бұрылғанда, көңілді де Аллаһқа бұрып қаратумыз қажет. Өйткені көңілдің құбыласы – Аллаһ.

Сонымен қатар хушуғдың пайда болуы әрі ұзақ сақталуы үшін:

«Амалдар ниеттерге қарай іске асады».[3] хадис шәрифі бойынша намаздың рухына сәйкес кәміл ниетте болу қажет. Бұл қайсы намазда әрі кімнің алдында тұрғаныңды біліп, аңғаруың. Сондықтан көңілмен ойлағандарды тексеру керек және Аллаһтың ризалығына жетуден басқа мұраттан айығу керек.

Намазға тұрғанда айтылатын тәкбір, яғни Аллаһты ұлылаусөзіндұрыстапайтаотырып,көңілмен,Аллаһтың ұлылығын және үлкендігін сезу қажет. Қолдар құлаққа дейін көтерілгенде дүниелік шұғылдардың барлығын қолдың терісімен артқа лақтырып, Аллаһтың алдында болудың сезімі және шаттығы тұла бойды билеп, осы фәни әлемнен шығып ақірет әлемінде өмір сүріп жатқан сияқты бір күймен намазға тұру қажет.

Қиямда тек сәжде етілетін жерге ғана қарап, тыншыған жүректің рахат сезімінен бір сәт те болса айрылмай, көңілді Хаққа деген әлсіздік, мұқтаждық

және берілудің шыңына шығару арқылы ұлы Раббымыздың періштелеріне:

«Нендей жақсы құл!» деп мақтаумен таныстыратын ізгі құлдары тобына қосылуды аңсау қажет.

Қырағатта, аяттарды дұрыстап және мәнерімен оқып, мүмкін болғанынша мағынасына ой жіберуге тырысу, әрі сол мағынаны өз өмірімізге сәуле етіп шағылыстыру. Қырағат кезінде:

«Құран Кәрім оқыған кісі Аллаһпен сөйлескендей болады».[1] хадис шәрифінің сыры көрініс табатындықтан сүре және аяттарды оқырда тілмен бірге көңілдің де ояу, әрі тыншыған болуы қажет.

Рукуғда айтылатын тәсбих сөздерін мағынасына ой салып, ұлылық және салмақтылық сезімімен оқу.

Сәждедегі тәсбихтерді де Аллаһтың ұлылығын ойлай отырып оқу қажет.

Қағда делінетін, намаздың соңғы отырысында Аллаһтыңалдындақұрметпенотыруқажет. Пайғамбарға (с.а.у.) салауат айтып, соны көз алдына елестету әрі бас иген ғаріп сияқты дұға ету күйінде болу керек.

Намаз бітерде берілетін сәлем де құлды Дарү'с-сәламға, яғни Жәннатқа апаратын намаз арқылы шаттанған көңілдің сәлеміне оң жақтағы және сол жақтағы періштелердің де ортақ етілуі.

Расулұллаһ (с.а.у.) Намазы

Риуаят бойынша Аллаһтың Пайғамбары (с.а.у.) намазға тұрғанда көкірегінен үнемі қол диірменінің дауысы сияқты өксіп жылағандай дауыс естілер еді. Хазіреті Али (радиаллаһу ғанһу) осы туралы былай айтқан:

«Бәдір соғысында Пайғамбар (с.а.у.)нің бір ағаштың астында жылап отырып намаз оқығанын көрдім. Осы халы таңға дейін жалғасты».[1]

Сонымен қатар Әлемдердің Мырзасы Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) көкірегінен намаз кезінде кейде қазанда қайнап жатқан судың дауысы секілді дауыс естілетін.

Айша (радиАллаһу анһә) айтады:

«Расулұллаһ (с.а.у.) намазға тұрғанда кейде жүрегінен қазанның қайнауына ұқсас дауыс естілетін».[2]

Хазіреті Айша анамыз Пайғамбар (с.а.у.)нің намаз оқуы туралы тағы былай дейді:

«Расулұллаһ бізбен сөйлесіп әңгіме айтатын. Бірақ намаз уақыты кіргенде біздерді танымайтын бір күйге бүркеніп, бүкіл болмысымен Аллаһқа бұрылатын...».[1]

Міне, намаздарда осы ұлы ахуалдан несібе ала білу – көңілдің жалғыз мақсаты болуы қажет. Бұл толығымен мүмкін болмаса да, ең болмағанда сол бағытқа қарай талпынып, жігер жұмсау керек.

Мына хадис шәрифтің мағынасы қандай терең:

«Намазға тұрғанда соңғы намазым деп оқы! Ертең өкінетін істер жасама! Адамдардың ғапылдықпен армандағандарына көңіл бөлуді таста!».[2]

Расулұллаһтың(с.а.у.) мүбарак мәжілісіне қатысып, оның сұхбатымен тәрбиеленген сахабаларының және олардың артынан ерген мүминдердің ахуалдары ылғи да осы хадис шәрифтің мазмұнына сәйкес болған.

Ислам Ұлыларының Намазы

Хазіреті Омарды бір мәжуси (отқа табынушы) жарақаттаған еді. Қан тоқтамай аға берді де, біраз уақыттан кейін талып қалды. Оның осы талуы өліп бара жатқан адамның талғаны сияқты қатты еді. Бірақ намаз уақыты кіргенде құлағына еңкейіп:

«Намаз, ей, Омар, намаз!»- делінгенде таң қалдырар-

лық бір жігер танытып, айығып, сол қансыраған халімен намазын оқып:

«Намазы жоқтың Исламда орны жоқ!» – деп қайталап айтқаннан кейін қайта талып қалған-ды».

Хазіреті Али намазға тұрғанда өңі бұзылып кететін. Ол өзін де басқа нәрселерді де ұмытып кететін. Бір соғыста мүбарак аяғына кірген оқ, өз қалауымен намаз кезінде шығарылғанда да мұны сезбеген еді. Одан:

«Ей, мүминдердің әмірі! Намаз уақыты кіргенде неге өңің өзгеріп дірілдей бастайсың?» – деп сұралды.

Ол былай деді:

«Жер және көк арқалай алмаған, таулар көтере алмай әлсіз қалған ұлы аманатты орындау уақыты келді. Соны қатесіз орындай аламын ба, орындай алмаймын ба білмеймін».

Хазіреті Хасан (РадиАллаһу анһү)дің түсі дәрет алып жатқанда өзгеретін. Мұны көрген бір кісі:

« Ей, Хасан! Дәрет аларда неге сонша сарғайып кетесің?» – деп сұрады.

Ол кісі былай жауап берді:

«Өзінен басқа құдірет иесі болмаған Ұлы және Әзиз Аллаһтың алдына шығу уақыты келгендіктен».

Хасан (радиаллаһу ғанһу) мешітке кірерде былай айтатын:

«Уа, Раббым! Құлың есігіңде. Ей сый иесі Аллаһым! Күнәһар құлың саған келді. Сен салиқалы құлдарыңа жаман кісілердің жамандықтарын кешіруді әмір еткенсің. Өйткені сен ғапуға әрі жақсылыққа иесің. Уа, Құдайым! Мен істеген жамандықтарды да сол ғапу және жақсылығыңмен кешір де, маған мархабат қыл!»

Хазіреті Зейнелабидин де дәрет алғалы түрегелгенде беті сарғайып намазға бастағанда аяқтары тітірейтін. Себебін сұрағандарға:

«Кімнің алдына шығатынымнан хабарларың жоқ па?» – деп жауап беретін.

Мүслим бин Асардың намазы да осындай еді. Ол Басра қаласында бір мешітте намаз оқып жатқан еді. Сол уақытта мешіттің бір бөлігі қатты құлап қалды. Бірақ Мүслим бин Асар, бұдан хабарсыз күйде намазын жалғастырып жатқан. Сәлем беріп болған соң:

«Мешіт құлап қалды, ештеңе істемедің? Бұл қандай ахуал?» – деп сұралды.

Ол таңырқаған кейіппен:

«Мешіт құлап қалды деймісің?» – деп намаз кезінде еш нәрсе сезбегенін білдірді.

Аллаһ достарының(әулие) біреуі айтады:

«Зүннун Мысридің артында екінті намазын оқып едім. Ол мүбарак құл «Аллаһу әкбар» деп намазға бастағанда «Аллаһ» деген сөздің әсері оған өте күшті болып, денесінен жаны шығып кеткендей болды да, сөйтіп қатып қалды. «Әкбар (ең үлкен, ең ұлы) деген кезінде сол тәкбірдің айбатынан менің жүрегім жарылғандай болды».

Қазіргі күнімізде сахабалар және олардың артынан жүргенданалароқығаннамаздыңаясынакіреалмағандар намаздағы ләззатқа, шаттығуға бөтен тартқандықтары соншалық оның ұлы құрамы және дәрежесі жайында да күдіктенеді. Ғапылдық мәжілістерінде (ойын-сауық т.б. болған жерлерде) жалған әрі арзан ләззаттар үшін таң атқанға дейін отырылғанда осы істерден шексіз дәреже артық рухани ләззат сыйлайтын (намаз оқу, Құран оқу, зікір ету) үшін көздер, көңілдер неге таңға дейін ояу болмасын? Бірақ осы ләззатты татпағандарға және тата алмағандарға түсіндіру әлбетте қиын.

Негізінде, шынайы намаз құлды шүкіршілікке, Аллаһты жақсы түрде біліп сенуге және шынайы құлшылықтың кәмілдігіне жеткізеді. Сондықтан

намазды орындау, көңілі Аллаһқа деген махаббатпен асып-тасқан және құлдырамайтын иманға жеткендерге оңай, жеңіл болып келеді. Және намаз осындай құлдарды айрықша бір шаттығу және ләззат алу күйіне жеткізеді.

Ал осы ахуалдан мақрұм болғандардың жағдайын Аллаһ Тағала былай білдіреді:

«... Сөзсіз ол(намаз) Аллаһтан қорыққандардан басқаларына ауыр келеді».(Бақара сүресі, 45-аят)

Бұл жерде мына ақиқатты да баяндау керек:

Ұлы сахабалар және әулиелер намаз арқылы жеткен жоғары мәртебелерге жетуіміз мүмкін емес деп саналса да, көңілдеріміздің күші мен қабілеті мөлшерінше шынайы ықыласпен тырысып бағуымыз қажет. Шайтан кейде «осындай ғапылдықпен намаз оқығанша мүлдем оқымаған жақсы» деп алдап, азғырады да адамды, қауіптен қауіпке сүйрейді. Тұзаққа түсіреді. Сондықтан мұндай ой адамды зиянға ұшыратады. Мүлдем оқымағанша осылай болса да оқу жақсы, артық деп ойлау керек. Намаз оқу мен оқымау арасында айырмашылық өте үлкен. Намаз оқымаған үнемі зиянда. Бірақ кем де болса намазын оқыған кісі, бір сәті келеді, иләһи сыйға жетіп, Аллаһ алдында қабылданатын намаз оқу оған нәсіп болады.

Осы ақиқатты да ұмытпау керек:

Ешбір әрекет, қимыл дереу кәмілдікке жетпейтіні сияқты ғибадаттар да басында жайша еліктеу секілді басталады. Өнерпаздың өнерін ұзақ тәжірибелерден кейін кәміл түрде істеуі сияқты, құлдың да ғибадатында дамуы үшін уақыт керек. Намазды кәміл түрде оқи алмағандар үмітсіз болмай, бұл шындықты көз алдында ұстай отырып жолдарын жалғастырулары керек. Қалай бір грамм алтынға жету үшін тонналаған топырақ еленетін болса намаздың кәміліне жету үшін де сабыр-

мен, табандылықпен ықылас және хушуғ күйіне жету үшін еңбектену қажет.

Бес Уақыт Парыз Намаз

Парыздар Хазіреті Пайғамбарға(с.а.у.) Жәбірейл(ғаләйһиссәләм) арқылы білдірілген. Бірақ бес уақыт парыз намаз өзгеше түрде миғраж түнінде тіке Аллаһ Тағала тарапынан Әлемнің Мырзасы (с.а.у.)ға сыйлық ретінде ұсынылған. Миғраж түнінің алғашқы сәттерінде елу уақыт деп парыз қылынған намаз, Мұса (ғаләйһиссәләм)нің аспанда Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.):

«Уа, Расулаллаһ! Мен, сенен бұрын Израйл ұлдарында (еврейлер) тәжірибе қылдым. Елу уақытқа сенің үмбетің де шыдай алмайды», – деп кеңес бергені себепті Расулұллаһ (с.а.у.) сол түні Хаққ Тағалаға бес рет өтініп жалынған соң намаз бес уақыт қылынып бекітілді.

Хазіреті Мұса(ғаләйһиссәләм) Пайғамбар(с.а.у.) Мырзамызға:

«Бұған да күштері жете алмайды!» – деп айтқанымен, Пайғамбар (с.а.у.):

«Енді будан да азайтылуын сұрауға Раббымнан ұяламын», – деп бес уақытты қабылдады.

Бірақ Аллаһ Тағала, Хазіреті Пайғамбарының (с.а.у.) дұғасының берекеті ретінде мархабат қылып, намазды бес уақытқа түсіруге қосымша миғраж түні Елшісін тағы былай қуантты:

«Ей, Пайғамбарым! Менің алдымда сөз ауыспайды. Осы бес уақыт намазға сен елу уақыт (намаздың) сауабын аласың».[1]

Басқа бір хадис шәрифте былай айтылған:

«Аллаһ, құлдарына бес уақыт намазды парыз қылған. Кімде-кім көңіл аударып осы намаздарды

толық оқыса, Аллаһ оны қиямет күні Жәннатқа қоятынына қатысты нақты уәде бергендей болады. Ал кім мән бермей, кем-кетік оқыса, Аллаһ алдында оған берілген ешқандай уәде жоқ. Қаласа оған азап етеді, қаласа кешіреді».[2]

Тағы да басқа хадистерінде былай айтқан:

«Үлкен күнәлардан сақ болу шарттарымен оқылған бес уақыт намаз және екі жұма намазы, сол аралықта істелген кішкене күнәларға кәффарат болады».[1]

«Мұсылман баласы парыз намазының уақыты кіргенде жақсылап дәрет алса және хушуғ күйінде әрі рукуғын да дұрыс жасап намазын оқыса, үлкен күнә істемейінше оқыған бұл намазы бұрынғы күнәларына кәффарат болады. Бұл әрқашан осылай».[2]

Бес уақыт парыз намаздың әр біреуінің бөлек бағасы және маңыздылығы бар. Күннің белгілі уақыттарына белгіленуі де адам үшін рухани әрі денелік мың бір пайдалар және хикметті қамтиды. Сондықтан әрбіреуіне өзгеше көңіл бөлу керек және шын жүрекпен орындалуы жайында ғапыл болмау қажет. Аллаһ Тағала былай айтады:

«Олай болса, сендер, кеш болғанда және таң атқанда; күндіздің соңында және түске жеткенде Аллаһты ұлықтаңдар! Көктерде және жерде мадақ тек Аллаһқа ғана тән».(Рум сүресі, 17-18 аяттар)

Абдұллаһ Ибн Аббас (РадиАллаһу анһүмә), осы екі аяттың бес уақыт намазды қамтитынын баян етіп былай айтқан:

«Аятта «таң атқанда» деген сөз таң намазына;

«Түске жеткенде» деген сөз бесін намазына;

«Күндіздің соңы» деген сөз екінті намазына;

«Кеш болғанда» деген сөз ақшам және құптан намаздарына ишара жасайды».

Сонымен қатар бес уақыт намаздың сүннеттеріне де мән бермеушілік немесе осалдық көрсетуге болмайды. Парыз намазға қосылып оқылатын сүннеттердің сол парыздың толықтаушысы болатыны, Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) тарапынан баяндалған әрі орындалып көрсетілген. Осы жайдағы риуаяттардың бір қатары осылай:

«Таң намазының екі рәкағат сүннеті, дүниеден және дүниедегі бүкіл нәрселерден артық».[1]

«Пайғамбар (с.а.у.) бесін намазында парыздан бұрын төрт рәкағат, артынан екі рәкағат намаз оқитын».[2]

«Екінтінің парызынан бұрын төрт рәкағат намаз оқыған кісіге Аллаһ мейірімін төксін!»[3]

«Ақшам намазында парыздан кейін екі рәкағат тағы оқуға асығыңдар! Өйткені сол екі рәкағат парызбен бірге жоғарыларға көтеріледі».[4]

Құптан намазында парыздан бұрынғы төрт рәкағат сүннет намаз туралы:

«Әрбір азан мен қамат арасында намаз бар»[5] хадисі дәлел болып келеді.

Құптанның соңғы екі рәкағат сүннеті де Пайғамбардың (с.а.у.) өмір бойы оқыған намаздары қатарында болғаны белгілі.

Намаз туралы ең маңызды жағдайлардың енді біреуі намазды өзінің уақытында оқу. Пайғамбардан (с.а.у.);

«Амалдардың ең абзалы қайсысы?» – деп сұрағандарға ең алдымен:

«*Уақытында оқылған намаз*», – деп жауап беретін.[1]

\`

Бес уақыт парыз намаздан басқа парыз болған тағы бір намаз бар. Ол жұма намазы. Бұл намаз тұралы ұзақ мәлімет беру қажет болғанымен маңыздылығы туралы осы аят кәримәжеткілікті болады:

«Ей, иман келтіргендер! Жұма күні намазға шақырылған кезде сауда-саттықты(дүние істерін) қоя тұрып, дереу Аллаһты зікір етуге асығыңдар! Егер біле білсеңдер, әрине бұл сендер үшін өте қайырлы».(Жұма сүресі, 9-аят)

Нәпіл Намаздар

Хақ Тағала бір құдси хадисінде былай айтады:

«Кімде-кім менің (әулие) құлыма дұшпандық жасаса мен де оған соғыс ашамын. Құлымды маған жақындататын нәрселер арасында маған ең көп ұнайтыны оған парыз қылынғандарды орындауы. Мұнымен бірге құлым нәпіл ғибадаттарымен маған жақындай береді. соның нәтижесінде менің махаббатыма жетеді. Егер оны сүйетін болсам мен оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын. Ол менен бір нәрсе сұраса беремін, менен пана сұраса оны кепілдемеме алып, қорғаймын. Мен мүмин құлымның рухын аларда оның жанын алып-алмау туралы ойланғанымдай, басқа істерімде ойланбадым. Өйткені ол өлімді ұнатпайды, менде ол ұнатпаған нәрсені ұнатпаймын...».[1]

Сондықтан салиқалы мүминдер парыз намаздарға қосымша сапарға шығарда, қорқынышты сәттерде, бір нәрсеге қажеттері болғанда, түн ішінде және басқа уақыттарда Расулұллаһтың (с.а.у.) ұлы сүннетіне байлана намаз оқиды. Әрі оларды Аллаһ Тағала:

«...Олардың жүздерінде сәжде ізі бар...»(Фатх сүресі, 29) аятымен таныстырады.

Намаз олар үшін мүлде басылмайтын шаттану. Расында нәпіл намаздар да осы күйдің жалғасуы үшін орындалады. Әсіресе Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.) ешқандай күнәсі қалдырылмай кешірілген босла да, түндерде аяқтары ісігенге дейін намаз оқитын, көзі талғанға дейін Құран оқитын.

Сондықтан парыз намаздар нәпіл намаздарға, ал нәпіл намаздар парыз намаздарға кедергі жасамайды. Керісінше нәпілдер парыздарды күшейту міндетін атқарады. Бұл жайда ең маңызды болғаны бәрін орынында және уақытында оқуға тырысу.

Хадис шәрифте айтылады:

«Құл қиямет күні алғаш болып намазынан есепке тартылады. Егер намазы дұрыс және жақсы болса, сөзсіз ол құтылады, мұратына жеткен болады. Егер намазы түкке жарамайтын және бұзылған болса, ондай құл зиянға ұшырағандардан болады. Парыз намазда толық болмай шықса Аллаһ Тағала:

«Қараңдар, құлымның нәпіл ғибадаттарынан парыздағы кемшілікті толықтыратын бір нәрсе бар ма?» – деп бұйырады.

Басқа амалдар тұрғысында да жағдай дәл осындай болады».[1]

Ондай болса:

«Парыздарды орындау жеткілікті. Оларды дұп-дұрыс өтесек жетеді!» - деп ойлау, айту үлкен ғапылдық болып келеді.

Өйткені парыздарды толық және қатесіз орындай білу және олардың барлығының Аллаһ алдында қабылданатындай лайықты түрде өтей білу мүмкін емес. Қаншалықты көңіл аударып абайласақ та, кейде бір қателеріміз, кемшіліктеріміз болып қалады да қабылдану мәртебесінен алысқа түсіп қаламыз. Сондықтан осы кемшіліктердің орнын толықтыру үшін нәпілдерден басқа шара жоқ.

`

Рабиға бин Қағб әл-Әслеми (радиаллаһу ғанһу) айтады:

«Түндері Пайғамбар (с.а.у.)нің қасында болып, оның

дәрет суын әкеліп, бір нәрсеге қажеті болса орындап қызмет ететінмін. Бір күні маған:

«Не сұрағың келсе, сұра!» – деп бұйырды.

Мен:

«Жәннатта сенімен бірге болуды сұраймын»,– дедім.

«Бұдан басқа не сұрайсың ?» – деді.

«Тек осыны ғана», – дегенімде

«Ондай болса өзің үшін намаз оқу арқылы маған жәрдемші бол!» - деді. 1

Шақиқ Бәлхи былай айтқан:

Бес нәрсені іздеп едік, оларды бес жерден таптық:

1. Риздықтың берекетін духа[2] намазында таптық,
2. Қабірдің жарығын тәһәжжуд намазында,
3. Мүнкәр мен Нәкір періштелерінің қабірдегі сұрақтарына жауапты Құран Кәрім оқуда,
4. Сырат көпірінен оңайлықпен өтуді ораза ұстауда және садақа беруде,
5. Аршының көлеңкесін, ел көрмейтін жерлерде жалғыз болып Аллаһ (Жәллә Жәләлуһу)ді зікір етуде.

Алайда нәпіл намаздары алуан түрлі. Олардың ішіндегі маңыздыларын қысқаша ескерте кетейік.

Духа Намазы

Хадис шәрифте айтылады:

«Сендер, мүшелеріңнің әр біреуі үшін садақа беру қажеттілігімен төсектеріңнен тұрасыңдар. Әр тәсбих (сұбһаналлаһ деп айту) бір садақа; әр тахмид (әлхамдулиллаһ деп айту) бір садақа; әр тәһлил (лә иләһе иллалаһ деп айту) бір садақа; әр тәкбір (Аллаһу әкбар деп айту) бір садақа. Жақсылықты бұйыру

* Дұһа: күн арқан бойы көтерілген кез бен тал түске дейінгі аралықтағы уақыт

бір садақа; жамандыққа бөгет болу бір садақа. Ал оқылатын екі рәкағат духа намазы, осы садақа болған істердің барлығын қамтиды».[1]

Әууабин Намазы

Хадис шәрифте айтылады:

«Кімде-кім ақшам мен құптан арасында намаз оқыса, сол әууабиндердің (Аллаһқа бұрылғандардың) намазы болады».[2]

Тахийәтул-мәсжид Намазы

Расулұллаһ (с.а.у.) айтады:

«Сендердің әрбіреуің, бір мешітке кіргенде екі рәкағат намаз оқымай отырмасын!»[3]

Тарауих (тарауық) Намазы

Хазіреті Айша (РадиАллаһу анһә) айтады:

«Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) Рамазан айында ғибадатқа басқа айлардан ерекше көңіл аударатын. Рамазанның соңғы он күніндегі ынтасы басқа күндердегіден де арта түсетін».[1]

Тағы бір хадистерінде былай деген:

«Кімде-кім Рамазан түнін, сауабына сеніп және имандылықпен, намазбен өткізсе бұрын істеген күнәларының барлығы ғапу етіледі».[2]

Истихара Намазы

Адамның алдында тұрған екі істің, қайсысының қайырлы екенін білу үшін Аллаһқа жалбарыну ретінде оқылатын намаз.

Жабир бин Абдұллаһ айтқан:

«Аллаһ Расулі (с.а.у.) бізге Құраннан бір сүре үйреткендей қылып, истихараны үйрететін...».[3]

Қажет Намазы

Аллаһ Расулі (с.а.у.) құлдың дүниеге және ақіретке қатысты қажетіне жетіп алуы үшін Аллаһқа намаз арқылы жалынуды баян ретінде былай деген:

«Әркімнің Аллаһтан немесе бір адамнан сұрар қажеті болса алдымен жақсылап дәрет алсын да, екі рәкағат намаз оқысын. Кейін Аллаһқа мадақ әрі шүкіршілігін айтсын және Пайғамбарына салауат айтсын. Одан кейін мына дұғаны оқысын:

«Халим және Кәрим Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ұлы Аршының Раббысы кемшіліктерден пәк. Мадақ та тек әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән.

Аллаһым! Мейіріміңді тартатын нәрселерді, толық кешіріміңді, қайырдың шыңы саналатын 'бирр'ге[1] жетуді, әр-түрлі күнәдан алыста болуды сенен сұраймын. Сен кешірмеген ешбір күнә, рахатқа айналдырмаған ешбір қайғы және сенің ризаңа сәйкес бола тұра бермеген ешбір қажет қалдырма, Ей, мейірімділердің ең мейірімдісі, Аллаһым!...».[2]

Түннің Ерекшелігі және Тәһәжжүд Намазы

Аллаһ алдында әр уақыттың бөлек, өзіндік ерекшеліктері бар. Кейбір уақыттар басқа уақыттарға қарағанда өте бағалы болып саналады. Осындай уақыттардың біреуі аят кәримдерде және хадис шәрифтерде түн уақыты екендігі баяндалған.

Аллаһ Тағаланың түн уақытына берген бағасы және соған жасырған сырлары сан жетпестей көп. Осы орайда Раббымыздың **«Түнге және түн ішінде болған нәрселерге ант болсын!»** (Иншиқақ сүресі, 17-аят) және **«Тыныш күйіндегі түнге ант болсын...»** (Духа сүресі, 2-аят) секілді серт беруіндегі сырлар, сана сезіміміз бен жан дүниемізге талай ақиқаттарды көрсету үшін

---

* Бирр: тақуа, салиһ амал, жақсылық, әдемілік, мойынсұну, қайыр

ашылған иләһи терезе.

Түн жұмсақ әрі ыстық төсектерді тек қана Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін тастап, тек махаббатпен Жаратқан алдында бас қою кезі. Сондықтан түн ішінде қандай да бір арнайы парыз бір амал болмағанымен, оқылған намаздардың Аллаһқа жақындау жөнінен маңыздылығы өте үлкен. Сондықтан көңілдерде Аллаһқа деген махаббат қаншалықты күшті болса, тәһәжжүд намазына деген көңіл аудару және ынта соншалықты болады.

Аллаһтың Пайғамбары (с.а.у.) кей түндері аяқтары ісіп кеткенше намаз оқитын. Одан:

«Уа, Расулаллаһ! Аллаһ Тағала Фатх сүресінде сізді толығымен кешіргенін баяндаған емес пе еді? Неге өзіңізді сонша шаршатасыз?» – деп сұрағандарға Ол:

«Шүкір етуші құл болмайын ба?» – дейтін.[1]

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Әбу Зәррден бірде:

«Сапарға шығатын болсаң дайындық істер ме едің?» – деп сұрады.

Әбу Зәрр:

«Әрине, уа Расулаллаһ!» – деді.

Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.):

«Ал қиямет күніне деген сапар қалай болады? Маған құлақ түр, сол күні саған пайдасын тигізетін нәрсені айтайын ба?» – деп сұрады.

Әбу Зәрр:

«Әрине, уа Расулаллаһ! Әкем-шешем жолыңа құрбан болсын!» – деді.

Әлемдердің мырзасы:

«Қайтадан тірілу күні үшін күйіп тұрған ыстық күнде ораза тұт. Қабірдегі жалғыздық үшін түннің қараңғылығында екі рәкағат намаз оқы. Қиямет күні

болатын үлкен оқиғалар үшін бір рет қажылыққа бар және мұқтажға бір садақа бер. Сөз сөйлегенде хақың болса айт (дұрыс айт). Әйтпесе жаман сөз сөйлеуден тіліңді теже!»[1]

Аят кәримдерде құлды Раббысынан ғапыл қалмай Оны зікір етушілерден болуға және түн намазына бағыттайтын бірталай баян бар:

«Түнде және сәжделерден кейін Оны пәкте».(Қаф сүресі, 40-аят)

«Түнде және жұлдыздар жоғалып бара жатқанда Оны пәкте».(Тур сүресі, 49-аят)

«Олар (шынайы мүминдер) түндерін Раббылары үшін қиямда тұрып және сәждеге жығылумен өткізеді». (Фұрқан сүресі, 64-аят)

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде иләһи азаптан құтылып жәннатқа кіретін және игіліктерге жеткендерді таныстырарда:

«Олар түнде аз ұйықтайтын еді және таңсәрі мезгілінде истиғфар айтатын еді».(Зарият сүресі, 17-18 аяттар)

«Түн ішінде сәжде етіп немесе аяқта тұрып бас иген; ақіреттен қорыққан және Раббысының рақымын сұраған кісі, қасарысып Аллаһқа қарсы келген кісімен тең бе? (Оларға) Айт: «білетіндер мен білмейтіндер бірдей бола ма?» Негізінде тек қана ақыл иелері үгіт қабылдайды». (Зүмәр сүресі, 9-аят)

Жамағатпен Намаз Оқу

Намаз жайындағы ең маңызды тұстарының біреуі

* **Муәккәд сүннет:** бекітілген сүннет, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнемі орындайтын іс-әрекеттері. Ғайры муәккәд сүннет: Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейде іс-әрекеттері.

парыз намаздарын жамағатпен оқу.

Намаздың жамағатпен оқылуы уәжіп мәртебесіндегі муәккәд сүннет[1] болып келеді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қайтыс болардың алдындағы бірнеше күнді қоспағанда өмірінде намазды жамағатпен оқудан қалмаған-ды.

Жамағатқа қатысудың қажеттілігін баяндайтын мына оқиға өте қатты назар аудартады:

Соқыр болған Ибн Үмми Мәктум есімді сахаба жамағатқа үнемі қатыса алмайтындығын айтып бұл жайда Хазіреті Пайғамбардан рұқсат алуға келеді:

-Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Менің жағдайымды білесің, үйім мен мешіттің арасында ағаштар бар! Әр уақыт мені жетектейтін біреуді таба алмаймын! – деді.

Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.):

-Азанды естисің бе? – деп сұрады.

Ол:

- Ия, -деді.

-Ондай болса еңбектеп келсең де жамағатқа қатыс, – деді».

Басқа бір хадистерінде былай деген:

«Жамағатпен оқылған намаз жеке басыңа оқылған намаздан 27 дәреже артық».[1]

Исламда парыз намаздарды жамағат болып оқуға маңыз берілгендігі соншалық, бұл туралы хадис шәрифтерде қатты ескертулерайтылып, жамағатқа қатысуды қойған адамның зиянға ұшырайтыны баяндалған. Сол хадис шәрифтердің біреуінде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

«Азан дауысын ести отырып және бір үзірі де жоқ бола тұра жамағатқа келмей, отырған жерінде намаз оқыған кісінің намазы қабылданбайды, – деген

қадірменді сахабалары:

-Үзірге не жатады, уа Расулаллаһ? – деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

-Ауырып қалу немесе қауіп қорқынышы, – деп анықтама берді».[1]

Тек Пана Намаз

Ғибадаттардың ең ерекшесі болып табылатын намаз, Аллаһқа сыйынудың да ең ерекшесі. Сондықтан әр түрлі қиыншылық, пәлекет, апат, ауру, қайғы, азап жағдайларында дереу намазға жүгіну қажет. Осылай істеу Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сүннетінде жиі кездеседі.

Хузәйфә (радиаллаһу ғанһудің) айтуынша:

«Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.) қиыншылықпен кездескенде дереу намаз оқитын».[2]

Әбу Дәрда (радиаллаһу ғанһу) айтады:

«Боран соққанда Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) дереу мешітке кіріп боран тоқтағанға дейін сыртқа шықпайтын, Ай мен Күн тұтылғанда да Расулұллаһ (с.а.у.) дереу намаз оқитын».

Бұл жерде Ай мен Күннің тұтылуы кезінде құлшылық жасауды дұрыс түсіну қажет. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) ұлы Хазіреті Ибраһим қайтыс болған күні Күн тұтылған еді.

Сахабалардың кейбіреуі:

«Пайғамбардың (с.а.у.) ұлы қайтыс болғандықтан Күн тұтылды» – деп айтты.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сахабаларының осы ойларын мақұлдамай:

«Күн де Ай да бір адамның өлуі немесе туыуна байланысты тұтылмайды!»[1] – деп ескерту айтты.

Ал басқа бір жылы тағы Күн тұтылғанда Хазіреті

Айша анамыздан сіңілісі Хазіреті Әсма былай деп сұрады:

-Бұл азап немесе қиямет белгісі ме?

Хазіреті Айша:

-Иә, – деді.

Амр бин Ас (радиаллаһу ғанһу) былай нақыл етеді:

«Күн тұтылған еді. Аллаһтың Елшісі(с.а.у.) түрегеліп намазға тұрды. Қиямы ұзақ болғаны соншалық рукуғқа еңкеймейді деп ойлап қалдық. Содан кейін рукуғқа еңкейді де, ұзақ уақыт сөйтіп тұрды. Біз тағы да басын көтермейді деп ойладық. Сонан соң сәждеге жығылды да, ұзақ уақыт сәждеде болғандығынан басын көтермейді деп ойладық. Содан кейін сәждеден тұрды да, ұзақ уақыт отырды. Енді сәждеге жығылмайды деп ойладық. Сонан соң сәждеге жығылды да, сондай ұзақ уақыт жатты. Біздер тағы да басын көтермейді деп ойладық. Біраз уақыттан кейін түрегелді де келесі рәкағаттарда да осылай істеді. Ол сәжде етерде жылап жатқан еді.

Кейін былай жалбарынды:

«Уа, Раббым! Мен араларында болғанша азап етпейтініңнін уәдесін маған бермеп пе едің? Олар истиғфар етуді(кешірім сұрауды) тоқтатпайынша азап етпейтініңнін уәдесін бермеп пе едің?»

Пайғамбар(с.а.у.) намазды бітіргенде Күн қайтадан ашылып, сәулесін жан-жаққа төге бастады».[1]

Осы пайғамбари баян Күннің тұтылуының жай бір табиғат болмысы емес екендігін көрсетеді. Күн тұтылуы Аллаһтың ұлылығын және азаптың қорқынышты түрін еске салуда. Бұл сонымен қатар қиямет белгісі деп табылады. Өйткені айналаның күндізгі уақытта бір сәтте қарайып кетуі, Ай мен Күннің иләһи бұйрық және құдіретпен әлемдердің Раббысы болған Аллаһқа қалай бас игендерін және қияметте болатын ахуалды аз

да болса айнадан көрсетуде. Осы жағдай, адам баласы бұдан ғибрат алсын және үнемі көңілі ояу болсын, жалған дүниеге алданбай бар нәрсенің уақытша екенін білсін де, мәңгі әлемге деген дайындықтарын жасай берсін деген иләһи мақсат бойынша іске асуда. Өйткені тұтылған Күннің қайтып ашылмай қалуы да мүмкін.

Аллаһ Тағала тарапынан болған осындай ескерту көріністерін басқа түрде көруге де болады. Мысалы жер қыртысының жарықтары осындай. Аллаһ Тағала осы жер жарықтарын қозғалысқа келтірмей-ақ көпшіліктің жанын ала алады. Бірақ бұрыннан осы жер жарықтарын тағдыр етіп оларды үнемі құлдарының көз алдында ұстап сөзсіз іске асатын ақиқатты (қиямет) әр бір сәт ескерту арқылы адам баласының ақірет жұртына дайындалуда ғапыл қалмай, ояу халде болуын қамтамасыз ету үшін осы көріністерді негізінде сыйлық ретінде берген. Сел тасқыны, боран, емі жоқ аурулар т.б. барлығы осы сияқты.

Намаз дүниедегі бірталай апат, пәлекет және қиыншылықтарға әрі ақіреттегі Жәһаннам отына қалқан болады. Аллаһ Тағала былай айтады:

«Ей, иман келтіргендер! Сабыр және намаз арқылы жәрдем сұраңдар!.». (Бақара сүресі, 153-аят)

Мысыр өлкесінде үстемдік құрған Перғауындар зұлымдықтарымен тарихта мәшһүр болған. Хазіреті Ибраһим дәуірінде де олар Мысырды басқарып тұрған. Перғауын өз мемлекетіне кірген сұлу әйел болса оны дереу ұстап алатын. Күйеуі болса оны өлтіретін. Ал тұрмысқа шықпаған әйелді туысынан сұрататын.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) Нәмрудтің құрып кетуінен кейін Урфа қаласынан (қазір Түркияда) шығып, қасында әйелі Сара анамыз бар, Мысыр шекарасынан өтіп бара жатқанда Перғауын естіп қояды. Перғауынның

әскерлері Ибраһим(ғаләйһиссәләм)нан қасындағы әйелдің кім екенін сұрайды. Аллаһтың досы Ибраһим (ғаләйһиссәләм) әйелін, хилә шәрғия[1] жасап, «дін бауырым» мағынасында, «қарындасым» деп таныстырады. Ибраһим (ғаләйһиссәләм) берген осы жауаптан кейін Перғауын әскерлері оған тимей Хазіреті Сараны сарайға алып барады. Бухаридің хадис кітабында былай айтылған:

«Сара сарайға кіргенде, дереу дәрет алып екі рәкағат намаз оқыды да Аллаһ Тағалаға сиынды. Хақк Тағала сонда оны қорғады».

Ақыры Хазіреті Сараға жақындайын деген Перғауын дем ала алмай, сал болып, денесі тырысып қалады. Өйткені Хазіреті Сара Аллаһ Тағаланың қорғауында еді.

Болған істі көрген Перғауын жанталасып қорыққанынан Хазіреті Сараны еркін қоя берді. Әрі Хажар атты күңін оған сыйлыққа қосып береді. Таң қалып қарап тұрған уәзірлеріне Перғауын:

«Мына әйел жындардың арасынан келген-ау. Менің қасымда тағы біраз болса, жойылып кететін едім. Зиян тигізуінен сақ болу үшін оған Хажарды бере салдым!» – деді.

Міне, Аллаһқа деген шынайылықпен оқылған екі рәкағат намаздың дүниедегі көрінісі!

Дұп-дұрыс Оқылған Намаз

Құран Кәрімде Аллаһ Тағала намазға қатысты бұйрықтарын «Намаз оқыңдар!» түрінде емес:

«Намазды дұп-дұрыс оқыңдар!» түрінде берген.

Дұп-дұрыс оқылатын намаз, мұминді нәпсілік бейімділіктердің иіріміне түсуден қорғайтын, әрі шаттан-

* Хилә шәрғийя: Шариғатқа теріс келмейтіндей айла жасау.

дырып иләһи фәйзге жеткізетін өте абзал ғибадат. Аят кәримде былай айтылады:

«Намазды үнемі оқы! Сөзсіз намаз арсыздықтан, әдепсіздіктен, тыйылған нәрселерден; ақыл мен дін ұнатпайтыністерденжәнекүнәданқорғайды».(Ғанкәбут сүресі, 45-сүресі)

Намаздың жаман істердің жасалуына бөгет болуы намаздан бұрынғы болсын, намаз кезіндегі болсын, намаздан кейінгі болсын барлық уақытты қамтиды. Егер оқылған намаздың кісінің ахуалына осындай ықпалы болмаса, ол кісі шын мәнінде намазын оқыған болып есептелмейді. Ондай адамдардың намаздары туралы Аллаһ Расулі былай деген:

«Кімде-кім намаз оқыса және сол оқыған намазы оның ашық және жасырын түрдегі жамандықтар істеуіне бөгет болмаса, намазы тек қана оның Аллаһқа деген ұзақтығын ғана арттырады».[1]

Сондықтан намаз оқырда көңіл аударылатын ең маңызды жағдай сөзсіз хушуғ күйінде оқу.

Ғапылдықпен Оқылған Намаздар

Әдебінен жұрдай және ықыластан алыс көңілмен оқылған және Шайтан қатысқан намаз, құлдың бетіне лақтырылатын кір шүберек сияқты есептеледі. Аят кәримде айтылған:

«Сол намаз оқығансып жүргендерге нендей өкініш! Намаздарынан бейқам жүреді, тек көрер көзге оқыған болып көрінгілері келеді. Ондайлар титтейін қол ұшын беруді де аяйды».(Мағун сүресі, 4-7 аяттар)

Мүфәссирлер намаздан бейқам жүру жайында үш мәселе қозғайды:

1. Намаздың уақытынан ғапыл қалып, оны қазаға

жіберу.

2. Намазға көңіл аудармай, денесімен намазда болғанымен, рухымен (ойымен) намаздың сыртында болуы.

3. Фиқыһ қағидаларын толық орындамай, шала-пұла намаз оқу.

Хазіреті Мәулана бір сөзінде «иман әдептен тұрады» деген.

Ең күшті әдеп Аллаһқа деген құрмет көрсету. Мұның да ең әдемісі, ең күштісі ғибадатта, әсіресе намазда болуы қажет.

Намаздың мазмұнынан, әдеп және шарттарының қандай да біреуінен ғапыл қалу Шайтанның, құлдың намазынан жұлып алған нәрсесі деп саналады. Құлдың намазда ғапыл болуы Шайтанның жағаласуына, азғыруына мұрсат береді. Бірақ Шайтан әлсіреткен намаз, намаз деп қабылданбайды.

Хадис шәрифтерде былай делінген:

«Талай намаз оқитындар бар, бірақ олардың намаздан көрген несібелері әуре болып шаршағаннан басқа нәрсе емес».[1]

«Намазын жоғалтқан халде Аллаһқа қауышқан кісінің істеген басқа жақсылықтарына Аллаһ мән бермейді».[2]

Бұған қосымша намаздың шарттарын орындауда қате және кемшілік істеуді Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) «ұрлық» деп таныстырады:

«Адамдар арасындағы ең жаман ұры өз намазынан ұрлаған адам».[3]

Намаздан ұзақ болғандар

Исламның рухани даналары намаз оқымай жүргендерге ескерту ретінде былай айтқан екен:

«Мал-мүлік және дәулетінің көптігі себебінен намазға жақындамағандар махшарда Қарунмен бірге тірілтіледі, патшалығы және билігі себебінен намазға жақындамағандар Перғауынмен бірге тірілтіледі; жоғары орындағы мемлекет қызметкерлігі себебінен намазға жақындамағандар Һаманмен бірге тірілтіледі; сауда және содан көрген табыс себебінен намазға жақындамағандар Пайғамбар дұшпаны болған Убәй бин Халефпен бірге тірілтіледі..».

Намаздан алыс жүргендер берекесіз өмір сүреді. Бет-бейнелерінде иман мен ұяттың нұры болмайды. Ешқандай жақсылығына сауап берілмейді. Дұғалары қабылданбайды. Салиқалы (адал мұсылман) құлдардың сүйіспеншілігінен мақрұм болады. Тарих бойынша көрілген: *«Қалай өмір сүретін болсаңдар, солай жан тапсырасыңдар»* хадисінің сыры бойынша соңғы демдерінде рухани қауіпте болып, қинала отырып жан тапсырады. Қабірі оны қысады да, тозақ шұңқырынан бір шұңқыр болады. Қияметте де Аллаһ Тағаланы өзіне ашуланған түрде көреді. Есебі өте қиын болады да, ақыры Жәһаннамға лақтырылады.

Бұхари хадис кітабында мынадай бір оқиға нақыл етіледі.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) таң намазынан кейін сахабаларынан түс көрген-көрмегенін сұрайтын. Көргендер айтып беретін және Ол жоритын. Бір күні тағы сүйтіп сұрайды да, кейін өз түсі жайында былай дейді:

«Мен түс көрдім. Екі кісі келді де мені алып кетті».

Кейін көпке созылған түсін айтып береді. Жәннат, Жәһаннам және Жәһаннамдағы адамдарға істелетін түрлі азаптарды бір-бірден түсіндірді. Олардан біреуі

басы таспен езіліп азапталған адам еді. Таспен өте қатты ұрылғаны соншалық тас ыршып түсетін. Сол тас қайта жерден алынып тағы солай ұрылатын және осы азап осылай жалғасатын.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) өзін алып барған екі кісіден:

«Бұл қандай адам?» – деп сұрайды.

Олар:

«Бұл адам, Құран Кәрім оқуды үйренгенімен оны тастап, оқымай кеткен және парыз болған намазды оқымай ұйықтап жатқан адам», – дейді.

Ібілістің адам баласымен жағаласуы басқа ғибадаттардан гөрі намаз жайында көбірек болып, ол құлды;

«Намазы болмағанның діні жоқ»[1] хадисінде айтылған күйге түсіріп, өзі сияқты, оның да иләһи рахметтен алыста болуын қамтамасыз ету мақсатымен азғыруға тырысады.

Мұсылманның Белгісі Намаз

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) мұсылмандықты қабылдаған кісіге:

«Намаз – Исламның белгісі. Кімде-кім көңілімен намазға беріліп, уақытында әрі сүннеттерін орындап намазын оқыса сол мүмин»,– деп айтып, намазды үйреткен және намаздың діннің діңгегі болу сипатымен мұсылман мен кәпірді айыратын ерекшелік екендігін баяндайтын.

Пайғамбар (с.а.у.)нің сахабалары да сондықтан басқа ғибадаттарды емес тек осы ғибадатты орындамаған кісінің діннен шығатыны сенімінде еді.

Намаздың жоғары мәртебесі мен ерекшелігі осы хадис шәрифтерде баяндалған:

«Аллаһ Тағала ешбір нәрсені иман келтіру және намаз оқудан үстем қылмаған. Егер бұлардан (артық) үстем болған бір нәрсені парыз қылған болса ғой, періштелеріне соны істеулерін әмір етер еді. Алайда күні-түні періштелердің бір бөлімі рукуғда, бір бөлімі сәждеде.

«Намаз жиһадтың ең бағалы түрі».

«Кісі намазға тұрғанда Аллаһ оған назар аударады. Ол намазын оқып болған соң Аллаһ назарын үзеді».[1]

«Көктен апат және пәлекет түскенде мешітте болғандардан сол апат алыстайды».[2]

«Намаз жәннаттың кілті».[3]

«Кімнің бір уақыт та болса намазы өтіп кетсе, сол адамның бүкіл мал-мүлкі және бала-шағасы қолынан алынғандай болады».[4]

Намаздың ұлы мәртебесі және маңыздылығы Себебінен Ислам намазды үйретуді балалық жаста бастатады. Намазға үйрету жайында немқұрайлылық көрсетпей, шынайы түрде көңіл бөлу Пайғамбар (с.а.у.) Мырзамыздың мүбарак аузынан былай баяндалған:

«Балаларыңызға олар жеті жасқа толғанда намаз оқуларын бұйырыңдар. Он жасқа толғанда егер оқымай жататын болса, аздап сабаңдар да төсектерін ажыратыңдар (бөлек жатқызыңдар)».[1]

Қорытынды

Кеудедегі мұң мен шаршау тартқан көңілдерді қуанышқа, шаттыққа алмастыру ретінде сыйланған айттар, намазбен басталады. Сондықтан дүниеде намаз оқитындарға ақірет өмірін айт және мереке ретінде берілетін сыйлыққа балауға болады. Өйткені намаз құлды барлық тұрғыдан кәмілдікке жеткізетін және иләһи сыйға дайындайтын бір мазмұнға ие. Қысқаша айтқанда:

Заттық жағынан намаз:

Адам денесінің намазда іштей және сырттай әрекеттер жасап және сол әрекеттерді орынында толық жасауы, өмірді тәртіп бойынша сүрудің жаттығуларын құрастырады.

Рухани жағынан намаз:

Иләһи тыншуда болу күйі, оқыған сүре және дұғалардың мағынасына ой жіберу, қорқынышты сәттердежұбаныш, шаттану сәттерінде ләззат алу, рухқа күш беру, иманды қорғау және иләһи жақындықтың көбейуі сияқты рухани нәр мен берекеттерге толы.

Қоғамдық пайдалысы жағынан намаз:

Жамағат болу, яғни қоғам құру – танысу, жақындық, сүйіспеншілік, иман бауырластығының күшейуіне дәнекер.

Намаз өте маңызды болғандықтан, намаз оқымау үшін ешқандай сылтау айту, табу мүмкін емес! Еркектер соғыс кездерінде болса да кезекпен намаз оқуға тиісті. Ал әйел адамдардың ерекше күндерінен басқа сылтаулары жоқ.

Намаз жайында, Аллаһ Расулінің (с.а.у.) мүбарак аузынан сөздер толық шықпайтын дәрежеде ауырып жатқанда әрі ең соңғы демін бергелі жатқанда да қайталап айтқан:

«Намазға, намазға бекем болыңдар!» бұйрығымен көңіліміз әрдайым ояу болуға тиісті.

Шынайы намаз оқитындар, намаз қамтыған бүкіл ерекшеліктерді бойына жиған кісі деп есептеледі. Мағариж сүресінде баяндалған сипаттардың осы ерекшеліктердің бір бөлімі екендігі айтылады:

«1. Олар үнемі намаз оқиды,

2. Жағдайын айтқан пақырға және ұялып сұрамаған мұқтажбен малдарынан бөліседі,

3. Жаза күнін қабылдап, жүрекпен бекітеді,

4. Раббыларының азабынан қорқады,

5. Намыстарын қорғайды,

6. Аманатқа және уәделеріне берік,

7. Куәліктерінде шыншыл,

8. Намаздарын қорғап жүреді.

Міне, осылар, Жәннатта сый көріп, күтілетіндер».(Мағариж сүресі, 23-35 аяттар)

Уа, Раббымыз! Намаздарымызды шын мағынасымен және хикметімен оқылған және миғраж секілді Саған қауыштыратын, әрі қабылдауыңмен мәртебе тапқан намаздардан қыла гөр! Намаздарымыз көзіміздің нұры, көңіліміздің екі дүниеде де қуанышы болсын!

Әмин!..

ФИҚЫһ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША

ДӘРЕТ, ҒҰСЫЛ, ТӘЯММУМ, НАМАЗ

ДӘРЕТ

Дәреттің парыздары

1) Бетті жуу,

2) Қолдарды шынтақпен қоса жуу,

3) Бастың төрттен біріне мәсих тарту,

4) Аяқтарды тобықпен қоса жуу.

Дәреттің сүннеттері

1) Дәрет алуға ниет ету,

2) Дәретті «ағузу-бисмилләһ»[1] деп бастау,

3) Әуелі қолдарды білезікке дейін жуу,

4) Тістерді мисуәкпен немесе тіс шөткесімен жуу не болмаса саусақтармен ысқылап жуу,

5) Дəретте жуылуға тиісті мүшелерді бірі құрғамастан, араны үзбей жуу,

6) Жуылған мүшелерді жақсылап ысқылау,

7) Ауызға үш рет су алып шаю,

8) Ораза тұтпаған кезде ауызды тамаққа дейін шаю,

9) Мұрынға үш рет су тартып сол қолмен сіңбіру,

10) Жуылуға тиісті мүшелерді үш рет жуу,

11) Қол мен аяқты жуғанда оң жағынан бастау,

12) Қол мен аяқты жуғанда саусақтардан бастау,

13) Сақалы барлар сақалдарының арасын тараштап жуу,

14) Саусақтағы жүзікті қозғап, суды астына жеткізу,

15) Құлақтарға мəсих тарту,

16) Мойынға мəсих тарту,

17) Бастың бəріне мəсих тарту,

18) Саусақтардың арасынысқылау, яғни екі қолдың саусақтарын бірін-біріне үстінен кидіріп тараштау.

ҒҰСЫЛ (Бой дəрет)

Парыздары

1) Ауызға су алып, тамаққа дейін шаю,

2) Мұрынға су тартып жуу,

3) Барлық денені құрғақ жер қалдырмай жуу.

Сүннеттері

1) Ғұсылға ниет ету,

2) «Бисмилләһ» пен бастау,

3) Денеде болған лас жерлерді тазалау (қолтық жəне етек жүнін қыру)

4) Əурет жерлерді (айып жер) жуу,

5) Ғұсылдан бұрын намаз дәретін алу,

6) Денеге үш рет су құю және суды барлық денеге жеткізу,

7) Әуелі суды басқа құйып, кейін оң иыққа, одан кейін сол иыққа құя отырып ең алғаш құйғанда денені ысқылап, суды дененің әр жағына жеткізу,

8) Аяқ тұрған жерге су жиналатын болса, намаз дәретін аларда аяқты жумай ең соңына қалдыру.

ТӘЯММУМ

Парыздары

1) Ниет ету,

2) Топырақ немесе топырақ жынысты бір нәрсеге қолды екі рет ұрып, біріншi бетке, екіншіде қолдарға мәсих тарту.

Сүннеттері

1) Тәяммумге «ағузу-бисмилләһ» айтып бастау,

2) Ретті сақтау, яғни алдымен бетке, кейін қолдарға...

3) Араны үзбей бірінің артынан бірін жасау,

4) Топыраққа ұрған кезде қолдарды алдыға-артқа қозғау,

5) Топыраққа ұрған кезде саусақтардың арасын ашық ұстау,

6) Қолды жерден көтергенде егер шаң болса, қолдарды бір-бірімен қағыстыру.

НАМАЗ

Намаздың парыздары – он екі. Бұлардан бір бөлімі намаздан бұрын дайындық ретінде істеледі. Бұлар «намаздың шарттары» деп аталады. Бір бөлімі намазға тұрғанда істеледі, бұлар «намаздың рукундері» деп аталады.

Намаздың Шарттары

1- Ластықтан тазару: Көзге көрінбейтін рухани кірден тазару. Бұл дәрет алу, бой дәрет алу немесе тәяммум алумен болады.

2-Нәжістен тазару: Көзбен көрілетін кірлерден тазару. Мұндай кірлер намаз оқитын адамның денесінде, киімінде, намаз оқитын жерде болады.

3- Әуретті жабу: Жабылуы қажет болған жерлерді жабу. Еркектерде тізе мен кіндік арасы. Ал әйелдерде жүзі, білектің төменгі бөлігі және аяқтың тобықтан төменгі бөлігінен басқа барлық жерінің жабылуы қажет. Намазда бір рүкінді орындайтындай уақыт жабылуы қажет болған мүшенің төрттен бірі ашылса намаз бұзылады.

4- Құбылаға жүз қарату: Намаз оқыған адамның Қағбаға қарай бұрылуы. Кеудесін құбыладан басқа жаққа қаратқан кісінің намазы бұзылады.

5-Уақыт: Парыз және уәжіп болған әр намаз үшін белгілі уақыттар бар. Намаздардың өз уақытында оқылуы парыз. Намаз уақыты кірмей оқылмайды. Ал үзір болмастан, уақытын өткізіп, кейінге қалдыру үлкен күнә.

6-Ниет: Оқитын намазын оймен еске алу. Имамның имам болуға, жамағаттың да ұюға ниет етуі қажет.

Намаздың Рүкундері

1-Ифтитах Тәкбірі: Намазға бастау тәкбірі. Ниеттен кейін «Аллаһу Әкбәр» деп, қолдар көтеріліп, тәкбір істеледі.

2-Қиям: Намазда тік тұру. Күші жеткендер тік тұрып, жетпегендер қайсысына күші жетсе сөйтіп намаз оқиды.

3-Қырағат: Намазда Құран оқу. Қырағат қиямда

орындалуға тиісті және ең аз дегенде үш қысқа аят көлеміндей оқу қажет.

4-Рукуғ: Қырағат біткен соң қолдар тізеге жететіндей еңкейіп тұру.

5-Сәжделер: Рукуғдан кейін аяқ, тізе және қолдармен бірге маңдай және мұрынды жерге тигізіп, қос мәрте сәжде қылу. Жалғыз маңдай немесе жалғыз мұрынның жерге тиюі жеткілікті емес. Маңдайдың жер қаттылығын сезуі қажет. Жамағат көп болған жағдайда артқы қатардағылар алдағы қатардағылардың арқасына сәжде қыла алады.

6-Ақырғы отырыс: Намаздың соңында «тахият» дұғасы оқылатындай уақыт отыру.

Намаздың Уәжіптері

1. Намазды «Аллаһу Әкбәр» деп бастау,

2. Парыз намаздардың алғашқы екі рәкағатында, үтір және нәпіл намаздардың әр рәкағатында «Фатиха» сүресін оқу,

3. Фатиха сүресін ең аз дегенде үш қысқа аят көлеміндегі Құран аятынан немесе сүресінен бұрын оқу,

4. Парыз намаздардың алғашқы екі рәкағатында, үтір және нәпіл намаздардың барлық рәкағаттарында Фатиха сүресінен кейін бір сүре немесе ең аз дегенде үш қысқа аят немесе ұзын бір аят оқу,

5. Сәжде қыларда маңдаймен бірге мұрынды да жерге тигізу,

6. Екі сәжденің арасын үзбей жасау,

7. Тағдилу әркәнді қадағалау, яғни әр рүкінді бабымен орындау,

8. Үш немесе төрт рәкағатты намаздардың екінші рәкағатынан кейін отыру,

9. Алғашқы және соңғы отыруларда «Тахият»

оқу,

10. Үш және төрт рәкағатты парыз намаздар мен үтір намазында екінші рәкағатта «Тахият» оқыған соң түрегелу,

11. Жамағатпен оқылғанда таң, ақшам және құптан намаздарының бірінші және екінші рәкағаттарында, қосымша жұма мен айт намаздарының бүкіл рәкағаттарында имамның Фатиха мен сүре немесе аяттарды ашық дауыспен оқуы,

12. Бесін және екінті намаздарының бүкіл рәкағаттарында, ақшам және құптан намаздарының бірінші отыруынан кейінгі рәкағаттарында сүрелерді өзі ғана еститіндей дауыспен оқу,

13. Тарауық намазында және Рамазан айында тарауықтан кейін оқылатын үтір намазында имамның «Фатиханы және сүре немесе аяттарды» дауыстап оқуы,

14. Имамға ұйыған кісінің «Фатиханы, қосымша сүрелерді» оқымауы,

15. Үтір намазында «Құнұт дұғасын» оқу,

16. Айт намаздарындағы қосымша тәкбірлерді айту,

17. Намаздың соңында оң жаққа және сол жаққа сәлем беру,

18. Қажет болғанда сәһу сәждесін істеу,

19. Намазда сәжде аятын оқығанда сәждеге бару.

Намаздың Сүннеттері

1. Намазға бастарда, үтірде «Құнұт дұғасын» бастарда және Айт намаздарындағы қосымша тәкбірлерді айтарда қолдарды құлақтарға дейін көтеру, кейін қол байлау,

2. Әр намаздың алғашқы рәкағаттарында ішінен «Субханәкә» дұғасын оқу және «Әұ'зү-бисмилләһ»

айту,

3. Жеке баспен немесе жамағатпен оқылған намаздарда «Фатиха»дан кейін «Әмин» деп айту,

4. Намазда парыз болған ифтитах тәкбірінен басқа барлық (сүннет) тәкбірді[1] айту;

5. Рукуғдан тұрғанда « » және артынан « » деп айту,

6. Рукуғда үш рет « » және әр екі сәждеде үш реттен « » деп айту,

7. Рукуғқа еңкейгенде саусақтарды ашып, тізеден ұстау, тізе мен шынтақты тік ұстау және арқаны баспен бірдей қылып, түзу ұстау,

8. Сәждеге жығыларда әуелі тізені, кейін қолдарды, одан кейін бетті жерге тигізу әрі сәждеден тұрарда алдымен бетті, кейін қолдарды ең соңында тізені көтеру. Үзірі жоқтар үшін сәждеде қолдарды бетінің тұсына қою,

9. Отырғанда қолдарды тізеге қою; «Тахият» дұғасын ішінен оқу; соңғы отырыс «Тахият»тан кейін «Аллаһуммәсалли» және «Аллаһуммәбәрик» дұғаларымен бірге басқа дұғаларды да оқу,

10. Сәлем берерде алдымен оң жаққа, кейін сол жаққа қарап « » деп айту,

Намаздың Әдебі

Намаз кезінде: аяқта тұрғанда сәжде жасалатын жерге; рукуғқа еңкейгенде аяқтарға; отырарда тізеге қойылған қолдарға және сәлем берерде иық ұштарына қарау намаздың әдептерінен болып саналады.

Сәһу Сәждесі

Сәһу сәждесі – «Қателесу және ұмыту сәждесі». Намаздың парыздарынан біреуі кешіктірілсе немесе уәжібтерінен біреуі орындалмай қалса немесе кешіктірілсе сәһу сәждесін орындау қажет.

Мысалы: Үтір намазында Құнұт дұғасын оқуды ұмыту, Фатиха сүресінен кейін қосымша сүре немесе аят оқу керек болған жерде бұларды оқымай рукуғқа еңкею, бірінші отырысты ұмытып, сәждеден кейін тұрып кету, намазда сәжде аяты оқылғанда сәждеге бармау сияқты жағдайларда уәжіп орындадмағаны үшін сәһу сәждесі қажет.

Үш немесе төрт рәкағатты парыз намаздар мен үтір намазында екінші рәкағаттан кейін отырғанда тахиятты оқыған соң түрегелмей «Салли бәрик» дұғаларын оқығаннан кейін есіне түсіп түрегелу, Фатиханы оқымағаны еске түсіп Фатиханы оқу сияқты жағдайларда да уәжіп тасталғаны үшін сәһу сәждесі керек.

Сәһу сәждесін жасау қажет бола тұра соны да ұмытып кетіп сәлем берілсе намазды қайтадан оқу керек емес.

`

ЗЕКЕТ және ИНФАҚ

Адамзат баласы махлұқаттың ең кереметі, ең әдемісі болып жаратылған. Ал күшті-әлсіз, дені сау-ауру, білімді-білімсіз, бай-кедей сияқты мүшелер арасындағы айырмашылық және сыныптарға бөліну, қоғам тәртібін құрастыру және қоғамдағы деңгейді қамтамасыз ету мақсатымен пайда болған.

Осы сыныптар арасынан маңызды орынға ие байлық және кедейлік бір-біріне қарама-қайшы екі тіршілік жағдайы. Байлық және кедейлік сияқты бір-біріне қарама-қайшы мүмкіндіктерге ие болу - сынау мақсатында иләһи тағдырдың жіңішке әрі терең хикметтерін қамтиды. Байлық атақ-абырой емес, ал кедейлік қорлық емес. Бұлар толығымен тағдыр бөлісі және тағдырдың хикметі мен сынағының іс жүзіндегі көріністері. Аллаһ Тағала былай айтқан:

«... Дүние өміріндегі адамзаттың тіршіліктердегі несібелерін араларында біз үлестірдік. Бір-біріне қызмет етулері үшін кейбіреуінің тіршілігін басқасына қарағанда бірталай есе артық қылдық. (Бірақ) Раббыңның рахымы олардың жиған-тергендерінен өте қайырлы».(Зухруф сүресі, 32-аят)

Осы аяттың баяны бойынша үлестіруде айырмашылықтар бар, бірақ жауапкершіліктер де соған қарай белгіленіп, қоғамдық деңгей ең кәміл түрде құрастырылған. Яғни:

Дәулет иесі болған адамдар байлықтарына сенуінің нәтижесінде істей алатындай кейбір азғындықтарға бөгет болу, мұқтаждардың да байларға қарсы қызғаншақ болу әрі кек сақтау сияқты жалған бейімділіктердің пайда болуын бөгеу, қоғамдық өмірді қорғау және мүшелерді біреуін-біреуіне сүйіспеншілікпен байлау

үшін «зекет» парыз қылынған. Ислами қоғам тәртібінде бай мен кедей арасындағы деңгей және сүйіспеншілікті қамтамасыз ету үшін «зекет және инфақ» ғибадаты өте маңызды орын алады.

Бай кісі мал-мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағаны жайында, яғни халал немесе харам табыстарынан және зекет, садақа, қайырға жұмсау істерінен Аллаһ алдында есепке тартылады. Ол дәулетінің белгілі бір бөлігін кедейлерге беруге міндетті қылынумен байлығы жағынан үлкен сынақта. Сонымен қатар басқа құлшылық міндеттерімен бірге осы жайдағы сынақтан өтсе, Аллаһтың ризалығына және Жәннаттағы игіліктерге жетеді

Кедей кісі де, жоқшылықтағы сабырсыздығы, наразылығы, адамдарға масыл болуы, қажет сұрауы, өштігі, қызғанышы және өзінде болған нашар мүмкіндікті қабылдамай, Аллаһқа қарсы келуі сияқты жағдайлармен бірге мінез-құлқы мен ар-намысын сақтағаны не сақтай алмағаны жөнінен есепке тартылады. Егер есептің нәтижесі Аллаһтың ризалығы болып шықса, оның дүниеде көрген қиыншылығы мәңгілік ақірет бақытына айналады.

Зекет Құран Кәрімде 27 жерде намазбен бірге ескертіледі. Осынша көп ескертілуі оған берілген маңыздылықты көрсетеді. Жалғыз бір жерде ғана (Муминун сүресінде) намаз зекеттен бөлек түрде ескертіледі, сонда да намаз оқығандардың зекет беретіндіктері баяндалады. Мұның Себебі «дене арқылы істелетін» және «мал-мүлік арқылы істелетін» деп екіге бөлінген ғибадаттарда осы екеуінің, яғни намаз бен зекеттің бірінші орында әрі тең бағалы болулары. Негізінде амалдар бір-бірінен бөлек, яғни біреуінің орындалмауы орындалған бір ғибадатты жоймайды, әтсе де зекетсіз намаздың жоқ үкімінде саналатыны Хазіреті

Пайғамбардың (с.а.у.) баяны бойынша белгіленген:

«Намаз оқығанымен зекет бермеген адамның намазы жоқ! (Яғни, намазы оны жақсылыққа жеткізбейді)».[1]

Сондықтан Халифа Әбу Бәкір (радиаллаһу ғанһу) намаз оқығанымен зекет бермегендердің осы әрекеттерінен оларды діннен шыққан (мүртәд) деп қабылдап, оларға соғыс ашқан. Өйткені зекет жағдайы барлардың мұқтаждарға Аллаһ белгілеген қарызы. Көркем аятта айтылғанындай:

«Бай малында мұқтаждың немесе намысы жібермей, қысылып сұрай алмайтындардың белгілі бір хақысы бар».(Зарият сүресі, 19-аят)

Аллаһ Расулі (с.а.у.)айтқан:

«Малыңның зекетін бергенде өз малыңдағы кедейдің хақысын төлеген боласың».[1]

Сондықтан зекет Нисаб[2] мөлшерінен артық мал-мүлікке ие болғандардың кедейлерге рухани салық ретінде байлықтарының бір бөлігін беріп, қалған малдарын адал қылуы деп табылады. Зекет арқылы қауымда тұрақты деңгей, әділет пайда болады. Байдың дәулеті тазарады. Мал-мүлкі толығымен иесіне халал (адал) болады. Бұл жағдайды аңғару үшін:

«...Зекет бергендер тазарып құтылды»(Муминун сүресі, 4-аят) баянына назар аударуымыз қажет.

Зекет берген кісі мен алған кісі арасында сүйіспеншілік пайда болады әрі жақындықты күшейтеді. Зекет мұқтаждарға берілетін рухани салықтың ең аз мөлшері. Кәміл иман иелері жомарт болып дәулеттерін садақа тарату және басқа қайырымдылық жұмыстарымен дамытуына болады.

Дүниеде бұрынғы заманнан қазіргі күнімізге дейін

бай-кедей таласы болып келе жатыр. Көбінесе кедейлер байларға қарсы кек сақтап қызғанышпен қараған, байлар да кедейлердітөмен санап, тәкаппарлықпен оларды қорлаған. Ал Хақ діні Ислам әкелген қамқорлық, мархабат және бауырластық туралы үгіттерден кейін зекет беру, садақа тарату және әр түрлі қайыр істерін жасау сияқты қоғамдық өмірге қамқорлық шағылысқан дәуірлер басталған. Бүгін зекет дәл ме дәл есептеліп берілсе, қоғамда кедей және қайғыда жүрген адам саны жоқ боларлықтай азаяды.

Халифа Омар бин Абдүләзиз дәуірінде қала әкімдері «зекет алатын ешкімді таба алмағандықтарын» білдіріп халифадан ақыл сұраған кездер болған. Өйткені бүкіл байлар зекет қарыздарын төлеп жатқандықтан елдің жағдайы тым жақсарған еді. Сондықтан Омар бин Абдүләзиз дәуірі төрт халифадан кейінгі ең жарқын дәуір деп саналады. Осы ахуал мал-мүліктің және жанның Хаққ Тағаланың ризалығы үшін жұмсалуының мейірім көріністері.

Шын мәнінде, зекет Ислам адамзатқа сыйлаған өте ұлы негіздердің біреуі. Зекет арқылы қоғамдағы кедей, ғаріп, мүсәпір және жетім-жесірлердің қиыншылықтары аз да болса жеңілдетілуде немесе сол қиыншылықтар толығымен құртылуда.

Сонымен Ислам қиыншылықта болған адамдарға олардан ақы талап етпей, қол созған, сөйтіп қаншама қоғамдық жараны біржолата жазған. Оған қоса сырт қарағанда адамдарға жәрдем және жеңілдік болып көрінетін, ал шындап келгенде қиыншылықта қалған бейшаралардың осы жағдайларын қолданып, оларды қанаудан басқа іске жарамайтын пайыз пәлекетіне де тыйым салған.

---

* Нисаб: Сөздік мағынасы - бір нәрсенің негізі, шегі, белгісі, мөлшері. Ислам терминологиясы бойынша адамның негізгі қажеттіліктерінен тыс байлығы болуы.

Өйткені пайыз арқылы қанаушылар басқаларының қиын жағдайда болуын және олардың осы жағдайларынан пайда көрудікөздейді. Ал зекет беретін кісі қиналып жүрген мұқтаждардың мұңдасы. Оның жалғыз ойы Хақ Тағаланы разы ету мақсатымен олардың мұңына дәрмен болу.

Ашкөз әрі әуесқой адамға мал-мүлкі қаншалықты көп болса да, көзіне үнемі аз көрінеді. Бірақ садақа және зекет беруге үйренген адамдардың көңілі бай болады. Олар азғантай бір дүниемен қанағаттанады. Ал қанаушы, өзін әуесқойлық жаулап алғаны соншалық, басқаларын құртумен болса да өз мал-мүлкінің артуын қалайды. Дүниенің үлкен сауда орталықтарының бірталайында осы сияқты және ғибратқа толы оқиғаларды көруге болады. Бұл шындыққа ишарат ретінде көркем аятта былай айтылған:

«Аллаһ пайызды жояды, ал садақаларды берекеттендіреді...». (Бақара сүресі, 276)

Яғни, пайыз алумен шұғылданғандардың мал-мүлкінен берекет алынады. Осы берекетсіздік ақіретте зиянға ұшырауға апарады. Адал емес жолдармен табылған таудай байлық не бір апат, не бір ауру себебінен, яки ысырапқор бір мұрагердің қолында жоқ болып кетеді.

Ал қоғамның пақыр және қиналып жүрген мүшелеріне жәрдем ретіндегі қайыр-садақалар қоғамдық сәйкестіктің және тәртіптің жалғасуын қамтамасыз ететіндіктен дүниеде де, ақіретте де берекелі болуына дәнекер болады. Төмендегі мысал бұл шындықты нендей керемет айқындайды:

Бір күні қайыршының біреуі Хазіреті Әли (РадиАллаһу анһү)дың алдына келіп, бір нәрсе сұрайды.

Хазіреті Әли (радиаллаһу ғанһу) ұлдары Хасан мен Хусейін (РадиАллаһу анһүм)ға:

«Шешелеріңе барып үйдегі алты дирһемді алып келіңдер!» – дейді.

Хасан мен Хусейін барып алты дирһемді әкеледі де, әкелеріне береді. Хазіреті Али сол ақшаны қайыршыға береді. Алайда сол кезде өздерінің ақшаға қажеті болып тұрған еді. Хазіреті Фатима ол ақшаға ұн алмақшы болған еді.

Али (радиаллаһу ғанһу) әлі үйінің табалдырығынан аттамай жатып қасына түйесін сататын бір адам келеді. Ақшасын кейін берерсің деп түйесін Хазіреті Алиге жүз қырық дирһемге сатады да, түйені есік алдына байлап кетіп қалады. Арада көп уақыт өтпей басқа бір адам келеді де, сол түйені екі жүз дирһемге сатып алып ақшасын қолма-қол төлейді.

Хазіреті Әли (радиаллаһу ғанһу) түйенің бұрынғы иесіне қарызын төлеп, қалған алпыс дирһемді Хазіреті Фатимаға беріп былай дейді:

«Бұл Аллаһтың: **«Кім бір жақсылықпен келсе, оған сол істеген жақсылығының он есе артығы бар»**(Әнғам сүресі, 160) деп, Хазіреті Пайғамбар арқылы бізге берген уәдесі. Біз сол алты дирһемді бердік. Аллаһ (ЖЖ) он есе артығымен қайтарып берді!...».[1]

Осы берекелікке қосымша Хақҡ Тағаланың:

«Жақсылықтың нәтижесі тек қана жақсылық емес пе?»(Рахман сүресі, 60-аят) баяны бойынша зекет беру және қайырымдылық жұмыстары, құлдарға талай рахмет есіктерін ашып, жамандық есіктерін жауып жатады.

Кедей және мақрұм адамдардың жараларын жазып, оларға көңіл тыныштығын сыйлайтын жұбаныш ұсына білудің ең кәміл көріністері шүбәсіз Әлемнің Мақтанышы (с.а.у.)Мырзамыздың үлгі өмірінде көріледі.

Ол жомарттықтың мұсылманның негізгі табиғатында бар бір ерекшелік күйіне келуін армандаған:

Сондықтан:

«Берген қол, алған қолдан артық».[2]

«Тек екі кісіге ғана құмартып қарауға болады. Олардың біреуі Аллаһ оған дәулет беріп, соны хақ жолында жұмсау мүмкіндігіне жеткен кісі, екіншісі Аллаһ оған білім берген және сол білімін жүзеге асырып, басқаларына да үйреткен кісі»[1] деген насихаттарымен қайырымды болуға қызықтырса, екінші жағынан:

«Уа, Раббым! Маған пақырлық ғұмырды татқыз, кедей қылып тіршілік көрсет, махшар күнінде пақырлармен бірге тірілт!»[2] деп дұға еткен және бақытты үйінің бір бұрышын ғаріп, пақыр және міскіндер сиынатын бір рақым панасы халіне келтірген-ді. Бүкіл пақырлар және міскіндерге жақындық көрсетіп, олардың әр түрлі қиыншылықтарына дәрмен болуға тырысқан және өзі қарапайым өмір сүруі арқылы оларға ең үлкен жұбаныш ұсынған.

Хадис шәрифтерінде де:

«Аллаһ алдында дәулет есебін бермейтін кедейлер, байлардан қырық жыл бұрын Жәннатқа кіреді».[3]

«Бай болғандар, негізінде өте пақыр кісілер»,[4] деп айтып негізгі даңқтың мал байлығында емес мінездегі ерекшелікте және тақуалықта екенін үнемі ескерткен.

\`

Зекет және инфақтағы сырлардың біреуі жеке капиталдың қалыпсыз түрде дамуы және сонымен әлсіздердің қолданылуына немесе олардың қызғаншақтыққа итермеленуіне бөгет болу. Өйткені байлық мақтануға және тәкаппарлыққа апаратын болса, бай кісінің соңы қайғы болады. Алайда қоғамда жәрдем беруші немесе жәрдем алушы бүкіл мүшелер материалдық тұрғыдан бір-біріне мұқтаж. Бұл иләһи

тәртіп хикметтерге және ғибратқа толы.

Мал-мүліктің негізгі иесі сөзсіз Аллаһ. Ал адамзаттың иелігі уақытша екендігін өлеңге қосқан Юнус Әміре (Қуддисә сирруһ)былай дейді:

Мал иесі, мүлік иесі,

Қайда оны шын иесі?

Мал да жалған, мүлік те жалған,

Сен де барып біраз алдын!

Расында Құран Кәрімде былай айтылған:

«Ей, адамзат! Барлықтарың Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал Аллаһ (барлық нәрседен) мұстағни (ешбір нәрсеге мұқтаж емес) және мақтауға өте лайық». (Фатыр сүресі, 15-аят)

Аят кәримнің түсінігі бойынша, мүлік жеке адамдардікі де, қоғамдікі де емес, ол тек қана Аллаһтікі. Бүкіл тіршілік иелері (адамзат, хайуанат, өсімдіктер, тау-тас, жер-көк т.б). Аллаһтың мүлкінде өмір сүруде және Ол берген рыздықпен күн көруде. Ал адамдарға оларды уақытша пайдалану құқығы ғана берілген.

Дәулет Аллаһтың құлына берген аманаты. Сондықтан байлардың қолындағы байлығын қалаулары бойынша жұмсай алмайды. Байлықты мүліктің негізгі иесі бұйырған бағытта жұмсау қажет. Егер байлық иләһи бұйрықтарға қайшы түрде қолданылса, адам баласын азғындауға, тәкаппарлыққа, зұлымдыққа және хақсыздыққа апару мүмкіндігі бар. Осындай апатқа тап болғандарға дүниеге деген махаббат көңілге орналасады. Аллаһ Тағаланың дүние нығметтері ішінде тек қана мал-мүлікті және бала-шағаны «фитнә»[1] деп атағаны, яғни бүлікке себеп болушы ретінде көруі бұлардың көңілде орналасып, табынатын пұт сияқты болып кетуі қаупінен туындаған. Осындай бақытсыздыққа ұшырағандар

туралы Аллаh Тағала былай айтқан:

«...Алтын мен күмісті жиып алып оларды Аллаh жолында жұмсамағандар бар ғой, міне, соларды күйзелісті азаппен сүйіншіле!» (Тәубе сүресі, 34-аят)

«(Сол ақшалары) **тозақ отында қыздырылады да, онымен олардың маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланатын күні (былай делінеді:) «Міне осы өздерің үшін жинаған байлықтарың. Ал енді жинап келгендеріңнің дәмін (азабын) татыңдар!»** (Тәубе сүресі, 35-аят)

Аллаh Расулі (с.а.у.)бір хадисінде былай айтады:

«Күн сайын таң мезгілінде екі періште жер бетіне түседі. Бұлардың біреуі:

«Аллаhым! Мал-мүлкін хақ жолында жұмсағанға берген малыңның жаңасын бере гөр!– деп дұға етеді.

Екіншісі:

«Аллаhым! Сарандық жасағанның мал-мүлкін құрта гөр!– деп теріс бата береді».[1]

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)үйіндегі бірнеше алтын немесе күмісті қайырға жұмсамай тыныштық таба алмайтын. Қобалжып, түн уақыты болса да оларды тарата салатын. Бірақ бүкіл мұсылмандарға өзі істеген осы ісін парыз қылмаған еді, әрі сахабаларын мүмкіндіктеріне қарай инфаққа бағыттайтын.Мысалға, Хазіреті Әбу Бәкір (РадиАллаhу анhү)дың малының барлығын Аллаh жолында жұмсауын қабылдағанымен басқа бір сахабасына да:

«Малыңның бір бөлігін өзіңе қалдыр! Осылай істеуің сен үшін өте қайырлы», – деп айтатын.

Әбу Зәрр (радиаллаhу ғанhу) тапқан ақшасын жұмсамай келесі күнге қалдыруды харам деп санайтын. АбдурРахман бин Ауф (радиаллаhу ғанhу) да өзі аш

жүрсе де, басқаларының қарнын тойғызатын. Өздері қиыншылыққа сабыр етіп мүсылмандарды рахатқа жеткізуге құлшынатын. Өйткені олар қолдарындағы дәулетке аманатшы ретінде ие екендіктерін сезінетін адамдар еді.

Сөздің қысқасы, мәңгілік құтылуға талапкер болған барша байлық иелері осы дүниеде бір аманатшы ғана екендіктерін және сөзсіз бір күні мүліктің шын Иесі Аллаһ Тағала тарапынан есепке тартылатындарын сезіне өмір сүрулері қажет. Аят кәримде былай баяндалған:

«Кейін сол (қиямет) күні игіліктерден әлбетте есепке тартыласыңдар». (Тәкәсүр сүресі, 8-аят)

Бұл ақиқат себебінен парасатты көңілдер мына баяндаманы қашан да болмасын естерінен шығармай өмір сүреді:

«Халалдың есебі, ал харамның азабы бар».

Шүкіршілік иесі болған жомарт байлар мен сабырлы әрі ар-намысы бар кедейлер адамдық абырой тұрғысынан әрі иләһи ризалыққа жетуде тең мүмкіншіліктерге ие. Сондай-ақ Исламда сараң әрі өркөкіректі байлар мен өтірікші кедейлер жек көріністі саналады. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

«Уа, Раббым! Кедейліктің және байлықтың кесірінен саған сыйынамын»,[1] – деп дұға ететін.

Ондай болса қанағатшылық, тәуекелшілдік және Аллаһқа итағат сезімі кімнің көңілінде үстемдік құрса шын мәніндегі бай да сол...

Зекет беру мал-мүлікке және байлыққа деген шүкірліктің білдірілуі. Шүкіршіліктің игілікті арттыруға дәнекер болатыны да Аллаһтың уәдесі.

Аллаһ Тағала былай айтады:

«Егер сендер шүкіршілік етсеңдер, сендерге берген

игіліктерімді арттырамын...».(Ибраһим сүресі, 7-аят)

Қатесін біліп, истиғфар (кешірім) тілейтін жерде, жүрегі қатайып қалғандықтан иләһи тағдырды ұмытып «Мен істедім, мен таптым» – деген оймен кедейлерді қорлағандарға қандай обал! Олардың бақытсыз Қарун тәрізді жойылуға ұшырайтындары сөзсіз.

Әуелі салиқалы кісі болған Қарун Хазіреті Мұса (ғаләйһиссәләм) өзіне үйреткен алхимия білімінің арқасында өте қатты байып кеткен еді. Бірақ көңілін дүниеге деген қызығушылықтан және дүниеге берілуден қорғай алмағандықтан бүкіл әдемі және таза ерекшеліктерін жоғалтып алды. Асып-тасқан байлығы себебінен мақтанып, тәкаппар болды. Құрани баянмен азғындардан болды. Аллаһ Тағала айтады:

«Қарун Мұсаның қауымынан еді, бірақ оларға қарсы азғындық жасады. Біз оған кілттерін күшті-қуатты адамдардан құралған топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда қауымы оған былай деген: «Құтырма! Ұмытпа, Аллаһ даңдайсығандарды жақсы көрмейді» (Қасас сүресі, 76-аят)

Бірақ Қарун, елінің де Мұса (ғаләйһиссәләм)нің да сөздеріне құлақ салмайды. Мұса(ғаләйһиссәләм) оған малының зекетін беруі керектігін айтқанда Мұса (ғаләйһиссәләм)нің арқасында бай болғанына қарамастан:

«Малыма көз салдың ба? Бұл байлықты мен таптым!.», – дейді.

Хазіреті Пайғамбардың сахабасы болғанымен Қарун сияқты дүниеге пенде болып, рухани жоқшылықтың шұңқырларында құрып кеткен Сағләбәнің[1] жағдайы да терең ойландыратын ғибратты бір оқиға:

Ансарлық (Мәдиналық мұсылман) болған Сағләбә мал-мүлікке өте көп қызығып құмарланатын. Ол бай болуды армандайтын және бұл үшін Пайғамбардан

(с.а.у.) бұл жайлы дұғасын сұрайды.

Оның бұл сұранысына Аллаһ Расулі (с.а.у.)былай жауап берді:

«Шүкіршілігін өтей алатын аз малың, шүкіршілігін өтей алмайтын көп малыңнан қайырлы..».

Бұл сөздерден кейін сұранысынан айныған Сағләбә біраз уақыттан кейін тағы құмарланып қайтадан Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)ға келеді де:

«Уа, Расулаллаһ! Байлығымның біраз артуы үшін дұға етіңізші!» – дейді.

Бұл жолы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)оған былай деп жауап береді:

«Мен, сен үшін жеткілікті үлгі емеспін бе? Аллаһқа ант етемін, егер сұрасам, мына таулар алтын және күміс болып артымнан келетін еді. Бірақ мен көңіл аудармадым».

Сағләбә сонда талабынан айныды, бірақ көңілінде соғып тұрған әуесқойлық дауылы басылмай ішінен: «Егер бай болсам жарлы-жақыбайларға жәрдем беріп, өте көп сауапқа жетемін!» – деп ойлап, нәпсісінің күшті талабына жеңілген түрде үшінші рет Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің алдына жүгінді:

«Сені хақ пайғамбар қылып жіберген Аллаһқа ант етемін, егер ол мені байытса кедей-кепшіктерді қорғап қолдаймын, әрбір хақ иесіне ақысын беремін!.» – деді.

Ақыры оның қайтпас табандылығына қараған Аллаһ Расулі (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм):

«Уа, Раббым! Сағләбә құлыңа сұраған дүниесін бер!» – деп дұға етті.

Көп ұзамай осы дұғаның арқасында Аллаһ Тағала

---

* Саләбә: Сахабалардан 29 кісінің есімі Саләбә болған. Бұл айтылып отырған кісі Бәдір соғысына қатысып, тақуалы өмір сүрген Саләбә емес.

Сағләбәның байлығын арттырды. Отарлары жайлауларды басып кетті. Бірақ сол кезге дейін мешіттің құсы лақабымен танылатын Сағләбә мал-мүлкімен жағаласқандығынан бірте-бірте жамағатқа қатысуды үзе бастады. Біраз уақыттан кейін тек Жұма намаздарына ғана келетін болды. Тағы біраз уақыттан кейін Жұма намаздарын да ұмытып кетті.

Бір күні оның жағдайын басқаларынан сұрап білген Аллаһтың Пайғамбары (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм):

«Сағләбәге обал болды!.» – деді.

Сағләбәнің ғапылдығы мен надандығы осы істегендерімен шектелмеді. Зекет жинаушы қызметкерлер өзіне келгенде оларға:

«Сендердің осы істегендерің тап харaж[1] жинау ғой!» – деп, бұрын беремін деп айтқандарын бермей қойды. Әрі кедейлерге аятпен белгіленіп берілуге тиісті болған азғантай көмегін де бермей, азғындық жасап кетті. Ақыры мұнафиқтыққа тап болды.

Осы жағдай көркем аятта былай баяндалады:

«Олардың (мұнафиқтардың) кейбіреуі: «Егер Аллаһ, бізге өз кеңшілігінен мал берсе, сөзсіз садақа таратамыз және әлбетте салиқалы кісілерден боламыз!– деп Аллаһқа серт берді.

Бірақ Аллаһ оларға өз ілтипатымен байлық бергенде олар Аллаһ берген игіліктерде сараңдық көрсетіп, Аллаһтың әмірінен теріс айналып, берген сөздерінен айныды».(Тәубе сүресі, 75-76 аяттар)

Ақымақтығынан Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің ескертулерін тыңдамай, жоқшылықта масқара болып өлген Сағләбә дүниенің жалған байлығына алданып, мәңгілік кедейліктің құрығына ілінді. Өкінішті халде өлерде Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің сөздері құлағында

жаңғырып тұрғандай еді:

«Шүкіршілігін өтей алатын аз малың, шүкіршілігін өтей алмайтын көп малыңнан қайырлы..».

`

Осы оқиғаларда көрініп аңғарылған ақиқат мынау:

Мал-мүлікті зиян келтірмейтін әрі зиян көрмейтін бір күйге келтіру үшін, оны тек иләһи бұйрықтарға сәйкес бағытта жұмсау мәжбүрлігі бар. Бұл мүше мен қоғамның дүние әрі ақірет сәлеметі үшін қажет.

Зекет қамари жыл (ай жылы) санағы бойынша, яғни 355 күн есебі бойынша 2,5% беріледі. Бірақ қазіргі кезде дүниеде шәмси жыл (күн жылы) бойынша есеп жүргізілуде. Күн жылы 365 күн болғандықтан арадағы 10 күнді де зекет есебіне қосу қажет. Яғни зекет 2,5 пайыз деп есептелсе күн жылы есебіне қарағанда 2,6 пайызға жуық.

Зекет есептелерде назар аударылатын тағы бір маңызды мәселе инфляция. Қазіргі кезде 3% дан 100% ға дейін құн түсуі себебінен зекет берілерде парыз болған кездегі құннан төлеу үшін зекетке қатысты мал-мүліктің құнын тұрақты бір құнға байлау қажет. Керісінше жағдайда зекет берілетін мөлшер 2,5 пайыздан төмен түсіп кетеді. Сонда мұқтаж ақысын толық ала алмай, зекет ғибадаты кем қалады.

Назар аударатын тағы бір мәселе: зекет тек қана кісілерге және олардың негізгі қажеттері үшін беріледі. Мекемелерге, ұйымдарға зекет берілмейді. Сондықтан мешіттер, мектептер, медреселер, емханалар зекетпен емес инфақпен яғни зекеттен тыс қайырымдылықпен салынады. Сый ретінде мұқтажға берілген тамақтар зекет емес инфақ деп есептеледі. Өйткені зекет қолма-қол беріліп, мұқтаждың қолына ақшалай, шикі өнімдей

* Хараж: Бұзақылардың белгілі уақыттарда зорлықпен алатын салығы.

немесе малдай ұстатылуы қажет.

Өздеріне зекет берілетін кісілер Құран Кәрімде айқын түрде баяндалған. Мұның бірталай хикмет және пайдасы бар. Мұқтаж кісілерге мұқтаждықтары белгілі болғандықтан, байлар зекеттерін олар сұрамай-ақ өздері апарып береді. Сонымен кедейлердің әркімге барып сұрауларымен ізет және абыройларына зиян келуінің алды алынады. Сонымен қатар Ислам діні қайыршылық және басқа да еңбек етпей тіршілік ету жолдарының да пайда болуын қаламайды.

Ислам діні мұқтаждардың басқалардан бір нәрсе сұрауларына тыйым салмағанымен мінез-құлықтық жақтан ұнатпайды. Ұялмай кез келгеннен сұрауды үйреніп алғандар туралы Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай айтқан:

«Садақалар турасында саған сөз тигізгендер бар. Егер оларға берілсе қуанады, берілмесе дереу ашулана кетеді». (Тәубе сүресі, 58-аят)

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)осындай адамдардың біреуі өзіне келіп зекеттен бір нәрсе сұрағанда оған:

«*Хақ Тағала зекет малдарын бөліп беру билігін ешбір адамға, тіпті Пайғамбарының өз қалауына да бермеген. Зекет малдары жұмсалатын сегіз топ жерді көрсеткен. Егер сен осы топтың біреуінен болсаң, сонда ғана зекет малынан үлесіңді ала аласың*», – деп айтқан.[1]

Ислам тек қана үлкен қиындық кездерінде және шарасы болмаған жағдайларда қайыр сұрауға рұқсат еткен. Өйткені елге қол жайып жүру негізінде адамды қорлайтын, абыройын түсіретін іс.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)былай айтады:

«Кедей бір жапырақ нанды ана есіктен мына есікке барып тапқан кісі емес».

Сонда сахабалары:

-Уа, Расулаллаһ! Ондай болса кедей дегеніміз кім? – деп сұрады.

Пайғамбар (с.а.у.)Мырзамыз:

«Кедей мұқтаждықпен азап шегіп жүрсе де қажетін айтпаған, ешкімнен тіс жарып қайыр сұрамаған кісі»,– деп жауап берді».[1]

Пайғамбар (с.а.у.)осы сөздерімен мына жағдайды баяндағысы келеді:

Кез-келген адамнан сұрай бергендер қалай да болмасын бір нәрсе табады. Ал өз ахуалдарын жасырып сабырмен, қанағатшылдықпен пақыр өмір сүргендер туралы немқұрайды болмай, оларға көңіл аудару қажет. Өз халдерін жасырып айта алмай жүргендерге жұмсалатын инфақтың маңыздылығы Құран Кәрімде де баяндалған:

«(Инфақтарыңды) Аллаһ жолына берілген, сол себепті жер жүзін табыс үшін аралай алмайтын пақырларға беріңдер! Білмейтін адамдар оларды ар-намыс сақтағандықтарынан бай деп ойлап қалады. Сен оларды жүзінен танисың. Өйткені олар адамдарға жармасып сұрамайды. Сендер не қайыр істесеңдер Аллаһ оны сөзсіз біледі». (Бақара сүресі, 273-аят)

Осы аят кәримнің мағынасына қарағанда зекет беретін кісінің тәмлик және тахарриге өте көп назар аударуы қажет екені көрінеді. Өйткені зекеттің сахих (дұрыс) болуы осыған байланысты. Тәмлик тікелей мұқтаждың қолына беру; тахарри болса бермей тұрып шын мәнінде мұқтаж екендігіне көз жеткізу, яғни зекет малының орнын тауып-таппайтынын белгілеу деген іс.

Егер зекет тексермей беріліп кейін берілген кісінің зекет алуға тиісті сегіз топ кісіден емес екендігі анықталса, зекет сахих болмайды, оны қайтадан беру қажет болады. Ал тексерілгеннен кейін осындай бір

жағдай болып шықса, онда зекетті қайтадан беру керек емес.

Өшүр (Жерден алынатын өнімдердің зекеті)

Мұсылман елдері ұмыта бастағанзекет түрлерінің бірі - өшүр. Еңбек етілмей, жаңбырмен өсіп қолға түскен өнімнен 10% , суару сияқты еңбек етіліп алынған өнімнен 5% өшүр беріледі.

Осы өшүрді бермегендер зекет бермегендер сияқты Аллаһ алдында тонаушы және қылмысты болады. Өйткені олар кедей-кепшіктердің және Аллаһ жолында соғысқандардың ақыларын тонап кеткен болып есептеледі.

`

Иемендік жомарт бір кісінің Сана қаласының маңында жүзім, құрма бақтары мен егіндері бар еді. Бұл жомарт кісі өнім жинау кезінде пақырларға, мүсәпірлерге және әлсіздерге өшүрдегі үлестерін артығымен беретін. Қайтыс болғанда балалары дүниеге деген құмарлықпен:

«Жанұямыздағы адам саны көп, бірақ мал аз. Пақырларға ешнәрсе бермейік! Олар келмей тұрып өнімді жинап алайық...», – деді.

Аллаһ (ЖЖ) олардың осы харам ниеттеріне қарап, бақтарын күйретіп қараңғы бір күйге түсіріп тастады. Кең бақтары танылмайтындай болды. Таңертең бақтарына келіп, болған жайды көрген сараң балалар өз бақтарын өздері танымай:

«Басқа бір жерге келдік пе?» – деп ойлап қалды.

Алайда әкелерінің өшүрді жомарттықпен таратып, мұқтаждардың қайыр дұғасын алуы баққа артығымен берекет беретін. Бүкіл кедей-кепшік сол бақтан пайда көретін. Бірақ балалардың көзіне әкелері таратқан өшүр көп болып көрінетін, оның берілуін ұнатпайтын. Олар сол баққа және егістікке Аллаһ берген берекеттің

неліктен болғанын, қайдан келгенін аңғармаған. Өйткені ғапылдық олардың көңіл көздерін көр қылған еді.

Сондықтан Аллаһ Тағала:

«Ғапылдардан болма!»(Ағраф сүресі, 205-аят) деп бұйырады.

`

Құран Кәрімде 200 жерде айтылған инфақ, мал мен жанның Аллаһқа арналуы мағынасына келеді. Бұған қарағанда, мұсылман мал-мүлкін әрі жанын Аллаһқа арнаған кісі болып табылады.

Екінші Ақаба байғатындаАбдұллаһ бин Рауаһа:

-Уа, Расулаллаһ! Раббың және өзің үшін алдымызға қоятын шарттарың қандай? – деп сұраған.

Расулұллаһ (с.а.у.)былай деді:

- Раббым үшін алдарыңа қоятын шартым: Оған ғана ғибадат етулерің. Оған мүлде серік қоспауларың! Ал өзім үшін айтатын шартым: жандарыңды немесе малдарыңды қайтіп қорғасаңдар, мені сөйтіп қорғауларың.

Сонда оған мынандай сұрақ қойылды:

- Осылай істейтін болсақ бізге не бар?

Пайғамбар (с.а.у.)д:

-Жәннат бар! – деді.

Бұл жауапты естіген сол жердегілер:

–Нендей табысты сауда! Бұдан бас тартпаймыз, бас тартуды қаламаймыз!» – деді».[1]

Міне, осы оқиғадан кейін төмендегі аят кәримә түсті:

«Аллаһ мүминдерден малдарын және жандарын өздеріне берілетін Жәннат ақысына сатып алды...

».(Тәубе сүресі, 111-аят)

Осы көркем аятта жан мен мал-мүліктің Аллаһқа сатыла алатыны баян етілуде.

Жан ғазиліктен және шейіттікпен сатылады. Исламның тұңғыш мүбарак шейіті Сүмәййе Ханымның халы біз үшін нендей ғибратты. Ол жанын нендей ұлы иман толқынымен Аллаһ жолында инфақ еткен. Қазір, Жәннатты сатып алған және қияметке дейін келетін мүминдердің көңілдерінде тақ құрған күйде мәңгілік сыйы берілетін күнді тосуда. Демек жанымызбен, малымызбен инфаққа бұрылуымыз керек.

Малдың Аллаһқа сатылуы болса инфақтың арқасында іске асады. Хаққ Тағала тақуалы құлдарының сипаттарын санай келе:

«Олар өздеріне біз берген риздықтан Аллаһ жолында инфақ етеді» (Бақара сүресі, 3-аят) деп айтады.

Аллаһ үшін берудің жалпы аты болып табылатын садақа және инфақтың түрлері көп.

Садақа мен инфақ қолда барды беруден басталады. Осыған қарағанда жарты құрма беру де инфақ болып табылады. Бұл құлды тозақ отынан қорғайтын амалдардың бірі. Сондықтан Пайғамбар (с.а.у.)әрбір мүминді бай деп көреді. Өйткені Ол хадис шәрифтерінде мүмин құлдың істеген тәкбір (Аллаһты ұлылау), тәухид (Аллаһты бірлеу) зікірлерін, жақсылықты үгіттеп, жамандыққа бөгет болу, зұлымдық көргенге жәрдем беру, мүминді жұбату, қайғырған көңілдерді қуанту, жолдағы сескендіруші немесе зиян беруші нәрселерді құрту, ауырып жатқандардың көңілін сұрап бару және т.б. істердің бәрінің садақа болатынын баяндаған.

Сондықтан негізгі байлық, көңілдегі қанағатта болады. Әркім қанағатының мөлшерінде бай.

Көңілі бай адамдардың күлімдеуі де садақа. Өйткені көңілі бай кісі, күлімдеуімен өзі шаттық күйінде, әрі

айналасын да шаттандырады. Керісінше сараң көңілді болғандар ешкімге жақсы ықпалын тигізбейді.

Хазіреті Али (радиаллаһу ғанһу) мен Хазіреті Фатима (РадиАллаһу ғанһә) тек ауыз ашуға ғана тамақтары бар болып тұрғанда, үш күн қатарымен міскін, жетім және тұтқын келіп Аллаһ ризалығы үшін сұрағанда, қолдарын қайтара алмай, өздеріне ғана жететін тамақтарын оларға беріп, үш күн бойы тек сумен ауыз бекітіп ораза ұстаулары нендей ұлы, нендей керемет инфақ көріністері.

Ярмук соғысында жарақаттанып, жан тапсырғалы жатқан үш сахабаға бір кесе су берілетін кезде әрбіреуінің суды жарақаттанып шейіт болғалы жатқан бауырына сыйлауы нәтижесінде ешбіреуінің су іше алмай, шейіт болулары және олар сұраған бір кесе судың торсықта қалуы да адам баласын таң қалдыратын инфақ көріністері.

Бұл көріністер инфақтың ең жоғары дәрежесі саналатын исар көріністері.

Исардың, яғни өзіне қажет болғанына қарамастан ақысын дін бауырына беру жағдайының қазіргі қоғамда жоқ делінетіндей аз мысалдары бар. Әрине, зекет беруді үгіттеу керек. Тіпті одан ары ілгерілеу, яғни инфаққа деген құштарлықты дәріптеп, осындай істерді тәртіпті түрде ұйымдастыру қажет. Мұндай қызмет шараларын ұйымдастыруларда Исламға қызмет істейтін қайраткерлерді де дайындап шығару керек.

Аллаһтың Пайғамбары (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің білдіргені бойынша шөлдегендіктен тілі тамағына жабысып қалған бір итке су берген күнәһар бір әйел тек қана осы мархабаты себебінен мыңдаған күнәсі кешірілген әрі Жәннатқа жеткен. Керісінше, үйдегі мысығына мархабат көрсетпей, оны аш қалдырып жүрген бір әйел Жәһаннамға түскен. Осы мысалдар

мұсылманның көңіл әлемін дұрыс бағытқа салуын қамтамасыз ететін ғибратты оқиғалар.

Мүмин қараңғы түннің толған айы тәрізді терең, сезімтал, нәзік, қамқорлы, мейірімді, жомарт және нұрлы болуға тиісті.

Бірақ, Хаққ Тағала алдында қабылданатын жомарттық малдың жақсысынан, әрлісінен берумен болатынын білу керек.

Аллаһ Тағала өзіне жақын бола білуіміз үшін жақсы көріп ұнатқандарымыздан беруімізді үгіт етеді:

«Жақсы көрген нәрселеріңнен бермейінше мүлде «бирр»ге (яғни хайырдың шыңына) жете алмайсыңдар. Нені инфақ етсеңдер де Аллаһ оны толық білуде». (Әли Имран, 92-аят)

Осы аят түскенде қадірменді сахабалар арасында ең қатты сүйгендерінен беру туралы инфақ жарысы басталып кетті.

Әбу Талһаның Пайғамбар Мешітіне жақын жерде ішінде алты жүз құрма ағашы болған бағы бар еді және ол осы бақшасын өте жақсы көретін. Жиі-жиі Пайғамбарымызды бақшасында қонақ қылып, берекесін арттыратын.

Бір күні Әбу Талһа былай деді:

«Уа, Расулаллаһ! Менің мал-мүлкімнің арасында ең бағалысы және маған ең сүйкімдісі болған, міне, өзіңіз білетіндей осы бақшам. Дәл қазір Аллаһ ризалығы үшін оны Аллаһ Расуліне беремін, билік қолыңызда, сіз қалаған жеріңізге жұмсаңыз».

Осыны айтып болған соң осы керемет қарарын дереу орындау үшін бақшасына барады. Әбу Талһа бақшаға барғанда әйелі бір ағаштың көлеңкесінде отыр еді. Әбу Талһа бақшаға кірмей сырттан қарап тұрғанын

көрген әйелі былай деді:

-Ей, Әбу Талһа! Сыртта не күтіп тұрсың? Ішке кірсеңші!

Әбу Талһа:

–Мен ішке кіре алмаймын, сен заттарыңды жинап сыртқа шық!.»,– деді.

Бұл жауапты еш күтпеген әйелі таң қалып:

-Неге, ей, Әбу Талһа! Бұл бақ біздікі емес пе? – деп сұрады.

Әбу Талһа:

-Жоқ, бұдан кейін бұл бақ Мәдинадағы кедей-кепшіктікі»,– деп, аят кәримнің сүйіншісін және өзі істеген инфақты қуана айтып берді.

Әйелінің «Екеуіміздің атымыздан ба, өз атыңнан бағыштап бердің бе?» деген сұрағына: «Екеуіміздің атымыздан...» – деп жауап берген Әбу Талһаға әйелі былай деді:

-Аллаһ сенен разы болсын, ей, Әбу Талһа! Айналамыздағы пақырларды көрген сайын мен де сенің істегеніңді ойлап едім, бірақ саған қалай айтарымды білмей жүр едім. Аллаһ хайрымызды қабыл етсін, міне, мен де бақшаны тастап келе жатырмын!»

`

Бауырластық сезімі азайып тыныштық жоғалған, дұшпандық пен қызғаныш көбейген қоғамымызда бүгін соғысқа дайындық кезіндегідей шын мәнінде бір инфақ жарысына қажеттілік бар. Қайғыда жүргендердің, мұқтаждардың орнында біз болуымыз мүмкін еді. Сондықтан оларға деген инфақтарымыз Раббымызға деген шүкірлік борышымыз.

Инфақ жарысы өзіміз үшін де, балаларымыз үшін де өте маңызды. Біз қалай балаларымызды жас кездерінде намазға үйретуге жауапкер болсақ, дәл солай, оларды

инфақ ету сезімімен бір ғаріпті қуанту ғибадатына үйретуіміз бізге міндет. Егер бұл істі оларға кішкене кездерінен үйретпесек олардың обалына қалған боламыз. Олар мүлік Аллаһтікі сана-сезімімен өссе, елге қызмет істейді.

Мал-мүлік пен бала-шағаның адамзат көңілін Аллаһқа бағындырмай, өзіне қаратып алу құдіреті күшті дәрежеде. Сондықтан Аллаһ Тағала былай айтқан:

«Шынында, малдарың және әулеттерің сендер үшін емтихан. Ал табыстың зоры Аллаһтың қасында». (Тағабун сүресі, 15-аят)

«Ей, иман келтіргендер! Малдарың мен балаларың сендердің Аллаһты зікір етулеріңе бөгет болмасын!.». (Мунәфиқун сүресі, 9-аят)

«... Кімде-кім өз нәпсісінің сараңдығынан сақтанса, міне, солар құтылуға жеткендер!»

«Егер Аллаһқа (оның ризалығы үшін) қарыз берсеңдер, Аллаһ оны сендер үшін неше есе арттырып, сендерді жарылқайды. Аллаһ Шәкур (ізгілікті бағалаушы) әрі Халим (жаза беруге асықпайды)». (Тағабун сүресі, 16-17 аяттар)

Осы жағдайға қарағанда жоқшылықтағы кедейлер мен ғаріптер байлық иелері үшін негізінде ұлы нығмет. Жәннат есіктері осы кедей-кепшіктердің дұғаларымен ашылады.

Инфақтар, яғни дәулетті қайырға жұмсау капиталдың қылтамақ (рак) ауруы халіне келмеуі үшін ең күшті емі және шарасы.

Сондықтан осы емнің заттай және рухани түрдегі тарату орындары болатын қайырымдылық қорлары қоғамның мейірім ескерткіштері болып табылады. Қорлар инфақтарды ең жақсы тарататын жерлер әрі байлардың қайырымдылықтарына ұлы бір көпір болғандықтан, бай мен кедей арасындағы кекті және

қызғанышты жойып, қоғамда болуға тиісті мейірімді деңгейдің ең кәміл себебі болады.

Қайырымдылық қорлары Жаратушысы құрметіне жаратылғандарға деген махаббат пен мархабат сезімін таратататын ұйымдар.

Инфақ тек қана заттай жасалмайды. Аллаһ Тағала сыйлаған әр нәрсе инфақ етілуге тиісті. Өмірге енгізіле отырып тәблиғ етілетін Ислам, ең күшті ең керемет инфақ. Қадірменді сахабалар Аллаһтың дінін үстем қылу жолында дүниенің түкпір-түкпіріне дейін барып, өз жандарын инфақ қылған. Солардың ішінде Хазіреті Аббас (РадиАллаһу анһү)дің ұлы Құсам (радиаллаһу ғанһу) мен Хазіреті Османның(РадиАллаһу анһү) ұлы Мұхаммед (радиаллаһу ғанһу) өздері бара алған ең соңғы жерлері Самарқандқа дейін Ислам нұрын және тыныштығын алып барған. Олардың осы шынайы инфақтары берекелі болғандығы соншалық, арттарынан Имам Бұхари, Имам Қасани, Имам Тирмизи, Шах Нақшибенд тәрізді бірталай ұлы тұлғалардың шығуына дәнекер болған.

`

Инфақта Әдеп

Зекет беруде және садақа таратуда әдепті болу өте маңызды. Әсіресе берген кісі алған кісіге рахмет айту сезімінде болу керек. Өйткені алған кісі берген кісіні парыз болған бір борыштан құтқарып, сауапқа жеткізіп отыр. Сонымен қатар берілген садақалар берген кісіге ауру және пәлекет келуіне де бөгет болады.

Қайырымдылық істер кезде назар аударатын күй Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа және ақірет күніне иман келтірмей тұра, малын мақтану үшін жұмсаған кісі сияқты шілтеп (міндетсіп) және ренжіте отырып беру арқылы істеген қайырларыңды босқа жібермеңдер».

(Бақара сүресі, 264-аят)

Бұл аятта қайыр беру барысында қандай әдептілік сақтау керектігі айқын түрде баяндалуда. Яғни, кедейді ренжітіп, кекетіп әрі шілтей отырып істелген қайырдың Аллаһ алдында ешқандай мәні, бағасы болмайды.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)айтқан:

«Үш кісі бар. Қиямет күні Аллаһ олармен сөйлеспейді. Оларға қарамайды әрі оларды ақтамайды. Олар үшін күйзелтуші азап бар».

Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің осы сөздерді үш рет қайталап айтқанын көрген Әбу Зәрр (РадиАллаһу анһү):

«Аттары құрысын, армандарына жете алмасын, зиянға ұшырасын! Бұлар қандай адамдар, уа Расулаллаһ?» – деп сұрады.

Пайғамбар (с.а.у.):

«Киімін тәкаппарлығынан сүйретіп, кеудесін көтеріп жүрген адам, бергенін шілтеп берген адам және жалған ант етіп затын сатқан саудагер», – деп айтты.[1]

Зекет, садақа сияқты қайыр істеріндегі маңызды жағдайлардың тағы біреуі, жасырын беруге назар аудару. Өйткені жария түрде берілген садақа, алған кісінің арлану сезіміне зиян келтіреді. Уақыт өткен сайын алуға үйреніп алады да, еңбек ету қайратын және қалауын жоқ қылады. Сонымен қатар берген кісінің істеген ісін жақсы көріп, мақтануына себеп болады.

Бірақ, садақа бергендердің және осындай қайыр істегендердің кейде бір елге жарияланулары пайдалы болуы мүмкін. Сол арқылы халықты кедей-кепшікке жәрдем беруге түрткі салған болады. Құран Кәрімде Хаққ Тағала былай айтқан:

«Садақаларды ашықтай берсеңдер бұл жақсы бір іс.

Бірақ оларды пақырларға жасырын түрде берсеңдер бұл сендер үшін өте қайырлы болады». (Бақара сүресі, 271-аят)

`

Діннің негізгі мақсаты – Аллаһтың бар екендігін қабылдап бекіткеннен кейін жақсы, адамгершілігі мол адам тәрбиелеу және сонымен қоғамның берекесін келтіру. Мұндай кемелдікке көңілде пайда болатын мейірім мен қамқорлық сезімі және мұның ең күшті көрінісі болған зекет беру мен инфақтың арқасында ғана жетуге болады.

Раббымыздың мүлкінде өмір сүріп жатырмыз. Ол берген нығметтің арқасында күн көріп жатырмыз. Сонда мал-мүлік арқылы орындалатын ғибадаттарда немқұрайлы болғандар кімнің малын кімнен жасырғандарын ойламай ма?

Зекет пен садақа берердегі ең маңызды жағдай шынайылықпен, ықыласпен, Аллаһтың ризалығына жету мақсатында болу. Қайырымдылық жасағандардың мақтанулары, рахмет айтылуын күтулері және міндет қылулары мүлде дұрыс емес. Мұндай ой, істелген қайырлардың бүкіл сауабын жуып-шайып кетеді. Керісінше, берген кісі алған кісіге рахмет айту сезімімен қарауға тиісті, әрі Аллаһтың ризалығынан басқа мұрат-мақсаты болмауы керек. Өйткені Аллаһ алдында қабылданатыны да осындай инфақ. Хазіреті Али мен Хазіреті Фатима (РадиАллаһу анһүмә)ның осы жайда істеген инфақтарын керемет көріп, ұнатқанын білдіре отырып, баршамызға дәл сондай инфақ жасауымызды бұйыру ретінде Аллаһ Тағала көркем аятта былай айтқан:

«Олар Өз жандары сұрап тұрған халде тамақтарын кедейге, жетімге және тұтқынға береді де, оларға: «Мынаны сендерге Аллаһ ризалығы үшін жегізіп тұрмыз. Сендерден әлдебір ақы төлеу және рахмет

айтуларыңды күтпейміз. «Біз Раббымыздың күңіреніп, томсарған күнінен қорқамыз» дейді. Аллаһ оларды сол күннің апатынан сақтайды. Олардың жүздеріне жарық, көңілдеріне қуаныш береді». (Инсан сүресі, 8-11 аяттар)

Міне, Инфақ етерде дәл осындай шынайы пейілде болып, шын мәніндегі жомарттыққа жете алсақ қандай бақыт!

Уа, Раббым! Мархабаттың бүкіл көріністері көңіл әлеміміздің түгелмейтін қазынасы болсын!

Әмин!

`

ФИҚЫҺ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША

ЗЕКЕТ

Парыз болуының шарттары

1. Зекет беретін кісінің мұсылман, ақылды, балиғат жасқа толған әрі бас бостандығы болуы керек.

2. Негізгі қажеттіліктерінен және қарызынан тыс нисаб мөлшерінде мал-мүлікке немесе ақшаға ие болуы.

3. Қолдағы мал-мүліктің өзінің және бағасының өсу күйінде болуы.

4. Зекеті берілетін мал-мүліктің иесінің қолында бір қамари жыл (ай жылы, яғни 355 күн) болуы.

5. Зекеті берілетін мал-мүліктің иесінің толық иелігінде болуы.

Зекет берілуге тиісті мал-мүлік пен мөлшері

Нисаб мөлшері қой мен ешкіде қырық, сиыр мен буйволда отыз, ал түйеде бес болып саналады. Алтын үшін Нисаб шамамен 81гр., ал күміс үшін 561гр. болып

есептеледі. Алтын мен күмістің нисаб мөлшері тұрақты болғанымен, хайуанаттың Нисаб мөлшері және берілетін зекет мөлшері хайуанаттың саны көбейген сайын өзгере береді.

Зекет кімдерге беріледі

Аллаһ Тағала былай айтады:

«Аллаһ тарапынан парыз болып бұйырылған Садақалар (зекеттер) тек пақырларға, міскіндерге, зекет жинаушы қызметкерлерге, муәлләфәтул-қулуб ретінде, құлдарға, борыштыларға, Аллаһ жолында жүргендерге және жолда қалғандарға ғана беріледі. Аллаһ ең жақсы Білуші, хикмет Иесі». (Тәубе сүресі, 60-аят)

Осы көркем аят зекеттің кімдерге берілетінін өте айқын білдіруде. Бұлар:

1. Пақырлар: Шариғат бойынша бай есептелмейтін, яғни Нисаб мөлшеріне жетерлік мал-мүлікке ие болмағандар. Бұл адамдар жұмыс істеп табыс тауып жүрсе де зекет ала алады.

2. Міскіндер: Күндік жеп-ішетіні жоқ, түгі жоқ пақырлар.

3. Зекет жинауға белгіленген қызметкерлер.

4. Муәлләфәтул-қулуб: Исламның жылы жүзін таныту үшін, белгілі адамдарға беру. Зекет бұларға Исламға деген көзқарастарын жақсартып, дінге тарту мақсатымен беріледі. Бірақ мұндай кісілерге зекет берілуі Хазіреті Омар (радиаллаһу ғанһу) дәуірінде тоқтатылған. Сонымен қатар кейбір фақиһтер (Ислам заңгерлері) қажет болса осындай кісілерге зекет беріледі десе де, Ханафи мен Шәфий мәзһәбтары бойынша қандай қажеттілік болса да зекет берілмейді.

5. Құлдар: Құлдықтан азат болатындарға зекет

беріледі. Бірақ бүгінде құлдық жойылған.

6. Борыштылар: Қарызы малынан көп кісілерге зекет беріле алады.

7. Аллаһ жолындағылар: Аллаһ жолында жиһад еткендер(соғыс немесе дін үшін тырмысу), қажылық сапарына шығып, жолда қалғандар және Аллаһ үшін білім үйренгендер.

8. Жолда қалғандар: Өз мемлекетінде бай болса да ақшасы бітіп қалған жолаушылар.

Зекет кімдерге берілмейді

Әке-шешеге, аталарға және әжелерге, ұл және қыз балалар мен бұлардан болған немерелерге және шөберелерге; бай кісілерге және мұсылман еместерге зекет берілмейді. Сонымен қатар жұбайлардың бір-біріне зекет берулеріне де болмайды.

ӨШҮР (Жерден алынатын өнімдердің зекеті)

1. Әбу Ханифа(рахматуллаһи ғаләйһ) берген пәтуә бойынша егіншілік өнімдерінен берілетін зекетте белгілі Нисаб мөлшері жоқ. Яғни жерден алынған өнімнің үстінен бір жыл өтуі және белгілі бір мөлшерге жетуі шарт емес.

2. Жылына бірден көп өнім шығатын жерлерде өшүр де өнімге байланысты қайта төленеді.

3. Қайтыс болған кісіден қалған жерлер мен балаға немесе ақыл-есі дұрыс емес ауруға қатысты жерлердің өнімдерінен де өшүр алынады.

4. Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммед берген пәтуә бойынша жерден алынатын өнімдердің Нисаб мөлшері бір тонна болып саналады. Егер өнім бір тоннадан асса, сонда ғана өшүрі беріледі.

5. Өшүрі берілетін жер өнімдерінің бір жыл бұзылмай тұратын сапада болуы керек. Сондықтан жас жеміс және шөп-шаламнан өшүр берілмейді. Мысалы: алмұрт,

алма, шабдол, өрік, қызанақ (помидор), болгар бұрышы және балдыркөк сияқты. Өйткені мұндай өнімдер бір жыл сақтауға шыдамайды.

6. Өшүрі берілетін өнім шығатын жер жаңбыр, жылға немесе өзен суымен суарылса, оннан бірі; су компрессорымен және сатып алынған сумен бүкіл бір жыл немесе жарты жылдан көп уақыт суарылса, жиырмадан бірі мөлшерінде өшүр деп аталған зекет берілуге тиісті. Сонымен қатар зекет берілерде тұқым, еңбек ақы, суару және дәрі сияқты қаражаттар есептен алынбайды.

7. Зәйтүн, күнжіт және күнбағыстан өшүр берілген болса, кейін бұлардан шығарылатын майлардан өшүр берілмейді. Бірақ бұларды егушіден сауда-саттық мақсатымен алған кісі қайтадан зекетін беруге тиісті.

8. Өнім әбден өсіп болған соң немесе жиналып-терілген соң өшүрі беріле алады. Тіпті әлі шықпаған немесе белгілі бір пішінге келмеген мәуелердің өшүрі берілмейді. Бірақ бұлар шыққан әрі белгілі пішінге келген соң иесі қаласа, өшүрін бере алады.

9. Өшүрі берілмей тұрып, орылған өнімнен немесе бұтақтағы жемістен желінетін болса, өшүрін беру ниетімен жеп, кейін өшүрін төлеу керек. Мысалы: Әбу Ханифа (рахматуллаһи ғаләйһ) берген пәтуә бойынша 10 кг. жүзім терілген болса 1 кг. жүзімді немесе бағасын өшүр деп төлеу керек.

`

Көкейлерді оятатын ғибадат

ХАЖЖ (Қажылық)

Исламның негізгі бес шартының біреуі болып табылатын қажылық, пайғамбарлар тізбегінің алғашқысы Адам (ғаләйһиссәләм)нан ақырзаман пайғамбары Хазіреті Мұхаммед (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)ге дейін көкей жылытарлық лебіздерге және

түрлі ұлы естеліктерге толы хақ пен иман гауһарын көңілдерде кәмілдікке жеткізген және осы әлемде махшардың бір ұқсасынеске салып:

«Өлмес бұрын өліңдер!»[1] сырының ақиқатына бойлатар ұлы ғибадат.

Қажылық Исламнан бұрын да бар еді. Бірақ, мүшриктер мұны ғибадат болу ерекшелігінен айырып, түрлі арсыздықтар мен мәні жоқ ритуалдарға толы жаман бір рәсім халіне келтірген еді. Расында, Арабтардың арасында өзгеше ру болған Құрайштар ғана Қағбаны киіммен тауаф қылатын, ал басқа Арабтар әйел-еркек барлығы жалаңаш түрде тауаф жасайтын. Тауаф етерде киімдерін шешкен жалаңаш көпшіліктің әурет (айып) жерлерін жабуы Құрайштың билігінде еді. Яғни, Құрайштылар оларға киім берсе жамылып, бермесе тыр жалаңаш халде тауаф ететін. Құрбан шалғанда да соның қанын Қағбаның есігіне және қабырғасына жағып, құрбанның етін өртеп тастайтын. Міне, Ислам осындай ар-намысқа жатпайтын салт-дәстүрлерді жойған. Өйткені Исламда әрбір ғибадаттың негізгі мақсаты Аллаһты зікір ету, одан кешірім сұрап жарылқауын күту және Аллаһтың сөзін (Құран Кәрім) ұлы мәртебеге шығару болып табылады.

`

Қажылық ғибадатының дүниеге және ақіретке қатысты бірталай хикметі бар.

Қажылық Аллаһтың шексіз мейірімі көрініс тапқан, ғапу етіліп, жарылқануға жеткен мұсылмандардың терең иман мен махаббат тебіренісімен, бір-бірімен араласып қауышқан түрде, мүбарак әрі салтанатты бір жағдайда іске асырылады.

Қажылық Хазіреті Ибраһим мен Хазіреті Исмайл (ғаләйһиссәләм)нің тәуекелділігінен нәсіп ала білу, ішіміздегі нәпсі делінетін дұшпанға және

сыртымыздағы Шайтандық бейімділіктерге тас лақтыра білу, ұлт әрі сынып айырмашылығынан арылып, кебін оранған күйде Раббыға сыйыну, қиямет күнінің үрейлі көріністерін еске алып қорқу, мұсылмандар арасында алыс әрі бір-бірін танымайтын қауымдарды кездестіріп, иман бауырластығын құру болып табылады.

Басқа бір мағынасы бойынша қажылық, дене деген киімнен арылып, рухтың тереңдіктеріне жетумен нәпсілік дауыл сияқты армандардан құтылуға тырысу болып табылады.

Қажылық орындалған мүбарак мекендер де, ұлы бір әлемнің руханият климаты болып иләһи нысаналарға толы. Сол жерлерде үнемі Аллаһтың мейірімі және берекеті еске түседі. Сондықтан Құран Кәрімде осы климаттың сипаты ретінде «шағируллаһ»[1] және «хурматуллаһ» делінген.

Сондықтан қажылықтың бір мақсаты сол мүбарак мекендерді құрметтеп, қасиетті жерлердің естелігімен көңілдерді әшекейлеу болып келеді.

Осы мүбарак жерлер, Хазіреті Адамнан бүгінге дейін иманды жүректердің руханиятымен бағылып, ғашықтардың көз жастарымен суарылған. Шынайы түрде қажылықты орындағандар сол мекендерде осы руханиятты және бірталай пайғамбардың аяқ іздерін іздегендей олардың естеліктерінен фәйз табады. Өйткені ерекше бір фәйз бұлағы болған осы қасиетті мекендер пайғамбарлар тізбегінің қадірлі естеліктеріне толы.

Қажылық құлшылығын өтеу ниетімен осы мүбарак топырақтарға аяқ басқандар Ибраһим (ғаләйһиссәләм)нің:

«Уа, Рабб! Күнәларымызды кешір, ғапу ет! Сен Рахмансың[1] Рахимсің. Уа, Рабб! Әулетімді де менің жолыма, менің дініме сала гөр!» деген дұғаларына және

осы дұғалардағы рухани құндылықтар бен берекетке жетеді.

Аллаһқа деген махаббат толқындарымен өмір сүріп көңілдерін онсыз баса алмаған талай Хаққ достары дүниенің арғы шетінен бергі шетіне сапар шегіп, сол «рахым еліне» жүгірген. Тіпті олардың кейбіреулері, сол мүбарак жерлерге деген махаббаты шыңға жеткен, бірақ бара алатын шама-шарқы болмаған талай кедей ғашықтардың да қажы болуларына дәнекер болған. Аллаһ достарының бірі болған Хазіреті Әзиз Махмуд Һудәидің руханият аспанына қанат қағуына себеп болған мына оқиға өте мәшһүр:

Осман мемлекеті кезінде Бурса қаласының қазысы (судья) болған Һудәидің алдына таң қалдыратын бір дау көтеріледі. Бір әйел күйеуіне наразылығын білдіріп былай дейді:

«Тақсыр! Күйеуім жыл сайын қажылыққа ниеттенеді бірақ кедейлігінен мүлде бара алмайды. Биыл да қажылыққа барамын деп тіресіп алды. Тіпті: «Егер биыл қажылыққа бара алмасам, саған талақ беремін (ажырасамын)!– деді. Кейін құрбан айтқа жақындағанда ғайып болып кетті. Бес-алты күннен кейін қайта келіп қажылыққа барып келгенін айтты. Тақсыр! Осындай нәрсе бола ма? Енді осы өтірікші адаммен ажырасқым келеді!».

Қазы Һудәи мәселені тексеру үшін әйелдің күйеуін алдына шақыртады да әйелінің айтқандары рас әлде өтірік екендігін сұрайды. Ол адам болса:

«Тақсыр! Әйелімнің айтқаны да, менің айтқаным да рас. Сеніңіз, менің қажылыққа барып келгенім шын. Тіпті сол мүбарак жерлерде Бурса қаласынан барған кейбір қажылармен де кездестім және оларға

---

* «Өлмей тұрып өліңдер» хадисінің мағынасы - жан тапсырмай тұрып өлімнен кейінгі өмірге дайындық жасау.

ала келіңдер деп бірнеше сыйлықты да аманат қылып тапсырдым», – деді.

Қазы Һудәи таң қалып:

«Бұл қалай болады, а мырза?» – деп сұрады.

Адам былай түсіндіре бастады:

«Тақсыр! Жылда болғанындай биыл да қажылыққа бара алмаған соң қайғырып Меһмед Атаға бардым. Ол қолымды ұстап тұрып «көзіңді жұм!– деді. біраздан кейін көзімді ашып қарағанда Қағбаның қасында тұрғанымды білдім!.».

Осындай рухани оқиғаны алғаш рет тыңдаған қазы, мұның мүмкін бола алмайтынын айтып, әлгі адамның айтқандарын қабылдамады.

Әлі қасиетті мекендердің рухани әсерінің таза сезімінде болған бейшара адам толқыған күйде өте мағыналы сөздермен былай деді:

«Ей, қазы! Аллаһ Тағаланың дұшпаны болған Шайтан бір сәтте бүкіл дүниені аралап шығады. Ал Аллаһтың досы болған ерекше бір құл неге бір сәтте Қағбаға бара алмасын?»

Қазы Маһмуд Һудәи бұл жауапты естіген соң жөні бар деп, шешімін беруді Бурса қаласынан барған қажылардың қайтуына дейін кейінге қалдырды. Бурсалық қажылар қайтқанда жүргізген сұрастыру нәтижесінде жағдайды толығымен білді де, қайран әрі таң қала отырып, алдындағы мәселені жабуға мәжбүр болды. Бірақ, жүрегіне сөнбейтін бір шоқ түсті. Кейін ол да Меһмед Атаның себеп болуымен Хазіреті Үфтаданың сұхбат алқасына қосылып, рухани дүниеде қанат қағып, әлемдегі белгілі даналардан болды.

\`

Сөздің қысқасы, заттай және рухпен сол мүбарак топырақтарға асыға бару құмға толы шөл-даланы

көру үшін емес, Ибраһим (ғaләйһиссәләм)нің орынын (Қағбаның тап алдында Ибраһим (ғaләйһиссәләм) ғибадат еткен жер), Исмайл (ғaләйһиссәләм) және ұрпағының отанын көру үшін болуы керек. Әрі Расулұллаһ (с.а.у.)туып өскен және Ислам дінін жайып таратқан жерлерді көру, сол ұлы Жаратылыс Нұры дем алған ауаны өкпемізге әрі көңілдерімізге толтыру үшін.

Сондықтан қажылық тек қана денемен істелетін бір ғибадат емес, Ол материалдық жағынан бөлек рухани жағымен де өте маңызды ғибадат. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)тарапынан «хажж мәбрур» яғни бастан аяғына дейін жақсылықтан, әдеміліктен тұратын қажылықтың сипатталуы да осыны көрсетеді. Осы жағымен қажылық тәубе етіп кешірім сұрау және дұға оқумен көңілдердің рахмет, берекет және ерекшеліктерге жетуі болып табылады әрі өмір салиқалы амалдармен жақсарады. Қажылықтан кейін осы халдың жалғасуы үшін Хақң Тағалаға сөз беру мағынасына да келеді.

Хазіреті Ибраһим (ғaләйһиссәләм)нің мына дұғасы нендей керемет:

«Ей, Раббымыз! Екеуімізді (ұлым Исмаил мен өзімді) саған берілгендерден қыла гөр! Нәсілімізден де саған берілген үмбет шығара көр! Бізге ғибадат жолдарымызды (қажылықты) көрсетіп тәубелерімізді қабыл ете гөр! Әлбетте, Сен өзің тәубелерді үнемі Қабыл Етуші, ерекше Мейірімдісің!» (Бақара сүресі, 128-аят)

Қажылық ғибадатын орындауға көңіл аударған ғашық жандар осы дұғаның сезімімен Харам аймағында және бүкіл Мекке көшелерінде Пайғамбардың (СаллАллаһу ғaләйһи уе сәлләм) жүріп, аралағанын, Оның осы жерде өмір сүргенін ойлай отырып, бәлкім

* Шәғәйруллаһ: Аллаһ Тағаланың белгілері. Хурмәтуллаһ: Аллаһ Тағалаға құрмет көрсету.

Ол аяқ басқан жерге басып тұрғанының қиялын көз алдына елестетіп, шаттанады да одан қалған талай естеліктермен көңілдері толып, тасады. Мысалы, Сафа жотасында Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің Мекке Мүшриктерін Исламға шақыруын ойлап көз алдында елестете алады. Әлемдердің мырзасы, осы жотада тұрып Меккеліктерге Әбу Құбейс тауын көрсетіп былай деген:

«Сендерге; «Осы таудың ар жағында жау бар; осы жаққа жақындап келеді. Жандарыңды алады, сақ болыңдар!- десем сенесіңдер ме?»

Меккеліктер:

«Әрине, сенеміз. Таудың ар жағын көрмесек те, сен Мұхаммед әл-Әмин (Сенімді Мұхаммед) болғаның үшін сен берген хабардың туралығынан мүлде күдіктенбейміз!» – деген еді.

Сонда ол ұлы кісі:

«Ондай болса сол сөзіме сенгендей мына сөзіме де сеніңдер. Осы әлемді жаратқан құдіретті әрі жалғыз Аллаһ бар! Сендер табынған пұттар әлсіз бір тас, топырақ немесе отын бөлшектері. Бұларды тастап тек қана Аллаһқа иман келтіріңдер. Әрі Аллаһтың мені сендерге пайғамбар деп жібергенін де біліңдер», –дегенде ең баста ағасы(әкесінің інісі) Әбу Ләһәб бастап мүшриктер:

«Сен бізді осыған бола шақырдың ба?» – деп оған қабақтарын түйіп, қарамай тарқап кеткен болатын.

Ол ұлы кісіні Ождандары қабылдаса да, нәпсілік бейімділіктері, мүдделері бойынша өтірікке шығарған еді.

Бірақ Әлемдердің Мырзасы, Жаратылғандар Нұры болған Ол кісі осы және осы сияқты талай ғапылдық әрі адасушылық көріністеріне қарамастан көңілі түспей, пайғамбари қайратпен иләһи ақиқаттарды шөлдеген көңілдерге бір өмір суы сияқты қандай жағдай болмасын

ұсына берген.

Міне, қажылықта осы және осы сияқты ғибратқа толы ақиқаттарға ой жіберіп көңілімізбен сезіп, көңіл көзімізді ашатын болсақ, Ппайғамбар дәріс берген мекен болған Дарул-Әркамның[1] алдында тұрып оның ішінде хушумен оқылып жатқан Құран тәлімдерінің дауысын құлағымыз шалар ма еді? Осы тәлімдердің артынан іске асқан хижрет (дін үшін Мәдинеге көшу) және одан кейін төгілген иләһи берекеттерге көңіл ыдысымызды тоса аламыз. Әсіресе, Сәур үңгірінде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)мен Хазіреті Әбу Бәкір арасындағы рухани әңгімелерден нәсіп ала аламыз және олар үңгірде болған үш күн бойынша иләһи сырларға қарық болу және көңіл көзін ашу бағытында істеген ерекше сұхбаттарына қосыла аламыз. Осы сұхбатпен басталған алтын тізбектің махаббат және фәйз бұлағында ең кәміл мағынадағы иманның ләззатын көңілдерімізге таттыра аламыз. Осы иман ләззатын тата отырып әр біреуі бір жұлдыздың мысалы болған қадірменді сахабалардың нұрлы жолыменен жүреміз де мың бір хикметке және ғибратқа толы Мәдинә Мүнәууәрә естеліктерінен кейін Меккеге қайтуды, яғни сол мүбарак аймақтың Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)тарапынан алынуын көз алдымызға елестете аламыз. Төңіректегі тауларға қарағанда Меккені алуға келген сахаба әскерінің мүшриктердің жүректеріне қорқыныш ұялату үшін жаққан оттан пайда болған мыңдаған алаудың көрінісін еске алып, рухани әлемде солармен бірге екенімізді ойлай аламыз. Біләл Хабешидің сол күні Қағбаның үстіне шығып шақырған азанының дауысын естігендей боламыз. Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің:

«Хақ келді, батыл(теріс жолдар) жойылды...»(Исра сүресі, 81) аятын оқып тұрып, Қағбадағы пұттарды төңкеріп құлатқанын көз алдымызға елестете аламыз.

Бұлардан кейін өз көңіліміздің де Қағба сияқты

екенін, әрі соны да бірталай нәпсілік бейімділіктермен пұтхана халіне келтіргенімізді аңғарып, қажылық ғибадатының әр мезгілінен алынған рухани қуатпен оларды құлатуға және көңілімізді шын мәнінде иләһи назар аударылатын мекен қылуға тырыса аламыз.

Міне, осындай әлі талай көріністерге жетуге иләһи бір есік болған қажылық ғибадаты, әркім үшін ең аздан ең көпке дейін рухани тірілу оқиғасы. Осы тірілу оқиғасы іске асатын қажылық парызы, адамды діннің кәмілдігіне бағыттайтын кең әрі терең бір ғибадат.

Арафат ғапу әрі сыйыну мекені.

Арафат қияметте қабірлерден тұрып, топ-топ болып, махшар майданында жиналуды еске салады. Бүкіл құлдар Аллаһтың алдында әлсіз, мұқтаж және үміткер халде ғапу етілуді күтеді. Көңілдер мен көздер тәубе етіп жас төгеді де, Хақ Тағалаға талай рет шын жүрекпен сыйынады. Өмір дәптерінде тап-таза беттер ашылады да, қалған өмірдің Аллаһқа бас июмен өтетіні жайында уәде беріледі.

Сонымен Арафат, махшари бір сурет секілді көрінеді. Қияметте болатын ахуалдың бір бөлімі сол жерде де көріледі. Жалаң бас, жалаң аяқ, үстіде бір орам шүберек, астыда бір орам шүберек, күн ыстық... Ешкімнің бір-біріне қарай алатын күші жоқ.

Арафат бір жағынан бізді кәдімгі естелікке де апарады. Тыйым салынған жеміске жақындау нәтиже-сінде иләһи қалау бойынша Адам (ғаләйһиссәләм) мен Хауа анамыз Жәннаттан шығарылып дүниеде бірі-бірінен алыс жерлерге түсірілген, сонымен олар бір-бірін аңсауға толы жылдар өткізгенін.

Адам(ғаләйһиссәләм) кешірілді де, Аллаһ Тағала оған Меккеге дейін жол көрсету үшін бір періштені қасына ертіп жіберді. Адам (ғаләйһиссәләм)нің Хазіреті Мұхаммед (САллАллаһу ғаләйһи уе сәлләм)нің

құрметіне кешірім сұрауының берекеті арқасында Жиддәда өмір сүріп жатқан Хауа анамыз да басқа бір періштенің жетегінде Адам (ғаләйһиссәләм)ға қарай жолға шығарылды. Ақыры екеуі бір арафа күні екінті уақытында Арафат сайында табысты. Жылап, қайта истиғфар етті.

Сыйлығы мен нығметі шексіз Аллаһ Тағала, олардың дұғаларын қабыл етумен бірге, олардың нәсілінен тарағандардан қияметке дейін жыл сайын сол күні және сол сағатта осы жерге келіп ғапу сұранысында болғандардың барлығын кешіру уәдесін беріп, үлкен сыйлық жасады.

Қажылардың арапа күні Арафатқа шығып кешірім сұрауларының хикметі де осы.

`

Мүздәлифә – Құран Кәрімде ишарат етілген «әл-Мәшғарул харам»ның руханияты мен рахмет көріністеріне толы бір мекен. Жүректерді Аллаһтың ұлылығы, құдіреті, айбынды салтанаты және иләһи көріністері билеп, дүние мен ақіретті артқа тастау мекені.

Нәзір күндері тәмәмдалғаннан кейін Ибраһим (ғаләйһиссәләм)нің рухани құрбанының орынына шалынған құрбан, қажылардың көңіл дариясында сол ұлы пайғамбардың сана-сезімін толқындатқан рахмет әрі хикмет самалы. Мұны істегендердің тілдерінен Халилұллаһтың (Ибраһимнің) Құран Кәрімде баяндалған мына сөздері шығады.

«Негізінде мен, жүзімді көктер мен жерді Жаратқанға және туралыққа қаратып, бұрдым. Мен пұтқа табынушы емеспін». (Әнғам сүресі, 79-аят)

«Айт: Намазым, құлшылығым, өмір сүруім және

---

*Дарул-Әрқам: Ислам ең алғаш тарала бастаған кезде Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ислам туралы дәріс берген Зәйд бин Әрқам деген кісінің үйі. Дәр - арабшада үй, жұрат деген мағынаға келеді.

өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһ үшін. Оның ешқандай серігі жоқ. Осылай етуім бұйырылды және мен мұсылмандардың алғашқысымын». (Әнғам сүресі, 162-163 аяттар)

Хазіреті Ибраһим (ғаләйһиссәләм) Бабилден Димашыққа қарай кетеді:

«Мен Раббыма кетіп барамын; Ол маған тура жолды көрсетеді! Раббым маған салиқалы бір ұл бер!» деп еді».(Саффат сүресі, 99-100 аяттар)

Бұл аятта Хазіреті Ибраһимнің ішкі жан дүниесінде мәсиуадан қашып, Аллаһқа қарай бет бұрғандығына ишара етуде.

Көркем аятта Хазіреті Исмайылдің сүйіншіленуі және құрбан оқиғасы баяндалып жалғасады:

«Міне, сол кез, біз оған мүләйм бір ұл беретінімізді хабарлап қуандырдық».

«Әкесімен қатарласып жүре алатын шаққа жеткенде (әкесі): «Балақайым, түсімде сені бауыздағанымды көремін, бұған не дейсің?– деді. Ол: «Әй, әкетайым, сен бұйырылған нәрсені орындай! Аллаһ қаласа, мені сабырлы болғанымды көрерсің!– деді».

«Екеуі де Аллаһқа берілді де, сөйтіп (Ибраһим) оны етпетінен жатқызғанда: «Әй, Ибраһим, түсіңді іске асырдың. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз. Бұл расында, өте ауыр сынақ еді,– деп дабыстадық».

«Сөйтіп біз баланың орнына үлкен бір құрбандық бердік. Кейінгі нәсілдер арасында оған жақсы даңқ қалдырдық. «Ибраһимге сәлем»– дедік. Мінеки, біз жақсыларға осылай сыйлық береміз. Өйткені ол біздің мүмин құлдарымыздан еді». (Саффат сүресі, 101-111 аяттар)

`

Хазіреті Ибраһим(ғаләйһиссәләм), Хажар анамыз бен Исмайыл (ғаләйһиссәләм)ді Меккеде қалдырған соң Сара анамыздың қасына қайтқан. Кейде бір олардың қасына барып жүреді.да, Меккеде болған кезінде бір түс көреді. Түсінде аятта баяндалғандай, Исмайыл (ғаләйһиссәләм)ді құрбан етіп жатады. Ибраһим (ғаләйһиссәләм) түсі Шайтани ма, иләһи ме деп күдіктенеді, бірақ сол түсті қатарымен үш күн көрген соң мұның бекер түс еместігін ұғынады. Осы үш күн Зилхижжә айының сегізінші күні, тәруиә, арапа және айттың бірінші күндері еді.

Бір риуаятта Ибраһим (ғаләйһиссәләм):

«Аллаһ маған бір ұл беретін болса, соны құрбан шаламын!» – деген еді. Міне, осы сөзі себебінен Аллаһ Тағала оны сынайды.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм), Раббысынан келген бұйрық бойынша Хажар анамызға ұлы Исмайылды жуындыруын және әдемі иістер себуін бұйырып, оны бір досына алып баратынын айтты. Ұлы Исмайылға да өзімен бірге жіп пен пышақ алып жүруін ескертіп:

«Балам, Аллаһ ризалығы үшін құрбан шаламын!» – деді.

Екеуі Арафатта қажылар уақфаға тұратын жерге қарай жүре бастады. Осы сәтте Шайтан адамзат түрінде Хажар анамыздың қасына келіп оған:

- Ибраһим ұлыңды қайда алып бара жатыр білемісің?– деді.

Ол:

-Досына алып бара жатыр, – деді.

Шайтан:

-Жоқ, бауыздауға алып бара жатр, – деді.

Хажар анамыз:

-Ол ұлын өте жақсы көреді! – деп қарсылық білдірді.

Шайтан:

-Аллаһ әмір еткені үшін бауыздайды екен! – дегенде Хажар анамыз:

- Егер Аллаһ (ЖЖ) бұйырған болса, онда тәуекел дейміз, – деді.

Шайтан Хажар анамызды алдай алмаған соң Исмайыл (ғаләйһиссәләм)нің жанына барып одан былай сұрады:

- Әкең сені қайда алып бара жатыр білемісің?

Исмайыл (ғаләйһиссәләм):

- Раббысының әмірін орындауға, – деді.

Шайтан:

- Сені бауыздағалы алып бара жатқанын білесің ғой! – деп азғыруға тырысты.

Сонда Исмайыл (ғаләйһиссәләм):

- Жоғал, әй малғұн! Біз Раббымыздың әмірін ұната отырып орындаймыз!» – деген қарсылық сөзбен Шайтанды қуды да, оған тас лақтырды.

Шайтан Исмайыл (ғаләйһиссәләм)ді азғыра алмағаннан кейін Ибраһим (ғаләйһиссәләм)ға қарап:

- Әй, қарт кісі! Ұлыңды қайда алып бара жатырсың? Шайтан сені түсіңде алдаған! Сол көрген түсің Шайтани, – деді.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм):

- Сен Шайтансың! Тез көзімнен жоғал! – деді де қолына жиырма бір тас алып, үш бөлек жерде сол тастарды жеті данадан Шайтанға лақтырды.

Міне, қияметке дейін қажылықтың бір рүкуні болып жалғасатын Шайтанға тас лақтыру осылай басталған. Осы жағдай олардың тәуекелінің белгісі ретінде үмбетке үлгі болып қалды.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) Исмайыл (ғаләйһиссәләм)-мен бірге Минадан Арафатқа қарай кетіп бара жатқанда

періштелер толқу күйінде таң қала отырып бір-біріне:

«Субханаллаһ! Бір пайғамбар бір пайғамбарды құрбан етуге алып барады!» – деді.

Ибраһим(ғаләйһиссәләм) ұлы Исмайыл(ғаләйһиссәләм)ға істің ақиқатын түсіндірді де :

- Әй, балам! Түсімде сені құрбан етуім бұйырылды, – деді.

Исмайыл (ғаләйһиссәләм):

- Әкетайым! Мұны саған Аллаһ бұйырды ма? – деп сұрады.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм):

- Иә, – деді.

Сонда Исмайыл (ғаләйһиссәләм):

«Әкетайым! Сен бұйырылған нәрсені орында! Иншааллаһ (Аллаһ қаласа) менің сабырлылығыма куә боларсың!» – деп жанын пида етуге дайын екенін білдірді. Сол кезде Исмайыл (ғаләйһиссәләм) әлі жеті (кейбір риуаяттарда он үш) жасында болатын.

Риуаяттар бойынша Жәбірейл (ғаләйһиссәләм) тебірене куә болған үш оқиғаның[1] біреуі Ибраһим (ғаләйһиссәләм)нің мойнына құрбан етейін деп пышақты кезеуі еді. Сонда Жәбірейл (ғаләйһиссәләм) келіп, пышақтың жүзін кетірді және Хаққ Тағала тарапынан олардың тәуекелділіктеріне иләһи сый ретінде құрбандық қошқар ұсынылды. Сонымен олар да қуанып ғ, тәкбір айтып сол қошқарды құрбандыққа шалды.

Сондықтан құрбан шалудағы негізгі мақсат осы оқиғаны еске алып, сондағы иләһи хикметтерден нәсіп ала отырып Аллаһқа деген құлшылықтың беріле отыра тақуалықпен орындалуы жайында көңілдердің ояу болуын қамтамасыз ету. Расында Аллаһ Тағала былай

айтқан:

«(Құрбандарыңның) еттері де, қандары да Аллаһқа жете алмайды. Аллаһқа жететін тек тақуалықтарың ғана...». (Хажж сүресі, 37-аят)

Ал құрбан шалынғанан кейін шаш алынуының өзгеше хикметі бар. Исламнан бұрын бір кісі құлына азаттығын беретін кезде оның шашын ұстарамен құлдықтың белгісі ретінде қырып тастайтын. Қажылықта істелетін шаш алдырумен де қажылар Аллаһқа деген үнемі күйдегі құлдықтарын мойындағанын көрсетеді.

Сонымен қатар Хазіреті Ибраһим мен Хазіреті Исмайыл Шайтанды таспен қуалаған жер Мина, Аллаһқа берілу және оған тәуекел ету мекені болып тарихта қалған.

Ал Шайтанға тас лақтыру алдымен іштегі Шайтанға тас лақтырумен басталады. Бұл Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Исмайыл және Хажар анамыздың Шайтанды қуып, оған тас лақтыруларының бір естелігі. Тас лақтыру негізінде лағынеттеу мағынасына келеді, сол дәуірлерде біреуді лағынеттеу оған тас лақтырумен іске асатын. Расында, Шайтанға «ражим» яғни тас лақтырылған деп айтылуы оның лағынеттелгені мағынасына келеді.

Тас лақтыру ісінде ойға түсетін тағы бір естелік те осы:

Қағбаны құлатайын деп үлкен пілдер алып келген Әбрәһәні және оның әскерлерін Аллаһ Тағала Әбәбил құстары тұмсығында тасыған кіп-кішкене тастармен жойып жіберді. Міне, Шайтанға тас лақтыру осы оқиғаның да бір естелігі.

Сөздің қысқасы, Шайтанға тас лақтыру Ібілістің лағынеттелуі және көңілдің әр-түрлі ғапылдықтан әрі шым-шытырық ойдан азат болған түрде Аллаһқа

жөнелуі деген мағынада орындалады. Сондықтан Аллаһ Расулі (с.а.у.)былай деген:

«Осыкішкентайтастарды Шайтанғалақтырудағы мақсат, Аллаһ Тағаланың зікірін (яғни оның есімін, дінін) үстем қылудан басқасы емес».[1]

Сондай-ақ қажылықты орындау мақсаты да Расулұллаһ (с.а.у.)тарапынан былай баяндалған:

«Қажылық Шайтанға тас лақтыру, Сафа мен Мәруә арасында ары-бері жүру және Қағбаны тауаф етуден тұрады. Ал мұндағы мақсат Аллаһты ұмытпау, яғни оның дінін үстем қылудан басқасы емес».[2]

`

Сафа мен Мәруә жоталары қазір Зәмзәм құдығы тұрған жерде шөлдеп сусыз қалған Исмайыл(ғаләйһиссәләм)-нің анасы Хазіреті Хажар жан ұшырып, жанталасып су табу үшін екеуінің арасында безектеп жүгірген мүбарак екі жота, бізге сол адамдық әлсіздік пен (Хажар анамыз сияқты) Хақ Тағалаға сыйынуды ескерту үшін қажылықтың шарттары арасына «сағи» атымен қосылған бір рүкүн болып табылады.

Қағба, Аллаһ Тағала Құранда **«Сәждеге жығыл да жақында!»** (Алақ сүресі, 19-аят) бұйрығымен орындалуын әмір еткен намаз ғибадатының бұрылу бағыты. Сонымен қатар бүкіл мұсылмандар бірдей көңіл аударатын орталық, яғни бүкіл Ислам дүниесінің күре тамыры соққан жер. Адам баласында иләһи назардың орны жүрек, ал әлемдегі орны Қағба. Яғни Қағба адам денесіндегі жүрек сияқты.

Қағбадағы сәлем берілетін мүбарак тасты «Хажар әл-Әсуәд», яғни «Қара тас» деп атайды. Әр тауафта болуға

---

* Жәбірейіл толқып, көмекке асыққан үшін оқиға мыналар: Біріншісі, осы. Екіншісі, Юсуф (алейһиссәләм) құдыққа лақтырылғанда. Үшіншісі, Ухуд соғысында Пайғамбардың (с.а.у.) жүзі жарақаттанып, тісі сынғанда.

тиісті «сәлем беру» бүкіл нәпсілік бейімділіктерден және Шайтани бағыттардан қол тарту мағынасына келеді.

Қара тас тауафтың басталуы мен бітуіне белгі болғандықтан, осы күнге дейін Қағбаның қабырғасындағы бүкіл тастары өзгергенімен ол тас мүлде өзгертілмей, күні бүгінге дейін келген. Оны талай мүбарак еріндер сүйген, талай мүбарак қолдар оған тиген. Сонымен осы қаратас жай бір тас болып тұрғанда ие болған ұлы жағдайымен көңілдерімізге өзгеше ықпал береді. Әрі ол біз үшін айрықша махаббат гүл шоғырындай. Бұл шындықты Хазіреті Омар оны сүйерде былай баяндаған:

«Әй қара тас! Мен сенің бір тас екеніңді білемін. Сенен пайда да, зиян да келмейді. Аллаһтың Пайғамбары (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің сені сүйгенін өз көзіммен көргедіктен ғана сені сүйемін».[1]

Түрлі мемлекеттерден келген тілдері бөлек, өмір салт-дәстүрлері бөлек талай адамдар Қағбаның айналасында айбынды бірлік пен татулық көріністерін көрсетеді.

Қағбаның салынуы туралы Риуаяттар бойынша: Хазіреті Адам мен Хауа анамыз Жәннаттан шығарылып, жер жүзінде Арафатта табысқаннан кейін батысқа қарай жүреді. Қағба қазір тұрған жерге тоқтап Адам (ғаләйһиссәләм) Раббысына шүкір ету үшін ғибадат жасағысы келеді. Сонда өзі Жәннатта болған кезінде айналасында тауаф етіп құлшылық жасап жүрген нұрлы үйдің қайтадан өзіне берілуін сұрайды. Сонда сол нұрдан болған үй бейнесі көрінеді де, Хазіреті Адам соның айналасында тауаф етіп Аллаһқа құлшылық жасайды.

Осы нұр көлеңке Хазіреті Шит (ғаләйһиссәләм) кезінде ғайып болады да, орнында қара бір тас қалады. Хазіреті Шит (ғаләйһиссәләм) осы тастың орнына сол

сияқты төрт бұрыш үй салады және сол қара тасты үйдің бір бұрышына қояды. Міне, бүгін Хажарул әсуәд деп білінетін қара тас осы. Кейін Нұх топанында осы үй ұзақ уақыт құм астында қалады. Хазіреті Ибраһим Аллаһтың әмірімен Қағба тұрған жерге барады да ұлы Исмайыл (ғаләйһиссәләм)ді анасымен бірге сол жерге орналастырады. Кейін Исмайыл (ғаләйһиссәләм)мен бірге Аллаһтың әмірі бойынша Қағба болған жерді қазады. Хазіреті Шит тарапынан салынған үйдің ірге тасын табады да сол ірге тас үстіне Қағба ғимаратын салады.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) Қағбаны салып болған соң Аллаһқа былай дұға етеді:

«Уа, Раббым! Осы жерді тыныш бір қала қыла көр! Халқын, Аллаһқа және ақірет күніне сенгендерді түрлі жемістермен ризықтандыр!»(Бақара сүресі, 126-аят)

Ибраһим (ғаләйһиссәләм)нің осы дұғасының берекетімен Мекке қаласында ауыз дәмі мен иман ләззаты астасып жататын сияқты.

Бәйтуллаһ, яғни Аллаһтың үйі деген мағынадағы Қағбаның Адам (ғаләйһиссәләм)нан бері қасиетті құлшылықхана болғаны және шама-шарқы жететіндерге сол жерге қажылыққа баруларының парыз болғаны көркем аятта былай білдіріледі:

«Адамзат үшін (жер бетінде) салынған алғашқы үй сөзсіз Беккедегі (Қағба). Сол жер иләһи фәйз және берекеттермен жиһанға жарық беретін иман және һидаят нұрларына толы.

Онда ғибрат алынатын белгілер бар, Әрі Ибраһимнің мақамы сол жерде. Сондай-ақ оған кім кірсе, Хаққтың көлеңкесінде аман болады. Оның жолына шамасы келгендерге, (Аллаһ ризалығы үшін) «Бәйтуллаһ»қа қажылыққа бару адамдардың мойнындағы Аллаһтың

парызы. Ал сенбей қарсы келгендер білсін, Аллаһ барлық әлемнен мустағни (яғни ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж емес)». (Әли Имран, 96-97 аяттар)

Ислам рухының көрінісі ретінде намазда барша адамдар бір қатарда. Мемлекет басшылары да сол қатарда. Олар бұрын келген болса алдында, ал кейін келген болса артта тұрады. Жай бір кісі де қай жер бос болса, сонда тұрады. Намаздағы қатарда биліктің, беделдің ешқандай ерекшелігі, үстемдігі жоқ. Ал қажылықта бұдан да ары жағдай көрініс табуда. Яғни онда күллі адамдар кебін және қабір тепе-теңдігінде. Бір ел басшысы жай бір кісі сияқты қалай кебінмен қабірге кіретін болса, кебіннен басқа бір нәрсе қолданбай, пақыр киген кебіннің матасындай бір кебін кидіріліп көмілетін болса, қажылықта да қабір және кебін ұқсастығы іске асады. Қажылықтағылардың барлығы иықта бір орамал, астыда бір орамал оралған күйде, дәл бір кебін кейпінде.

Өлім – күллі фәнилер үшін мәжбүрлікпен іске асатын иләһи заң. Уақыты, сәті және тыныс санына дейін белгіленіп, үкімі берілген. Ажалдың ілгері-кері жылжымайтыны, себептердің өзгермейтіні айқын бір ақиқат. Ажалдан қашқандардың құтылғандары жайлы бір хабар естілмеген. Осыларды жақсы аңғарып, қажылық ғибадатына қарсы осалдық және немқұрайлылық көрсетпеу керек. Керісінше Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің ескертуі жүректі бір сілкіндіріп тастайды:

«Бір адам жеп-ішуге және жолға қажет болған қаражатқа ие бола тұра Бәйтуллаһқа қажылыққа бармаса, оның яһуди (еврей) немесе христиан күйінде өлеуіне ешқандай бөгет жоқ!»[1]

Осы пайғамбари ескерту қажылыққа бару үшін күллі шарттарға ие бола тұра ғапылдықтары себебінен немқұрайлылық танытқандарға болатын иләһи азапты

еске салуда. Өйткені бұл ғибадат турасында немқұрайды болу, оған мән бермеу деген мағынаға келеді.

Қажылық өмірде бір рет қана болады ғой деп немқұрайдылық көрсету мүлде қате. Расында Аллаһ Расулі (с.а.у.)былай деген:

«Қажылыққа бара алатын кісі асықсын!»[2]

Бәйтуллаһ(Қағба) Ибраһим (ғаләйһиссәләм) мен жанұясының тәуекелі және имандылық ауасына толы бір мекен.

Тәуекел, берілу (тәсілім) және қажылық сөздері айтылғанда Ибраһим (ғаләйһиссәләм) мен Исмайыл (ғаләйһиссәләм) еске түседі. Өйткені қажылық олардың ықыластарының нәтижесінде қияметке дейін қайталанып жалғасатын бір салиқалы амал.

Тәуекел сөздік мағынасы бойынша араб тілінен аударғанда «сүйену, сену, уәкіл қылу және уәкілге сену» мағыналарына келеді.

Ал тасауфта, көңілі Аллаһпен толы болған кісілердің тек Оған сенуі және Оған сыйынуы деп айтылады.

Көркем аяттарда былай бұйырылады:

«... Иман келтіргендер тек Аллаһқа ғана тәуекел етсін!»(Ибраһим сүресі, 11-аят; Тәубе сүресі, 51-аят)

«... Егер мүмин болсаңдар, тек қана Аллаһқа тәуекел етіңдер!» (Мәидә сүресі, 23-аят)

«... Кімде-кім Аллаһқа тәуекел етсе, Аллаһ оған жетеді».(Талақ сүресі, 3-аят)

Хадис шәрифтерде былай баяндалған:

«Егер толық тәуекел етсеңдер, таңертең ұяларынан қарындары аш шығып, кешкісін тоқ қайтқан құстар сияқты сендер де ризықтанасыңдар!»[1]

Тәуекел ету жағдайын әрекет жасауды және еңбектенуді жоққа шығару деп емес, керісінше оларды орындап барып, Аллаһтың қолдауына сыйыну деп

түсіну керек.

Аллаһ Тағала былай айтқан:

«Қандай да бір іс жайында олармен (мүминдермен) ақылдас. Кеңестен соң шешім шығарып, орындауға кірiскенде Аллаһқа тәуекел ет!.».(Әли Имран сүресі, 159-аят)

Мүминнің екі дүниедегі жәрдемшісі тек қана Аллаһ. Кімде-кім Оған тәуекел етсе, Аллаһ оған жеткілікті.

Жеке өз өмірі болсын немесе қоғамдық өмір болсын адамның екеуінде де жүрек тыныштығы мен бақытқа жетуі тек Оған ғанасүйеніп, Одан ғана жәрдем сұрауы және Оған тәуекел етуінің арқасында ғана мүмкін болады.

Тәсілім болу «   » – «сәлимә» деген арабша етістіктен тараған. Бас ию, басқа түскен істерге көндігу, сәлеметке жету мағынасына келеді.

Расында, Ибраһим (ғаләйһиссәләм)нің жүрегінде Аллаһтан басқа бір нәрсеге орын жоқ еді. Бірақ періштелер:

«Уа Раббым Ибраһимның жаны, бала-шағасы және малы бар ғой! Қайтып саған «Халил»(дос) бола алады?!» деген-ді.

Ал Аллаһ Тағала Оның қарсылық көрсетпей үш жерде (сынақта) тәсілім болғанын періштелерге көрсеткен. Осы сынақтар мен нәтижелері қияметке дейін үмбетке мысал болады.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) отқа лақтырылатын кезде періштелер жәрдем бергелі келген-ді. Бірақ Ол:

«Сендерге қажетім жоқ! Отқа жану күшін кім берген?!»- деді және «Аллаһ нендей жақсы өкіл!»- деп, тек Раббысына сыйынды.

Оның осы тәсілімиетіне қарай сый ретінде отқа:

«Әй, от! Ибраһимге салқын әрі сәлемет бол!»(Әнбия

сүресі, 69-аят), - деп бұйырылды.

Ибраһим (ғаләйһиссәләм) Жәбірейл (ғаләйһиссәләм) үш рет қайыр сұрап келгенде де, Аллаһты зікір етуімен салыстырғанда қолындағы бар дүниесінің маңызы жоқ екенін көрсету үшін:

«Мыналарды алып кет!» – деген.

Шынайы құлдық тәсілім бола білуде. Яғни, шын жүрекпен Аллаһқа мойын ұсынып берілумен ғана шынайы құлдық іске асады. Өйткені Аллаһ (ЖЖ) құлының өзінен басқасына көңіл аударып, көңіл бұруын қаламайды да ұнатпайды.

Хазіреті Ибраһим және Исмайыл (ғаләйһимәссәләм)-нің ахуалдарымен қатар Аллаһ Расулі (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің қоштасу қажылығы мен қоштасу құтпасы, үмбет қияметке дейін орындайтын қажылықтарға нендей керемет үлгі!

Қоштасу қажылығында Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)тарапынан ерекше бір махаббат, сүйіспеншілік үндеуі жасалған еді. Мұсылмандар арасындағы хұқықтың негізі махаббат және мархабат күшінен қуат алады.

Қажылықтың басқа ғибадаттарға қарағанда өзгеше тұстары да бар. Сырттай, яғни шарттарды орындауға ғана назар аударатын болсақ оңай көрінеді. Ал негізінде ең қиын ғибадаттардың біреуі болып табылады. Сондықтан қажылыққа ниет етерде:

«Аллаһым! Мұны маған оңайлықпен істете көр!» – деп тілеу керек.

Ғапылдықпен орындалған қажылық өзінен үміт етілген нәтижесін және пайдасын туғызбайды. Тіпті харам ақшамен барып, тек қана ауызбен «Ләббәйк» деп сан рет тілегендердің, ауыз шаршатқаннан басқа нәсіптері болмайтыны айқын.

Сондықтан қажылықта халал яғни адал табыс ең басты шарт болып табылады. Өйткені ауыздан шыққан әр «Ләббәйк» яғни «Бұйыр, Уа, Раббым! Әміріңе тәсілім болдым және де дайынмын!» сөзі, көңілді ғашықтықпен өртейтін махаббат және саф иман күшінде болуы керек. Міне, осы күймен айтылған «Ләббәйк» әуездері құлды Хаққтан ұзақта ұстамайды. Бірақ құрғақ лебіздермен айтылған сөздердің ешқандай мәні жоқ. Сондықтан Хазіреті Хусейін (радиаллаһу ғанһу) «Ләббәйк» деп айтарда «Маған берілетін жауап саған бұйырмаймын әрі назар аудармаймын деген мағынаға келетін «Лә Ләббәйк» болса не істеймін!» – деп, өңі сарғайып кететін. Хақк Тағала һәм рухани, һәм денелік қажылықты өтей білуді нәсіп етсін! Әмин...

Қажылық ғибадаты адамды көңілді өмірге бағыттайды. Өйткені бұл ұлық ғибадат аң ауламау, жасыл бұтақты жұлмау, Аллаһтың мақұлығын ренжітпеу сияқты мейірім және махаббат көріністеріне толы.

Ихрам киіп жүрген кезде бір шөп те болса жұлынбайды, кесілмейді, бір қыл да сөгітілмейді, бір мақұлық та болса ауланбайды. Жыныстық қатынас болсын, пасықтық істер болсын, біреумен ұрсысу болсын бұлардың ешбіреуі ихрамда болған күндерде жасалмайды. Жалғыз-ақ, Жаратушыға құрметтен жаратылғандарға мархабат және қамқорлық көрсету мұнда маңызды қағидалардың бірі. Әсіресе көңілдерді ренжітпеу мәжбүрлігі бар.

Істеген амалдар ниеттеріне қарай көрініс табады. Ихрам кию де қажылықтың ниеті деп табылады. Ихрам киінген кісі басқа уақыттардағы кәдімгі өмір сүруінен тыйылып, ерекше бір халге бөленеді. Ихрамға жамылу құлды өлімді ойлауға алып барады. Әлемдердің Раббысы Аллаһтың алдына баруды еске салады.

Барлық керемет тұстарымен құлды жақсы жаратылыс мәртебесіне көтеретін бір ғибадат болып табылатын

бұл қажылық жайлы Расулұллаһ (с.а.у.)былай баяндаған:

«Алтын шеберінің қолындағы азот қышқылы қалай алтын мен күмісті тазалайтын болса Қажылық (қажылық) және умра да адамды күнәлардан тазалайды».[1]

«Аллаһ жолында қажылықты орындаған кісі, жаман қиялдарының соңында әуесқойлықпен жүрмесе, күнә істемесе шешесінен жаңа туғандай күнәсіз болып оралады».[2]

Осы сүйіншілер сөзсіз қажылықтары бастан аяғына дейін игіліктерге және жақсылықтарға толы болған мүминдер үшін айтылған. Осындай қажылық талай сүйіншілермен бірге мына ізгіліктерге де жеткізеді:

1. Жауапкершілік сезімі,
2. Кешірімді болу,
3. Денені әрі мінезді таза ұстау,
4. Ислам бауырластығы,
5. Артықшылық тек қана тақуалықт екенін сезіну,
6. Халал табыс,
7. Ықылас

Сонымен қатар қажылық, Исламның тек қана діни бір шарты болып қанан қалмай, осы діннің мінез-құлықтық, қоғамдық және саяси жақтарын да құрастырады. Мүминдердің жер бетінде бастан кешкен өмірлерінің биік бір ескерткіші болып алдымыздан шығады.

`

Намаздың, оразаның нәпіл түрлері болған тәрізді қажылықтың да нәпіл түрі бар. Нәпіл түрде орындалған қажылықтар туралы надандықпен айтылған сын сөздер, Аллаһ сақтасын, аяғы күпіршілікке баратын сөздер.

Ондай сөздер негізсіз ақымақша ойлар, әрі ғибадаттың ләззатынан мақұрым болудың белгісі ретінде айтылған бос сандырақтар болып табылады.

Нәпіл қажылықтар Пайғамбарымыздың дәуірінен күні бүгінге дейін иман тебіренісімен жалғасып келе жатыр. Иман толқуымен орындалған нәпіл ғибадаттар құлды Аллаһқа жақындатады. Құлдың рухы тереңдейді де, мейірімділік пен жомарттық сипаттары көріне бастайды. Оның көруі, естуі, ойлауы, сезуі, сөзі, қысқаша күллі істері нәпіл ғибадаттар арқасында иләһи нұрмен іске асады.

Осындай ұлы мәртебелерге көтерілу нәпіл ғибадаттарға деген махаббат және махлұқатқа деген мейіріммен мүмкін. Имам ағзам Әбу Ханифаның 55 рет қажылыққа барғанын баяндау осы жайда жеткілікті болса керек.

`

Жылына бір рет әрі белгілі күндерде ғана орындалатын және Арафатта тұру (уақфа) жасалатын қажылықтан басқа кез-келген уақытта орындауға болатын «умра» ғибадаты тағы бар. Сондай-ақ ол «кіші қажылық» деп те аталады.

Умрада Арафатта тұру жоқ. Онда Қағбаны тауаф етумен бірге Сафа мен Мәруә арасында сағи (жүгіру) бар. Умра Рамазан айында орындалатын болса бұған бір қажылықтың сауабы берілетінін Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)баяндаған.

`

Мәдинада зиярат етілетін Расулұллаһ (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің мекені, көңілді Аллаһқа және Оның пайғамбарына деген махаббат сезімдеріне ерекше бөлейтін мекен. Өйткені Аллаһ Тағаланың «Хабибім» яғни сүйіктім деген әуезіне тек ол ғана жеткен және осындай махаббат үмметіне де бұйырылған. Расында

Қазы Ияз «Тәубе» сүресіндегі:

«(Оларға) **Айт: Егер әкелерің, ұлдарың, бауырларың, әйелдерің, руларың, жиған малдарың, тоқтап қалуынан немесе зиян шегуден қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің... сендерге Аллаһ пен Пайғамбарынан және оның жолында жиһад** (соғысу, қызмет ету т.б). **етуден сүйкімдірек болса** (артық көрінсе) **Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіңдер. Аллаһ, өзіне бас имей, бағынбай кеткен қауымды тура жолға салмайды»**.(Тәубе сүресі, 24-аят) деген аятқа былай түсініктеме берген:

«Аллаһ, үмбетке өзін (Аллаһты) сүюмен бірге Расулұллаһ (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)ді сүюді парыз қылған».

Ондай болса ешбір нәрсе Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)ға деген махаббаттың алдына өтпеуі керек. Отырған үйіміз де, жанұямыз (жұбайымыз) да, бала-шағамыз да, жұмысымыз да!..

Міне, Расулұллаһ (с.а.у.)осындай бастағы тәж болуы себебінен Хазіреті Имам Мәликтің баяны бойынша, Ол ұлы кісінің қабірі болған жер, Қағбадан артық қасиетке ие. Өйткені күллі әлем Оның құрметі үшін жаратылған әрі Оған арналған.

Сондықтан қажылық ғибадаты біткен соң Нұрлы Мәдина қаласына бару керек. Расулұллаһ (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің мүбарак таза денесін өзінде сақтаған сол мүбәрак топырақтардың жұпарын жұтып, соның ұлы және берекетті исінен нәсіп алу керек. Хадис шәрифте Мырзамыз (с.а.у.)былай деген:

«Мені қайтыс болғанымнан кейін зиярат еткен кісі мені өмірімде, тірі кезімде, зиярат еткендей!»[1]

`

Сонымен бүкіл әдеміліктерімен орындалған қажылықтан қайтарда қажылар мемлекеттеріне алып баратын ең күшті, ең маңызды сыйлықтардың сол мүбарак

аймақтың әдеміліктері мен арттарында ғибратқа және хикметке толы естелік қалдырған салиқалы құлдардың жақсы мінездері болуы керек.

Терең ойшыл ғалым Пакистандық Мұхаммед Иқбал Мәдинадан қайтқан қажыларды көруге барып, оларға мұсылманның көңіл-күйін көрсететін мына сұрақты қояды:

«Нұрлы Мәдина қаласын зиярат қылдыңдар! Ақіреттік Мәдина базарынан қандай сыйлықтармен көңілдеріңді толтырдыңдар? Сендер алып келген заттай сыйлықтар, тақиялар, тәсбиқтар, жайнамаздар бір уақыттан кейін тозып-ескіріп кетеді. Тозып ескірмейтін, көңілдерге жан беретін Мәдинаның рухани сыйлықтарын әкелдіңдер ме?...

Сыйлықтардың ішінде Хазіреті Әбу Бәкірдің туралығы мен тәсілімдігі; Хазіреті Омардың әділеті; Хазіреті Османның ары мен жомарттығы; Хазіреті Әлидің толқуы мен жиһады бар ма? Бұл күнде мың бір қайғымен азап шегіп жүрген Ислам дүниесіне көңілдеріңнен бақыттылық ғасырының толқынын бере аласыңдар ма?»

Хақ Тағала, бізге қос Харамның (Мекке мен Мәдина) руханиятынан ықпал алып ғашықтық отымен күйген бір көңілмен Аллаһтың Пайғамбарын зиярат қыла білуді нәсіп ете көрсін!

Раббымыз бізге тәуекелге әрі тәсілім болу сезіміне толы өмір бере көрсін! Панамыз және көңіл аударатын жеріміз тек өзі ғана болсын! Сезімтал бір көңілмен қажылыққа баруды қолайлы қылып нәсіп ете көрсін!

Әмин!...

ФИҚЫҺ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША

ҚАЖЫЛЫҚ және ҚҰРБАН

ҚАЖЫЛЫҚ

Қажылықтың Парыздары

1-Ихрам: Қажылық орындайтын кісінің басқа күндерде халал (адал) болған кейбір іс-әрекеттерді белгілі бір уақыт өзіне харам қылуы. Қажылыққа ниет етіліп, тәлбие айтылуымен («Ләббәйк Аллаһуммә ләббәйк... »деп айту) ихрамға кірілген болады.

2-Арафатта уақфа (тұру): Меккеге жақын жердегі Арафат тауында Зилхижжә айының тоғызыншы (арафа) күні зәуал (бесін намазының уақыты) уақытынан құрбан айттың бірінші күні таң рауандағанға дейінгі уақыт аралығында біраз тұру.

3-Қағбаны тауаф: Арафаттағы уақфадан кейін айттың бірінші күнінен бастап өмірдің соңына дейін болған мерзім ішінде Қағбаны тауаф ету. Бірақ осы тауафтың айттың алғашқы үш күнінде орындалуы уәжіб. Сондықтан зиярат тауафы деп аталатын осы тауафты айттың үш күнінен қалдырған қажылардың уәжиб орындалмаған үшін айып төлеу ретінде құрбан шалулары керек. Бірақ әйелдер ерекше күндерінде болса осы тауафты айттың үш күнінен кейін де орындай алады.

Қажылықтың Орындалуының Шарттары

1-Дененің сау болуы, яғни көр соқыр, көтерем (салданып қалу) және қажылық сапарына шыдай алмайтындай ауру немесе қарт болмау керек.

2-Қажылыққа баруына кедергі болмауы керек (түрмеде болу сияқты).

3-Қажылық сапарында өтілетін жолдың қауіпсіз болуы.

4-Әйелдің қасында күйеуі немесе үйлене алмайтын бір махремі болуы.

5-Күйеуі өлген немесе ажырасқан әйелдің дін бойынша үйленбей күтіп тұруға мәжбүр болған иддет мезгілінің бітуі.

Яғни күйеуі өлген әйелдің төрт ай он күн; ажы-

расқан әйелдің ай сайын болатын ерекше күндерінен үш рет көріп тазаланғанша; аяғы ауыр әйелдің ажырасу немесе күйеуі қайтыс болған жағдайда босанғанға дейін басқалармен үйленбес бұрын, күтуі керек болған күндер иддет мезгілі деп саналады. Осы күндері біткен болса сонда да қасында махремі болмай бара алмайды.

Қажылықтың Уәжіптері

1. Ихрамға Миқат деген жерлерде кіру,

2. Ихрамға кіргендер үшін тыйылған нәрселерді істемеу,

3. Арафатта күн батқанға дейін тұру,

4. Айттың бірінші күні таң атқаннан күн шыққанға дейінгі уақыт аралығында Мүздәлифәда біраз тұру,

5. Минада Шайтанға тас лақтыру,

6. Тәмәттуғ және Қыран Қажылықтарын орындағандардың құрбан шалуы,

7. Төрт шауты парыз болған зиярат тауафын жетіге тәмәмдау, (Қағба айналасын әр айналуды бір шаут деп атайды),

8. Зиярат тауафын Құрбан айт күндерінде орындау,

9. Үйге (мемлекетіне) қайтарда қоштасу тауафын орындау,

10. Тауаф кезінде дәретті әрі әурет жерлерінің жабық болуы,

11. Тауафқа Хажарүл-Әсуәд қатарынан бастау және тауафты Қағба сол жағында бола тұра жаяу орындау,

12. Әр тауафтан кейін екі рәкағат намаз оқу,

13. Тауафты хатим делінген жерге кірмей сыртынан жасау,

14. Сафа мен Мәруә арасында жеті рет сағи жасау (барып-келу),

15. Сағиді Сафа жотасынан бастау және үзірі жоқтардың сағиді жаяу орындаулары,

16. Минада Шайтанға тас лақтырғаннан кейін Меккенің харам аймағында Құрбан айтының алғашқы үш күнінде шаш алдыру.

Ихрамда болған кісі жасай алмайтын істер

1. Тігісі бар киім кию,

2. Әйелімен жыныстық қатынаста болу, сүю және сипау,

3. Әтір жағу,

4. Аң аулау немесе аңшыға аң көрсету,

5. Жасыл ағаш пен шөптерді кесу және жұлу,

6. Шаш алдыру және денедегі қылдарды қыру, тырнақ кесу,

ҚҰРБАН

Құрбан шалудың уәжіп болуының алғышарттары

1. Мұсылман болу,

2. Бас бостандығы болу: құлдар мен күңдер Құрбан шалуға міндетті емес.

3. Жолаушы болмау: Дін бойынша жолаушы деп қабылданатындар құрбан шалуға жауапкер емес.

4. Бай болу: Негізгі қажеттіліктерінен тыс нисаб мөлшеріндей мал-мүлкі немесе ақшасы болу.

5. Ақылды әрі балиғат жасқа толған болу: Балалар мен ақыл-есі дұрыс емес адамдарға құрбан шалу уәжіп емес.

Құрбанға шалынатын хайуандар

1-Қой мен ешкі бір жасқа толған болуы керек. Ал бір жасқа толмағанымен сондай ірілігі болған жеті немесе сегіз айлық тоқты құрбан шалуға жарайды.

2-Сиыр мен бұқа екі жасқа толған болу керек.

3-Түйе бес жасқа толған болу керек.

4-Қой мен ешкі бір кісі үшін, ал сиыр, буйвол және түйені жеті кісіге дейін ортақтасып шалуға болады.

`

Ғапу және Жарылқану Айы

РАМАЗАН ШӘРИФ және ОРАЗА

Ораза айы - Рамазан Шәриф рухани нәрді жүрекпен сіміріп, иләһи сыйлықтарға жетілетін мүбарак ай. Адамзат жеткен сансыз игіліктердің қадірін еске түсіретін осы айда, фәни ләззаттардан теріс айналып, мәңгі ләззаттарға жетудің сыры Хаққ Тағала бұйырған ораза игілігімен көрініс табады.

Оразаның ең маңызды ерекшелігі және оның негізгі мақсаты үнемі ғибадат сезімінде нәпсімен күресіп және оны бақылау астына алып, беретін жаман ықпалын ең төменге түсіру.

Ораза, өмір күресінде ауадай қажетті «сабыр, ерік, нәпсілік бейімділіктерден арылу» – сабағын тәлім еттіріп, мінез-құлқымызды кемелдікке жеткізеді. Және осы ғибадат нәпсінің жеп-ішу және шәһуәтқа[1] қатысты бітпейтін армандарына қарсы адамның абыройын және қасиетін қорғайтын қалқан.

Ораза, ұстаған кісіні қайратты әрі табанды, қанағатты, қолында барға риза болу, салмақты және сабырлы болу сияқты көркем мінезге жеткізуімен қатар, мақрұм болу және аштықпен қолдағы игіліктердің қадірін еске түсіреді де, жоқшылдардың ахуалдары туралы ойландырып оларға деген мейірім және ілтипат көзқарасымен жүректерімізді сезімтал күйге жеткізеді. Әрі шүкіршілік сезімдерін жандандырады. Осы ерекшелігімен ораза қоғамдағы кек сақтау және қызғаншақтық сияқты көпшіліктің тынышын кетіретін жамандықтарды жоюда күшті ықпалы болатын

таптырмас қару. Сондықтан ораза тек осы үмбетке емес, бұрынғы үмбеттерге де парыз қылынған ғибадат болып табылады. Аллаһ Тағала былай айтқан:

«Әй Иман келтіргендер! Ораза сендерден бұрынғыларға парыз қылынғандай Аллаһқа қарсы келуден сақ болу сезімдеріңді арттырар деп санаулы күндерде сендерге де парыз қылынды..».(Бақара сүресі, 183-184)

Исламда парыз қылынған ғибадаттарды, түрлі рухани ауруларға дәрі деп түсінуге болады. Нәпсілік бейімділіктерге бүйрек бұру, дүниенің әшекейлік көріністеріне алдану және ойын-той артында жүру сияқты рухани ауруларды емдеп жазатын шипа. Күллі дәулетін жоғалтып алған және өмірлерінен қауіптенген мұсылмандардың Мекке дәуірінде осындай ауруларға шалдығу ықтималы жоқ еді. Ал олар хижреттен кейін кәпірлердің зұлымдығынан құтылғанда, Ислам жайылып, экономикалық жағдай да бірте-бірте түзеле бастады. Сонда рухани ауруларға шалдықпау үшін диета сақтауқажеттілігі бой көрсетті. Сондықтан ораза ұстаудың уақыты келген-ді немесе келуге таяған еді. Ақыры хижреттің екінші жылында ораза мұсылмандарға парыз қылынды.

Расында, ораза, бірталай денелік және рухани ауруға дәрі сияқты «санаулы күндер» – деп парыз қылынған. Өйткені кісі бір дәріні үнемі ішіп жүрсе денесі оған қайтіп үйреніп кетеді де дәрінің одан кейін бір пайдасы тимей қалатыны секілді, материалдық және рухани өмір үшін дәрідей міндет атқаратын оразаның жағдайы да осындай. Егер ораза ұстауда орта жол ұсталмаса, оның материалдық және рухани өмірге деген пайдасы кәміл дәрежеде болмайды. Негізінде Пайғамбарымыз (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм):

«Мен бұдан кейінгі өмірімді үнемі ораза ұстап жүріп өткіземін!» – деген сахабасына ескерту жасаған болатын.

Сонымен қатар оразаның белгілі бір айда ұсталуы күллі мұсылмандардың бір уақытта осы діни міндеттерін атқаруларын қамтамасыз етіп, Исламның бірлікке берген маңыздылығын көрсетеді. Соныменен санаулы күндерден тұратын ораза, негізінде санаулы күндерден тұратын өмірімізге сезімталдық, тереңдік және сыпайылық береді.

РАМАЗАН Шәриф айының бір жылдағы барлық маусымдарды айналып шығуы да өзгеше хикметті баяндайды. Бір жылдағы маусымдарда болған ыстық, суық, салқын және жылы күндерменұзын, қысқа барлық күндерге қатармен кез келген ораза, белгілі бір мерзім ішінде жылды бастан аяғына дейін берекеттендіруде. Осы жағдай ораза ұстағандарды да қиыншылықтарға және жеңілдіктерге толы көріністерге жеткізе отырып оларға әр түрлі рухани ләззаттар алдырады. Сонымен қиын болып көрінетін ғибадат ерекше бір құлшыныс және махаббат шабыттарымен оңай орындалып кете барады.

Оразаның рахатқа бөлеп, көңілдердің назарын тартатын ерекшелігі оның парыз қылынғанын білдірген аят кәримнің мазмұнында да көрінеді:

Құран Кәрімде ораза Рамазан айымен шектеле отырып, өте керемет бір тәсілмен адамзатқа әмір етілген. Алдымен былай бұйырылған:

«Әй, Иман келтіргендер! Ораза сендерге парыз қылынды».(Бақара сүресі, 183-аят)

Бұдан кейін мұның тек қана бізге емес бізден бұрынғыларға да бұйырылып, парыз қылынғанын баяндау ретінде:

«Сендерден бұрынғыларға парыз қылынған-

дай..»(Бақара сүресі,183) деп айтылған. Ал одан кейін ораза үшін белгілі уақыт бекітілгені білдірілген:

«(Парыз ораза) **санаулы күндерде...»**. (Бақара сүресі, 184-аят)

Осы бұйрықтан кейін Рамазан Шәриф айының ерекшелігі мен артықшылығы және ораза туралы адамзаттың табиғатына қарай берілген жеңілдіктер баяндалған:

«Рамазан айы, адамдарға жол көрсетуші және тураны терістен айырудың айқын дәлелдері ретіндегі Құран түсірілген ай. Ондай болса сендерден Рамазан айына жеткендер, сол айда ораза ұстасын. Кімде-кім сол кезде ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде (ұстай алмаған күндерінің) қазасын өтесін. Аллаһ сендер үшін жеңілдік қалайды, қиындық қаламайды. Бұлардың барлығы санаулы күндерді тамамдауларың және сендерге тура жолды көрсеткен Аллаһты ұлықтап, Оған шүкіршілік етулерің үшін».(Бақара сүресі, 185-аят)

Осы аят кәримнің аяқ жағында оразаның құлға сыйлар ерекшеліктері баяндалған. Яғни ораза, құлдың Аллаһты ұлықтап, Оған кәміл түрде шүкірлік етуін қамтамасыз рухани қозғағыш мәртебесінде. Сондықтан ораза барлық салиқалы амалдарға күшті түрде ықпалы болатын ғибадат деп айтуға болады. Шақиқ Бәлхи айтқандай:

«Ғибадатты лайықты түрде орындай білу өнер. Сол өнер табылатын жер халует (адамдарға және дүниелік істерге көп араласпай өмір сүру. Халует ылғи емес, тек кейбір уақыттарда жасалуы керек); ал ашығу себепкер».

Ашығу – жаңа медицинада диета деп білінеді және денсаулықтың ең басты шарты екендігі айтылып жүр. Аштққа шыдау адам баласы ең қиынға соғатын

істердің бірі. Бізге жеткен риуаят бойынша нәпсі жаратылғанда түрлі қиындықтарға, азапқа душар болғанымен Аллаһ Тағалаға «Сен сенсің, мен менмін...» деп айту батылдығын әрі надандығын көрсеткен. Бірақ нәпсі қашан аш қалдырылды, сонда ғана Аллаһ Тағала алдындағы әлсіздігін мойындады. Сондықтан ерікті тәрбиелеу мәселесінде аштыққа шыдаудан асқан ықпалды тәлім жоқ. Ал ерік табиғи және нәпсілік бейімділіктерге қарсы тұрудың негізгі шарты болып табылады.

Хазіреті Мәулана (Қуддисә сирруһ) айтқан :

«Адамзаттың негізгі азығы Аллаһтың нұры. Оған көп мөлшерде денелік тамақ беру дұрыс емес. Адамның негізгі азығы иләһи махаббат және ақыл болып табылады.

Адамзат негізгі рухани азығын ұмытып денелік азықтың артына түсіп кеткендігінен тынышсыз. Тоймайды да қанағаттың не екенін білмейді. Әуесқойлығынан беті сарғайған, аяқтары тітіреген және жүрегі жанталасып соққан күйде. Дүниелік өмірдің азығы қайда, мәңгілік өмір болған ақіреттің азығы қайда?!.

Аллаһ шейіттердің ризықтандырылатынын айтады. Бірақ ол азық үшін үшін ауыз да, дене де керек емес».

Хазіреті Лұқман ұлын үгіттер кезінде:

«Асқазаның толғанда ойың ұйықтап қалады, хикмет іркіліп қалады және мүшелерің ғибадат жасай алмай қалады».

Айша (РадиАллаһу ғанһә) бірде:

- Мәләкут әлемінің есігін ашуға тырысыңдар! – дегенде одан:

- Қайтіп? – деп сұрады.

Мүминдердің анасы былай жауап береді.

- Аштықпен және сусыздықпен!»

Дәрігерлерден:

«Емнің ең шипалысы қайсысы?»

Даналардан:

«Ғибадатқа құлшындырып, шабыт беретін не?»

Зәһидтерден:

«Аллаһқа берілуді күшейтетін ең жақсы нәрсе қандай?»

Ғалымдардан:

«Білім үйреніп соны жаттауға не көмектеседі?»

Ел басшыларынан:

- Ең ләззатты және күшті азық қайсысы? – деп сұралғанда барлығы:

«Аз жеп-ішу!» – деп жауап берген.

Өйткені аз жеп-ішуде әсіресе аш жүруде және оразада он жақсы ерекшелік бар.

1. Аштық халінде көңіл тыныштығы, зейін (жады) күштілігі, ал тоқтықта ақымақтық және ұмытшақтық пайда болады.

2. Аштық халінде жүректе сезімталдық пайда болады. Сонымен дұға және ғибадаттардан ләззат алынады. Тоқтық халінде жүрек қатаяды да, ғибадаттан ләззат алу мүмкін болмайды.

3. Аштық халінде қарапайымдылық пен мінез жұмсақтығы, ал тоқтықта тәкаппарлық, мақтаншақтық және ашу күйлері қозады.

4. Аштық халінде кедейлер мен аш жүргендердің қамын ойлау; ал тоқтық халінде оларды ойламау мен ұмыту көрініс табады.

5. Аштық халінде нәпсілік армандарға деген әуесқойлық басылады; ал тоқтықта керісінше жағдай іске асады.

6. Аштық халінде дене жанды және тірі болады, ал

тоқтық халінде ұйқы мен ғапылдық пайда болады.

7. Аштық халінде ғибадат пен құлшылықты жалғастыру оңай; ал тоқтық халінде жалқаулық және осалдық пайда болады.

8. Аштық халінде денсаулық жақсы болады; тоқтықта дене әлсірейді де ауырып қалады.

9. Аштық халінде денеде жеңілдік пен рахат, ал тоқтықта ауырлық болады.

10. Аштық халінде садақа беру сияқты қайырымдылық және инфақ жасау сезімі көбейеді. Бұл да құлды қиямет күнінің үрейлі ыстығында салқын көлеңкеде болуға жеткізеді. Ал тоқтық халінде сараңдық немесе ысырапқорлық пайда болады да, бұл құлды зиянға ұшыратады.

Яғни, тоқтық халі нәпсілік армандарды және оларға бейімділікті қоздырып отырғанда; денені әлсірететін жағдайға бармай ашығу – ойлау және сезу қабілеттерін күшейтеді.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)оразаның осындай пайдалары болатынын баяндау ретінде:

«Ораза ұстаңдар (тәндеріңмен де, жандарыңмен де) сауығасыңдар!»[1],- деп бұйырады.

Хаққ Тағаланың ұлы пайғамбарларын тәрбиелеп оларды уахиге дайындау тәсілінде оразаға ерекшелікпен орын беруі тәндік және рухани денсаулыққа аштықтың арқасында жетілетінінің ең кәміл ишараты болып табылады.

Негізінде пайғамбарлар, пайғамбарлық руханиятқа жетуді оразамен бастаған. Кәмілдіктің шыңына жеткенде белгілі бір уақыт адамзат әлемінен айырылған пайғамбарларда, періштелік сипаттар көрініс тапқан. Сонымен иләһи уахи бұлағынан келген нәрмен жүректері әрленіп және түйсіктері толып тасып кеткен. Осы бағытта:

Хазіреті Мұса (ғаләйһиссәләм) өзіне Таурат түсердің алдында күні-түнімен қырық күн аш және сусыз қалған.

Хазіреті Иса (ғаләйһиссәләм) да Інжіл түсердің алдында күні-түнімен қырық күн аш және сусыз қалған.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.)де өзіне Құран түспей тұрып Мекке қаласының маңындағы Хира үңгірінде толық бір ай жалғыз қалып күндерін түрлі ғибадаттармен өткізген. Ақыры Жәбірейл арқылы иләһи шуақ нұры көңіліне төгіле бастаған.

Осы шындықтар оразаның негізгі мақсаты мен пайдасының рухани болмысын көрсетеді. Сондықтан ораза ғибадат болғандығынан, тек сол мақсатпен ғана орындалуға тиісті. Оразаның тек қана сыртқы пайдалары мақсат халіне келтірілсе, оразаның ғибадат болу құндылығы жойылады. Яғни оразаларымызда диета сақтап арықтау сияқты мақсат болмау керек. Ондай ойлармен ұсталған оразалармен иләһи ризаға жете алмаймыз.

Денедегі мүшелер жасайтын әрекеттердің пайдасын мақсат етіп алып оқылған немесе ғапылдықпен және қатайған жүрекпен оқылған намаздар да дәл сол секілді пайдасын тигізбейді.

Ғибадаттар тек қана Аллаһ Тағаланың ризалығына жету мақсатымен орындалады. Осы мақсаттың пайда болуы үшін көңіл деңгейінің шыңдалып, шикіліктен құтылуы және кәмілдікке жетуі қажет.

Рамазан Шәриф айында Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің үгіттерінде орынын тапқан белгілі бірнеше жағдайға назар аудару қажет:

а. Шәһәдәт кәлимасын көп айту,

ә. Истиғфар және зікір ету,

б. Жәннатқа жете алу үшін көбірек салиқалы амал

істеу,

в. Жәһаннамнан құтылу үшін харам және мәкруһ істерден сақ болу,

г. Мүмкіндік бойынша көбірек қайырымдылық істер жасап, көңілі құлазып қайғыда жүрген адамдардың қайыр-дұғасын алу,

ғ. Ораза ұстаған кісілерге ауыз аштыру және т.б.

`

РАМАЗАН Шәриф, мүминдерді ерекшелік пен кәмілдікке жеткізе алатын Аллаһ Тағаланың рақымы айы.

Ораза болған кезде ауызға бір нәрсе кірмеуіне мұқият болатынымыздай, ауыздан шығатын сөзге де қатты байқау керек. Өсек айтудан және ренжітуден сақ болып, оразаның сауабын азайтпау керек.

Аллаһ Расулі (с.а.у.)айтқан:

«Ораза, ұстаған кісіге жараспайтын істермен зиян көрмейінше, сол кісіге қалқан болады».

«Ораза ұстаған кісі оған қайтіп зиян келтіреді?» – деп сұралғанда Ол:

«Өтірік айтумен және ғайбат сөзбен...» – деп жауап береді.[1]

Өйткені өтірік және ғайбат сөз иелері күндіз халал (адал, таза) азықтардан өз жандарын мақрұм қалдырып ораза ұстағанымен, өтірік және ғайбат сөз айтулары себебінен рухани жағынан адам етін жеп ауыз ашқандай болып саналады. Яғни, ғайбат жасап және өтірік айтып ұстаған оразаларына зиян келтіргендер, оразаның негізгі пайдасы болған керемет ерекшеліктерден толығымен мақрұм қалады.

Сондықтан дүниелік мұраттармен лайланған, риямен (мақтан үшін) және ғапылдықпен кірленген оразалар мен намаздар туралы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)былай

деген:

«Талайоразаұстағандарбар,бірақоларғаоразасынан аш қалудан басқа нәрсе қалмайды! Түндерді намазбен өткізген талай адам бар, бірақ оларға намаздарынан ұйқысыз қалудан басқа нәрсе қалмайды!»[1]

Намаз, әсіресе түнде оқылатын тарауық және тәһәжжуд намаздары көңілдің тыныштығын қамтамасыз етуі керек. Осы мүбарак айда намаздарға ерекше назар аудара отырып оқумен, Құран Кәрімді хушуғмен (мағынасын түсінген бір сезімде) оқып, зікірмен рухымызды сезімтал қылып, сонымен қатар зекет және садақа берумен де ождан мен көңіл тыныштығына жетуіміз керек. Құран Кәрім Рамазан айында дүние аспанына түсірілгендіктен, осы мүбарак айда Құранның тәрбиесіне кіріп ғибадаттарды да осы бағытта бағалауымыз қажет.

Құран Кәрім негізінде жүрекпен оқылады. Көздің міндеті жүрекке көзілдірік болу ғана.

Рамазан Шәриф, Ораза және Құран үштігінің арасында нәзік бір байланыс және терең жақындық бар.

Хазіреті Пайғамбар(СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм):

«Ораза мен Құран қиямет күні құлға шапағат етеді».[2]

«Ораза сабырдың жартысы»[3], – деген.

Оразаның сауабы Аллаһ алдында ғана белгілі. Құдси хадисте айтылғанындай:

«Адам баласының әр амалы өзіне қатысты. Ал ораза ондай емес! Өйткені ол мен үшін. (Өйткені мен жемеймін, ішпеймін және бүкіл адамдық сипаттардан пәкпін). Сондықтан оразаның сауабын ерекше түрде көп қылып мен беремін».[1]

Аят кәримде былай айтылған:

«...Ораза ұстаған еркектер мен әйелдер әурет жерлерін қорғаған (ойнастық жасамаған) **еркектер мен әйелдер, Аллаһты көп зікір ететін еркектер мен Аллаһты көп зікір еткен әйелдер бар ғой! Аллаһ Тағала оларға үлкен сыйлық дайындады».** (Ахзаб сүресі,35)

Расулұллаһ (с.а.у.) оразаның сыйы жайында былай деген:

«Ораза ұстаған кісіге екі қуаныш бар:

1. Ауыз ашқанда (Хақ Тағаланың нығметтеріне қауышқаны үшін) қуанады.

2. Раббысына қауышқанда да оразасының берекетімен жеткен ұлы дәрежесін көргенде қуанады».[2]

Жоғарыда көргеніміздей, Аллаһ Тағала оразаға деген қызығушылықты баяндаумен бірге, беретін сыйлығын адамзаттың оразаға деген қызығушылығын қамтамасыз ету мақсатымен одан жасырған. Дәл бір жарыста қатысушыларды көбейту үшін жарияланбаған үлкен бір жүлде сияқты...

Ораза ниеттердің қадірін білдіртетін, шүкіршілік сезімдерін оятатын жоқшылдардың, бейшаралардың ахуалын түсіну сезімін беретін, нәпсілік арман және бейімділіктерді жоятын, затқа деген құлдықтан құтқарып, «сабыр» деген ең керемет мінезге жеткізетін бірден бір ғибадат.

Рамазан Шәриф айында тарауық намазы, сәресі және сәресі уақытында көңілдердің ояу болуы да өте маңызды. Аллаһ Расулі (с.а.у.)былай деген:

«Аллаһ (ЖЖ) сендерге Рамазан Шәриф оразасын парыз қылған. Мен болсам Рамазанды қияммен өткізуді, яғни Рамазан түндерінде тарауық оқуды сендерге сүннет деп бекіттім. Егер бір кісі шынайы иманмен және сауабына жету мұратымен Рамазан Шәриф оразасын ұстап, тарауық намазын оқитын болса, шешесінен туған күндегідей күнәларынан

тазарады».[1]

Әрине, ораза мен намаздың қабылдануы үшін көңіл деңгейінің биік болуы, яғни «Хушуғ» болуы шарт. Намаздар жылдам оқылып жеген тамақты сіңіретін гимнастика, ораза да жай аш қалу тәліміндей болмауы керек. Сондықтан намаз ғибадатында болғандай, оразада да құлды мұқият болуға және ықыласты болуға бағыттайтын талай маңызды тұстар бар. Мысалы, хадис шәрифте баяндалған:

«Ауыз ашарда асығып; сәресіні кешіктіріңдер!.»[2], бұйрығы солардың біреуі.

Аталмыш хадис иләһи шекараға назар аударуды және көңіл жұқалығын қадағалауды бұйырады. Яғни, сәресіні кешіктіріп ораза басталған уақытта жеп-ішуді тоқтату және ауыз ашар уақыты кіргенде дереу ауыз ашу иләһи бұйрыққа құрмет көрсетіп, зедін қойып орындағандықтың дәлелі. Керісінше, жағдай сүннетке қайшы болып ғапылдық дәлелі болады да, ондай амал қабылданбауы мүмкін.

Ауыз ашар, қарын аш болғандықтан көбінесе уақытында орындалады, ал сәресі тәтті ұйқыны қию болғандықтан, немқұрайлылық көрсетілуі мүмкін. Сондықтан бір кесе сумен де болса сәресіде ояу болудың маңыздылығына ерекшелікпен назар аудартылған. Аллаһ Расулі(с.а.у.)былай деген:

«Сәресіде жеңіздер; өйткені сәресіде берекет бар».[1]

`

РАМАЗАН Шәрифтің ақиқатын аңғарып оған жетуіміз үшін сол күндердегі ғапу жаңбырларынан пайдалануымыз қажет. Өйткені тасқа және теңізге жауған сәуір жаңбырының ешқандай пайдасы жоқ. Сондықтан тек қана тақуа күйінде болып, осы шүкіршілік және ғапу айының дәмін тата аламыз.

Аллаһ Расулі (с.а.у.)былай деген:

«Рамазан айы кіргенде жәннат есіктері ашылады; Жәһаннам есіктері кілттенеді; Ал Шайтандар шынжырмен байланып қамалады».[2]

Яғни, адамзат істейтін қылмыстар, күнәлар шынайы ораза ұстағандарда ең аз деңгейге түседі. Шайтан беретін зиян да бітеді. Бірақ нәпсіден келер жамандыққа, зиянға мұқият болу керек.

`

Ораза тек белгілі бір уақыт адамның өзін кейбір заттық нәрселерден тыюы және солардан сақ болып жүру ғана емес, сонымен қатар көңілдік өмірді нәпсілік құмарлықтардан және оларға бейімділікден қорғау деп білу керек. Негізінде, парасаттылардың көзқарасы бойынша нағыз ораза деп осыны айтады. Яғни адамның жеп-ішу сияқты көріністегі бейімділіктерден алыста тұрғанымен қоймай, ғайбат және өтірік айту сияқты әр-түрлі дүниелік жамандықтардан және көңіл әлемін сондай ойлардан қорғау қажет.

Хазіреті Пайғамбар(с.а.у.)былай айтқан:

«Ораза цстау, тек қана жеп-ішу және бір нәрселерді қию емес. Кәміл және сауабы болатын ораза пайдасыз сөзден, уақытты босқа өткізуден, өсек-аяң айтудан және әннәфсул-әммәраның[1] бүкіл бейімділіктерінен тыйылғанда ғана болады. Егер біреуден сөгіс естісең немесе саған надандықпен бір әрекет жасалса өзіңе өзің: «Мен ораза тұтқанмын!» – деп сабыр ет!»[1]

Өйткені Рамазан Шәрифтің тағы бір аты «шәһрус сабр», яғни «сабыр айы».

Сабыр жақсы мінездің орталығы. Сабыр иманның жартысы, рахаттың және бақыттылықтың кілті. Жәннат нығметтеріне қауыштыратын үлкен ерекшелік.

Сабырдың дүниелік жағы ащы, ақірет жағы тәтті әрі өте жарық. Сабырдың ащысына шыдағандар мәңгілік дәулет болатын Жәннатқа және Аллаһтың ризалығына

қауышады.

Қандай жағдай болмасын Аллаһтың әмір және тыйымдарында болған нығмет, хикмет және иләһи сыйларды ойлау сабыр сақтауды жеңілдетеді.

Сабыр негізгі шарт бойынша оқиға болған сәтте көрсетілуге тиісті. Дәл сәтінде көрсетілмеген сабырдың сыйы аз болады.

Ауыз ашар кезі - дұғалар қабылданатын кез. Сондықтан осындай ерекше сәттердің басқаларымен бірге өткізілуінде өзгеше кереметтер бар. Осы сәт рахмет және тыныштық бұлағы. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)былай деген:

«Кімде-кім ораза ұстаған біреуге ауыз аштырса (ораза ұстаған кісінің сауабы кемітілмей) сол жеткен сауапқа жетеді».[2]

Нәпіл оразаларда да ерекше жағдай бар. Ол жағдай құлдың туралығын, берілгендігінің мөлшерін көрсетеді. Өйткені шынайы құлдардың амалының негізі туралықтан тұрады. Бұл да ниеттің тазалығы және нәпсінің ағартылуы мөлшеріндей көрініс табады. Расында Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің ерекше тәрбиесін алған қадірменді сахабалардың оразаға деген қызығушылықтары өте күшті еді. Олар шыдау қиын болған ыстық күндерде де, нәпіл ораза ұстауға ынта көрсететін. Кейбіреуінің күйдіретін күн сәулесінен қорғайтын киімі де жоқ еді. Қолдарымен күн сәулесінен және ыстығынан қорғалуға тырысатын. Олар сонда да күшті бір иман ләззатын алып, нәпіл оразаларын жалғастыратын.

Сондықтан нәпіл ораза ұстау немесе ұстамау немесе ораза ұстамағандардың табандылықпен шақыруларына қарап нәпіл оразаны бұзу немесе бұзбау сияқты

күшті, әрі адал ниетпен істелген әр амал абзал болып табылады.

Әбу Сағид (радиаллаһу ғанһу) айтқан:

«Мен Расулұллаһ (с.а.у.)және сахабалары үшін тамақ дайындап қойғам. Тамақты дастарқанға қойғанда іштерінен біреуі «Мен оразамын!» – деді. Сонда Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм):

«Бауырларың сендерді шақырды және сендер үшін дайындық жасады. Сонда сен «оразамын» деп айтып жатырсың. Оразаңды бұз және басқа бір күн оның қазасын өте!» – деп бұйырды».[1]

Ал оразаны бұзбауға қатысты риуаят былайша:

«Расулұллаһ (с.а.у.)мен сахабалары қонақта болып жеп ішіп отырған. Сонда Біләл(радиаллаһу ғанһу) оразалы еді. Пайғамбар(с.а.у.)оған қарап:

«Біз ризығымызды жеп отырмыз. Ал Біләлдың ризығы Жәннатта», – деп айтты.[2]

Осы хадис шәрифтер ниетке қарай екі жағдайдың да мүмкін болатынын көрсетеді.

`

Амалдарды Аллаһ бағалайды. Өмірдің ең қайырлысы үнемі Аллаһты көңілде ұстап, Оның жолында өткізілгені. Адам баласы жерленерде фәни өмірдің естеліктерімен ғана көміледі. Қабірлер, сонда салиқалы амалдардан басқасы пайда бермейтін мекендер болып табылады.

Хадис шәрифте:

«Мумин өлгенде намаз бас жағында, садақа оң жағында, ал ораза сол жағында болады»[3],– деп баяндалуы бұған ең жақсы дәлел.

Аллаһ ризалығына сәйкеспейтін өмір, шөл-даладағы сағымға ұқсайды. Негізінде нәсіпсіз бір қиялдан тұрады.

Сый-ілтипаты шексіз Аллаһтан сұрайтынымыз:

Мүбарак Рамазан айлары, Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің бұйрықтарына бағына отырып, соның қадірін көбірек білуімізге, оны өте жоғары бағалап көп сауапты істер жасауымызға және күнәлардан мүмкіндігінше алыстауымызға дәнекер болсын.

Хадис шәрифте былай баяндалған:

«Егер адам баласы Рамазан Шәриф айының не екенін лайықты түрде білсе ғой, жылдың бастан аяғына дейін Рамазан болуын қалар еді».[1]

Өйткені Рамазан Шәриф бастан аяғына дейін ғапу етілу айы. Рухты жұқалатып тереңдеткен РАМАЗАН Шәриф – орындалу кезінде жыныстық қатынас, пасықтық және ұрсысып, таласу тыйылған қажылық ғибадатына рухани дайындық. Исламның негізгі төрт шарты іске асырылатын мүбарак ай.

Ол бастан аяғына дейін рухани шуақ аспанының берекет жаңбыры. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)айтқан:

«РАМАЗАН Шәриф айының басы рахмет, ортасы мағфирет, яғни кешірім, ал соңы Жәһаннамнан азат болу...».[2]

РАМАЗАН Шәриф, көңілдер асып-тасатын, рухани көктем бүршіктері ататын мүбарак ай. Иманы нашарлағандардың сенімдері күшейіп, тазаланады, сарғайған жүректері тақуалықпен әшекейленіп, рухани мәртебеге көтеріледі. Осы ай бастан аяғына дейін олжа және табыс мұрсатын беретін ай.

Бірақ осы мұрсатты бағалай алмағандардың қандай үлкен зиянға ұшырайтындарын мына хадис шәриф баяндайды:

Қағб бин Ужра риуаят еткен:

---

*Ислам терминологиясында нәпсінің жеті дәрежесі бар. Соның ішінде нәфсі әммәрә тек қана жамандықты қалайтын ең төменгі дәрежеде.

«Расулұллаһ (с.а.у.)бізге мінбеге жақынырақ отыруымызды бұйырғанда тап мінбенің алдында жиналып отырдық. Ол мінбедегі үш баспалдақтың әрбіріне шыққан сайын «Әмин!» – деді. Мінбеден түскенде:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Бүгін біз сізден бұрын естімеген жаңа бір нәрсе естідік», – деп айттық.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)былай деді:

«Мінбеге шығарда Жәбірейл (ғаләйһиссәләм) келді. Мен бірінші баспалдаққа шыққанда маған:

«РАМАЗАН Шәрифке жетіп тұрып, жарылқау табуға ұмтылмағандарға сор болсын!– деді.

Мен: «Әмин!– дедім.

Екінші баспалдаққа көтерілгенде:

«Қасында сенің атың айтылғанымен саған салауат айтпағанға сор болсын!– деді.

Мен: «Әмин!– дедім.

Кейін үшінші баспалдаққа шыққанда:

«Әке-шешесінің немесе біреуінің қартайғанын көріп (оларға қызмет істемей ренжітіп алып) Жәннатқа жете алмағанға сор болсын!– деді.

Мен: «Әмин!– дедім».[1]

Осы мүбарак күндерді бағалап, олардан рухани пайдасын алу үшін орындалуға тиісті ғибадаттардың басында кедей, жетім-жесір, ешкімі жоқ, бейшара, ауру және мұқтаж жандарға қол ұшын беру келеді. Көңілдердің осындай кісілерге созылуы, олармен бірге болатын көңіл бірлігі және оларға ашылатын жылы бір құшақ күйінде бола білу РАМАЗАН Шәрифтің ерекшелігін ұлық қылатын ең маңызды ықпал. Өйткені осы ғибадаттар, яғни лайықты кісіге берілген зекет пен садақа сияқты салиқалы амалдар Хаққ Тағаланың

жарылқауын тебірентіп қоздырады және құл рухи берекетке қарық болады. Иләһи рахмет есіктерін ашады да, азап жолы жабылады. Сонымен иләһи ғинайет(жәрдем) есіктері ашылады.

Хадис шәрифте баяндалғандай:

«Садақа, жетпіс түрлі пәлекетке бөгет болады...».[2]

«Садақа Аллаһтың ашуын басады».[3]

Лұқман Хаким өз ұлына:

«Балам! Біліп отырып немесе білмей күнә істеп қойсаң дереу тәубе етіп, садақа бер!» – дейтін.

Арнайы РАМАЗАН Шәрифте берілген садақалардың маңыздылығы былай баяндалған:

«Бір адам Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)ға келіп:

«Уа, Расулаллаһ! Қайсы садақа сауап жағынан артықтау тұрады?» – деп сұрады.

Аллаһ Расулі (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм):

«Рамазан айында берілген садақа...»[1] *– деп жауап берді».*

Бүкіл кедей мен жетім-жесірлер шүкіршіл, жомарт байлардың бар болғанына қуанып, бақытты болады. Көктемнің жаңбыры топырақты жаңаша құнарландырып, берекеттендіретіні секілді жомарт әрі мейірімді құлдардың жомарттығын Аллаһтың мұқтаж және ғаріпке түсіретін рақымы шабыттандырып отырады.

Инфақ еткен кісі істеген қамқорлығын қаншалықты ұнатып шын ниетпен және мәңгілік зауық сезімі күйінде беретін болса, алған кісіге де соншалық берекет келтіреді. Осындай мәміле оны жасаған адамға да, алған адамға да көңіл тыныштығын береді. Өйткені берген кісінің рухани тереңдігі алған кісіге өтеді. Аятта баяндалған «   » – «мүлде зиянға ұшырамайтын

табыс» осы болады.

Сонымен қатар кім болмасын аятта айтылған:

«Ей, адамзат! Барлықтарың Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал Аллаһ (барлық нәрседен) мұстағни (ешбір нәрсеге мұқтаж емес) және мақтауға өте лайық». (Фатыр сүресі, 15-аят) сөзне құлақ ассын.

Сондықтан құлдықтың басқа бір көрінісі бай-кедей әркімнің Аллаһқа қарағанда «пақырлық халін» жақсылап аңғарып, үнемі Аллаһқа мұқтаж екендігі сезімімен өмір сүруі. Ислам даналары осы пақырлық халінде болудың қадірін баяндау ретінде:

«Пақырлық мақтанышым!.»– деген.

Осы керемет сөз бір хикмет маңдайшасы айналып, дүние байлығынан гөрі көңіл байлығының артық екендігін баяндайды.

Алләмә Ибн Қаййым инфақ ісіне үлгі ретінде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)мырзамыздың инфақтағы көңіл байлығын баяндағанда былай дейді:

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)мырзамыз ие болған нәрселерді садақа деп беруде ешкімге ұқсамайтын. Аллаһ берген мал-мүлікті жинап ұстамайтын. Бір адам өзінен бір нәрсе сұрағанда азды- көпті міндетті түрде беретін. Ол садақа берерде пақырлықтан қорқуды білмеуші еді. Садақа беру Ол үшін ең үлкен құлшыныс еді. Оның бергендегі қуанышы, одан алған мұқтаждың қуанышынан бірнеше есе артық еді. Қайыр жасауда адамзаттың ең жомарты еді. Оның қолы береке таратқан самалдай еді. Мұқтаждың бірі оған қиыншылығын айтқанда ол өте әсерленетін және соны өзінен бұрын ойлап, кейде тамағын, кейде үстіндегі киімін бере салатын.

Хазіреті Жабирден риуаят қылынуы бойынша:

«Кішкентай бір бала Хазіреті Пайғамбар(СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің алдына келіп шешесінің көйлек сұрап жатқанын айтты. Сол кезде Расулұллаһ (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің үстіндегісінен басқа көйлегі жоқ еді. Сондықтан балаға басқа бір күні келуін айтып жіберді. Бірақ бала біраздан кейін қайтып келеді де, шешесінің Хазіреті Пайғамбар киіп жүрген көйлекті сұрап жатқанын айтады.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)бөлмесіне кірді де көйлегін шешіп балаға берді.

Сол кезде намаз уақыты кіргендіктен Біләл (радиаллаһу ғанһу) азан шақыра бастады. Бірақ киетін нәрсе таба алмаған Расулұллаһ (с.а.у.)жамағатқа қатыса алмады. Сахабалардан кейбіреулері аландап Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің бөлмесіне кірді де, оның көйлексіз отырғанын көріп қатты әсерленді.

«Бесінші халифа» деген атаққа жеткен Омар бин Абдуләзиз былай деген:

«Намаз сені жолдың ортасына дейін апарады. Ораза Патшаның есігін ашады. Садақа Патшаның алдына кіргізеді».

Убәйд бин Умәйір айтады:

«Адамдар аш, сусыз және жалаңаш түрде қайтадан тірілтіледі. Солардың қайсысы дүниеде болған кезінде Аллаһ ризалығы үшін біреуді тамақтандырған болса, Аллаһ да оны сол күнде тойдырады. Біреуді ішкізіп, шөлін қандырған болса, Аллаһ да оған ішкізеді. Біреуді киіндірген болса, Аллаһ да оны киіндіреді».

Хадис шәрифте баяндалады:

«Әй, адам баласы инфақ жаса, саған да жасалсын!»[1]

Инфақтың ақиқатын Хазіреті Мәулана мына мысал-

мен қандай көркем баяндайды:

«Мал садақа берумен азаймайды; керісінше қайырға жұмсау сол малға зиян келуіне бөгет болады.

Сен берген зекет қалтаңа қарауыл болып, оны қорғайды. Оқыған намазың да саған шопан болып, сені жамандықтардан, қасқырлардан қориды».

«Егін еккеннің қоймасы босайды, бірақ егін орған кезде шашқан тұқымдарынан артығымен, талай есесін қайтарып алады. Ол босатқан бір қоймасының орнына бірнеше қойма толы астық қайтарып алады!.».

«Бірақ бидай егілмей, орынымен жұмсалмай, қоймада сақталса сол бидай құрт-құмырсқаға, тышқанға жем болады. Бұлар оны кеміріп, құртып тастайды».

Аллаһ Тағала айтқан:

«Сендерге ризық ретінде берген нәрселерімізден инфақ қылыңдар!» (Мунәфиқун сүресі, 10-аят)

«(Әй, Пайғамбарым!) **Алтын мен күмісті жинап, сақтаған әрі оларды Аллаһ жолында жұмсамаған адамдарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле!.».** (Тәубе сүресі, 34-аят)

Зекет пен инфақ, Аллаһ үшін орындалатын ғибадат болғандықтан, берілген нәрселердің тікелей Аллаһқа берілген болып есептелетінін білу қажет. Хадис шәрифте былай айтылған:

«Садақаның әлі мұқтаждың қолына түспей тұрып Аллаһтың (құдірет) қолына баратыны сөзсіз. (Яғни мұқтажға берілген зекет пен садақаны алдымен Аллаһ алады, кейін пақырға береді!)»[1]

Мүмин зекет пен садақаны негізінде Аллаһтың қолына берсе, мұқтаж да оны Аллаһтың өкілі ретінде алса, берілген мал-мүлік әдептілік және рақмет сезімі ішінде мұқтажға ұсынылған болады.

Аят кәримде осы ғибадаттың маңыздылығын айқындау үшін астарлы түрде: **«Садақаларды Аллаһ алады»**(Тәубе,104),- деп айтылған.

`

Садақа берудің әдептілігіне көңіл бөлу аса маңызды қағидалардың бірі. Садақадағы әдептіліктің Құрани баяны былай:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа және ақірет күніне иман келтірместен, малын мақтану үшін жұмсаған кісі секілді шілтеп (міндетсіп) және ренжіте отырып істеген қайырларыңды босқа жібермеңдер». (Бақара сүресі, 264-аят)

Аллаһ досты болған шынайы құлдар, зекет және садақа берерде міндет қылу және шілтеу жасап қалу қорқынышынан құтылу үшін, мұқтаждың алдында қарапайымдылықпен тұрып беретін.

Сүлеймен (ғаләйһиссәләм) Хаққ Тағала сыйлаған дүние сұлтандығына ешқашан көңіл аудармай, сұлтандықты үнемі жүрегінен тыс ұстаған. Ол жиі-жиі пақырлардың қасына барып, олармен бірге сұхбаттасудан ләззат алатын еді.

«Міскін, міскіндерге жарасады!» – деп, сұлтандықтың ең қарапайым түрін өмірінде көрсететін. Ол аят кәримде баяндалған:

«Ей, адамзат! Барлықтарың Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал Аллаһ (барлық нәрседен) мұстағни (ешбір нәрсеге мұқтаж емес) және мақтауға өте лайық»(Фатыр сүресі, 15-аят) ақиқатын анғарған санаулы құлдардың бірі еді.

`

Осы мүбарак рахмет және жарылқану айында назар аударылатын жағдайлардың тағы біреуі – Қадір Түнін ғибадатпен сергек өткізу.

Қадір Түні - Аллаһ Тағала Мұхаммед үмбетіне шексіз мархабатын төккен өзгеше сый түні. Осы түнде талай рухани қазыналар сыйлануда. Бұл түн туралы айбынды ұлылығына қарай арнайы сүре түскен.

Қадір Түні сол түнде Құран Кәрім түсуі арқылы нұрланған, Жәбірейл мен басқа періштелердің жер бетіне түсуі арқылы рухани ұлылыққа жеткен. Мүминдерге көзбен көрілмейтін нұранилер (періштелер) тарапынан сәлем берілген бұл түн; рухани берекетке толы ілтипат түні, Раббының құлдарына деген мейірім түні және Рамазан айының көктем мезгілі.

Қадір Түні, Хазіреті Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нан қалған, руханиятқа толы мейірім және жарылқау ескерткіші болған түн.

Хадис шәрифте :

«Қадір түнін ерекшелігіне және қасиетіне сеніп, сауабын тек қана Аллаһтан күте, ғибадатпен өткізген кісінің өткенде істеген (құл ақысынан тыс) бүкіл күнәлары кешіріледі»[1], – деп айтылған.

Бізді Қадір Түнінің ақиқатына тек қана, дүниелік мақсаттар араластырылмаған, рия, мақтану сияқты лас ниеттермен кірленбеген және ықыласпен орындалған ораза, намаз, зекет және т.б. құлшылықтар жеткізеді. Осы түсінікпен, осындай сезіммен Рамазан мектебін оқып шыға алсақ, сонда ғана шын мәнінде айт өткізу куәлігін алу нәсіп болады.

`

Біз, бір күні осы фәни ләззаттар қолдарынан алынатын ақиқат жолаушыларымыз.

Көзі ашық, көкірегі ояу жандар зулап өтіп бара жатқан осы рухани күндерді аңсайды. Осы мағфирет (жарылқану) және Жәһаннамнан азат болу күндерінен айырылысу тақуалыларға қоштасудың көз жасын төккізеді. Раббымыз айт күндерін тек қана сабырмен

және нығметтердің қадірін біліп істелген салиқалы амалдардың, әрі қылынған инфақтардың жемісі ретінде сыйлайды.

Раббымыз, дүние өмірін біз үшін РАМАЗАН Шәриф қылып, қиямет таңын оның айт мерекесіне айналдырғай!

Әмин!

ФИҚЫҺ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША ОРАЗА

Оразаның парызы: Аллаһ ризалығы үшін сәресі уақытынан бастап кешке күн батқанға дейін жеп-ішу және жыныстық қатынаста болудан сақ болу.

Оразаны бұзып, әрі қаза әрі кәффәрат қажет ететін жағдайлар:

1. Біле тұра ішіп-жеу. Адам жеуге үйренген саз, топырақ т.б нәрселерді жеу. Шикі ет, сүр ет жеу. Темекі шегу, насыбай ату. Күнжіт немесе бидай дәнін ауызға салып жеу (Ауыз ашық кезде желінген тамақтан тіс арасында қалған кішкентай дәнді жеу оразаны бұзбайды. Ал дән бұршақтай үлкен болса, оразаны бұзады).

2. Жыныстық қатынаста болу.

3. Қан алдыру, тісті шөткемен тазалау және көзге сүрме жағу сияқты оразаны бұзбайтын істерді жасаған соң, бұлардың оразаны бұзбайтынын білгенімен ораза бұзатын нәрселерден біреуін жасау. Аз мөлшерде тұз жеу.

Оразаны бұзғанымен тек қана қаза керек ететін жағдайлар:

1. Адам жеуге үйренбеген нәрселерді жеу. Жай ұн, піспеген күріш, май және тәттісі жоқ қамырды жеу, шикі заттар, қағаз мақта, қураған шөп, сабан шөп, жұмыртқаны қабығымен жеу т.б.

2. Ауызға кірген жаңбыр, қар тамшыларын өз еркінсіз жұтып қою.

3. Өз еркімен құсу.

4. Ұмытып жеп қойғаннан кейін, ораза бұзылды деген оймен ішіп-жей беру.

5. Мұрын, құлақ және тамаққа бір нәрсе (дәрі және т.б). тамызу.

6. Біреудің зорлығымен ораза бұзу.

7. Ауыз ашық кезде желінген тамақтан тіс арасында қалған бұршақтай тамақ қалдығын жеу.

8. Күн батпай тұрып, батты деп ойлап жеу және сәресі уақыты бітсе де әлі уақыт бар деген оймен жеу.

Айт мейрамы

Хаққ Тағала «Бақилық», яғни мәңгі болу сипатын өзіне ғана тән қылғандықтан, бүкіл махлұқат үздіксіз өзгеріс заңына бағынады. Осы шындық бойынша әлемде маусымдар пайда болған. Кәмілдік пен фәнилік арасында мәңгілік өзгеріске бағынатын осы әлемде, күз маусымы және одан кейін келіп күллі махлұқат үшін ауыр азап көріністеріне сахна болатын қыс маусымы және көктемнің берекеті мен шуағының әдемілігі әрі тыныштығы көрініс табады.

Адамзат өмірі де әлемдегі осы жалпы өзгеріске сай болғандықтан мың бір түрлі жақсылы-жаманды көріністерге сахна болады. Жаңа туған баланың өмірге қатысты алғашқы әрекеті жылау. Өмірдің соңы да басқаларды жылататын өліммен келеді.

Осы өмірдің басталу және аяқталу нүктелері арасында тыныштық пен қуаныш және қайғыру мен қиналу көріністері бір-бірінің артынан келеді. Сондықтан адам баласы мәтел ретінде:

Бір күндері ай қапа боп, бір күндері күлерсің,

Бір қалыппен еш пенде, бітіре алмас үлесін!...

, деп өмірде болатын өрге шығу немесе құлау жағдайының алма-кезектігін баяндаған. Сонымен адамзат өміріне үстем болған осы күй, сезімтал және терең ойшылдар үшін қайғысы мол бір сипат ретінде көрінеді. Бірақ өзгеше және сирек кездесілетін болса да қуаныш пен тыныштық сәттері де жоқ емес. Осы сәттердің біреуі айт мерекелері.

Өмірдегі жеке және қоғамдық ықпалдардың бір бөлімі нәпсілік, ал бір бөлімі рухани сезімдерді қозғайды. Айт мерекелері де жалпы рухани сезімдерді қамшылайтын ықпал. Ол адамзат бойындағы достық және ағайындық сезімдерін күшейтеді; мейірім, опа және қамқорлық сезімдерін тебірентеді. Сонымен, айт мерекелерінің ең жақсы түрде өткізілуі достық және туыстық қатынастарының күшейтіле отырып көңіліміздің жоқшыл, ғаріп, ешкімі жоқ, тұлдыр жетім, жесір, шаршаған, әлсіз көңілдерге созылуымен іске асады. Достарына, туыстарына, мұңайып жүргендерге және бір бұрышта ұмытылып кеткен бауырына қарамай кеткендер айт қуанышы мен шаттығы сезіміне жете алмайды. Хадис шәрифте айтылған:

«Парыз қылынған амалдарды орындаудан кейін Аллаһ ең көп разы болатын іс – мұсылман бауырын қуанышқа бөлеу».[1]

Өйткені айт мерекелері иман бауырластығының шын көрініс табатын сахналары. Өлімнен кейін болатын шаттығу күндеріне бір рахмет алауы.

Ондай болса, қайғырып жүргенді қуантатын, оны иләһи бір шаттығу мен тыныштыққа жеткізетін шынайы айт мерекесін аңғаруымыз қажет. Осындай өткізілетін айттар адамға, өзі шаттығуымен бірге басқаларын қуантудың шаттығын да сезіндіреді.

Өйткені айт мерекелері жеке адамның емес қоғамның қуанышы, осы қуаныштың мұсылмандар арасында үлестірілуі, көңілдерді оятып барша мұсылмандардың бауыр екендігін шын мәнінде сезу болып табылады.

Айт мерекелерінде қанаты сынық құс сияқты әлсіз, қалжыраған және көңілсіз адамдарға не алып барғанымызды ойлайық?!...

Хазіреті Мәулана (Қуддисә сирруһ) «мұңайған көңілдер»ге ерекше түрде мәміле жасау керек екендігін былай баяндайды:

«Сен сабандай көріп мән бермей жүрген көңілдер негізінде көп нәрседен бағалы».

«Қалжыраған көңіл Хақң назары түсетін мекен. Хақң қазыналары осындай көңілдерде жиылады. Құлап жатқан жұрттарда, көмілген талай байлық бар. Көңілді жаратқан Аллаһ нендей ұлы, қандай күшті!»

Айт мерекелерінің бір демалыс немесе адамды жеке өзі басына шаттандыратын күндер емес, жалпы махаббат, сүйіспеншілік, мейірім және қамқорлық сияқты адамдық сезімдердің қоғамға ұласатын сәулелері деп білуіміз қажет.

Шын айт мерекелері, кең рахмет пен жарылқану және Жәһаннамнан сөзсіз азат болуға жетуге ынтық мұсылмандардың күшті бір иман тебіренісімен бір-бірімен қатынасып араласатын, көркем естеліктерге толы мүбарак күндері болуға тиісті.

Айт мерекесі үлкен-кіші, ауру-дені сау, бай-кедей барша халықтың ортақ қуаныш күні. Олардың барлығының шаттанып риза болулары айттардың шынайы түрде өткізілуімен мүмкін. Сонымен айт, Жаратушысының себебінен бүкіл жаратылғандарға деген сүйіспеншілік, мархабат, нәзіктік, және жәрдемдесуге оятуы керек.

Айт күнінде хадис шәриф бойынша айтшылауды алдымен жәрдемге, рақымға ең көп мұқтаждардан,

қайтыс болған жақындарымыздан, содан кейін қайғырып жүргендердің, ешкімі жоқтардың көңілін көтерумен бастау керек. Садақа таратып, Құран оқып, сауабын оларға бағыштау оларға деген опамызды көрсетеді. Қабірде оларды зиярат қыла отырып, бір күні біздердің де қабірге кіретінімізді ойлап, қалған өмірімізді қайтадан дұрыстап сүруге тырысуымыз қажет.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)қадірменді сахабаларынан жиі-жиі былай сұрайтын:

«Сахабаларым! Бүгін бір жетімнің басынан сипадыңдар ма? Бір жаназаның шығарылуына қатыстыңдар ма?»

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)сахабаларынан жиі-жиі сұраған осы істер, әсіресе айт күндерінде назар аударып орындауымыз қажет болған қоғамдық ғибадаттарымыздың ең маңыздылары арасында саналады.

Балаларымыз – біздің болашағымыз. Айт күндерінде оларға да көңіл аударып, керекті міндетімізді атқару, болашақтың іргесі мықты болуын қамтамасыз етеді. Әлемдерге рахым болып жіберілген Аллаһтың Елшісі (с.а.у.)бір күні мешіттен үйіне қайтар жолда, ойнап жүрген балаларды көрді.

Сонда бір бұрышта қанаты сынық құс тәрізді мұңайып құрдастарына қарап тұрған бір бала Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің мүбарак көзіне іліне кетті. Дереу рақым сезімімен баланың қасына барды да, көңіл көтеретін күлімсіреуімен:

- Балақайым! Сен неге жолдастарыңмен бірге ойнамайсың? – деп сұрады.

Баланың көзіне жас тола отырып:

- Менің әкем қайтыс болған! Және бірге ойнайтын бауырым да жоқ! – деді.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.)мұбарак қолымен баланың басын сипады да, қасында тұрған немересі Хазіреті Хасанды көрсетіп:

- Сен Хасанның бауыры болғың келе ме? – деді.

Сонда баланың қайғырған балғын көңілі әп-сәтте жадырап сала берді...

Міне, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) бала екеш баланың да көңіліне мән беріп, махаббат және мейірімімен құшақтайтын. Осындай ізг істерімен Ол (с.а.у.) шын айт мерекесінің қандай болатынын үмбетіне көрсетіп кеткен.

Ал негізінде ақиқи айт, езел мен мәңгілік арасында рухқа бөгде жұрт болған осы дүниеде тақуалықпен, құлшылықпен өткізілген өмір емтиханынан кейін, Рабб Тағала сыйлаған мүбарак бір қуаныш күні.

Иман және соның тебіренісін сезе отырып, қажеті бойынша амал жасай алу жағдайына жету – фәни күндердің айт болуындағы хикметі және сыры болып келеді. Ғибадат, тәкбір, зікір және қоғамдық жәрдемдесулер, әсіресе ғаріпке созылған көңілдермен әшекейленген әр айт күні, өлімнен кейінгі күндеріне бір рахмет алауы.

Айт – Рамазанның қадірін лайықты түрде аңғарғандар, осы берекесі мол маусымды Хаққтың бұйрықтарына қарай өткізгендер, мәңгілік ләззаттарды фәни ләззаттардан артық көргендер және дүниелік зауық пен ләззатқа көңіл бөлмей, ақірет шаттығуларын таңдағандар үшін, Рабб Тағала тарапынан берілген иләһи сияпат күні.

Айт осы жөнімен қаралғанда рухани бір жеңістің құттықталуы. Ұлы табысқа қоғам болып қуанатын ұлыстың нағыз ұлы күні осы күн. Сондықтан айт жекенің емес, қоғамның сүйініші. Ұлы бір шүкіршіліктің белгісі болған айт намазы болса, жеке баспен емес, жамағатпен

оқылады. Мүминдер айт күндерінде діни сезімдер және махаббаттары мөлшеріндей нәр алып, нұрға бөленеді.

Сонымен қатар дүние өмірінің қысқа бір Рамазан маусымы, ал ризашылық және бақыттылық көріністерімен басталатын ақирет күнінің айт болатынын естен шығармау керек.

Бұған қоса Рамазан және айтпен бірге, тіпті олардан күшті түрде көңілдерін әрдайым «Қадір Түні»нің шуағымен толтырғандар бар және бұлар алған рухани ләззатты түсіндіруге сөз жетпейді. Бұл, иләһи нығыметтердің ең ұлысы - Жәннат пен руйәту Жәмәлилләһ[1] ләззатының осы фәни өмірге шағылысқан сынығындай сирек кездесетін ерекше құлдарға тән бір көрініс ретіндекөрініс табады. Осы зауыққа және ләззатқа тек қана қалбун сәлим[2] арқасында ғана жету мүмкін болмақ. Расында, аят кәримде де:

«Сол күні мал да, әулет те (бала-шаға, ұрпақ) пайда бермейді! Тек қана қалбун сәлиммен келгендер өзге!.»(Шуғара сүресі, 88-89 аяттар), – деп айтылып, дүниеде сүйеніш және тіреу деп көрінген мал-мүлік пен әулеттің ақиретте ешқандай пайдасы болмайтыны айтылған соң, артынша қалбун сәлимге ишарат етіліп, ақиретте бақытқа жеткізетін капиталдың тек қана сол бола алары баяндалған. Қалбтің яғни көңілдің «сәлим» (тыныш, таза, сәлемет) сипатына жете алуы үшін, дүниедеқолғатүскенмұрсаттардыңеңмаңыздыларының біреуі, әрі жалпы халыққа арнап қуаныш және мейірім таратумен ерекшеленетін айт мерекелерін лайықты түрде аңғарып, соған қарай әрекет жасау керек.

Хазіреті Бәһлүл Дана айтты нендей жақсы таныстырады:

«Айт жаңа киімдер кию үшін емес, иләһи азаптан құтылып, сәлеметке жетуді және қауіпсіздікте бола

білуді қамтамасыз ететін мейірім және қамқорлық көріністерінің жандануы үшін бар.

Айт жақсы машиналарға міну үшін емес, қателіктер мен күнәлардан тазарып, нәпсіні сафтандыру және сонымен Аллаһқа бара алатын бір қалбун сәлимге ие болу үшін бар».

Сондықтан айттың ақиқаттағы мағынасы әр кісіде өзінің көңіліне қарай көрініс табады. Көңіл қаншалықты мейірім, махаббат және қуанышқа толы болса, айт та соншалықты аяулы және керемет болады.

Талай уақыттан бері Ислам мемлекеттерінде айттар, тиісті мазмұннан алыстатылып, өткізілуде. Бірталай мұсылман, айтты демалыс деп ойлағандықтарынан, рахаттану сапарларына шығуда және сонымен айттың қоғамдық және рухани сипатын, ерекшелігін жоғалтуда. Исламның негізінен айырылудың табиғи нәтижесі болған осы жаман ахуалды жойып, айт мерекелерін негізгі арнасына қарай өткізу, мойнымыздағы Ислами асыл борыштарымыздың ең маңызды бөлімін құрайды.

Өйткені айт - Ислами түсінік пен қоғамдық мінездің ең кәміл көріністерінің біреуі. Қайтадан ояну мен тірілу кезеңін бастан кешіріп жатқан егемен елімізде осы айттар жаңа серпіліс пен қайта ояну таңы болса игі.

Өйткені айттарды неғұрлым ақиқи мағынасымен түсінген болсақ, соғұрлым Исламның қамқорлық және мейірім жолында көш ілгерілеген боламыз. Сонымен айт мерекесі күндерінде нәпсімізді осы аталған мейірімділік және амалдар тұрғысынан таразылап, қаншалықты Ислам жолында екендігімізді белгілеуіміз керек.

Нендей бақыт, айт күндерін қайғырғандар мен қасірет шеккендердің күлімдеуімен шуақтандыра алғандарға!

Қандай қуаныш, айттың барлық жақсы көріністеріне үйлесіп, үмбетті құшағына сыйдыратын мүмин көңілдерге!..

Аудармашыдан

Құрметті оқырман қауым!

Барлық мадақ Аллаһ Тағалаға және күллі салауат әрі сәлемет Оның ардақты пайғамбары Хазіреті Мұхаммедке, Оның жанұясы мен әулетіне және Оның артынан ерген адал мұсылмандарға болсын!

Түрік тілінен Қазақ тіліне аударылып, сіздерге ұсынылған бұл кітап ұлы дініміз – Исламның ерекше тұстарын, яғни негізін баяндайды. Кітаптағы тараулларды, тақырыптарды өз тілімізге мүмкіндігінше дұрыс аударуға тырыстық. Діни терминологиялық сөздерді негізіне қарай, яғни Құран мен хадисте қайтіп аталған болса, сөйтіп жазуға зейін қойдық. Ондай сөздердің барлығына түсініктеме беруді жөн көрдік. Кітап қазақ тіліне аударылған соң әдебиетшілер мен корректорға оқытып, тексертіп барып, баспаға бердік. Сонда да (адам баласы болған соң) қате кетуі мүмкін. Оқырман достарымыздан осындай қателерді ескертулерін өтінемін.

Кітапта аяттар мен хадистер келтірілгендіктен аяққа баспай, қадірлеп ұстауларыңызды сұраймын. Сонымен қатар осы кітаптың Аллаһ ризалығы үшін арналғанын, сондықтан ақшаға сатуға болмайтынын оқырман қауым түсінер деген ойдамыз.

Бұл кітаптың Қазақ тіліне аударылуында үлкен қызметі мен еңбегі сіңген достарыма, әсіресе Мәжитұлы Төлеуғазыға рақмет айтамын.

Аллаһ баршамызға жар болсын…

Хайреддин Өзтүрк

18.07.2001

Алматы-ҚАЗАҚСТАН

МАЗМҰНЫ

* Руйәт-и жамалуллаһ: Жәннатта Аллаһ Тағаланы көру.
** Қалб-и сәлим: Аллаһқа деген махаббатпен тазарған көңіл.

1. (Мүнауи, Күнузул-хақайқ,б,143)

1. (Тирмизи)

2. Нисаб: сөздік мағынасы: бір нәрсенің негізі, шегі, белгісі, мөлшері; Ислам терминологиясы бойынша: адамның негізгі қажеттіліктерінен тыс байлығы болуы.

1. (Хаяту'с-сахаба)

2. (Бұхари, Зекет, 18)

1. (Бұхари, Мүслим)

2. (Тирмизи, Зүһд, 37)

3. (Тирмизи, Кітабүз-Зүһд)

4. (Бұхари, Кітабү'р-Риқақ, Бабү'л-Муқсирин)

1. Фитнә: қазақшадағы «пітінә» сөзімен мағыналас, олардан жаманшылық келеді деген қорқынышпен сөйтіп айтылған.

1. (Мүслим, Зекет)

1. (Мүслим, Зікір, 44)

1. Сағләбә: Сахабалар арасында 29 кісінің есімі Сағләбә болған. Бұл айтылып отырған кісі Бәдір соғысына қатысып, тақуалы өмір сүрген Сағләбә емес.

1. Хараджь: бұзақылардың белгілі уақыттарда зорлықпен алатын салығы

1. (Бәйхақи, Сунәну'л-Кубра,VII,6)

1. (Мүслим, Кітабүу-Зекат, Бабул-Мискин)

1. (Ибн Кәсир, Тәфсир, II, 406)

1. (Мүслим, Иман, 171)

1. «Өлмей тұрып өліңдер!» хадисінің мағынасы: жан тапсырмай тұрып өлімнен кейінгі өмірге дайындық жасау.

1. «шағаируллаһ»: Аллаһ Тағаланың белгілері. «хурматуллаһ»: Аллаһ Тағалаға құрмет көрсету.

1. Аллаһ Тағаланың сипаттары: Рахман – қамқор, Рахим – мейірімді.

1. Дарул-Әркам: Ислам ең алғаш тарала бастаған кезде Пайғамбарымыз (с.а.у.)Ислам туралы дәріс берген Зәйд бин Әркам деген кісінің үйі. Дәр – арапша үй, жұрт деген мағына береді.

1. Жәбірейіл толқып, көмекке асыққан үш оқиға мыналар: Біріншісі осы, екіншісі Юсуф (ғаләйһиссәләм) құдыққа лақтырылғанда, үшіншісі Ухуд соғысында Пайғамбар (СаллАллаһу ғаләйһи уә сәлләм)нің жүзі жарақаттанып, тісі сынғанда.

1. (Мишқат, Тирмизи)

2. (Тирмизи, Нәсәи)

1. (Мүслим, Тирмизи)

1. (Тирмизи, Қажылық, 3)

2. (Жәмғул фәуәид, II, 77)

1. (Тирмизи, Зүһд, 33)

1. (Нәсәи, Тирмизи)

2. (Бұхари, Мүслим, Тирмизи, Нәсәи)

1. (Дарақутни, Сунән, II, 278)

1. Шәһуәт: нәпсінің бір нәрсені қатты армандауы, қалауы. Әсіресе жыныстық қатынас турасында.

1. (Табарани)

1. (Нәсәи; Муғжәмул-Әусат)

1. (Табарани)

2. (Ахмет бин Ханбәл, Мүснәд, II, 174)

3. (Тирмизи, Дағауат,86)

1. (Бұхари)

2. (Бұхари)

1. (Ахмет бин Ханбәл, Нәсәи)

2. (Табарани, Муғжәмул-Кәбир,25,163)

1. (Бұхари, Саум, 20)

2. (Бұхари, Мүслим)

1. Ислам терминологиясында нәпсінің жеті дәрежесі бар. 1. «Нәфсун әммәра» соның ішінде тек қана жамандықты қалайтын ең төменгі дәреже. 2. «Нәфсун ләууамә» – кейде жаман істер істейтін және сол ісіне өз-өзінен өкінетін, бірақ қайта істейтін нәпсі. 3. «Нәфсун мүлһимә» – жамандықтан алыстаған, рухани әлемнен өзіне шабыт алатын нәпсі. 4. «Нәфсун мутмаиннә» – Аллаһ Тағалаға құлшылық істей отырып, иманында ешқандай шүбә болмайтын нәпсі. 5. «Нәфсун радыиә» – Аллаһқа разы болған, яғни толық мойынсұнған нәпсі. 6. «Нәфсун мәрдыия» – Аллаһтың разылығына жеткен нәпсі. 7. «Нәфсун кәмилә» – кәмілдікке жеткен нәпсі.

1. (Хаким, Байхаки)

2. (Тирмизи)

1. (Тирмизи, Әбу Дәуіт)

2. (Ибн Маже)

3. (Фәдаилу Ағмәл, 267-268)

1. (Ибн Хузәймә, Сахих, III, 190)

2. (Ибн Хузәймә, Сахих, III, 191)

1. (Хаким, Мүстәдрак, IV, 170)

2. (Суюти, ел-Жамиғус- Сағир, II-т., 52-б.)

3. (Тирмизи, Зекет, 28)

1. (Тирмизи)

1. (Бұхари, Мүслим)

1. (Мүнәуи, Кунузул-хақайқ,34б)

1. (Бұхари, Мүслим)

1. (Суюти, әл-Жамиғус-Сағир, I, 11)

1. Руйәту жәмәлиллаһ: Жәннатта Аллаһ Тағаланы көру.

2. Қалбун сәлим: Аллаһқа деген махаббатпен тазарған көңіл.

Кітап «Шет Тілдер Оқыту Орталығы» мекемесінің компьютер орталығында теріліп, өңделген.

Мекен-жайымыз:

Алматы облысы,

Жамбыл ауданы,

Қарғалы селосы,

Жұрынов көшесі 68.

Аллаһ Ризалығы үшін басылған, сатуға болмайды !

МАЗМҰНЫ